




ЕЖЕЛГІ ДӘУІР ӘДЕБИЕТІНІҢ АНТОЛОГИЯСЫ



Қарахандықтар дәуіріндегі әдеби
жәдігерлер (IX-XII ғғ.)



2

ТОМ





«Ұлы дала жауһарлары» сериясы
Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті –
Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры»
еңбегінде көтерген бастамасымен «Рухани жаңғыру»
мемлекеттік бағдарламасының аясында жүзеге асырылды

**«ҰЛЫ ДАЛА ЖАУҺАРЛАРЫ» СЕРИЯСЫНЫҢ
РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚАСЫ**

Көшербаев Қ.Е., кеңес төрағасы

Әлібекұлы А.

Дербісәлі Ә.Б.

Қалиева А.Қ.

Қасқабасов С.А.

Қирабаев С.С.

Қорабай С.С.

Қыдыр Т.Е.

Матыжанов К.І.

Сағындықұлы Б.

Хамраев А.Т.


Ыбыраев Ш.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ

М.О.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

Ежелгі дәуір әдебиетінің антологиясы

БЕС ТОМДЫҚ



ҚАРАХАНДЫҚТАР ДӘУІРІНДЕГІ ӘДЕБИ ЖӘДІГЕРЛЕР (IX-XII ғғ.)

2-том

Алматы, 2020

УДК 94(574)
ББК 63.3(5Қаз)
Қ 23

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ғылым комитетінің тапсырысы бойынша шығарылды**

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған

Томның редакция алқасы:

К.І.Матыжанов (жалпы редакциясын басқарған), С.С.Қорабай (жауапты редактор),
Т.Е.Қыдыр (жауапты шығарушы), Б.Нұрیمان, А.Жұматаева (редактор).

Пікір жазғандар:

Филология ғылымдарының докторы, профессор Б.Тухлиев
Филология ғылымдарының кандидаты Г.Құрманғали

«Ұлы дала жауһарлары» сериясы. «Ежелгі дәуір әдебиетінің антологиясы»: Бес
Қ 23 томдық. / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Т.Е.Қыдыр, Б.Нұрیمان.
Алматы: «Evo Press», 2020.

ISBN 978-601-7588-23-6

Т.2: Қарахандықтар дәуіріндегі әдеби жәдігерлер (IX-XII ғғ.) - 2020. - 560 б.

ISBN 978-601-7588-77-9

«Ұлы дала жауһарлары» сериясы. «Ежелгі дәуір әдебиеті» антологиясының 2-томына
Қарахандықтар дәуірінде жазылған әдеби жәдігерлер еніп отыр.

Кітаптың электронды нұсқасын көрсетілген QR код арқылы танымал порталдар мен
сайттардан жүктеп алуға болады.


Антология мектеп оқушыларына, жоғары және арнаулы оқу орындарының
студенттеріне, әдеби мұраны қастерлейтін қалың оқырман қауымға арналған.

УДК 94(574)
ББК 63.3(5Қаз)

ISBN 978-601-7588-23-6

ISBN 978-601-7588-77-9

© М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер
институты, 2020



Ұлы дала әл-Фараби мен Ясауи, Күлтегін мен Бейбарыс, әз-Тәуке мен Абылай, Кенесары мен Абай және басқа да көптеген ұлы тұлғалар шоғырын дүниеге әкелді.

Сондықтан біз біріншіден, атақты тарихи тұлғаларымыз бен олардың жетістіктерінің құрметіне ашық аспан астында ескерткіш-мүсіндер қойылатын «Ұлы даланың ұлы есімдері» атты оқу-ағарту энциклопедиялық саябағын ашуымыз керек.

Екіншіден, мақсатты мемлекеттік тапсырыс ұйымдастыру арқылы қазіргі әдебиеттегі, музыка мен театр саласындағы және бейнелеу өнеріндегі ұлы ойшылдар, ақындар және ел билеген тұлғалар бейнесінің маңызды галереясын жасауды қолға алу қажет..

Үшіншіден, еліміздің тарихи кезеңдерін кеңінен қамти отырып, «Ұлы Дала тұлғалары» атты ғылыми-көпшілік серияларды шығарып, тарату жұмыстарын жүйелендіру және жандандыру қажет.

*Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы
Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласынан*

МАЗМҰНЫ

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚАДАН	8
ӘБУ НӘСІР ӘЛ-ФАРАБИ	14
Аудармасы	16
Факсимилесі	34
МАХМҰТ ҚАШҚАРИ	37
Аудармасы мен транскрипциясы	42
Факсимилесі	88
ЖҮСІП БАЛАСАҒҰН	98
Аудармасы	101
Транскрипциясы	161
Факсимилесі	226
АХМЕТ ЖҮЙНЕКИ	236
Аудармасы	238
Транскрипциясы	258
Факсимилесі	278
АХМЕТ ИАСАУИ	288
Аудармасы. <i>Диуани хикмет</i>	292
Транскрипциясы	345
Факсимилесі	391
Аудармасы. <i>Миратул-қулуб</i>	401
Транскрипциясы	407
Факсимилесі	410
СҮЛЕЙМЕН БАҚЫРҒАНИ	413
Аудармасы. <i>Хикметтер</i>	416
Транскрипциясы	444
Факсимилесі	465

Аудармасы. <i>Ақырзаман</i>	475
Транскрипциясы.....	482
Факсимилесі	489
Аудармасы. <i>Мигражнама</i>	492
Транскрипциясы.....	508
Факсимилесі	523
Аудармасы. <i>Бибі Мәриям</i>	526
Транскрипциясы.....	533
Факсимилесі	540
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР	543
РЕЗЮМЕ	548
ABSTRACT	554

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚАДАН

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Ежелгі, ортағасыр кезеңіндегі жазба әдеби ескерткіштерді өңдеу және зерттеу, ежелгі дәуір әдебиетінің антологиясын дайындау» мемлекеттік тапсырысы шеңберінде орындалатын бес томдық «Ұлы дала жауһарлары» сериясының аясында «Ежелгі дәуір әдебиеті антологиясын» дайындап жарыққа шығаруды жалғастыруда.

Елімізде алғаш рет жүйелі түрде іске асырылып отырған «Ұлы дала жауһарлары» сериясының басты мақсаты – ұлы даланың ежелгі заманнан бергі жазба мұралары мен әдеби жәдігерлерін жинақтап, жүйелеп, зерттеп жас ұрпақ назарына ұсыну, түркі халықтарына ортақ ежелгі және орта ғасыр әдеби ескерткіштерін неғұрлым толық жарыққа шығару. Антологияда: а) осы кезге дейін кітап болып басылған әдеби жәдігерлер; ә) қолжазба күйінде сақталған мұралар; б) мүлдем жарияланбай келген жазба әдеби ескерткіштер; в) түрлі себептермен тыйым салынып, осы күнге дейін ғылыми айналымға түспеген шығармалар барынша молынан жинақталады.

«Ұлы дала жауһарлары» сериясының басты ерекшелігі – ежелгі және орта ғасырларда түркі тілінде жазылған әдеби жәдігерлердің біраз бөлігі алғаш рет қазақ тіліне аударылып беріліп отыр. Әдеби жәдігерлердің мәтіндері қолжазба күйінде болсын, баспа бетінде жарық көрген күйінде болсын, түпнұсқа табиғаты барынша сақталып аударылады және еркін редакторлық өңдеуге жол берілмейді.

Оқырман қауымға ұсынылып отырған «Ұлы дала жауһарлары» сериясы «Ежелгі дәуір әдебиеті антологиясының» екінші томына IX–XII ғасырлардағы Қарахандықтар билігі тұсындағы әдеби жәдігерлер беріліп отыр.

«Ежелгі дәуір әдебиеті антологиясының» бұл томына қыпшақ даласынан шыққан ұлы энциклопедист ғалым, ойшыл Әбу Нәсір әл-Фарабидің бірнеше еңбектері енді. Бүкіл шығыс ғалымдары Аристотельден кейінгі екінші ұстазымыз деп таныған Әбу Нәсір әл-Фараби қазақ жерінде – Отырар қаласында дүниеге келген. Оқу-білім іздеумен сол кездегі Араб халифатындағы ірі білім орталығы болған Бағдатқа кетіп, Сирияда, Шам (Дамаск) шаһарында қайтыс болған. Өз ана тілі – түркі тілінен басқа араб, парсы, көне грек тілдерін жетік біліп, түрлі ғылымдар бойынша 100-ден астам еңбек жазған. Философия, жаратылыстану, математика, музыка саласында әлем таныған құнды еңбектері бар. Поэзияның табиғатын талдайтын трактат жазып, өлең де шығарған. Әл-Фарабидің көне грек философтары мен математиктерінің еңбегіне зер салып, оларды араб оқушысына

береді. Мазмұны мен көркем-стистикалық ерекшеліктері жағынан құнды бұл өлеңдер олардың авторларының көркемдік ойлау деңгейінің жоғары дамығанын дәлелдейді.

«Диуани лұғат әт-түрк» еңбегінде ғақлия және лирикалық сипаттағы өлеңдермен қатар көне түркі поэзиясының атақты кейіпкері – Алп Ер Тонға – Афрасиабтың ерлігін жырлауға арналған тамаша өлең жолдары да келтірілген. Сонымен бірге томда муназар түрінде қыс пен жаздың айтысын берген өлең шумақтары да бар. Осы айтылғанның барлығы ежелгі түркі поэзиясының жанрларға бай болып, көркемдік дамудың жоғары деңгейімен ерекшеленгендігін айғақтайды.

Ғалым осы атақты еңбегін дайындауға бірнеше жыл өмірін арнап, 1072–1078 жылдары Бағдад қаласында жазып бітірген. Түрік ғалымы Басым Аталай «Диуани лұғат әт-түрк» кітабын алғаш рет қазіргі түрік тіліне аударып, бұл еңбек 1939–1941 жылдары Түркияда 3 том болып басылып, одан кейін 1960 жылдары Ташкентте «Түрік сөздігінің» үш томдығы өзбек тілінде араб және кириллица әліпбиімен жарық көрді (Өзбек тіліне аударып, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған ғалым Салық Муталлибов). Ұйғыр тіліндегі аудармасы 1981 жылы Қытайда үш том болып жарық көрді. Ал қазақ тілінде алғаш рет 1997–1998 жылдары белгілі ақын, әдебиеттанушы-ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Асқар Құрмашұлы Егеубаевтың (1950-2006) аударуымен үш том болып жарық көрді. Осы басылым жиырма томдық «Әдеби жәдігерлер» сериясының 2007 жылы шыққан 2–4 томдарын құрады.

Томға енген «Диуани лұғат әт-түрк» еңбегі А.Қ.Егеубаев дайындаған нұсқа жарияланған 2007 жылғы басылым негізінде еш өзгеріссіз беріліп отыр.

Қазақ әдебиетінің қалыптасуы мен даму тарихында айрықша орын алатын орта ғасырлық әдеби жәдігерлеріміздің бірі – Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» еңбегі. Автор оны 1069 жылы Қарахан мемлекетінің Баласағұн атты қаласында жазып бастап, 1070 жылы Қашқар шаһарында аяқтайды. Бақыт қонып, құт дарыған бақытты ел болуды арқау еткен көркем туындысын Жүсіп Қарахан мемлекетінің сол кездегі билеушісі Бұғра ханға тарту етеді. Бұл сыйды жоғары бағалаған Бұғра хан Жүсіпті өзінің «Хас хажыбы» яғни, Бас уәзірі етіп тағайындайды.

Түрік халықтарына ортақ құнды мұра саналатын «Құтадғу біліктің» бүгінге дейін Вена, Каир, Ферғана деп аталатын 3 қолжазбасы жеткен. Алғаш болып Вена нұсқасы табылып, оны 1825 жылы француз ғалымы Амедей Жауберт жариялады. Аталмыш қолжазбаны 1439 жылы Хасан Қара Сағил деген кісі Гератта көшіріп жазған. Туынды көне ұйғыр әрпімен хатқа түскен, арасында араб графикасымен жазылған бір-екі мәтін кездеседі. Екінші табылғаны араб әрпімен жазылған

Мысыр нұсқасы. Қашан хатқа түскені белгісіз. 1896 жылы Каир қаласындағы бұрынғы Хидив, бүгінгі Кароль кітапханасынан табылған. «Құтадғу біліктің» үшінші нұсқасы 1913 жылы Өзбекстанның Наманған қаласынан табылды. Оны Мұхамедхожа ишан Ләләріштің жеке кітапханасынан башқұрт ғалымы Зәки Валиди Тоған тауып жариялаған болатын. Одан соң қолжазба жоғалып кетіп, 1925 жылы өзбек ғалымы Фитрат қайта табады. Бүгінде Ташкенттегі Өзбекстан Ғылым академиясының Әбу Райхан Бируни атындағы шығыстану институты жазба мұралар кітапханасының сирек қолжазбалар бөлімінде 1809 нөмірде сақтаулы.

«Құтадғу біліктің» аталған үш нұсқасынан бөлек жекелеген бәйіттері де табылды. Олардың бірі Анкара кітапханасынан, екіншісі көне Сарайшық қаласында жүргізілген қазба жұмыстары кезінде шықты.

Антологияға Мысыр нұсқасы алынып, жәдігердің 1921–2956 арасындағы бәйіттердің транскрипциясы мен мағыналық аудармасы берілді. Мәтінді аударған – PhD Бекарыс Нұриман.

Түркі жазба әдебиеті жәдігерлерінің бірі – «Һибәтул-хәкаик». Шығарма авторы – Ахмет Жүйнеки. Көне Түркістан шаһарының төңірегіндегі Жүйнек қыстағында туған. Шығарма бастан-аяқ үгіт-насихаттан тұрады. Аллаға мадақ, пайғамбарға салауат және төрт әділ халифқа арнаумен басталған бұл шығармада сабырлық, қанағатшылдық, аз сөйлеп, көп тындау, білімге құштарлық, халалдан табыс тауып, харамнан бас тарту секілді адамершілік негіздері жырланған.

«Һибәтул-хәкаик» (кейде «Әтибәтул-хәкаик» деп те аталады) – түркі жазба тілінде алғаш дүниеге келген санаулы әдеби жәдігердің бірі болғандықтан да, түркітанушылардың бұл шығармаға деген қызығушылығы арта түскен. Туындыны әр жылдары Ф.Көпрүлу, В.Радлов, Е.Бертельс, С.Малов, Ә.Нәжіп, Н.Асим, Й.Дени, Р.Арат, Қ.Махмудов, Ә.Құрышжанов, Б.Сағындықұлы секілді ғалымдар зерттеп, шығарманың авторы, тілі, нұсқалары, дүниеге келген кезеңі секілді өзекті мәселелер төңірегінде өз пікірлерін білдірген. Осы аталғандардың ішінде Р.Арат пен Н.Асим шығарманы бүгінгі түрік тіліне тәржімаласа, Қ.Махмудов өзбек тілінде жариялады. Ал, бұл шығарманы қазақ оқырмандарына жақыннан таныстырған Ә.Құрышжанов пен Б.Сағындықұлы болды. Сондай-ақ Г.Құрманғалиева Ахмет Жүйнеки мұрасын әдеби тұрғыдан зерделеп, кандидаттық диссертация қорғады.

Қарахандықтар билігі тұсында жазылған бұл әдеби жәдігердің бүгінгі ғылымға белгілі үш толық нұсқасы мен үш үзіндісі бар (Самарқант, Ыстанбұл, Анкара, Берлин нұсқалары).

Антологияға жәдігердің Топкапы сарайындағы (Ыстанбұл) нұсқасы алынып, қазақ тіліне аударылып берілді. Дайындаған – филология ғылымдарының кандидаты Төрәлі Қыдыр.

Орта ғасырлық түркі жазба әдебиетінде Қожа Ахмет Иасауи шығармасының алар орны ерекше. Оның қаламынан туған сопылық сарындағы шығармалар тек, қазақтың ғана емес, барша мұсылман түркілердің ортақ рухани мұрасына айналған.

Ақынның қай жылдары туғандығы туралы нақты дерек жоқ. Бірақ кейбір зерттеулерде ақынның 1083 жылы туып, 1166-1167 жылдары қайтыс болғандығы айтылады. Десек те Иасауидің 120 жыл өмір сүргендігін алға тартып, 1103-1228 аралығында ғұмыр кешкен дейтіндер де бар.

Орта ғасырлық түркі мұрасын зерттеушілердің ішінде Иасауи шығармаларына соқпай кеткені некен-саяқ. Ол туралы Батыс пен Шығыстың түркологтары бірнеше еңбектер жазды. Ф.Көпрулүнің «Түрік әдебиетіндегі алғашқы мутасу-уфтар» деген кітабынан бастау алатын иасауитанушылар қатары К.Эраслан, М.Узун, М.Тахрали, С.Улутоғ, Н.Йилмаз, Х.Бидже, М.Демиржи, М.Тайши, Х.Алтинташ, Н.Зейбек секілді ғалымдармен толықты. Кешегі Кеңес одағы құрамында болған елдерден Ә.Нәжіп, Н.Маллаев, И.Хаққұл, С.Сайфулла, Н.Хасан, Г.Хусайнов сынды өзбек, башқұрт әдебиеттанушылармен бірге, М.Жармұхамедов, С.Дәуітұлы, З.Жандарбек, А.Ахметбекова, Д.Кенжетай, А.Әбдірәсілқызы, Т.Қыдыр сияқты қазақ иасауитанушылары да ақын мұрасын зерттеп, тың талдаулар жасағанын ерекше айта кеткен жөн.

Кемелдікті жырлаған ақын мұрасы әдеби, тілдік һәм философиялық тұрғыдан зерттеліп, зерделеніп келеді. «Диуани хикметтің» бірнеше рет ғылыми және көркем аудармасы жасалып, оқырман назарына ұсынылды. Солардың қатарында М.Жармұхамедұлы, С.Дәуітов, М.Шафиғов, Ж.Әбдірашев, Е.Дүйсенбайұлы, Ә.Жәмішев, Қ.Қари, Ғ.Қамбарбекова, Б.Сағындықов, Х.Иманжанов, Ә.Ибатов, З.Жандарбек, А.Нұрманова, Ә.Бөкебаев секілді ақындар мен ғалымдардың есімдері зор құрметпен аталады. Орта ғасырда түркі жазба тілінде дүниеге келген шығарманы ақындар көркем сөзбен жеткізсе, ғалымдар ғылыми аудармасы мен транскрипциясын жасады.

Антологияға ақынның «Диуани хикмет» атты шығармасынан үзінділер 1904 жылы Қазанда басылған литография бойынша берілді. Аударған – ф.ғ.к. Төрәлі Қыдыр. Сондай-ақ, Иасауиге телініп жүрген, ақынның шәкірттерінің бірі – Мұхаммед Зарнұқи тарапынан хатқа түскен «Миратул-қулуб» атты шығарманың алғашқы бөліктері түпнұсқадан қазақшаға тәржімаланды. Аударған – докторант Хамидулла Таджиев.

Қарахандықтар билігі тұсында өмір сүрген ақындардың бірі – Сүлеймен Бақырғани. Заманында «Хакім ата» лақабымен танымал болған ол (1091–1186 жж.) бүгінгі Қарақалпақ жеріндегі Бақырған кентінде дүниеге келген. Бар ғұмырын Хақ жолына арнаған ақын түркі сөз өнерінің дамуына өз үлесін

косты. Оның қаламынан жүзден аса даналық сөз, сондай-ақ «Ақырзаман», «Мигражнама», «Исмайыл қиссасы», «Бибі Мәриям», «Жарты алма» секілді дастандар дүниеге келген.

Бақырғани мұрасын әр жылдары Ф.Көпрүлү, Н.Маллаев, К.Ераслан, И.Хакқұлов, С.Рафиддинов, Х.Сүйіншәлиев, Б.Кенжебаев, Н.Келінбетов, Т.Қыдыр секілді ғалымдар зерттеп, ақын шығармаларының көркемдік ерекшелігі мен оның түркі халықтары тарихындағы мәдени құндылығы туралы өз пікірлерін білдірген.

Ақын шығармалары кезінде көп тарағандықтан да, ақын мұрасын бүгінде әлемнің көптеген кітапханаларынан кездестіруге болады. Десек те Бақырғани шығармаларын толық қамтитын ең үлкен қолжазбалардың бірі – ҚР Ұлттық кітапханасының қолжазбалар бөлімінде сақталғанын ерекше атап өткен жөн.

Біздің заманымызға дейін кәтіптердің көшірген қолжазбалары арқылы жеткен ақын мұрасын жариялау ХІХ ғасырдың орта тұсынан бастап мықтап қолға алынды. Алғаш рет 1846 жылы Қазан университетінде қадим әліппесімен басылған Бақырғани шығармалары бертін келе жалпы көлемі он алты рет жарық көрді. Кешегі Кеңес заманында түркі халықтарының әдебиет тарихына қатысты томдар мен жинақтарда ақын хикметтерінен үзінділер жарияланды. ХІХ-XX ғасырларда басылған литографиялық ескі кітаптар негізінде Ташкент (1991 ж.) пен Қазанда (2000 ж.) қайта басылды.

Антологияға Бақырғанидың кейбір хикметтері түпнұсқадан аударылып берілді. Дереккөз ретінде ҚР Ұлттық кітапханасының қорындағы ең көне әрі сенімді қолжазбалардың бірі – Бақырғани хикметтері атты қолжазба алынды. Әрі бұл қолжазба ЮНЕСКО-ның тізіміне енгендігімен ерекшеленеді. Сондай-ақ, Бақырғанидың «Ақыр заман кітабы», «Бибі Мәриям», «Мигражнама» атты дастандары да антологияға берілді. Дастандарын баспаға дайындауда тасбаспа кітаптар пайдаланылды. Бақырғани еңбектерін түспұсқадан қазақ тіліне аударып, томға дайындаған – филология ғылымдарының кандидаты Төрәлі Қыдыр.

Том соңында пайдаланылған әдебиеттер мен орыс, ағылшын тілдеріндегі түйіндемелер берілді.

ӘБУ НӘСІР ӘЛ-ФАРАБИ

Әлемге «Муаллимус-сәни» яғни «Екінші ұстаз» ретінде танылған Әбу Нәсір әл-Фараби (870–980) қазақ жерінде – ежелгі Фараб, бертінгі Отырар қаласында дүниеге келген. Оқу-білім іздеумен сол кездегі Араб халифатындағы ірі білім орталығы болған Бағдатқа кетіп, Сирияда, Шам (Дамаск) шаһарында қайтыс болған. Бірнеше түркі тілдерінен басқа араб, парсы, көне грек тілдерін жетік біліп, түрлі ғылым салалары бойынша 100-ден астам еңбек жазған. Философия, жаратылыстану, математика, музыка саласында әлем таныған құнды еңбектері бар. Поэзияның табиғатын талдайтын трактат жазып, өлең де шығарған. Әл-Фарабидің көне грек философтары мен математиктерінің (Платон, Аристотел, Эпикур, Александр Афродизий, Зепон, Евклид, Птоломей, Порфирий) еңбегіне зер салып, оларды араб оқушысына түсіндіруге тырысуы, грек ойшылдарының философиялық пікірлерін жаңаша дамытуы, энциклопедиялық білімін жан-жақты жұмсауы әл-Фарабидің Қайта өрлеу (Ренессанс) дәуірінің ғылым саласындағы қайнар бастауында тұрған тұлға екенін көрсетеді.

Оның «Ғылымды жіктеу» («Ихсә әл-‘улум»), «Әріптер кітабы» («Китәб әл-хуруф»), «Ғылымның шығу тарихы» («Китәб мәрабит әл-‘улум»), «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы» («Әрә әл-әһл әл-мәдинәт әл-фәдилә»), «Дүниедегі қозғалыстардың тұрақтылығы», «Музыканың үлкен кітабы» («Китәб әл-мусикә әл-кәбир»), «Өлең өнерінің қағидалары туралы трактаты» («Рисәлә фи қәуәнин синә’әт әш-ши’р»), «Логика кітабына кіріспе» («Кутуб әл-мәнтик»), «Мемлекет қайраткерлерінің нақыл сөздері» («Фусул әл-мәдәни») т.б. еңбектері – ғылым тарихында өзіндік орны бар дүниелер.

Әбу Нәсір әл-Фараби өз заманына белгілі ғылым салаларының бәріне дерлік қалам тартқан. Кейінгі ғалымдар оның зерттеу салаларын төмендегіше жіктеген:

- логика және оның тараулары (силлогистика, диалектика, софистика және т.б.);
- математика және оның тараулары (арифметика, геометрия, оптика, механика, музыка және т.б.);
- метафизика және оның тараулары (табиғи және иләһи ғылымдар);
- азаматтық ғылым және оның тараулары (әлеуметтану, ел басқару, фикһ (юриспруденция), кәләм (теология) және т.б.);
- тіл білімі және оның тараулары (грамматика, дұрыс жазу, поэтика, сөз өнері және т.б.).

Энциклопедист-ғалымның артында қалған мол ғылыми мұрасын кейінгі ғалымдар зерттеп, көптеген еңбектер жазған. Батыс һәм Шығыс ғалымдарын айтпағанның өзінде, А. әл-Машани, А.Қасымжанов, А.Көбесов, Ә.Дербісәлиев, І.Жарықбаев, К.Таджикова, Ж.Алтаев секілді қазақ ғалымдары да фарабитануда өзіндік үлестерін қосты.

Әл-Фарабидің поэтика, риторика туралы ғылыми еңбектерінің қазақ әдебиеттану ғылымында алар орны ерекше. Ақындардың қасиеттері, өлең өрнегінің өзіндік ерекшелігі, жанрлар табиғаты, әдеби терминдер мен ұғымдар туралы тұжырымдары әлі күнге дейін өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Антологияға әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» («Әрә әл-әһл әл-мәдинәт әл-фәдилә») еңбегінің кейбір бөлімдері мен «Сөз өнері» («Сән'әт әш-ши'р»), «Ақындардың өлең жазу өнерінің қағидалары туралы» («Рисәлә фи қәуәнин синә'әт әш-ши'р») рисалалары (трактаттары) қазақ тіліне аударылып беріліп отыр. Аударған – ф.ғ.к., шығыстанушы Төрәлі Қыдыр.

АУДАРМАСЫ

ҚАЙЫРЫМДЫ ҚАЛА ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ КӨЗҚАРАСЫ

Қала-мемлекет қоғамының басшысы туралы сөз

Адам денесінің ағза басшысы өз табиғатына байланысты басқа ағзаларды басқарады. Сондықтан да ол – ең ұлық және мәртебелі ағза. Басқа мүшелер оған мойынсұнады және өздерінен төмендегіге қарағанда толығырақ әрі кемелдеу. Жүрек өзінен төмендегі ағзаларды басқарады, олар да өзінен төмендегі ағзаларды басқарады. Қала-мемлекет қоғамының басшысы ең кемелденген басшы. Ол өз жанындағы ағзаларды басқарады. Олар өз кезегінде өз қол астындағы мансап иелерін басқарады. Басшыға мойынсұнушы, оған жақын ағзалар да кемелденген (өз міндетін жақсы білуші және жоғары деңгейде орындаушы бастықтар) болуы тиіс, өзінен төменгі басшыларды жақсы жолға сала білуші, ақылды болуы керек.

Адам денесінің ағза басшысы – жүрек басқа ағзалардың болмысын, тіршілігін, тәртіппен, бір өлшемде істеуін қадағалайды. Денедің бір ағза ауруға шалдықса, жүрек – ағза басшысы оның жағдайын, іс-әрекетін түзетуге көмектеседі. Қала-мемлекет қоғамының басшысы да қол астындағы бірер мүшенің іс-әрекеті бұзылса, жолдан шықса, қала-мемлекет басшысы оның іс-әрекетін түзейді.

Ең төмендегі ағзалардың ісіне қатысты олардан жоғары орта буындағы ағзалардың ісі, қызметі маңызды, жауапты, (ал) бұларға қарағанда жоғары (жүрекке жақын) ағзалардың ісі, қызметі одан да маңызды, жауапты. Қала-мемлекет басшысы, бастығының міндеті, қызметі маңызды әрі ең жауапты.

Қала-мемлекет қоғамын басқарушылардың ізет-құрметі мәселесінде де, (міне – Т.Қ.) осындай. Қарапайым халыққа қарағанда төмен дәрежедегі мансап иелері құрметті, оларға қарағанда орта буындағы басшылар құрметті, (ал) қала-мемлекет басшысы олардың баршасынан да ізет-құрметке лайық. Ең кіші буын, ең төменгі дәрежелі ағзалардың да өзіне жараса ізет-құрметі болады.

Адамның бойындағы маңызы ең төмен ағзалар, мысалы, қуық немесе ең төменгі ішектің ісі де, денсаулықтың қызметі үшін пайдалы. Және маңызы төмен дегенде оңай атқарылатын істер де назарға алынады. Қала-мемлекет қоғамында да әрбір ортаның өз басшысы бар, сол басшылар да қала-мемлекет қоғамының түрлі бөліктерін жалпы мемлекеттің пайдасы жолында өзара ауызбіршілік, тәртіп болу жағын қамтамасыз етеді.

Дүние, әлем құрылымында да осындай жүйе бар. Бірінші себептің барша жаратылыстарға басшылығы да қала-мемлекет басшылығының өз қол астындағы көшбасшы ағзаларына деген қарым-қатынасына байланысты. Бірінші

себепке ең жақыны – мәдуниятсыз¹ жаратылыстар (рухтар, періштелер және т.б.), олардан төменіректе аспан денелері (жұлдыздар, ғаламшарлар), олардан төменіректе материалды жаратылыстар тұрады. Солардың баршасы Бірінші себепке жақын болуға тырысады, мүмкіндігінше оған еліктеп іс-әрекет жасайды. Осы істерде барша жаратылыс өз дәрежесі, міндетіне жараса әрекет жасайды. Төменгі дәрежедегі жаратылыстар өзінен жоғарырақ дәрежелі жаратылыстарға жақын болуға тырысады. Ең жоғарғы дәрежелі жаратылыс (адамдар) өздері мен Бірінші себеп ортасында делдалдар болуын қаламайды. Бірінші себептің (Тәңрі) мейірімімен көркем ахлақ, қасиеттер, қабілеттер сыйланған жолбасшылар өз іс-әрекетінде Бірінші себептің әмір еткенін, жоғары мақсатты көздейді және бұл істерде Одан күш-қуат (және құдірет) алады. Қайырымды адамдар қаласының көшбасшысы да міне сондай, Алла Тағала қалап, назар салған кемел адамдар. Қала-мемлекеттің басқа мүшелері да басшы, көшбасшы алдына қойған мақсатына жету үшін әрекет етеді.

Кез-келген, әрқандай адам қала-мемлекетке басшылық жасай алмайды. Көшбасшы болудың алғашқы екі шарты бар:

1. Адамның болмысында көшбасшылық қабілеті (рухани және ақылды) болуы керек;

2. Ондай адам жоғары лауазымды, адами қасиеттері, қабілеттерімен халық арасында құрметке ие болуы тиіс. Көшбасшылық саласында тәжірибе жинақтау да қажет.

Көптеген өнерді білген адам көшбасшылыққа қызықпайды, себебі өнер иелері елге қызмет етуші болады. Өнер иелеріне де біреу көшбасшылық қылу керек, осы көшбасшы сол кәсіп-өнерде шебер, ұста болады. Кейбір өнер иелері тек қана басқаларға қызмет қылады. Әр қандай өнер иесі қайырымды адамдар қаласына көшбасшылық етуде ептей алмайды.

Көшбасшылық өнері дегеніміз – көшбасшыға басқа өнер иелері де мойынсұнады. Басқа өнер иелерінің мақсаттары – қала-мемлекет көшбасшысының мақсаты үшін қызмет қылу. Көшбасшы болса ақыл-ой қуатының арқасында жан-жақты кемелденген, ең жетілген адам болуы керек. Оның ұшқыр ақылы барша саланың мән-мағынасын толық білуі шарт.

Кемелденген адамның қабілетіндегі ақылмен ойлау қуатымен амалдағы ақылға, содан соң амалдағы ақылды белсенді ақылға жақындатады. Белсенді ақыл иесі – зерек, марапатқа лайық кемелденген адамдар ақылы болып, ол материалдыққа байланбаған, руханият әлемі биік, кемел ақыл иесі болып табылады.

¹ Дүниеге тән емес, мына дүниеден тысқары.

Ондай адам – адамзаттық кемелденудің шыңына шыққандықтан да, ең ұлы бақытқа қол жеткізген адам. Оның рухы белсенді ақылмен байланғандықтан да, ол барша адамды шынайы бақытқа жетелейді. Ондай адам – ақыл, рухани және физикалық жағынан да ең бақуат адам.

Қайырымды қала басшысының Қасиеттері туралы сөз

Ондай қалаға басшы болатын адам (Алладан басқа) ешкімге мойынсұнбауы керек. Қайырымды қаланың бірінші басшысы сол қаланың тұрғындарына имамдық қылушы ақылды кісі болып, ол болмысынан он екі қасиетті өзінде жинақтаған болуы керек. Қайырымдылар қаласының басшысы, әуелі он екі мүшесі сау болып, өзіне жүктелген міндеттерді орындауда ешбір дене мүшесі кедергі келтірмеуі керек. Қайта ол денсаулығының арқасында ол міндеттерді оңай атқаруы тиіс.

(Екінші), ондай қаланың басшысы жаратылысынан алғыр парасат иесі болып, сұхбаттасының сөздерін, пікірлерін тез түсініп, тез ұғып алуы, сол саланың жалпы мәселесін айқын елестете алуы қажет.

(Үшінші), есте сақтау қабілеті жоғары, ол түсінген, көрген, естіген, түйген нәрселерді жадында бастан-аяқ сақтауы, барша сипаттарын ұмытпауы тиіс.

(Төртінші), ол зейіні өткір, алғыр болып, әр қандай нәрсенің білінер-білінбес белгілерін және сол белгілер нені білдіретінін тез байқап, сезе білуі қажет.

(Бесінші), ол өз ойын анық жеткізе алу мақсатымен шешен сөйлей білуі керек.

(Алтыншы), ол (ұстаздардан) тәлім алуға, білім мен мағрифатқа қызығуы, оқып-үйрену барысында әсте шаршамайтын, оның машығынан қашпайтын болуы қажет.

(Жетінші), тамақ жегенде, ішімдікте, әйелдерде жақындауда ашкөз емес, керісінше, өзін тия алатын болуы, (құмар және басқа) ойындардан ләззат алу-дың алыс болуы тиіс.

(Сегізінші), ол хақ пен ақиқатты, әділ мен шыншыл адамдарды жақсы көретін, өтірік пен өтірікшілерді жаман көретін болуы қажет.

(Тоғызыншы), ол өз қадірін білетін және ар-ұятты болуы, пендешіліктерден жоғары тұратын, туа бітті жігерлі болып, ұлы істерге талпынуы қажет.

(Оныншы), бұ дүниенің малына, динар мен дирхемдеріне қызықпайтын болуы тиіс.

(Он бірінші), болмысынан әділетсүйгіш болып, әділ адамдарды сүйетін, зұлымдық пен озбырлықты, жауыз бен басқыншыларды жаман көруші, өз адамдарына да, бөгде жандарға да ақиқат сыйлаушы, баршаны әділдікке шақырушы,

наһак жәбірленгендерге қол ұшын созушы, баршаға жақсылықты және өзі сүйген сұлулықтарды (өзгелерге де – Т.Қ.) лайық көре білуі керек. Өзі хақ іс алдында қыңырлық қылмастан, әділ болған қалпы әрқандай әділетсіздік пен зорлыққа төзімсіз болуы керек.

(Он екінші), өзі қажет деп тапқан іс-шараларды іске асыруда қатты, берік, батыр, жігерлі болуы, қорқақ және тұрақсыздықтарға жол бермеуі қажет.

Міне, осы барша қасиеттердің бір адамда жинақталуы қиын, егер ондай тума қасиеттер иесі болған адамдар өте аз кездеседі және олар сирек адамдар. Егер де қайырымдылар қаласында сондай кемел адам табылып жатса, онда жоғарыдағы қасиеттердің алтауы немесе бесеуі кемел тапса да, оның ақыл мен зеректікте теңдессіз болғандықтан да, қайырымдылар қаласына басшылық ете алады. Кей уақыттарда қайырымдылар қаласында ондай адам жоқ болып қалғанда да, міне сол имам (басшы) немесе оның ізбасарлары (егер осы имамнан соң бірінен кейін бірі басшы болса) шығарған тәртіп пен заңдарға амал қылынады.

Бірінші имамның орнына келген кейінгі көшбасшыда да жоғарыда айтылған қасиеттер жас кезінен жинақталған болуы қажет. Міне сонда бұл кейінгі имамда және алты қасиет болуы керек:

Бірінші – данышпандық;

Екінші – алғашқы имамдар орнатқан тәртіп пен заңдарды есінде жақсы сақтап, соларға амал ету үшін жақсы жады иесі болуы;

Үшінші – егер алғашқы имамдар дәуірінен бірер (немесе бірнеше) салаға қатысты заң қалмаған болса, ондай заңды ойлап табу қабілетіне ие болуы;

Төртінші – қазіргі шынайы жағдайды тез байқап, келешекте орын алатын, алғашқы имамдар ойламаған оқиғаларды алдынан көре білу үшін көрегендік қасиеттерге ие болуы. Мұндай қасиет оған халықтың жағдайын жақсартуда қажет болады;

Бесінші – алғашқы имамдар орнатқан заңдарға, сондай-ақ, алдыңғылардан ғибрат алып, өзі жасап шығарған заңдарға халық бағыну үшін иландыра сөйлейтін шешендік қасиетке ие болуы;

Алтыншы – қажет жағдайларда соғыс істеріне шебер басшылық жасай білу үшін айтарлықтай күш иесі болуы, және соғыса білуі, және әскербасы ретінде ұрысқа басшылық қылу үшін әскери өнерді жақсы білуі.

Егер де осы қасиеттердің бәрін өзіне жинаған бір адам табылмаса, онда екі адам бірлесіп, осы қасиеттерге ие болса (яғни, бірі – данышпан, екіншісі – қалған қасиеттердің иесі болса), сол екеуін қайырымдылар қаласына басшылыққа қою керек.

Егер де бір топ адам бірге осы қасиеттерге ие болса (яғни, бірінде анау, екіншісінде мынау, үшіншісінде және басқа қасиеттер болса), міне сол

қайырымдылар тобын ел басшылығына қою керек. Осы топ мүшелері бірлесіп, өзара келісіп әрекет жасаса, әр бірі қайырымды басшы болуы мүмкін. Егер де бір уақытта қайырымдылар қаласында басшылық етіп жатқан бір немісе бірнеше адамда басқа қажет қасиеттер болса, бірақ данышпандық болмаса, қайырымдылар қаласы жақсы басшысыз қалады, мұндай қала пәлекетке ұшырайды.

Қайырымдылар қаласының қарама-қайшысы болған қалалар туралы сөз

Қайырымдылар қаласының қара-қайшысы болған қалалар:

1. Надандар қаласы;
2. Намыссыздар қаласы;
3. Айырбастаушылар қаласы;
4. Адамдар қаласы.

Бұл қала-мемлекеттердің тұғындары – кейбір адамдар да қайырымдылардың қарама-қайшысы болған адамдар.

Надандар қаласының тұрғыны бақытты болуға талпынбайды, шынайы бақыттың не екенін де білмейді. Себебі надандықтағы адамдар ешқашан бақытқа кенелмеген және бақытқа жете алмайды да. Молшылыққа келсек, надандықтағы адамдар (шынайы өркендеуді білместен) кейбірулердің алдында бақытты болып көрінетін өткінші, алдамшы нәрселерді, мал-дүниені, дене ләззаттарын, ойнап-күлуді, абырой, амал, атақ-даңқты шынайы бақыт, молшылық деп ойлайды. Сол нығметтердің әрқайсысы надандықтағы адамдар өмірінің мәні, бақыт болып көрінеді.

Шынтуайтында, (материалдық һәм рухани) нығметтердің бәрі бірге жинақталғанда ғана шынайы бақытқа қол жеткізу мүмкін. Бұл нығметтердің қарама-қайшысы – тән кеселдері, кедейшілік, рахат, ләззаттар мен құрмет, абыройдың жоқтығы – бақытсыздық болып көрінеді.

Надандықтағы қала-мемлекеттердің бірнеше түрлері бар. Солардан бірі – маңызды қажеттіліктер қаласы. Мұндай қала тұрғыны тек қана тән үшін қажет болған нәрселер: азық-түлік, ішімдік, киім-кешек, үй-жай, жыныстық ғана және осы секілді нәрселерге қол жеткізу үшін бір-біріне көмектесумен ғана шектелген адамдар.

Айырбастаушылар қаласының тұрғыны – тоқшылық пен мал-дүниеге қол жеткізу үшін бір-біріне көмектесуді өмірдің басты мақсаты деп біледі.

Қорлық және сормандайлық қала – мұндай қала тұрғыны тек қана жеп-ішуде, жыныстық қатынастан ләззат алуға, сезім рахаттары, көңіл көтеру, мас болудың барлық түріне қарай талпынады.

Данққұмарлар қаласы. Мұндай қала тұрғыны бір-бірлерін мақтауды, көкке көтеруді жақсы көреді. Оларды басқа халықтар сөзбен де, іспен де ұлықтағанды жақсы көреді. Бір-бірлерінің алдында немесе бөгделердің алдында ұлық, атак-данқты болып көрінуді қалайды.

Мансапқорлар, билікқұмарлар қаласы. Мұндай қала тұрғыны барша халықтың оларға мойынсұнуын, өздері ешкімге мойынсұнбауды қалайды. Олардың бар ойы жеңістің шарабын ішуге ғана негізделген.

Нәпсіқұмарлар қаласы. Мұндай қала тұрғынының әрқайсысы құмарлықтар тізгініне ие бола алмай, қалағанынша шаһуат нәпсілерін, төмен құмарлықтарын қандыруға талпынады.

Надандықтағы қалалардың басшылары да тура сол қалалар тұрғыны секілді. Олар өзі басқарып отырған қалаларда жоғарыда аталған өз құмарлықтарын үздіксіз қандыруға талпынады.

Надандықтағы қалалар тұрғынының шаруалары да жоғарыда айтылған мақсаттарға негізделеді.

Намыссыздар қаласының адамдары қайырымдылар қаласының адамдарындай бақытты, Хақ Тағаланы, Ол жаратқан жаратылыстарды, ақылды тағы басқа да нәрселерді біледі, және оларға сенеді. Бірақ соларға амал етпестен, жоғарыда айтқанымыздай, надандықтағы қалалардың тұрғынына ұқсап өмір сүреді.

Тұрақсыз қала. Мұндай қала тұрғынының көзқарастары және амалдағы істері алғашқыда қайырымдылар қаласы тұрғындарының көзқарастары мен істеріне ұқсас болған, алайда бертін келе бұл жұртқа бөгде идеялар біртіндеп кіріп, оның тұрғынының көзқарасын бүтіндей өзгертіп жіберген.

Адасқан қала тұрғынының пікірінше, бақытқа тек қана өлгеннен кейін жету мүмкін. Алайда бұл қала тұрғынының Алла Тағала туралы, Оның жаратқан жаратылыстары мен белсенді ақылға қажет ой-пікірлері, танымдарының шатасып кеткені соншалық, ондай ойлар адал жасауға негіз бола алмайды, бұл (шатасқан) ойлар Алла жаратқан жаратылыстардың бейнесін де көрсетпейді.

Ондай қаланың бірінші басшысы өзін Тәңірлік нұр иесі қылып көрсетеді, бірақ шынтуайтында олай емес. Ол өзінің тәңіртекстілігін дәлелдеу үшін алдау, рия, менмендікпен іс жүргізеді.

Ондай қалалардың басшылары қайырымды қала басшыларының қарама-қайшысы. Қаланы басқару әдістері де тіптен қарама-қайшы. Мұндай пікір сол қалалар тұрғынына да тиесілі.

Қайырымды қалалардың бір-бірінің орнын басқан имам-басшылары жалғыз мәңгілік басшының жалғыз рухын көзге елестетеді. Егерде көптеген сондай қалалардың басшылары бір уақытта жасаса, олар да бірге жалғыз мәңгілік билік иесін, олардың рухтары болса, жалғыз мәңгілік басшыны көзге елестетеді.

Қайырымдылар қаласының адамдарынан кейбірі барша үшін ортақ болған білімдерді үйреніп, іс жүргізеді, кейбірі тек қана белгілі бір қатардағы адамдар ғана білуі тиіс болған білімдерді үйреніп, іс жүргізумен шұғылданады. Бұл адамдардың әрқайсысы сондай жалпы және жеке білімдер мен іс-әрекеттер арқылы бақытқа қол жеткізеді. Әрбір адам бақытқа жетелеуші іс-әрекетпен қаншалықты қашық және бұрынғыдан тағы да жақсырақ шұғылдана берсе, оның көңілі, ішкі жандүниесі де соған лайық кемелденіп, толыса бермек. Шебер хаттат (көшіруші – Т.Қ.) хұснихатпен үздіксіз шұғылдана бергенінде жазуы барған сайын көркемделіп, одан өзінің де құлшынысы ояна беретіндей, кемелдікке, бақытқа жетуге талпынған адамның жүрегі де барған сайын кеңейіп, жақсылықтар жасағанына өзінің де көңілі өсіп, құлшынысы арта бермек. Ондай адамның көңілі кеңейтіндігі соншалық, енді оның рухы материалды қажеттіліктерге не құралдарға байланбай, барған сайын олардан азат бола береді және ақыры материалды жағдайдың ойраны немесе жоғалуы кемелденген рух үшін қажетсіз болып қалады.

Рух материалдықтан, қиялдардан ажырап, басқа бір болмыс түріне де кірмеген соң, ол енді болмыста көрінетін түрлі жағдайлардан да арылады. Енді бұл рухқа қатысты әрекет не тыныштықта деген пікірлерді айтуға болмайды. Енді ондай рухқа қатысты болмыссыз (яғни, сап таза) рухтарға айтылатын сипаттарды ғана қолдану мүмкін. Адам санасында материалды болмыстарға қатысты айтылатын барша нәрселерді болмыстан құтылған рухқа қатысты енді қолдану мүмкін емес. Рухтың ондай хәлін түсіну немесе суреттеу қиын әрі мүмкін емес. (Еркін болған рухтардың бір-бірінен айырмашылығы неде?). Айырмашылығы – аталған рухтардың денеде екендігінде, адам болмыстарының тұтынушылары әр түрлі болатындығы секілді рухтар да бірнеше түрлі болады. Болмыстардың хәлі өзгеруімен рухтардың да өзгеруі қалыпты жағдай. Денелердің өзгерулері шексіз болатыны секілді рухтардың өзгеруі де шексіз.

СӨЗ ӨНЕРІ

Біз сөз өнерінен хабарымыз бар көптеген халықтарға қарағанда арабтар өз өлеңдерінде бәйіттердің² соңғы жағына көбірек көңіл бөлінеді. Сондықтан да араб бәйіттері белгілі өлшемдегі шектеулі сөздермен толық та әдемі болып шығатындықтан да, оларда аз қолданылатын немесе көпшілікке белгілі сөздерді қолданумен іске асады. Сол бәйіттердегі сөздерден шығатын мағыналар сөз болып жатқан нәрсе немесе оқиғаларға ұқсас, жақын болуы шарт.

² Бәйіт – екі жол.

Сондай-ақ, сонда қолданылатын тіркестер ырғақты, белгілі бөліктерге бөлінген болуы тиіс, тіпті ондағы әрбір ырғақ, сәбәб³, уәтәдтардың⁴ саны шектелуі тиіс.

Өлеңнің әрбір ырғағында қолданылатын сөз тіркестері тәртібінің де белгіленген өлшемі болады.

Өлең бәйіттерінің әрбір бөлігінен ырғақ тәртібі мен басқа бөліктегі тәртіппен ұйқасқа құрылуы шарт. Жоғарыдағы тәртіпті ескерген жағдайда оның әрбір бөлігі оқылған уақытта олар бір-бірімен сәйкес келіп, жұмыр шығады. Әрбір ырғақта қолданылатын бәйіт сөздерінің де белгілі бір жүйесі, өз өлшемі бар. Мұнда бәйіт сөздерінің соңы да шектелген, не дауыстар алғашқы жолдағыдай не оны оқыған уақытта бірдей шығатын сөздер болуы шарт.

Бәйіттердегі сөздер де мәселе не туралы айтып жатқан болса, соның аясында қолданылуы керек. Сондай-ақ, бәйіттердің бір-бірімен ұйқасқа құрылуы да талап етіледі.

Кейбір халықтарда әуелі ән-күй жаратылып, кейін оған сәйкестендіріп өлең қосады. Мұнда өлеңнің тармақтары күйге байланғандықтан да, тіптен кейбір әріп-дабыстарға ұқсайды.

Егер де өлеңнің белгілі бір бөлігі өзара ұйқаспаса, онда ырғақ бұзылады. Яғни, өлеңдегі әріптердің біреуі түсіп қалып, ырғақтың бұзылғанына ұқсайды.

Кейбір халықтар арабтардың өз өлеңдерін әнге салғанындай, өз өлеңдеріне ән шығармайды. Алайда, өлең, тек буындардан ғана тұрады. Ал, бұл жағдай араб поэзиясындағы жағдайға қатты ұқсайды. Мұнда егер өлеңге әуен жалғанса, әуен ырғағы өлең ырғағына қайшы келеді. Нәтижесінде әнге салынған сөздің ырғағы бұзылады. Сондықтан да кімде-кім сөзге ән шығармақшы болса, өлеңнің кейбір сөздеріндегі ырғақтың бұзылуына сақ болу керек.

Көп адамдар сөздер белгілі бір бөліктерге бөлінеді, ал, бұл бөліктер өзара бір-бірімен ырғақта болады деп ойлауы мүмкін. Алайда өлең бір нәрсеге еліктеп жасалған ба, жоқ па, ол жағына назар аудармайды. Сондай-ақ, (кейбіреулер) сол өлең құрастырылып жатқан тілде қолданылатын сөздердің көркемдігі де назарға алынады, (сондықтан да) бұл сөздер белгілі әрі жеңіл болса жеткілікті деп, соған көбірек көңіл бөліп жатады. Өлеңде қолданылған сөздердің көбісі – жоғарыда шартты түрде айтылған жақтарын есепке ала отырып – өлеңнің соңында қолданылатын сөз бөліктерімен бірдей аяқталуын талап етеді. Бұл деген сөз, не бірдей әріп-дауыстардан тұратын сөздер болуы немесе екеуі де бір уақытта бірдей айтылатын сөздер болмағы шарт.

³ Сәбәб – аруз ілімінде екі буынды сөздерді айтады.

⁴ Уәтәд – аруз ілімінде үш буынды сөздерді айтады.

Алайда грек акыны Гомер өлеңдерінен байқағынымыз, ол өз өлеңдерінің соңы бірдей аяқталуына назар аудармаған («Иллиада» еркін ырғақ – гекзанетрда⁵ жазылған).

Егер сөздер бірер нәрсеге еліктеуден пайда болса, алайда олар бір әуен мен ырғаққа түсірілмеген болса, ондай сөздер тізбегі өлең деп есептелмейді, қайта оны жәй ғана өлеңді сөз деп атайды. Сондай-ақ, егер осы айтылған «өлеңді сөздер» белгілі бір ырғаққа түсіріліп, өлең тармақтарына бөлінсе, (сонда ғана) айтылған сөздер өлең деп есептеледі.

Бұрынғы ақындардың ойындағы өлеңнің жасалуы мен оның негізгі асыл өзегі де – солардан тұрады.

Өлең бір нәрсеге еліктеуден (немесе ұқсатылған – Т.Қ.) туған сөздерден тұруы керек.

Өлең белгілі бір бөліктерге бөлініп, ал бұл бөліктер (бірінен соң бірі) бірдей уақытта оқылатын болуы шарт. Өлеңнің табиғаты – жасалуында осындай бір қағида-талаптарға бағынуы айтарлықтай қажет деп есептелмеген, қайта осы бір қағидаларға бағынудың өзі өлеңнің көркем де әдемі шығуына себеп болған. Өлеңнің жасалуында қарастырылмаған міне осы екі жол, тек еліктеу мен ұқсатудың болуын ғана емес, қайта солар арқылы еліктеу мүмкін болған нәрселерді де білуді талап етеді.

Осындай қағида-талаптарға мойынсұнудың ең кішкентайы – ырғақ мәселесі.

Риторикада әсірелейтін нәрселер қолданылады. Расында да, мұндай нәрселер көпшілікке өте жақын, белгілі әрі түсінікті. Сондықтан да баяндамашылардың көпшілігі жаратылысында негізінен өлең табиғатын түсінетін қабілеті бола тұра, сөз талап еткеннен артығырақ әсірелеуді қоспақшы болғандықтан да, қателікке жол беріп отырған. Алайда олардың бұл пікірлеріне ешкім жіті назар аудармаған, қайта, керісінше олардың сондай сөздері көпшіліктің санасында өте көркемделген арнау ретінде қабылданған. Шынтуайтында олардың бұл сөздері поэтикалық ойлаудың өзі ғана, баяндамашылар мұнда тек қана сөз сөйлеу жолымен ғана бармастан, қайта (өз ойын – Т.Қ.) өлең сөзбен жеткізуді ғана таңдаған болатын.

Көптеген ақындар да өз ой-пікірлерін басқалар қанағаттанатын дәрежеде жеткізу қабілетіне ие. Олар өздерінің осы (жұртқа – Т.Қ.) түсінікті ой-пікірлерін өлең сөзбен жеткізген. Соның нәтижесінде олар (өз ойларын – Т.Қ.) көпшілікке өлеңмен жеткізгендіктен де, оны поэзиялық шығарма ретінде қабылдаған. Алайда ол бар болғаны сөзбен айтылған арнау еді. Яғни, сол ақындардың өлең сөзден бас тартып, жәй сөзбен жеткізген ой-пікірі ғана болатын.

⁵ Гекзанетр – өлең өлшемі.

Шешендер көбінесе өз сөздерінде міне, осы екі жағдайды ұштастырған еді. Көптеген ақындарда да жағдай осындай. Мысалы, өлең мен көркем ойлардың бәрі де не нәрсе туралы айтылып жатқан болса, соған барып тірелетін нәрселерден жасалған болады. Бір нәрсеге еліктеу де әрі пейілмен, әрі ой-пікірмен жеткізу жолымен де іске асырылады. Пейілмен іске асатын еліктеу екі түрлі болады: олардың бірі – адам өз қолымен бір нәрсеге ұқсаған түрді жасайды, (яғни – Қ.Т.) адам біреудің теңеуін жасап, оны белгілі бір адамға немесе басқа бір нәрсеге ұқсатпақшы болады. Немесе адам басқа бір адамның іс-әрекетіне ұқсас кимылдар жасайды.

Сөз арқылы жасалатын еліктеу дегеніміз – айтылып жатқан сол іс-әрекеттердің біреуіне ұқсатылған сөздерден жасалған немесе айтылған болуы керек. Бұл сөздер ұқсатылып жатқан сол іс-әрекеттерді меңзейді және сол нәрселерден жасалған сөз ретінде қабылданады. Міне осы іс-әрекет немесе сол нәрселердің өзінде не басқа нәрселерде болады деп қабылданады.

Сонымен, ой-пікірмен болатын еліктеу-ұқсату да екі түрлі болады: біріншісінде – еліктеу сол нәрсенің өзінде деп қабылданса, екіншісінде – бір нәрсенің барлығы басқа нәрсе арқылы қабылданады.

Бұл жағдай ғылыми тұжырым жасалғанда дәл осылай болады. Бұлардың біріншісі – нәрсенің өзінде бар екендігі туралы мәлімет береді, мысалы бейнелееу; екіншісінде болса, бір нәрсенің барлығы басқа бір нәрсенің барлығымен іске асуы туралы мәлімет береді. Мысалы, айғақ-дәлел.

Демек, бұдан белгілі болатыны, айғақта ғылыми дәлел, талас-тартыста жалпы пікірді иландыру қаншалықты маңызды болса, поэзияда ой-пікір мен суреттеу соншалықты маңызды болмақ. Кейде адамның іс-әрекеті көбірек ой-қиялдың жетегінде кетіп жатады. Яғни, адам бір нәрсені басқа нәрседе бар деп ойлайды. Соның нәтижесінде сол нәрселердің барлығын сезім мен дәлел айғақтағанда және оның сол нәрседе барлығына сеніп, солай жасауы мүмкін. Тіпті бұл істе оның барлығы жалған болып, тек қана ойға алынған жағдайда да бұл іс-әрекет – пейілді амалға асырады. Сондықтан да, егер бір жынды бір нәрсеге назар салса, сол нәрсе оның жақсы көрмейтін нәрсесіне ұқсайтын болса, онда ол оның санасында сол сәтте-ақ бұл нәрсеге деген жеккөрушілік сезімі пайда болады, деп адамдар босқа айтпаса керек. Сонымен әлгі адам сол нәрседен өзін сақтап, алыстау жүруге тырысады. Шынтуайтында, бұл нәрсенің өзі сол ойлағандай жан-жан нәрсе болмауы да мүмкін.

Ойлау кезінде еліктеу қолданылған сөздерді естіген адамда да міне сондай жағдай пайда болады. Сонда ол бір нәрседе басқа бір нәрсенің бейнесін көз алдына елестетеді. Бұл дегеніміз – ол нәрсені бұл адам бұрын өз көзімен көрген болуы, сондықтан да ол нәрсенің бейнесі оның көз алдына келген боулы да мүмкін.

Егер де сонда ол адамға бір нәрсенің өзін сөзбен суреттеп берілсе, онда сол сөз – ой-пікірлерде өзі ілгері елестетіп жүрген басқа нәрселердің бейнесін көз алдына алып келеді. Осылайша сол сөз – ой-пікірлерде қолданылатын әрбір нәрсенің ішінде жақсылық не жамандық, әділетсіздік және озбырлық, немесе адалдықты суреттегеніне ұқсап кетеді. Сонымен адамның іс-әрекеті көбірек өзінің қиялына байланысты болады. Алайда, көбінесе оның білім мен түйсігі қиялдағы нәрселерге керісінше келіп те шығады. Ондай жағдайда оның іс-әрекеті өз білім мен түйсігіне емес, қайта қиялына қарай әрекет етеді.

Ендеше, қиялға келген сөздерден көрінетін мақсат та тыңдаушыны оның қиялына келген нәрсені қылуға үндеген болып шығады. Оның қиялына келген нәрсе не қалаған нәрселердің біріне талпыну, не болмаса одан қашудан, оған ынтық болып берілу және не болмаса, оны жаман көру, не одан жамандық, не жақсылық күту сияқты ісерден тұратын сезім пайда болады. Сол нәрселерден оның қиялына келетін нәрсе, мейлі дұрыс болсын, мейлі қате болсын, оған оның парқы жоқ. Сонда іс, расында да, қиялға келген кезде болған ба, әлде қиялға келгеніндей болмаған ба, оның да парқы жоқ, мәселенің ол жағына қаралмайды. Бұл – бір адам өзі істеп жатқан істі бір нәрсеге еліктеп жасап жатқан болса да, ол кейде сол еліктеп жатқан нәрсесінің нақ өзін жасап жатқандай болады.

Кейде адам өзі еліктеген нәрсеге еліктеп жатқан нәрсенің өзін орындаған болады. Сондықтан да, ол Мырқымбайдың ⁶ түр-әлпетін суреттейтін ескерткіштің бейнесін жасаған болуы мүмкін. Сондай-ақ, ол Мырқымбайдың бейнесі кескінделген айраны да жасаған. Сол секілді, біз Мырқымбайды танымауымыз да мүмкін, бірақ біз оның жасалған бейнесін көріп, оны білеміз. Біз мұнда Мырқымбайдың өз түрін емес, қайта оның түр-әлпетіне еліктелгенді, яғни ұқсатылғанды көріп, білдік. Көбінесе, біз оның кейпін – айнада көрінген бейнесін ғана көреміз. Сонда біз оны ұқсатылғанына ұқсап қалғандығынан білеміз. Ендеше біз Мырқымбай бейнесінің ақиқатын білу барысында екі есе алыстаған боламыз. Міне, осының өзі ой-пікірлерді еліктеуге жалғайтын қырлары болып саналады.

Бұл ой-пікірлер, кейде сол нәрселерге ұқсаған нәрселерден жасалған болуы да мүмкін. Кейде осы жасалған нәрселер өз кезегінде, оның өзіне ұқсайтын нәрселерден, ол да өз кезегінде, оның өзіне ұқсаған нәрселерден және ол нәрселерге ұқсаған нәрселерден жасалған болуы да мүмкін.

Нәтижесінде, еліктеу – ұқсату барысында нәрселердің негізінен бірнеше адым алыстайды.

⁶ Мәтінде Зәйд деп келген. Арабтардағы Зәйд біздегі Мырқымбай секілді қолданылады.

Міне ой-пікірлер туралы пайда болған нәрселердің бейнесі міне осылардан тұрады. Осы бейнелеулерге қол жеткізуде осындай бірнеше адым жалғасып келеді.

Әрбір нәрсе бірер нәрсеге еріксіз ұқсас болғандықтан да, сол нәрсе елестетіледі. Немесе бір не екі нәрсе арқылы елестетіледі. Бұл ұқсатылған нәрсеге білдірілген ой-пікірге қарай болады. Көп адамдар негізіне жақын болған нәрселерге еліктеуге қарағанда, негізінен алыс болған нәрселерге еліктеу мен ұқсатуды жақсы әрі артық болады деп ойлайды. Олардың пікірінше, мұндай жағдайда тұрып ой-пікір жүгіртушілер еліктеу туралы тыңдаушылар арасында ең білікті адам деп есептеледі, мұндай адам осы өнер саласына өте лайық келеді және еліктеуді өз жолына лайықтап алып, солардан пайдаланады.

Кітап бітті.

АҚЫНДАРДЫҢ ӨЛЕҢ ЖАЗУ ӨНЕРІНІҢ ҚАҒИДАЛАРЫ ТУРАЛЫ

Бұл жерде (айтылып жатқан) пікірлерден мақсатымыз хәкім Аристотелдің «Фис-сина`эт эш-ши`р»⁷ шығармасында айтып өткен мұлахазаларды⁸ дәлелдеп беру және оның мағыналарын ашу болатын. Яғни, мұнымен сөз өнеріне қызығушылардың баршасын таныстырмақ ниетіміз бар. Хәкім Аристотел өзінің «Өлең өнері» былай тұрсын, тіпті муғалата-софистика туралы ой-пікірлерін де толық баяндап үлгермеген еді. Сондықтан да осы туралы мәселелердің бәрін басынан-аяғына дейін толықтырып, тәртібімен жазбақшы да емеспіз. Себебі «Софистика өнері» шығармасының соңғы сөйлемдерінде Аристотел айтып өткен пікірлерге қарағанда, ол мұның себебін ахуалы шынымен де баяндап беру үшін өзінен бұрын өткендердің шығармаларына қабылданатын тәртіпке түсіретіндей негізде жаңаларын пайда қылатын бір әдіс пен қағидалар табалмаған сияқты.

Хәкім Аристотел өзінің қабілетімен соңына дейін жеткізуге қолы жетпеген бір істі біз аяқтаймыз деген талпынысымызға қарағанда, бұл өнерде пайда беретін және қазіргі заманда кездесетін қағидалар, мысал мен тұжырымдармен ғана шектелсек жақсырақ болар еді.

Ендеше, біздің айтпағымыз, сөздер бір мағынаны білдіруі де, не білдірмеуді мүмкін; олар осы екі жағдайдың бірінде болуы мүмкін. Мағынаны білдіретін сөздер бірер ойды түсіндіруі де, түсіндірмеуі де мүмкін. Ой-пікірлерді түсіндіретіндердің берік тиянақтылығы не тиянақсызы болады. Беріктілердің

⁷ Сөз өнері.

⁸ Ой-пікір.

(де) расы, не жалғаны болады. Жалғандарының кейбірі тындаушылардың зейініне оны түсіндіретін мағынасымен бірге орнығады, ал басқалары оның алдында нәрселердің бейнесімен қабылданады. Міне осындай еліктеулер – поэтикалық ой-пікірлер деп есептеледі.

Міне, осындай бейне ұқсастықтарының кейбірі ең толық, басқалары нұқсанды екенін анықтау шайырлар және бірнеше тіл мен сөздердегі өлеңді үйрене білген ақыл иесінің құзырына кіреді. Алайда бұдан ешкім де софистика мен еліктеуді бір сөз деп ойлағанын. Бұл екеуі де кейбір себептерге байланысты бір-бірінен бүтіндей ажыралып тұрады.

Софистиканың мақсаты мен еліктегіштің мақсатының арасында айырмашылық бар. Софист тындаушыны шатастырып, ақиқатқа тура келмейтін нұқсанды нәрселерді көз алдына алып келеді. Тіпті, ол бар нәрсені жоқ деп, ал жоқ нәрселерді бар деп ойлауға итермелейді.

Еліктегіш болса зат бейнесінің қарама-қайшысын емес, қайта оның ұқсасын көз алдына алып келеді. Оған ұқсас заттар сезімде де кездеседі. Өз орнында тыныш отырған адам сондай күйге түссе қимылдап жатқандай көрінеді. Мысалы, кемеге мінген адам кемеден түсіп жағалауда қалғандарға қараса немесе жаз мезгілінде аспандағы ай мен жұлдыздарға жылдам жүріп бара жатқан бұлыттар астынан қаралса, (міне) сондай болады. Мұндай жағдай адамдардың сезімдерін шатастырады.

Бірақ айнаға немесе жылтыр тегіс затқа қараған адамның да жағдайы тура сондай болады, оған қарап, сол заттарға ұқсас нәрсені көріп тұрғандай сезіледі, (тіпті – Т.Қ) мұлахазалар басқа түрлерге де бөлінуі мүмкін. Түйіндей келгенде, бұл былай: мұлахаза берік не берік емес те болуы мүмкін. Егер де, ол салыстырмалы болса, онда оның табиғатынан болады, не болмаса оның әрекетінен болады. Егер де оның табиғатынан болса, ондай жағдайда не истикра⁹ болады, немесе мұлахаза тәмсілі¹⁰ болады. Тәмсіл көбінесе сөз өнерінде қолданылады. Ендеше, поэзиялық ойлау тәмсіл-аналогияға кіреді.

Салыстырулар да, жалпы алғанда, мұлахазалар да басқа да түрлерге бөлінуі мүмкін. Мұлахазалар не бүтіндей рас, не болмаса бүтіндей жалған болуы да мүмкін, деп жатады. Немесе мұның қарама-қайшысы немесе рас не жалғанның бірдей өлшемінде болуы ықтимал. Бүтіндей дұрыс мұлахаза, шүбәсіз бурхани¹¹ дәлелді деп аталады. Егер де оның рас жағы көбірек болса, ондай

⁹ Индуктив, яғни ойдың жеке пікірлерден жалпы ойға өтуі.

¹⁰ Аналогия, яғни ой өрісінің жекеден жекеге немесе жалпыдан жалпыға қарай ойысуы.

¹¹ Айғақ, дәлел.

жағдайда жәдәли¹²-диалектик болады. Егер де дұрыс пен жалған екеуі тең келіп қалатын жағдай болса, онда ол – хитаби¹³-риторик болады. Рас бүтіндей азайып бара берсе, онда суафстани-софистик болады, ал бүтіндей жалған болса, онда, еш шүбәсіз, поэтикалық деп аталады. Осындай түрлерге бөлінуіне қарап, поэтикалық мұлахаза не исбатты, не диалектик, не хитаби-риторик немесе софистик болуы мүмкін.

Сондай-ақ, ол сулужисмус-силлагизмға немесе соған тәуелді болған түрлердің біріне барып тіреледі, яғни «Тәуелді болған түрлер» деуімізден мақсат – истикра-индукция, мысал-аналогия, парасат-интуиция және заңға ұқсас нәрселер болып, олардың логикалық қуатында сол салыстыру-силлогизмнің күш-қуатынан тұрады.

Жоғарыда айтылған нәрселерді егжей-тегжей түсіндіріп беруімізден белгілі болғандай, енді біз поэтикалық мұлахазалардың түрлерге қалай бөлінуін түсіндіріп беруіміз керек.

Поэтикалық мұлахазалар туралы сөз қозғағанда мынаны айтып өту керек: ол не ырғақтарға қарап бөлінеді, немесе мазмұнына қарай бөлінеді.

Десек те ырғақтарға қарап бөліну туралы сөз қозғағанда мынаны да айтып өту керек: одан әрі қарай мұлахаза ету – әнші мен арузшыларға¹⁴ қатысты. Сондай-ақ, мұлахазалар (яғни, өлең сөздер) қайсы тілде болғанына және әншінің қайсы тайпадан шыққанына да байланысты.

Ендеше, басқа мәселеге өтейік. Шығармалары бізге дейін жетіп келген бұрынғы және қазіргі заман шайырларының көпшілігі өлеңдерінің мәнісіне қарап, ырғақтарды араластырып жіберген. Олар поэзияда бар болған түрлердің әрқайсысына солардың мазмұнына қарап, арнайы ырғақ жасамаған. Мұның гректерге қатысы жоқ. Олар өлең түрлерінің әрбіріне арнайы ырғақ тапқан. Мұнды өлеңдер біздің әзіл-оспақ өлеңдерден бүтіндей басқаша, әзіл-оспақтардың ырғағы күлкі жағдайынан тіптен өзгеше. Басқа ырғақтардың да жағдайы міне осындай.

Алайда басқа халық пен тайпаларда мадақтар әзіл-оспақтар жырланатын көп ырғақтарда да қолданылады, деген сөз бар. Мұнда бастан-аяқ мадақ ырғағында әзіл-оспақ айтылады немесе толық қолданылмаса да, көбірек айтылады. Мұнда олар шекараны тура гректердің қойғанындай, нақты белгілеп қоймаған.

Біз бұл жерде тура хәкім Аристотел өзінің сөз өнері туралы мұлахазаларында айтып өткеніндей, гректердің өлең түрлерін атап, әрқайсысының жанрына тоқталамыз.

¹² Даулы, тартысты.

¹³ Сөз, арнау, үндеу.

¹⁴ Өлең өлшемімен айналысатындар.

Олар мыналар: трагедия (турағузия), дифирамба (дисирамби), комедия (кумузия), йамбу, драма (драмата), йайни, диаграмма, сатира (сатура), поэма, эпос, риторика (риторий), амфигеноссос және акустика.

Трагедияға келсек, ол өлеңнің белгілі бір түрі болып, оның оқылып жатқанын естіген адам не өзі дауысын шығарып оқыған адам рахаттанады. Трагедияларда біреулерге мысал (өрнек) бола алатын жақсылықтар мен мақталатын іс-әрекеттер айтылады; осы ырғақта қаланы басқарушы – басшылар мадақталады. Әншілер патшалардың алдында осы трагедияның ырғағымен шырқайды. Егер де бір патша өліп қалағындай болса, трагедияның бөлімдеріне қосымша әуендер қосып, сол өлген патшаға арнап жоқтаулар айтады.

Енді дифирамбаға келсек, ол поэзияның бір түрі болып, оның ырғағы трагедия ырғағынан екі есе үлкен болады. Онда жақсылық пен мақталатын барша іс-әрекеттер, адами қасиеттер туралы айтылады. Дифирамбада белгілі бір патша не адамды мадақтамайды, қайта жалпы жақсылықтар туралы айтылады.

Енді комедияға келсек, бұл поэзияның белгілі бір түрі болып, оның да белгілі ырғағы болады. Онда жаман іс-әрекеттер туралы айтылады, адамдар мен олардың ахлақтарында қараланатын, хош көрілмейтін жаратылыстар келеке етіледі. Көбінесе оның бөлімдеріне күй-әуендер қосылып, оларда да қараланатын іс-әрекеттер айтылады. Осы айтылған іс-әрекеттерде адам, айуан және осы екеуіне қатысты болған жаман тәмсіл-мысалдар келтіріледі.

Енді йамби да поэзияның бір түрі болып, оның да өзіне лайықты белгілі ырғағы болады. Онда да белгілі мұлахазалар айтылады. Жырланатын нәрселер жақсы да, жаман да болуы мүмкін. Алайда айтылатын мақал-мәтелдер белгілі болуы тиіс. Поэзияның бұл түрі тартыс, ұрыс-жанжал, ашуланған һәм кейіген сәттерде оқылатын жырларда қолданылады.

Енді драмаға келсек, ол да тура жоғарыдағы айтылғандай поэзия түрлерінен бірі деп есептеледі. Десек те мұнда белгілі адамдар мен тұлғалар туралы риуаят, мифтер айтылады.

Енді йайниға келсек, бұл да поэзияның бір түрі болып, онда адамның көңілін көтеретін дүниелер айтылады. Сондай-ақ, олар не аса шеберлігінен немесе өте әдемі жазылғандығынан адамға жақсы көңіл-күй сыйлайды.

Енді эпика мен риторикаға келсек, бұл да поэзияның бір түрі болып, мұнда ілгері өткен саяси һәм хұқықтық тәртіп-қағидалар баяндалады. Жырдың бұл түрінде патшалардың іс-әрекеті, ол туралы хабарлар, оның дәуірімен соған байланысты оқиғалар туралы айтылады.

Енді сатираға келгенде мынаны айту керек: бұл да поэзияның бір түрі болып, оның өзіне тән ырғағы бар. Осы түрдегі жырларды әншілер жаратқан. Олар өз күйлерімен төрт аяқты жануар, жалпы алғанда, тіпті барша жан-жануарды

әрекетке келтіреді. Сонда жануарларлар өздерінің табиғи әрекеттерінен біраз шетке шыққан болып (бір қылық көрсетіп), адамдарды ан-тан қалдырады.

Енді поэмаға келсек, бұл поэзияның бір түрі болып, мұнда (басқа түрлерге ұксамаған) жақсы-жаман, дұрыс-қате секілді әртүрлі сипаттар жырланады, суреттеледі. Осы түрдегі әрбір өлең түрлерінде әдемі һәм нашар, жақсы һәм жаман істерден тұратын ғибратты оқиғалар айтылады.

Енді амфигеноссосға келсек, бұл да поэзиядағы түрлерді бір түрі болып, оны табиғаттанушы адамдар жаратқан. Олар мұнда табиғи ғылымдарды суреттеген. Сөз өнеріндегі ең ұзын түр – осы өлең түрі деп есептеледі.

Енді акустикаға келсек, бұл да поэзия түрлерінің бір түрі болып, осы түр арқылы ән өнері үйретіледі. Осы түрдегі өлең тек қана соған қатысты, басқа жерде одан пайдаланылмайды.

Грек поэзиясын жақсы білген адамдардан бізге дейін толық жетіп келген хабарларға қарағанда, және хәкім Аристотелге қатысты делінетін өлең өнері туралы пікірлерінде, сондай-ақ, Темастеиус екеуінен басқа грек кітаптарын түсіндіруші бұрынғы ғалымдардың шығармаларында грек жырларының түрлері мен олардың мазмұндары туралы тапқан деректеріміз міне осылар. Біз олардың кейбір зерттеулерінен тапқандарымызға қарағанда, олар өз еңбектерінің соңында осы дүниелерді атап өткен. Біз оларды қалай кездестірген болсақ, сол қалпы жеткіздік.

Енді біз саған айтсақ, ақындар шынайы туа бітті қабілетті және өлең жазуға әзір жаратылған адамдар болады. Олардың салыстыру мен тәмсілдерге деген қабілеті жақсы дамыған. Осы түрдегі адамдар не өлеңнің көптеген түрлерінде, не болмаса бір түрінде қалам тербеуге қабілетті болады. Алайда осы түрдегі адамдар өлең өнерінен айтарлықтай хабардар бола бермейді, қайта олар туа бітті қабілеттерінің жақсы жетілгендігін ғана қанағат тұтып, олар өздері жоспарланған дайындықтары бойынша ғана іс жүргізеді. Мұндай ақындар, расында да мусалжис-мулахазакар ақындар деп есептелмейді. Себебі оларда өлең өнерін біріктіріп алу үшін кемелдік жетіспейді және бұл өнерде тоқырау болмайды. Кімде-кім сондай адамның өлеңін көріп, сондай қабілетті акын екен деп ойласа, бұл оның іс-әрекетінде ақындарға тән көріністердің болатынынан ғана сондай ой-пікірге келген. Немесе мұндай адамдар нағыз ақындар өнерін игерген болады, тіпті өлең өрнегіне тән қасиеттердің қай түріне қатысты болмасын, бәрібір, ол заң-қағидалар одан қашып құтыла алмайды. Олар өлең өрнегінде қолданылатын салыстыру мен теңеулерді тым шеберлікпен қолданады. Осы топтағы ақындар, расында да қабілетті ақындар деген атқа лайық.

Болашақ ақындар осы жоғарыда айтылған алғашқы екі топтағы ақындар мен олардың әрекетіне еліктеушілерден болады. Олар сол алғашқы екі топтағы

ақындардың шығармашылығын жақтайды. Осы түрдегі ақындардың өздерінде туа бітті ақындық қабілеті болмаса, өлең өрнегінен хабардар болмай тұрып, салыстыру мен тенеулердің соңынан кетеді. Жолдан адасатын не таятын ақындардың көпшілігі міне осы топтағы ақындардың қатарынан саналады.

Тағы айтар болсақ, осы жоғарыда айтылған үш түрлі ақындардың әрқайсысы да шығармашылықта не табиғилықтан не мәжбүрліктен алыс кете қоймайды. Бұлай деуіме себеп, бір ақын көбінесе мадақ және жақсы сөз айтуға табиғаты жақын болса, кейде жағдай одан әзіл-ысқақ және басқа да түрдегі өлең айтуға да мәжбүрлеуі мүмкін. Мысалы, бір ақын өлең түрлерінің белгілі бір түрімен ғана шығармашалық жарату өнерін таңдап алып, өзін тек сол түрдегі өлеңдер жазуға машықтанған болса, кейбір жағдайларда өзі таңдамаған түрлерде де өлең жазуына тура келеді. Ал, бұл дегеніміз оның өзі үшін машықтанған өлең түріне қатысы жоқ басқа бір түрде мәжбүри түрде жазылған өлең болады. Мұндай мәжбүрліктер не ішкі, не сыртқы себептермен іске асады. Алайда ақынның ең жақсы туа бітті ақын болып туғаны дер едік.

Соңынан ақындардың өлең шығару кезіндегі жағдайы кемелдікке жеткені және жетпегенінде байлынысты әртүрлі болады. Бұл, (негізінен), не идея, не мазмұн жағынан орын алады.

Алайда идея жағынан алған уақытта да, олар өлеңге кейде көмектессе, кейде оған көмектесе алмай қалады. Оған көбінесе ішкі жандүниедегі жағдай себеп болады. Сонда не ішкі жандүниедегі хәлден жоғары келеді, немесе кейде оған өзі мұқтажығынан өзін тастап жіберіп, төмендеп кетеді.

Біздің осылай зерделеуімізден мақсат, бұл мәселені бүге-шүгесіне дейін тәтпіштеп анықтау емес. Керісінше, ахлақ һәм ішкі жандүниенің сипаттары және олардың әрқайсысының адам рухына жеке тигізер әсері туралы жазылған кітаптарда кеңінен баяндалған.

Мазмұн жағынан алып қарайтын болсақ, көбінесе бірі екіншісіне ұқсайтын екі нәрсенің ортасындағы ұқсастығына байланысты. Мұнда көптеген адамдарға олардың жақындығы көрініп тұрады. Оларда ақындардың жетіліп не жетілмегендігі туралы пікірлер сол тенеулердің ақиқатқа жақын не алыстығына байланысты болмақ.

Кейде мынадай да жағдай болып жатады: өлең өрнегінде ең соңында қалған ақын да жоғары деңгейдегі ғажайып бір өлең жаратуы мүмкін. Тіпті осы саланың білгірлері де оған теңесе алатын нәрсе (өлең) жараталмауы да мүмкін. Мұндағы жағдайдың орын алуындағы себеп – бақыт пен кездейсоқтықтың сәйкес келуінен болады. Алайда сондай адам (қаншалықты көркем өлең жазса да) осы жазған өлеңімен ол терең ойлы ақын деген атқа лайық бола алмайды. Тенеу дәрежелері өзінің салыстыруларына қарағанда әртүрлі болуы мүмкін.

Осы жағынан карағанымызда салыстырудың дәл әрі лайықты болуы мазмұнға да байланысты, немесе акынның осы өнердегі шеберлігіне де қатысты болмақ. Тіпті осы шебер акын бір-бірінен алыс болған екі нәрсені, терең ойланып бір-біріне лайық етіп көрсете алады. Ал, мұндай жағдай акындарға құпия емес. Сондықтан да акындар А мен Б-ны, Б мен Ж-ны бір-біріне ұқсатады. Себебі мұнда А мен Б-ның ортасында сәйкестік пен жақындық бар. Сондай-ақ, және Б мен Ж-ның ортасында жақындық, сәйкестік һәм белгілі бір дәрежеде ұқсастық та бар. Олар сөздің мағынасын соған бұрып, тіпті есітуші мен оқып берушілердің ой-пікірін, олар тіптен алыс болса да, А мен Б, Б мен Ж-ның ортасында болған ұқсастықтардан хабар бермекші болады.

Осы өнерде акындықтың таңдалуы адамда өте үлкен байлық деп есептеледі. Бұл енді қазіргі замандағы кейбір акындардың іс-әрекетіне ұқсап кетеді. Олар, егер бір сөзді өлеңдегі бәйітке ұйқастырып, алдыңғы бәйітте қажет болған нәрселерді немесе суреттеу ниетінде болған нәрселерді сәйкестендіре білсе, ондай кезде адамда өте ғажайып бір сезім пайда болады.

Тағы біздің айтпағымыз, осы өнер иелері мен (ойды) безеуші суретші өнерінің арасында қандай да бір байланыс бар. Осы екеуінің өнеріндегі қаруы әртүрлі болғанымен де, түрде, жаратылыс һәм мақсаттарында бір-біріне сәйкес келеді. Немесе, айтайық, осы екі жаратылған нәрседе, олардың түрлері мен мақсаттарында бір-біріне деген сәйкестік, ұқсастық бар. Оның мәнісі мынада, өлең өрнегін безейтін нәрселер – сөздер болса, суретшілердің өнерін безейтін нәрсе – бояулар. Осылардың арасында айырмашылық бар, алайда екеуі де адамдардың қиялы мен сезімдерін бір мақсатқа – еліктеуге жетелейді.

Акындардың өнер ілімін үйренушілер пайдаланатын жалпы қағида-тәртіптер міне осылар. Осы қағидалардың көпшілігін (ғылыми жағынан) тексеріп шығып, пікір білдіруге де болар еді. Алайда мұндай өнер саласында ғылыми зерделеу адам баласын өнердің бір түрі туралы бір жақты тұжырым жасауға және басқа түрлер мен пікірлерден бас тартуға алып келуі мүмкін.

Сондықтан да осы салада айтып өткен пікірлеріміз осындай (біржақты) тұжырымдарға жетелеуді мақсат етпейді.

(Осымен Әбу Нәсір Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Тархан әл-Фарабидің жазған «Акындардың өлең жазу өнерінің қағидалары туралы» деген рисаласы (трактат) аяқталды).

ФАКСИМИЛЕСІ

وما يفرح منه ان يوته القليله لهما ملأوا بما يحكون ويصرا بما هم
 الآن لثوبيات يوجد بطل فيه الاقوي وهذا الاصل هو في اكل مراتب
 الاستقامة وفي اهل درجات الصفة وتكون نفسه كسلة مقصده بالفضل
 الفصل على الوجه الذي قلنا وهذا الاصل هو الذي يفرح على كل فعل
 يمكن ان يبلغ به السعادة فهذا اول شرائط الرئيس ثم ان يكون له مع
 ذلك قدرة بالساعة على جودة التحليل بالليل نل ما يعلمه والقدرة على
 جودة الارشاد الى السعادة والى العمل التي بها يبلغ السعادة وان يكون
 له مع ذلك جودة تمت بدمه مباشرة افعال الخبيثات

٢٨٠ في حصل رئيس المذممة الفاضلة ١٥

فهذا هو الرئيس الذي لا يروى السان اخر اصلا وهو الاطم وهو
 الرئيس الاول للمذممة الفاضلة وهو رئيس الامة الفاضلة ورئيس العمورة
 من الارض بها ولا يمكن ان تصير هذه الخلق الا لمن اجتمعت فيه بطبيع
 ثنتا عشر خصلة قد فطر عليها احدها ان يكون تم الاعضاء قواها
 مؤاتبة اصلا على العمل التي شأنها ان تكون بها وهي هم بصور ما
 من اصنافه مما يكون به قل عليه بسهولة ثم ان يكون بطبيع جيد
 الشار والتصير نل ما يقال له فيلما يفهم على ما يقصده القائل وعلى
 حسب الامر في نفسه ثم ان يكون جيد التحفظ لما يفهمه وما يراه وما
 يسمعه وما يدركه وفي الجملة لا يكاد ينساه ثم ان يكون جيد الصلابة
 ذقيا اذ رأى الشيء يندى ليل فليس له على جهة التي دل عليها الذليل
 ثم ان يكون حسن العبارة مؤاتية لسانه على لفظه لا ما يصوره لفظه لفظا
 ثم ان يكون محسبا لتعليم والاستفادة متفانيا له سهل الفهم لا يؤمده
 تصعب التعليم ولا يزل فيه القيد الذي يثقل منه ثم ان يكون غير غرور على

القابل والمشروب والمكوج متعجبيا بطبيع الصب .^٥ وهذا نذات القنة
 من هذه ، ثم ان يكون محبا للصدق والعدل مبهضا للكلب والحد ، ثم ان
 يكون كبير النفس محبا للكرامة تكبر نفسه بالذبح من كل ما يشين من
 الامور وتحمو نفسه بطبيع الى الرفع منها ، ثم ان يكون الدرهم والدينار
 وسائر امراض الدنيا عينه عنده ، ثم ان يكون بطبيع محبا للعدل والعدل
 ومبغضا لخير والظلم واهلهما يعطى النصف من اهله من غيره ويحسب
 عليه ويؤتى من حل به للور موانيا لكل ما يراه حسنا وجميلا ، ثم ان
 يكون عدلا غير صعب العناد ولا حموحا ولا احموحا انا دعي الى العدل
 بل صعب العناد اذا دعي الى الجور والى العجيب ، ثم ان يكون قبيح العريفة
 10 على انشى . انشى سوي انه يبغي ان يفعل جسيرا عليه مقداما غير
 خائف ولا صمد النفس ، واجتماع هذه شهب في انسان واحد صبر
 للذلة لا يوجد من نفس على هذه الغدرة الا الواحد بعد الواحد
 والاقبل من انسان فان وجد مثل هذا في المدونة انفصلة ثم حصلت فيه
 بعد ان يكبر تلك الشرائع استندت انديرة قبل او للمس منها لكون
 15 الانداد من جهة القوة المتكلمة من هو الرئيس وان اتفق ان لا يوجد
 مثله في وقت من الاوقات اخذت الشرائع والسنة اى شرطها هذا الرئيس
 وامثاله ان كانوا تواليا في المدونة فالتفت ويكون الرئيس الشاق الذى
 يتخلف الاول من اجتمعت فيه مؤنذ وصية وتلك الشرائع ويكون بعد
 كبره فيه سن شرائع احدهما ان يكون حكيما وانثل ان يكون ظمنا
 20 حافظا للشرائع والسنة والسير الى دعوتها الايون للمدينة محتلميا بالعلم
 لها حذو تلك بتعلمها والثالث ان يكون له جودة استنباط فيما لا
 يتخلف من السلف فيه فريضة ويكون فيما يستنبطه من تلك محتلميا
 حذو الائمة لا ايون والرابع ان يكون له جودة روية وقوة استنباط لند

سنة ان يعرف في وقت من الاوقات الحضر من الاسير والفرقت التي
 تحدث فانيس سبيلها ان يحضر في الآتون ويكون متعجرا ما يستلزم
 من ذلك صلاح حال المدينة والمجلس ان يكون له جودة يشهد بقول ان
 شرائع الآتون والالتجى استتبط بعدا عما احتلقت فيه حدوده والمجلس
 ان يكون له جودة ثابت بهندسه في مباشرة اتمل الحروب وذلك ان يكون
 معه فصاحة العربية الفاضلة والرئاسة.

فلا يوجد نسل واحد اجتمعت فيه هذه الشروط ولكن وجد
 اثنين احدهما حكيم والثاني فيه الشروط انبائية كما في رئيسين في هذه
 المدينة فلما تفرقت هذه في جماعة وكانت المسجلة في واحد والثاني في
 واحد والثالث في واحد والرابع في واحد والمجلس في واحد والشمس في
 في واحد وكافرا متلاتين كانوا في الرؤساء الا فضل هي اتفاق في وطن ما
 ان لم يكن تلكه جزء الرئاسة وكانت فيها سائر الشروط بهيئت المدينة
 الفاضلة بلا منقذ وكان الرئيس القم بهمر هذه المدينة ليس ملكه وكان
 المدينة تعرض للهلاك فان لم يتفق ان يوجد حكيم يضاف اليه لم
 تلبث المدينة بعد مئة ان تهلك. ٧

10

٢٩٥ في مصنفات المدينة الفاضلة.

والمدينة الفاضلة تصد المدينة الجهالية والمدينة الفاضلة والمدينة
 المتبقلة والمدينة الصلوة وصانها يصعب من افراد الناس نواقب الحكم
 والمدينة الجهالية في التي لم يعرف اهلها السعادة ولا خطرت بهمائم ان
 عدوا اليها فلم يهيموا ولا يحسدوها واما عرفوا من الحرات بعض هذه
 التي في مشورة في الظاهر انها حيرات من التي تظن انها في الغلات في
 الحيرة في سلامة الابحان واليسار وتنمّع بالذات وان يكون حذر حرد
 ان يتسبب مسكوتها وطعنا فيكل واحد من هذه صفات عند اهل

МАХМҰТ ҚАШҚАРИ

Барша түрік әулетіндегі халықтардың қатарында қазақ елінің де мәдениетіне, тіліне, өнеріне тікелей қатысты ұлы ескерткіштердің ішінде осы «Түрік тілдері жинағының» үш томдығы да ерекше шоқтықты биігінде бағаланады. Жүсіп Баласағұнның атақты «Құдатғу білігі» дастаны хыжра бойынша 462-жылы жазылса, Махмұт Қашқарлы бұл үш жинаққа топтастырылған, сегіз кітаптан тұратын тілтану жайлы еңбегін хижра бойынша 464 жылы бастап 466 жылы аяқтап шыққан. Екі білге де бұл тарихи деректерді аталмыш еңбектерінің қолжазбасында жазып, көрсетіп кеткен. Арасында небары 4 жылдай ғана уақыт айырмасы бар. Әрі екеуінің өмір сүрген дәуірі мен жері де, білім түзіп, ғылым сүзген топырақтары да бір. Бір өркениеттің, бір мәдениеттің өзгеше дәуірлеу тұсының мәңгілік бәйтеректері. Басқа да ежелгі түрік ескерткіштерінің ішінде жазылу мәдениеті, поэзия мен ғылыми-зерттеу еңбектеріне тән ерекшеліктердің аса айқын, маңызды әрі кемел сипатта көрініс табуының өзі-ақ «Құдатғу білігі» пен «Түрік тілдерінің жинағы» байтақ Тұран даласындағы қоғамдық ойдың, көркемдік-эстетикалық танымның қаншалықты таңқаларлық жоғары дәрежеде толысканының тарихи құжатына айналған. Бірі, аса шебер толғанған философиялық-дидактикалық дастан, екіншісі, бүкіл түрік тілдеріне ортақ Тілтану энциклопедиясы. Түріктілдес халықтардың қай-қайсысының да ұлттық тіл біліміне кіріспе қадамдары ежелгі руна жазуларымен қатар, арнайы ғылыми сипаты қанық осынау үштомдық «Диуани лұғат әт-түрк» еңбегінен басталуы тиіс.

Философиялық әрі поэтикалық трактат пен тіл білімін түзген осынау ұлы зерттеудің биігінен қарағанда күллі түрік мәдениетінің көкжиегі әлемдік деңгейде кеңейіп, тынысы ашылып аруақтанып кетеді. Осыған дейінгі ұлан-ғайыр даму белестері бедерленіп көрініп, шоқтықтана түседі.

Махмұт Қашқаридың толық аты-тегі: Махмұт Құсайынұлы, бабасы Мұхаммед. Ата-бабасы Барсғанда туған. Яғни ата-тегінің шыққан жері, өзінің өсіп-өнген жері осы көне түрік шаһарларының аумағы. Баласағұн, Барсған жері. Өзі де осы құнарлы Талас, Шу топырағында, Барсхан қаласында дүниеге келген. Өз басым Махмұт Қашқари өзінің картасын жасағанда нақ ортасында дүниенің кіндігіндей етіп Барсғанды көрсетуі тегін емес деп сезінемін. Ғалымның өзі де Барсған жөнінде толық мәлімет келтірген: «Барсған – Афрасиаб ұлының есімі. Барсған қаласын сол салдырған...» деп бастап, тиянақтап түсіндіреді. Жері шүйгін, ауасы таза, жақсы жер екендігін, сол жерде жылқы баққандығы, кейін оның есімімен Барсған аталғандығын түсіндіре кетеді. Сонымен бірге, сөздігінде

осы аймақтағы бірнеше ауыл, жайлаулардың атауы кездескенде «біздің жайлау», «біздің жер» деп қосымша мағлұмат білдіріп отырады. Сондықтан, әртүрлі пікір-болжамдар болғанымен, Махмұт Қашқаридың туған, өскен жері турасында күмән, күңгірттік болмаса керек.

Ал, ғұлама ғалымның туған-қайтыс болған жылдары белгісіз. Ол жөнінде кітапта да дерек кездеспейді, басқа зерттеулер мен сол тұстағы жазбаларда да ештеңе демейді. Қолжазбада Махмұт Қашқаридың бұл еңбекті қай жылдарда не үшін бастағанын, не үшін жазғанын һәм қай жылы, қай күні тәмәмдағанын түсіріп кеткен мерзімге қарап шамалауға болады. Сондай-ақ кейінгі, бертінгі түпнұсқаны көшіріп сақтап, таратушылар қай жылдары көшіріп жазғандарын білдіріп отырған.

Кітаптың өз мәтініндегі деректер бойынша хыжра бойынша 464 жыл мен 466 жыл аралығына төрт рет редакцияланып, түзетіліп жазылып шыққан екен. Әрине, осыншама ұлы еңбекті жазуға Махмұт Қашқари білге талай жылдарын сарп еткені анық. Бүкіл түрік жерлері мен тайпаларын тегіс аралау, тіл ерекшеліктерін салыстыра талдап саралау, әр ру-тайпаның тіл байлығы мен тіл құнарына ден қойып зерделеу үстіне айтылу, жазылу заңдылықтарына дейін жетеге жеткізе зерттеу, тіршіліктегі, тұрмыстағы қолдану аясына байланысты өміршеңдік жағын қарастырған қағидалар шығару ғұлама ғалымның ғұмырлық мұраты болғанға ұқсайды. Егер «Құтадғу біліг» («Құтты білік») дастанын жазған кезде Жүсіп Қас Хажыб Баласағұн 51 жас (А.Ділашар), 54 жас (Р.Р.Арат) шамасында деп сенімді түрде түйіндесек, Махмұт Қашқариға келгенде, жас шамасын айқындау біраз қиындықтарға түседі. Жүсіп Қас Хажыб дастанында өзінің жас шамасына қатысты, шығарманың жазылу мерзіміне қарай (он сегіз айда жазған) там-тұмдап болса да деректер ұшқыны бар. Ал Махмұт Қашқари өзінің ең бір қызыл тілді шешен, батыл, өжет, найзагер екендігін айтады. Әрі араб, парсы және түрік мәдениетіндегі, олардың қоғамдық-эстетикалық дамуындағы ағым үрдістерді еркін ажыратып, салыстырып отырады. Әрине, ел-жұрт ішінде танылып, белгілі болмаған, мойындалмаған болса, Махмұт сияқты ұлы хәкімдер құр мақтанға бармас еді. Демек, осы сегіз кітаптан тұратын еңбегін жазуға кіріскенде ғалым кемеліне келіп, ел ағасы боларлық жасқа жеткен кезі деп шамалауға болар еді. Еңбек біздің жыл санауымызша 1072 не 1078 жылдарда жазылған деп жобаланып келсе, оны жазған хакім елулерге кең-мол қадам басқан адам. Әйтсе де, 1029–1038 жылдар аралығында туған (О.Прицак) деген болжам бар

...«Диуани лұғат әт-түрк» кітабының бізге жалғыз қолжазбасы жеткен. Ол Түркияның Ыстанбұл кітапханасында сақтаулы тұр. Кезінде Бағдаттағы халифат кітапханасында сақталып, кейін әртүрлі жағдайда көшіріліп, жер-жерге таралған. Түркиядағы қолжазбаны көшіруші сабалық, кейін Шамда тұрған

Мұхаммед ибн Әбубәкір Әбл Фатих Махмұт Қашқаридың өз қолымен жазған түпкі нұсқасынан тікелей көшірілгенін куәландырып, хаттаған. «Бұл кітапты түпнұсқадан көшіріп болған күн 644 жылғы шәууәлінің 27 күнгі базар еді» деп жазған осы кітаптың соңында. Соған карағанда бұл қолжазба нұсқа «Диуани лұғат әт-түрк» жазылғаннан кейін 180 жылдан соң көшірілген. Біздің жыл қайыруымызда 1266 жылғы 1–тамыз. Броккельман тұжырымы бойынша 2–тамызда, көшіріліп біткен.

Кезінде «Түрік сөздігі» («Диуани лұғат әт-түрк») көптеген зерттеу еңбектердің жазылуына негіз болды. Көптеген ғалымдар Махмұт Қашқари еңбегі туралы құнды пікірлер айтып, жоғары бағалады, тіл біліміне қатысты соны жаналықтар ашты. Мысыр, неміс, венгр, түрік, орыс ғұламалары қызыға зерттеген. Насихаттаған. Әйгілі мысырлық тарихшы Бәдреддин Махмұт ибн Ахмет ибн Мұса (хижра бойынша 758 жылы өлген) «Замана ақыл-ойының ақық-інжулері» деген еңбегінде түрік жұртының ру-тайлалары, таңбалық белгілері, тілі мен тұрмысы туралы тұжырымды, тиянақты да ықшам мағлұматтарды Махмұт Қашқаридың кітабынан оқығанын жазған. Бірқатар ежелгі Шығыс дүниесінің ғалымдары Махмұт Қашқари еңбегіне сүйенгендерін айтып, пікір білдіріп, сілтеме жасап отырған.

Махмұт Қашқаридың тілдерді салыстырмалы түрде зерттеу тәсілі бүкіл араб, шығыс тілшілеріне ортақ зерттеу тәсілі ретінде, өзінше бір мектеп болып қалыптасты десе де болады. Арабтың мәшһүр тілтанушы ғалымы Жамаладдин ибн Мұхан түрік данасы, Махмұт Қашқариды өзінің ұстазым деп атаған.

Ыстанбұлда сақтаулы тұрған осы жалғыз дана қолжазба тарихы да бір аңыз. Оны 1914 жылы түрік ғалымы Әли Әмір мұқтаждықпен сатып тұрған адамнан кітап жаймасынан сатып алады. Содан кейін Рифат білге баспаға әзірлейді. Жариялатады.

Неміс ғалымы К.Броккельман «Диуани лұғат әт-түрктің» табанды зерттеушісі ретінде танылды. 1919 жылдан бастап зерттеу мақалаларын жазып, жүйелі зерделеді. Ал, 1928 жылы жинақтың неміс әліпбиінің ретімен түзілген немісше индекс сөздігін жариялады.

Махмұт Қашқаридың ұлы қызметі мен еңбегінің жемісін танып, бағалап, болашақ ұрпақ игілігіне айналдырудағы түрік ғалымы Басым Аталайдың талантты да ыждахатты еңбегі күллі түріктану ісіндегі ғажайып зор әрі зейнетті ғылыми іс болды. (Бұл жерде, Б.Аталайға дейін Рифат білге, тағы басқа бірнеше зерттеушілер аударған. Бірақ олардың ғылыми нәтижелері қауымға кеңінен мәлім бола қоймаған сияқты). Басым Аталай көп зерделеп ізденіп, өлмейтін, түрік тарихымен бірге жасай беретін ғұмырлық қызмет сінірді. «Диуани лұғат әт-түрк» кітабын Түркия түріктерінің қазіргі тілінде тәржімелеп, жүйелеп 1939

жыл мен 1941 жыл аралығында 3 томы мен индекс сөздігін жарыққа шығарды. Сонымен қатар, қолжазбасының факсимильді басылымын жүзеге асырды. Басым Аталай қолжазбадағы түсініксіз тұстарды парақтап, талдап түсіндіріп, өзіне дейінгі зерттеу жұмыстарын саралап зерделеп, К.Броккельман еңбегінде орын алған жаңсақтықтарды дәлелді түрде түзетіп, тиянақты ғылыми түсіндірмелер жасап кейінгі түріктанушы мамандарға аса пайдалы, халық тарихына да жарайтын академиялық іс тындырған.

Түрік танымына тән ерекшеліктерге, ел-жер аттары, этнологиялық таным-түсініктерге, этнографиялық, топонимдік ерекшеліктерге қатысты мұқият ғылыми жүйелілікке ұмтылды. Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат әт-түрк» кітабының ғылыми, тәжірибелік маңызын танытуға талантты да ғылыми дәйекті бағыт салды. Үш томдағы аудармаларда орын алған кемшіліктерді, жаңсақтықтарды индексті сөздігінде (4-том) түзетіп, тұжырымдады.

Басым Аталайдың ғылыми еңбегі, тұжырымдары кезінде Карл Броккельман, тағы басқа айтулы мамандар тарапынан қолдау тапты, жоғары бағаланды. Басым Аталайдың Түркия түріктері тіліне аударған аудармасы, талдаулары, түптеп келгенде ғылыми аударма. Сонысымен де, осы саладағы мамандар мен зерттеушілер ден қойып, бағыт етіп ұстанатын бірден бір басылым нұсқасы.

Батыс пен шығыс зиялыларының назарын біртіндеп аударып келген бұл ғылыми ескерткіш осы 1939–1941 жылғы жарияланымнан кейін мүлде жаңа белеске көтеріліп, тынысы кеңейіп, екінші бір өмірін бастап кетті. Дүниежүзіндегі аса құнды энциклопедиялық асыл қазыналардың қатарына қосылды. Шындығында да, Брокгауз, Даль, Радлов секілді ұлы зерттеушілердің іргелі еңбектерінің қатарында адамзат баласының игілігіне айналды.

Түріктектес халықтардың басқа тілдеріне аудару кезінде жоғарыдағы зерттеулер мен аудармалар, әсіресе, Басым Аталай еңбегі басшылыққа алынып келеді.

Бұдан кейін 1960 жылдары Ташкентте үш томдығы өзбек тілінде араб және кириллица әліппесімен жарық көрді. Аударып, баспаға дайындаған – Салық Муталлибов. Ол аударып, алғысөз, ғылыми түсініктерін жазған.

Ұйғыр халқының зиялылары ежелгі түрік жазбаларының қай-қайсысына да ізгі құштарлықпен қарап, іш тартып отыратыны түсінуге болатын жақсы қасиет. Ұйғыр тіліндегі аудармасы Қытайда 1981 жылы жарық көрді, үш том. Онда ұйғыр аудармашылары Б.Аталай мен С.Муталлибов аудармаларына ғылыми сыни көзқараспен қарап, дұрыс тұстарын қолдап, қателіктерін түзете отырып, факсимильдік басылыммен қатар алдыңғы көш ретінде оларға да сүйенгендіктерін айтып, жазыпты. Мұндай сүйекті ірі дүниелерді игергенде ғылыми түрлі көзқарастардың болуы заңды. Біз барлық (түрік, өзбек, ұйғыр) аудармаларындағы ондай тұстарды аңғарып, салыстырып отырдық та, жеке-же-

ке ұлт өкілдерінің емес, тұтас түрік қауымы ғалымдарының түрлі көзқарастары, пікір-болжамдары деп қарадық. Сол дұрысырақ. Біз де өз енбегімізде сол тұрғыдан, алдыңғы басылымдардың үрдісін құлабыз еттік.

...Сөздіктегі сөздер мынадай ретпен берілді. Кітаптың түпкі құрылымы, түзілімі, бітім-болмысы тұтастай бұлтартпай сақталды. Сөздердің орналасу тәртібі мақсұс әліппесімен ыңғайластырылып, сөздердің өзі болса әуелі екі әріпті, одан кейін үш әріпті, төрт әріпті, бес әріпті... тағы осы рет бойынша әрі қарай тізілген. Әр кітаптың алғашқы бөлімінде есім сөздер, екінші бөлімінде етістіктер келеді. Көптеген сөздердің тұсында қай тайпаға, қай жұртқа тән екендігі көрсетілген. Ал, басым көпшілік сөздерде ондай анықтама тіркелмеген, яғни жалпы түрік тіліне тән, ортақ деген ойды сездірсе керек. Мысалдары, түсіндірмелері мұқият сақталды. Кейбір, тегі бір тіл болғандықтан да, түсіндірмей-ақ түсінікті сөздердің өзінде анықтама, талдаулары өзгеріссіз алынды.

Әуелі сөздердің араб әліппесінде жазылған түпкі тұлғасы берілген. Түптеп келгенде, сөз атаулыға дәлелді негіз ретінде ұсынатын тиянақ осы араб әліппесінде түскен түрік сөздері екені белгілі. Одан кейін латып әліппесіндегі транскрипциясы берілген. Осылардан соң қазіргі қазақ әліппесі бойынша транскрипцияланған нұсқасын түздік. Содан кейін барып, тиісті сөздің мағынасы, түсіндірмесі, мысалдары, талдаулары тіркеседі.

Антологияға белгілі түркітанушы ғалым А.Егеубаевтың алғысөзі мен аудармасы қысқартылып берілді. Факсимиле ретінде «Түрік сөздігінің» 1941 жылы Анкарада басылған көшірмесінен үзінділер қолданылды.

ДУДАРМАСЫ МЕН ТРАНСКРИПЦИЯСЫ

МИСАЛ КІТАБЫ

جل ۱۰۷۲

Бісміллә-һір-Рәхмәнір-Рахим!

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын!

МИСАЛ ЕСІМДЕР КІТАБЫ ЕКІ ӘРІШТІ ЕСІМДЕР БӨЛІМІ

یِب	JAP	ИАП: бүтін, тұтас. Бір нәрсенің бүтіндігі. «يِب يِرْمَاقُ يُوُقُ» Jar jaṣmaq joq: Иап иармақ иок - Бүтін ақша жоқ; Жанымда тұтас ақша жоқ.»
یِب	JAP	ИАП: жабағы. «يِب يُونُكُ» Juñ jar: Иүң иап - Жабағы жүн.»
یِب	JYP	ИЬП: жіп.
یِب	JYP	ИЬП: Ат байлайтын ұзын арқан. Жіпті де Jыр : Иып» дейді.
یِب	JAT	ИАТ: жад. Арбау, жадылап оқудың бір түрі. Жаңбыр, жел, сондай құбылыстарды шақыру үшін жады лау (сикырлы) тастардың жәрдемімен дұғалау. Бұл әдет түріктер арасында көп тараған. Мен мұндайды йағмалардың ішінде көп көрдім, оларда өрт шыққанда өртті тоқтау үшін солай істеп, жадылаған еді, Ұлы Тәңірінің күдіре-тімен жазда қар жауды. Көз алдымда өрт сөнді.
یِر	JAR	ИАР: сілекей. «يِر اَنَّاكُ يِرِي اَقْتِي» Аның jaғы ақты: Аның иары ақты - Оның сілекейі ақты.»
یِر	JYR	ИЬР: жыр. «يِر يِرْلَادي» OI jir jirladi: Ол иыр иырлады - Ол жыр жырлады; Яғни, өлең айтты.» Бұл сөз көбінесе, өлең, жырға қатысты қолданылады.

اَر	ЫР	ЫР: Алдыңғы сөздің «ى - И» әрпі «1-әліпке» ауысып түскен түрі. Осылай да айтылады.
يَش	ЯШ	ИАШ: жас; балауса. «يَش اَتْ Jash ot: Иаш от - Жас шөп.» Бұл сөз «يَش يَش» Jam-jum: Иаш-иүш» деп қос сөз түрінде де қолданылады.
يَش	ЈУШ	ИҮШ: сығылысу; топталу. (Оғызша). «بُذُونُ يَش بُلْدِي» Vozun jush Bolды: Бодзүн иүш болды - Жұрт сығылысты; Халық топтанды.» (Ұйысу, ұйлығысу – А. Е.)
يَش	ЈЫШ	ИЫШ: еңіс; ойыс. «اَرْتِ يَش Art jыш: Арт иыш - Өр-еңіс.» «اَرْتِ En: En - Еңіс.» «اين Art: Арт - Өр, дөң.»
يَق	ЈУҚ	ИҮҚ: жұғын. (Қаспак. А.Е.) Бұл сөз «يَق يَق» Јуқ-јақ Иүқ-иақ» сияқты қос сөз түрінде де қолданылады.
يَق	ЈОҚ	ИОҚ: биік, жоғары. «يَق يَر» Joq jer: Иоқ иер - Биік жер.» Дөң.
يَك	ЈҮК	ИҮК: үйік; жүк. (бір артым, бір арқа. А.Е.) «بِر يَك بَغْدَاي» Bir juk burdaj: Бір иүк бұғдай - Бір үйік бидай; Бір арқа бидай.» Бұл сөз малға артатын жүк пен соған ұқсас нәрселерге қолданылады.
يَل	ЈҮЛ	ИҮЛ: қайнар; тұма. «يَل جَقْرَمَا» Шокгама jul: Шоқрама иүл - Қайнар бұлақ; Суы қайнап шығып жатқан қайнар.»
يَل	ЈЫЛ	ИЫЛ: жыл. «يَل كَشْتِي» Bir жыл keshiti: Бір иыл кешті - Бір жыл өтті»; (Бір жыл өткізді. А.Е.)
يَم	ЈАМ	ИАМ: шөп; шөп-шалам. «يَم كُوزْ كَا» Kozge jam түшти: Көзге нам түшти - Көзге шөп түсті.»
يَم	ЈЕМ	ИЕМ: дәрі-дәрмек; дәрі шөп. «اوت يَم» Ot jem: От ием - Дәрілік шөп.» Бұл сөз сыңар қолданылмайды. Қос сөз болып айтылады.

يٰٓيٰٓن
يٰٓيٰٓن

JIN

ИИН: тезек.

يٰٓيٰٓن Қој јини: Кой иіні - Койдың құмалағы.»¹

JIN

ИИН: ін.

«يٰٓيٰٓن اٰرسلان Arslan jini: Арслан иіні - Арыстан іні.»

Түлкі, тағы басқа жыртқыштардың інін де «يٰٓيٰٓن Jin: Иін-Ін» дейді. Мақалда былай деп келген:

«يٰٓيٰٓن تىلكو اوز يٰٓيٰٓنكا اوز سا اذوز بولور»
Tilkü öz jinige yrse uzuz bolur: Түлкү өз иінігә үрсе үдзүз болүр - Түлкі өз ініне үрсе, қотыр болар.» Бұл мақал өз жұртын жамандағандарға өнеге үшін айтылады. Жырда мынадай деп келеді:

«قش قرت قمع تيرلدي»

اٰرلك نشي تيرلدي

اٰكر اٰلب تيرلدي

يٰٓيٰٓنقا يٰٓيٰٓنا كركسوز

*Қиш қиғі қамуғ тирилди
Erkek² tiui terildi
Ygyr alyp tarылды
Jыпқа jana kirgysyz*

*Құш құрт қамұғ тірілді,
Еркек тіуі терілді;
Үгур алып тарылды
Иыңқа иана кіргүсуз -*

*Құс-құрт түгел тірілді,
Ұрғашы-еркек топтанды.
Үйірленіп тарады,
Қайтып інге кіргісіз...»*

¹ Қазақ тілінде айтылатын малдың «қан-жыны» деген сөздегі «жынға» көбірек үйлесетін секілді. А.Е.

² Қолжазбада осы «ерлік» сөзі «еркек» деп түзетілген.

(Көктемді дәріптеп жырлайды: Құс, құрт-құмырсқа көктем қызуымен қайта тірілді; Еркек-ұрғашылар топ-топ болып жиылды; Үйір-үйір болып өріп, қайта айналып індеріне кірместей болып таралып кетті.) Бұл сөздердің бәрінде жазғанда мен құс бөліміне қосып, айтқанда жұмсартып дауыстауға болса да, дұрысы осы³.

فِعْلٌ ФИ‘Л, فُعْلٌ ФУ‘Л, فَعْلٌ ФӨ‘Л СЕКІЛДІ ОРТАҢҒЫ ӨРПІ СҮКҮНДІ

СӨЗДЕР БӨЛІМІ

ه هـ ي ر ب	Jarp	ИАРП: берік. «يَرَبُ نَانِكُ» Jarp пен: Иарп нең - Берік нәрсе.»
ه هـ ي ر ب	Jarp	ИАРП: адам сүйініп, көңілінің хошы келгенде пайда болатын өңінің ашылуы. Жүзінің нұрлануы. «أَنْكُ يَرْبِي يَزَلْدِي» Аның jarpbi жазылды: Аның иарпы иазылды ¹ - Оның өңі ашылды; Сүйініштен оның жүзі жа дырап, бырыс-тырысы жазылды.»
ه هـ ي ر ت	JURT	ИҮРТ: жұрт. Ескі ғимарат орындары, ескі жұрттың іздері. ИАЛТ: тік; шалт. Jalt Қажа: Иалт қаиа - Тік қия.» Тік, шалт нәрсенің барлығына да осылай дейді.
ه هـ ي ر ج	JURЖ	ИҮРЖ: қатынның інісі; Ерінің қайын інісі. Ерінің інісі мен әйелдің інісін ажыратып айтады. Ер адамның өзінен кіші қайнысын «إِنِّي» іні: іні» дейді де, жасы өзінен үлкен болса, «إِجِي» ічі: ічі» дейді. Ерлердің өзінен кіші қарындасын «سِنِكُلْ» сіңіі: сіңіл» дейді, өзінен үлкен әпкесін «أَكْ» әке: әке» дейді. Қатынының өзінен кіші бауырларына «بَلْدِزْ» baldiz: балдыз» дейді де, өзінен үлкендеріне «أَكْ» әкә: әке» дейді.

³ Жоғарыдағы сөздерін сияқты жазуға да болатындығын білдіре отырып, бірақ мәтіндегі секілді жазғанды жөн көргендігін аңғартады.

- ۵۵ ۶
 ڤند JUND ИҰНД: жылқы, ат. Бұл «түйе» деген сөз секілді жекеше де, көпше де түрге ортақ айтыла береді. (Жалпы есім, жалқы есім түрінде де қолданылады. А.Е.)
 «Jund eti jbar: Иүнд еті иыпар - Жылқы еті жұпар» Жылқы еті дәмді, хош иісті болады дегені. Жылқы етін пісіріп алып, салқындатып қойғанда одан татымды хош иіс шығады.
- ۵۵ ۶
 ڤند JUND ИҰНД: жылқы. Түрік жұртының жыл қайыруындағы он екі жылдың бірінің атауы. Он екі мүшел жыл атауларының бірі. Бұл ڤند ڤند Jund jilbi: Иүнд иылы - Жылқы жылы» деп аталады. Бұл бөлім тіл ұшы мен ерін дыбыстарынан (ن - н, ل - л, ر - р, و - у, م - м, ب - б) түзілген; сондықтан да бұл бөлімнің есімдері аз кездеседі.

فَعْلُ ФӘИЛ, فَعْلُ ФӘУЛ, فَعْلُ ФӘӘЛ СЕКІЛДІ, ӨРТАҢҒЫ ӨРШ ХАРАҚАТТЫ СӨЗДЕР БӨЛІМІ

- ۵ ۵
 ڤذت JUZUT ИҰДЗҰТ: пайдасыз; керексіз.
 «Juzut neç: Иүдзүт нең - Пайдасыз нәрсе.»
 Біреуді сөгіп тілдегенде де: «Juzut: Иүдзүт» дейді.
 «Пайдасы, қайыр-шапағаты жоқ, керексіз» дегені.
- JASHUT ИАШҰТ: тығулы; жасырулы. Jashut neç: Иашүт нең - Жасырулы нәрсе.» Векут: Бекүт» сөзі қосарланып Jamut bekyt: Иашүт бекүт - Жасырын жабық; жасырын-берік» секілді қос сөз түрінде де қолданылады.
- ۵
 ڤگت JIGIT ИІГІТ: жігіт. Jас, солқылдап тұрған балғын нәрсе.
- ۵
 ڤمت JEMET ИЕМЕТ: «жарайды, мақұл» деген мағынадағы сөз. Сөз басындағы «ي - И» әрпін «أ-ӘЛІП» әрпіне ауыстырып, «emet: емет» деп те айта береді.
- ۵
 ڤنت JANUT ИАНҰТ: бәсі. Пара-пар, балама, бір заттың тепе-тең бәсі.
- ۵
 ڤسج JASYSH ИАСЫШ: жебенің басы; оқтың ұзыншақ ұшы.

يغچ	ЛЫҒАШ	ИЫҒАШ: ағаш, бұтақ.
يغچ	ЛЫҒАШ	ИЫҒАШ: ер адамның жыныс мүшесі.
يغچ	ЛЫҒАШ	ИЫҒАШ: фарсах ; ұзындық өлшемі. «بیر يغچ بيز» Bіg жығаш jег: Бір иығаш жер Бір фарсах жер.»
يغچ	ЛЫҒАШ	ИЫҒАШ: ағаш; өсіп тұрған ағаш. Jүзүш жығашы: Иүзүм иығашы Жүзім ағашы; «يغاق يغاچي» Жағақ жығашы: Иағақ иығашы - Жаңғақ ағашы» дегендегі секілді мағыналардағы сөз. «يغچ» Жығааш: Иығааш» деп, «ا» әліппен созып жазған, солай оқыған жөн.
يغچ	ЛУҒАШ	ИУҒАШ: қарсы жағалау. (Қарсы бет. А.Е.) Өзеннің, не ағынды судың қарсы жағалауы. Адам өзеннің, ағынның бір жақ жағасында тұрса, қарсы жарқабағын, екінші жағалауын солай дейді. Осы сөзден шығарып: «يغچ كچتم» Luғаш keintim: Иұғаш кештім - (өзеннің). екінші жағына өттім» деп айтады.
يغچ	ЛАҒЫР	ИАҒЫР: жауыр. Жылқы, қашар, есек секілді малдардың арқасында ер қажап, содан пайда болған жара. Жауыр. «يغرنغ ات» Jaғылығ at: Иағырлығ ат - Жауыр ат; Жауырлы ат». (Жауыры бар ат. А.Е.)
يغچ	ЛҮГҮР	ИҮГҮР: тары. «يغچ اگور» Ygug: Үгүр» деп те айтады.
يغچ	ЛАМҮР	ИАМҮР: мал аунап кеткен жер.
يغچ	ЛУЛАР	ИҮЛАР: жүген; нокта. Мақалда былай деп келеді: «يغچ باشن» Jund Башып jularlar кеңііdi: Инд башын иүларлап кеңілді - Жылқының басын жүгендеп байла.» (Аттың басын пісіріп жегің келсе, әуелі оны қашып кетпес үшін нокталап байла, содан соң жегін.) Бұл мақал атты пайдалану үшін әуелі байлап ұстау керектігін , бос жібермеген жөн екендігін мегзейді.
يغچ	ЛАТЫЗ	ИАТЫЗ: енді; жалпақ. Ені жалпақ нәрсенің бәрін солай дейді. «يغچ قاذش» Jатыз қазыш: Иатыз қадзыш - Енді - қайыс.» Jатыз jег: Иатыз иер - Енді жер.»

يَغَزُ	JAFYZ	ИАҒЫЗ: коңыр; күрең. Қызыл мен қараның арасындағы түс. Жердің түсін соған ұқсатып «يَغَزُ بَيْرُ» Jaғыз jer: Иағыз иер - Коңыр жер» дейді. «يَغَزُ آتُ» Jaғыз at: Иағыз ат - Күрең ат.»
يَافُزُ	JAFUZ	ИАФҰЗ: жауыз; жаман.
يِمْزُ	JUMUZ	ИҰМҰЗ: семіз, тапал, бәкене семіз. «يِمْزُ آرُ» Jumuz er: Иұмұз ер - Бәкене семіз адам.»
يِمْزُ	JAMYZ	ИАМЫЗ: шап; екі санның қосылған ішкі жағы.
يِرِشُ	JARYSH	ИАРЫШ: жарыс; бәйге. «يِرِشُ آتُ 01 at jaғышти: Ол ат иарыш - Ол ат жарыстырды.; Ат бәйгесіне қатысты.»
يِرِشُ	JARYSH	ИАРЫШ: үлесу; Екі адамның арасындағы мал үлесу.
يِغَشُ	JAFYSH	ИАҒЫШ: құрбандық. Исләмнан бұрынғы кезде түріктердің Тәңірге жақындықты білдіру үшін пұтқа атап шалатын құрбандығы.
يِجَاشُ	JAVASH	ИАВАШ: момын; жуас. (Көнбіс. А.Е.) «يِجَاشُ كِشِي» Javash кіші: Иаваш кіші - Момын кісі.» Жуас малға осылай дейді. Жырда былай деп келген:

قَالِدَشْ بِلَا يِرِشِغَلْ قَرَشِبْ آدِنْ آدِرْمَا
بَلْكَ تَتْ يِجَاشُ تَقَاغُو سَقْلَانْ يِرِنْ آدِرْمَا

*Koldash bile jashaşyıl qaşşyır adır ydırme,
Bek tut javash taqaşu şyvlın jazyn edermе:*

*Қолдаш біле иарашығыл қаршып адын үдүрме,
Бек тұт иаваш тақағу сувлін иазын едерме -*

*Жолдасыңмен жарасқын, басқаны үстем қылмағын,
Бек тұт жуас тауықты, қырғауылды қумағын.»*

دوزه
يفش

YUFYUSH

(Ақыл-кеңес беріп, айтқаны: Қолдасып, жарасқан досыңмен бірге жарасып, оны құрметте, істерін қолда, қарсыласып, егеспе, басқа біреулерді одан үстем, артық балама, басқаға еріп кет пе; Қолдағы жуас үй тауығын мықтап ұста; қырдағы қырғауылды іздеп, қолда жоқты аңсама!). ИҮФҮШ: жақын-жұрағатқа киім-кешек, мал-дүние беріп, қарасу, жәрдем көрсету. Бұл көбінесе келіннің той жабдығына, той тартуына қатысты да айтылады.

Мәселен, келінді ұзатып шығарып салғанда, жақындары өздеріне атаған сый-тартуларды қошеметтеп келінге береді. «كَنْ يَفْشُ لَكَ كَنْ كَذَا كُو يَفْشُ بَلُور» luғushlig kelin күзегу jaғain bolur: Иүфүшлиг келін күдзегу иафаш болур - Қалыңмалды келіннің күйеуі жуас болар.» Жақын-туыстары тарту, сый беріп құрмет көрген келіннің күйеуі қошеметшіл, жайлы, жуас болып келер. (Яғни, туысы құрметтеген келінді күйеуі де құрметтер). Мал, дүниені келін тауып әкелгендіктен, оған құрмет қошемет көрсетіледі.

دوزه
ييمش

JUMUSH

ИҮМҮШ: екі, яки оданда көп кісілер арасындағы елшілік. Осы сөзден өрбітіп, мелекті يُمُشَجِي jumushі: иүмүшчы» дейтіні де содан. Өйткені, «мелек» сөзі арабшадағы «елшілік» мағынасындағы «أَلْوَكَّة» сөзінен алынған. Түріктер «мелек» деген есім сөзді мүлде білмейді.

دوزه
ييمش

JEMISH

ИЕМІШ: жеміс; миуа. Жалпы есім. Көбінесе, ағаш жемісіне айтылады.

دوزه
يتغ

JATYF

ИАТҮҒ: жатақ; жататын, не ұйықтайтын орын. *أني يتغندا تغيل* Апы jatarında tutғы: Аны иатағында тұтғыл - Оны жатағында тұт.

دوزه
يدغ

JYZYF

ИЫДЗҮҒ: сасық. Сасық нәрсенің барлығы.

دوزه
يدغ

JYZYF

ИҮЗҮҒ: адыраспан. *لغ از ات* «Лызығ от Иыдзығ от.» Қашқар тілінде. Ош пен Бараған тілдерінде *الدرك* Eldrük: Елдрүк» дейді. Оғыздар *لوز ارلك* Juz erlik: Иүз ерлік» дейді.

دوزه
يدغ

JUZUF

ИҮДЗҮҒ: кесір; кесапат. Біреудің кесапатына ұшырау. *أنيك بذي تغدي* Аның жығы tokdi: - Аның иүдзүғы тоқынды - Оның кесіріне ұшырады; Оның кесірінен (екінші біреу) қиындық көрді».

يَلِغُ	JULUF	(Мындаған адамдар оған өздерің пида етер; Оның көзіне түсу үшін жандарын берер). «أوز» Өз сөзі бұл жерде «жан, рух» мағынасында айтылған. Бұл сөздің халық ішінде қандай мәнде қолданылатынын өз ретінде баяндағанмын. ИЫЛЫҒ: жылы. «يَلِغُ سَوْقُ» Jылығ сув: ИЫлығ сув - Жылы су.» Ыстық пен суық араcындағы жылы нәрсенің барлығына қолданылатын сөз.
يَالِغُ	JALЫF	ИАЛЫҒ: ердің алдыңғы, артқы қастары. Оларды бірінен-бірі айыру үшін: «انكدنكى» өңдүңкі jалығ: Өңдүңкі иалығ - Алдыңғы қас»; «كيدنكى يَلِغُ» Kedinkі jалығ: Кедінкі иалығ - Кейінгі қас; «ارتقى قاس» дейді.
يَانِغُ	JANЫF	ИАҢЫҒ: құсық. «ان يانغ ياندى» Ol jанығ jandi: Ол ианығ панды - Ол құсық құсты» (Ол көп құсты).
يَانِغُ	JANЫF	ИАҢЫҒ: жанығу; реніш, ашу. «بگ يانغندا توشما» Beg jанығнда tuшma: Бег ианығында түшма - Бектің ашуына түспе; Бек ашуланып отырғанда тап келме.» Басқалары да сондай.
يَاتُقُ	JATUҚ	ИАТҰҚ: екі түрлі нәрседен тоқылған мата. Оның өресі жүн жіптен, арқауы мақта жіптен тоқылады.
يَاتُقُ	JATUҚ	ИАТҰҚ: ұмытылған; тасталған. «يَاتُقُ نَانَا» Jатұқ нең: Иатұқ нең – Ұмытылған нәрсе.» Жалқау адамдарды «يَاتُقُ كِشِي» Jатұқ кіші: Иатұқ кіші» дейтіні осы сөзден шыққан. Оғыздарда өз шахарынан басқа жаққа шықпайтын, ұрыс-қағыс жасамайтын адамдар бар. Соларды да: «يَاتُقُ» Jатұқ: Иатұқ» дейді. Тасталғандар, ұмыт қалғандар дегені.
يَاتِيقُ	JATЫҚ	ИАТЫҚ: жатақ. Жататын, ұйықтайтын жай. «انى ياتيقندا تۇتتى» Аны jатықında tuttbі: Аны иатықында тұтты - Оны жағағында тұтты.»
يَارِيقُ	JARUҚ	ИАРҰҚ: жарық; жырық. «يارق يارغ» Jarық jer: Иарұқ иер - Жарық жер.» «يارق يارغ نانا» Jar jaryқ nen: Иар иарұқ нең - Жап-жарық нәрсе.»
يَارِيقُ	JARUҚ	ИАРҰҚ: жарық; Жер, там, тау, шыны секілді заттардың, не басқалардың жарығы.

- يَرِقُ JARYK «بو اياقنىڭ يارقى بار» Ву аякпын јагук бар: Бұ аиақның иарұкы бар - Бұл аяктың жарығы бар.» ИАРЫК: жарак; Шайқаска киіп шығатын темір сауыт, қалқандардың кез-келгеніне қолданылатын ортақ атау. Олар өзара бөлек-бөлек ажыратып айтылады. Темір сауыт, шынжырлы көйлек يارقى كيا Күре жагық: Күпе иарык - Жарақ көйлек», темір қалқан «سای يارقى Saj жагақ: Сай иарық» деп аталады.
- يَرِقُ JORYK ИОРЫҚ: шебер; шешен. «يارقى تل» Joryk, тіл: Иорык тіл - Шешен тіл; шебер тіл.»
- يَرِقُ JORYK ИОРЫҚ: құлық; мінез; пейіл. «آنك يارقى ننگ كشي بلا» Аның иорықы нетегі кіші біле - Оның құлқы, кісілермен пейілі қандай?»
- يَرِقُ JORYK ИОРЫҚ: жүріс; ағыс. «At يارقى ننگ» At иорықы нетег - Аттың жүрісі қандай?» Сұғ тағы басқалардың ағысын да солай дейді.
- يَرِقُ JARYK ИАРЫҚ: екі жанбас сүйектердің бітiскен, сегізкөзге ұласқан тұсы; жанбас сүйектердің басы. «Jarbildi يارلدى ننگ» Нәрсе жарылды, айырылды» дегендегі. «جارلدى يارقى» иарылды - жарылды» сөзінен алынған. Екі аяқтың бірінің - оңға, бірінің солға айырылуын айтады.
- يَزُقُ JAZAK ИАЗАҚ: жайылым; жайлау. (Йағма мен тохсы тілдерінде).
- يَزُقُ JAZUK ИАЗҰҚ: бос; босаған; байлаудан шешілген. «Jazuk at يازق ات» Иазұқ ат - Босаған ат; байлаудан шешіліп кеткен ат.» Байлап қойған жерден шешіліп кеткен, кісеннен босап кеткен нәрсенің бәріне осылай дейді.
- يَزُقُ JAZUK ИАЗҰҚ: сүр; (сүрленген). «Jazuk et يازق ات» Иазұқ ет - Күз кезінде әртүрлі татымдылықтар қосып кептіріп қойып, көктемде жейтін ет.» (Сүрі - Е.А.). «Jaz oқ je ياز اق يى» Иаз оқ ие - Жазғытұрым же; көктемде же» деген сөзден алынған. Өйткені, көктемде мал арық болады; Сақтаған сүрісі бар адам, көктем уағында да (көкөзек шақта. Е.А.) семіз ет жеп отырады.

يَزُقْ

JAZUK

ИАЗҰҚ: жазық; күнә.

Мақалда мынадай деп келген:

«أَوْتُ تَتْنَسُزْ بَلْمَاسْ يَكْتُ بَارُقْسُزْ بَلْمَاسْ» Ot tytynsyz bolmas jigit jazuksuz bolmas: От түтүнсүз болмас иігіт иазүксүз болмас – От түтінсіз болмас, жігіт жазықсыз болмас.» Жігіттер жазықты болып қалса, күнәлі іс істеп қалса, осы сөзбен ақталады, құзыр сұралады.

يَسِقْ

JASYK

ИАСЫҚ: оқ сауыты; жебе сауыты. (Қорамсақ. Е.А.) Өзге түркітерше. Бұл сөзді оғыз бен қыпшақтар білмейді. Олар мұны «قُرْمَانْ» қигшап: құрман» дейді.

Мақалда былай деп келген: «توزلغ يا جفار» Uграқ jасықдып tozluq jашықағ: Ұпрақ иасықдың тозлуқ иа шықар - Көне (ескі) қорамсақтан тозған жебе шығар.» Бұл дәл арабшадағы «النحيف فتزدرية وفي اثنوايه اسد مريد» تری الرجل» дегендегі сияқты.

يِلْقْ

JULAK

ИҰЛАҚ: кішкентай-кішкентай бір топ тұма. (Шағыншағын қайнар бұлақтар. Е.А.). «يُلْ بَاتُ» Jul julaq: Иұл иұлақ» сөзі осыдан шыққан. Мұндағы «ل - л» әрпіне «ق - қ» әрпі қосылған.

Жырда былай деп келген:

«اقتُرر كوزم يلاق
تش قار اردك بغاق»

*Ақ, turur көзум jулақ,
Түш қылуғ өрдек jуғақ:*

*Ақтурур көзум иұлақ,
Түш қылұр өрдек иұғақ -*

*Көзімнен көлдеп ағар жас,
Қонар да ту сер үйрек, қаз.»*

(Көзімнен бұлақтай жас ағар; көз жасым көлге айналар; Соған үйрек, қаз, тағы басқа құстар қонып, жүзер, келдегі суға түсер).

جولاق	JOLAK	ИОЛАҚ: соқпақ; тар жол. Ойлы-қырлы жерлерде болатын жалғызаяқ соқпақ жол.
جولاق	JOLAK	ИОЛАҚ: жолақ. «جولاق باغشپ: Иолак бағшын - Жолақ жібек маға.» Сол секілді жол-жол, жолақ-жолақ сызығы бар нәрсенің барлығына да «جولاق: Иолак» дейді. Мұның түп негізі: «جولاق: иолак» болады.
يۈتۈك	JITYK	ИІТҮК: жоғалған; жоғалған нәрсе. (Жоқ. Е.А.) Мақалда былай деп келеді: «يۈتۈك اناسى Jityklig anasi қожун ашаг: Иітүкліг анасы қойұн ашар - Жоқ іздеген (адам) анасының қойнын ашар; Жоғын жоқтаған жан анасының қойнын ашар.» Бұл мақал нәрсесін, затын жоғалтқан адамның, жоғын іздеген адамның жоғын қай жерден болсын іздестіруге құлықты екендігін білдіреді.
يۈتۈك	JITIK	ИІТІК: өткір. «يۈتۈك يۈتۈك Jitk пішек: Иітік пішек – Өткір пышак» Қылыш пен қылыш секілді нәрселерге де осы сөз қолданылады.
يۈтۈк	JETIK	ИЕТІК: жетік. «يۈتۈك ار Jetik er: Иетік ер - Жетік ер; қолынан іс келетін адам.» Қай істі де жеріне жеткізетін, тиянақты, жетік адам.
يۈرۈك	JYREK	ИҮРЕК: жүрек. «يۈرۈك يۈرۈكlig: Иүрекліг - жүректі; батыр.»
يۈرۈك	JÖRYK	ИӨРҮК: жору. «يۈرۈك تۈش Jöryk: Түш иөрүк – Түс жору.»
يۈرۈك	JÖRYK	ИӨРҮК: сөздің мәнісі; түсіндірмесі. (Сөздің жоралғысы. Е.А.) «يۈرۈك سۆز Jöryki: Сөз иөрүкі - Сөздің мәнісі.»
يۈرۈك	JERYK	ИЕРҮК: жерік. «يۈرۈك اشلار Jeryk ішіег: Иерүк ішлер – Жерік әйел.»
يۈرۈك	JIRYK	ИІРҮК: жырық; жырылған. «يۈرۈك نالک Jiryk нең: Иірүк нең - Жырылған нәрсе.» Ұзынынан жырылған, сөйтіп ұсқыны кеткен нәрсе.
يۈرۈك	JIRYK	ИІРҮК: кетік, сынық.
يۈرۈк	JYZYK	ИҮЗҮК: жүзік. (Саусаққа салатын жүзік).

يَزَاكْ	JIZEK	ИЗЕК: қосынның алдында жүретін шолғыншы топ.
يَنِيكْ	JENIK	ИЕНИК: жеңіл.
يَسُلْ	JASUL	ИАСҰЛ: жайдақ. «يسل تاغ» Jasul tağ: Иасұл тағ – Жайдақ тау. Ылдилап созылған кең жазықтықты жерді «يسل. jasul: иасұл» дейді.
يَشِيلْ	ЖАШЫЛ	ИАШЫЛ: жасыл. Қанық, қою жасылды يَشِيلْ Jar jashyl: Иап иашыл» дейді. Бұл сөз يَشِيلْ jushul: иұшұл» сөзімен қосылып «يَشِيلْ jashul jushul: иашұл иұшұл» деп те айтылады.
يَذِمْ	ЖАЗЫМ	ИАДЗЫМ: төсек; төсеніш (көрпе). «يذم تولك Tūlūg jazym: Түлүг иадзым - Жүн төсеніш.» Бұл түбір сөз емес.
يَرِيْمْ	JARЫМ	ИАРЫМ: жарты; (жарым. Е.А.) «الاملا يريمى» Almyla jağymy: Алмыла иарымы - Алманы жартысы.» Басқаларға да сондай.
يَرِيْمْ	JARЫМ	ИАРЫМ: екіге айырылған нәрсенің әрқайсысы, әр бөлегі. (Жартысы, жарымы. Е.А.) «بوتق يريمى» Butaq jağymy: Бұтақ иарымы - Бұтақтың жарты бөлігі.» Мұның негізі «жарылмақ» болады.
يِشِيمْ	ИШІМ	ИИШІМ: саптама. Суық өтпеу үшін аяқ киімнің үстінен тізеге дейін киіп алатын етік секілді аяқ киім.
يِغِيْمْ	ИҒЫМ	ИҒЫМ: үйінді; дөңес. (Жиылған нәрсе, жиым. Е.А.) «بنم تبراغ» Bnım torraq: Иығым топрақ - Үйінді топырақ.» Дөң, төбе топырақ. «م - M» әрпі «ن - N» әрпінің орны на ауысып түскен.
يِلْمْ	JALЫМ	ИАЛЫМ: («тік» мағынасында. Е.А.) «يلم قايا» Jalym qaja: Иалым қаиа - Тік қия. Мақалдабылайдепкелген: «يلم سوزك اتسا بلماس يلم قيا بقسا بلماس» İlim sözük atsa bolmas jalbim qaja jyxsa bolmas: Телім сөзүг ұкса болмас, иалым қаиа иықса болмас - Көп сөзді ұғып болмас, тік қияны жығып болмас.» Бұл мақал аз сөйлеуді мезгеп айтылған.
يِلْمْ	JALIM	ИЕЛІМ: желім. Түк, тағы сол секілді нәрселерді жабы стыратын желім. Балық желімін «يلم يرق» Jaruq jelim: Иарұқ иелім» дейді.

باین

BAJYN⁴ БАЙЫН: қою қызыл. (Қып-қызыл; қанқызыл. Е. А.) Келіншек гүлінің түсіндей нәрсенің бәріне де осы сөз қолданылады. Мақалда былай деп келген:

قانو بایسا قزل كذار برانو بایسا یشل كذار

Қылына білсе қызыл кезег жағану білсе жашыл кезег: Қылыну білсе қызыл кездер, иарану білсе иашыл кездер - Қылықтанайын десе, қызыл киер, жарасайын десе жасыл киер.» (Қатындар еріне қылықты көрініп, қылымсиып деп білсе, қызыл жібектен киім киіп құлпырып, арбап шығады, ер келеп, назданын жарасайын деп білсе, жасыл киім киіп, жасанып шығады.) Ер құрметіне ләзім деп киінеді, сол рендерге қарай ер де әйелді ұнатар демекші.

یتن

JETEN ИЕТЕН: оқ ату үшін ағаштан жасалған садақ.

یتن

JETEN ИЕТЕН: мақта, жүн түтетін құрал.

یرن

JARYN ИАРЫН: жауырын. Жауырын сүйегі. Түркітерде мынадай мақал бар: يرن بلغنسا ایل بلغنور» Jarın bulğansa el bulranur: Иарын бұлғанса, ел бұлғанүр - Жауырын бүлінсе, ел бүлінер. (Жауырын сүйегі былғанса, ел-жұрт іші бүліншілікке түсер).

یرن

JURUN ИҮРҮН: киімдік жұқа жібек мата; парша. یرن بقا» Jurun juқа: Иүрүн иұқа» деген сөз осыдан алынған.

یشن

JASHYN ИАШЫН: жасын; (найзағай. Е.А.) Түркітерде: كمنك بلا قاش بایسا یشن بقماس» Kimiñ bile qash bolsa jauibin jakmas: Кімнің біле қаш болса иашын иакмас - Кіммен бірге қаш болса, жасын тимес; (Кімнің жанында қаш тасы болса, оған жасын дарымайды)» - деген хикмат сөз бар. «Қаш» ақ түсті, саф түзілген тас; Кісілер оны жүзікке

⁴ * Б. Ағалай бұл сөздің жазылуында қателік бар екендігін түсіндірген (ТДК., III-т., 21-бет.). «يبکين, Jibkin: Иібкін», «يبكىل, Jibkil: Иібкіл» сөздеріндегі «ج - к» өрпі түсіп қалғандықтан барып түзілген «يبين, Jebin: Иебин» секілді болуы мүмкін дейді. Ал, жазба нұсқада «باین» bajyn: байын» деп жазылған. Осы сөзге келтірілген мысалда сөздің өзі жоқ, оның орнына «қызыл» сөзі жүр. «Алқызыл» сөзін «Көне түркі сөздігінде» де «жерүл: иепүн» деп жазыпты. (Қараңыз: ДТС., Стр. 257).

кондырады. Ондай жүзікті сыйға алған адамға шақпақ, жасын тимейді. Өйткені, оның табиғаты, жаратылысы сондай. Ол тасты бөзге орап отқа тастаса, без де, тас та күймейді. Бұл сыналған. Шөлдеп, сусаған адам аузына салса, шөлін басады.

يَغْنُ

ИЫҒЫН

ИЫҒЫН: үйінді; үйілген, жиылған.

«يَغْنُ تَبْرَاقُ» Иығып торпақ; Иығын топрақ - Үйілген топырақ». Басқаларға да осындай.

يَقْنُ

ЖАҚЫН

ИАҚЫН: жақын.

«يَقْنُ يَر» Жақып yer: Иақын иер - Жакын жер.»

«يَقْنُ ار» жақып ег: Иақын ер - Жақыш адам; жақын туысқан.»

Жырда былай деп келеді:

يَقْنُ يَغْنُ كُرْمَذِبْ نَانْكَنِي كُذْرُ
قَدَشْ تَبَاتِ كِيِي قِينْكَرُو بَقَارُ

жақып жағиқ, көгтезір неңні көзуг

Қазаи таба бит кеби қыңғи Бақаг:

Иақын иағуқ көрмедзіп неңні көдзүр,

Қадзаи таба ыт кеби қыңру бақар -

1959. Тегі ізгі болса, одан ізгі адам туады; Адам ізгі болғаны себепті төрге озады.

1960. Бұл билік – қасиетті, ол арлы болуды қалайды; елдің де арлы әрі сақ болуын қалайды.

1961. Халыққа таңдаулы, батыр бек керек; үлкен істерге осы табандылығы арқасында жетеді.

1962. Әр сөзін ақылға салып сөйлеген, тәжірибелі Өтүкен бегі не деген, тыңда!

1963. «Халыққа бектің таңдаулы, бәрінен артық болғаны керек; жаны, сөзі әділ, болмысы асыл болуы керек.

1964. Білімді, ақылды, халықтың таңдаулысы, жомарт, қанағатшыл және көңілі бай болу керек.

1965. Барлық ізгілікке қол ұшын беруші, ұят бар, арлы және көзқарасы түзу болу керек».

1966. Бұл халыққа лайықты әрі ұлық бек болады, мұндай бектен ізгі ұрпақ келеді.

1967. Кісі ісін біліммен бастайды; ақылмен аңғарса, ісі онынан болар.

1968. Бектер халықты біліммен басқарады; білім болмаса, ақыл іске жарамас.

1969. Әй, Еліг, бектердің басшысы қателесе, онда ол – билік ауруы, оны емде!

1970. Бұл билік ауруының емі – ақыл мен білім. Әй, мінезі түзу кісі, ақылмен емде!

1971. Бек білімді, парасатты және зерек болу керек; оның ауруына осымен бір шара қылуға болады.

1972. Білімді, парасатты және дана мемлекет қайраткерінің орны екі дүниеде жоғары болады.

1973. Екі дүниені қатар ойлаған кісі – Тәңрінің құты, ол бүкіл берекенің басы.

1974. Шайырдың мына сөзі бұған мысал ретінде айтылған; байқап көрсең, мағынасы білімсізге шамшырақ екен.

1975. «Бақыт деген не? Маған түсіндіріп айт?! Адамдардың арасындағы бақыттысы кім?

1976. Мал-дүниесін өз игілігіне пайдаласа, өзгелерге де үлестірсе, сөйтіп бақытты өмір сүрсе; Ол арғы дүниеде де төрден орын алады.

1977. Мінезі жұмсақ, ісі әділ болса, ол бектің өмірі қуанышпен өтеді.

1978. Баят (ежелден бар Тәңір) кімнің мінезін ізгі қылса, ол ізгі мінезбен бірге әрекетін ізгі қылса,

1979. Оның өмірі түрлі нығыметке толы болады; қаласа өзі жесін, қаласа өзгелерге үлестірсін.

1980. Баят (ежелден бар Тәңір) құлына құт, береке берсе, оның мінезі ізгі, жаны кемел болады.

1981. Мемлекет не қала басқарып, (халықты) қайғыдан арылту үшін билеушінің мінезі ізгі, қайырымы мол болу керек.

1982. Бұл ізгі мінез қандай жақсы! Болмысы ізгі кісінің өмірі (кигені, жегені) де үлгі болады.

1983. Баят (ежелден бар Тәңір) кімге жаман (қырсық) мінез берсе, ол оған зардап шектіреді, бұл – Тәңрінің қарғысы.

1984. Егер бұл жаман (қырсық) мінез бекте болса, онда қуанышы уайымға айналып, бүкіл ісі кері кетеді.

1985. Бек Құдайдан қорқатын (тақуа) және арлы болу керек; тегі арлы адам әрдайым тазалықты қалайды.

1986. Құдайдан қорқатын (тақуа) кісінің көңілі қателесуден сақтанып, қырағы болады; қырағы бек түзу іс қылады.

1987. Егер бек Құдайдан қорқатын, жаны таза болмаса, онда әрекеті берекесіз, өзі арсыз болады.

1988. Сабыр мен байсалдылық бекке көрік береді; ол билік ісіне тығыз байланысты.

1989. Істің ретін біліп бастап, ол нәтижелі болуы үшін бек өте ақылды болуы керек.

1990. Ақылды кісілер істің орайын келтіреді; ақылсыз кісіні ондай істен жырақ ұста.

1991. Көңілі болмаса, адамның көзінің пайдасы жоқ; ақылы болмаса, адамның көңілінен де қайыр жоқ.

1992. Әй, Еліг! Сабырлы, көңілі түзу, тәжірибелі кісі не дейді, тыңда!

1993. «Қай адамда ақыл мен парасат болса, оны адам де, қанша мақтасаң да, мақта».

1994. Кімде парасат, ақыл және білім түгел болса, жаман болса да жақсы де, кішік болса да мақта.

1995. Кісі үшін даналық қандай ізгі нәрсе! Ақылы болса, оны дана деп ата!

1996. Асығу, қорқақтық бәрінен жаман; егер ол бекте болса, жүзі қара болады.

1997. Асығыстық, ұстанымның тұрақсыздығы, мінездің ашушандығы – бұлар білімсіздіктің белгісі.

1998. Асығыс қылған іс қалай жақсы болсын?! Асығыс жеген ас, су да ауру қылады.

1999. Барша істің ішінде байсалдылықты таңда; егер тағат-ғибадат болса, онда асық, жүгір.

2000. Қанағатшыл, ұяты бар және жүзі жайдары болуы керек; сөзі, мінезі ашық һәм жарқын болсын.

2001. Ашкөз кісі тойымсыз болады; ашкөзге бұл дүниенің асы жетпейді.

2002. Ашкөздік – ауру, оның емі, дәрісі жоқ; бұл дүниенің малы оны емдемес.

2003. Барлық аш адам жесе, ішсе ақырында тояды; ашкөз кісі өлсе ғана ашкөздігін қояды.

2004. Ашкөз кісі неге бай болмайды? Барлық дүниені тапса да, ол кедей, ашкөз.

2005. Бектің ұят бар әрі адамдардың таңдаулысы болуы керек; ұяты бар кісінің мінезі мен әрекеті кемел болады.

2006. Ұят кімде болса, мінезі жұмсақ болады; ол ешқандай жөнсіз іске қол созбайды.

2007. Баят (ежелден бар Тәңір) кімге ұят пен көзіне нұр берсе, оның жүзіне нұр және бақ-дәулетті түгел бергені.

2008. Барша жөнсіз істің алдын алатын ұят; барша ізгі іске бастайтын да ұят.

2009. Ұят адамға көрік береді. Ол қандай ізгі нәрсе?! Ұят барша ізгі іспен тығыз байлансты.

2010. Бектің тілі шындықты айтатын, көңілі әділ болуы керек; оған күні түскенде халыққа пайдасын тигізсе.

2011. Егер бектердің көңілі қиянатшыл болса, халыққа пайда болмас, одан бас тарт.

2012. Бектің көңілі, сөзі, әрекеті түзу болмаса, ол елдің құт-берекесі қашады, тұрақтылық болмас.

2013. Сөзінде тұрмайтын бекке үміт артпа, өмірің босқа кетеді, одан қайғы келеді.

2014. Бек өте сақ және ояу (сергек) болу керек; осал болса, бектер жапа шегеді.

2015. Мемлекеттің бағы екі нәрсеге байлаулы: бірі – сақтық, бірі – заң. Елдің негізі осылар.

2016. Қандай бек сақ болса, ол елін қорғайды; дұшпанының мойнын үзіп, байлайды.

2017. Қандай да бір бек елді әділ заңмен билесе, онда мемлекетін түзу жолға салып, болашағын жарқын қылғаны.

2018. Биліктің бағы осы екеуі болады: екеуі түгел болса, билік мызғымайды.

2019. Сақтықпен жауын жеңген, ержүрек, батыр ер не дейді, тыңда.

2020. Әй, мемлекетшіл бектер, елді қорғауды қаласаң, ел ауымағына сақтықпен кара.

2021. Бұл сақтықпен бектер елін өркендетті; Қара, осалдықпен биліктің іргесін бұзды.

2022. Бұл сақтықпен сен жаудың мойнын үз; халыққа заң орнат, кеңшілікте рахат өмір сүр.

2023. Бек екі нәрсемен билікті бұзады; теріс жолға түседі, әділдіктен таяды.
2024. Бірі күш көрсетіп, бірі осалдық қылады; осы екеуімен бек елін құртады.
2025. Жаудың мойнын үзуді қаласаң, көзіңді, құлағыңды сақ, қырағы ұстайсын.
2026. Бектер сақтықпен жауын жеңді; осалдықпен билік бағын тайдырады.
2027. Бектер осал болса, ісін бітіре алмас; барша бек білу керек, осал билік өмір сүрмес.
2028. Сақ адам әрдайым осалдықтан арылып, дайын тұрар; осал болмасаң қандай жау алсын?!
2029. Егер сақ болса, бектер еліне қол салмас; қол салса да, ақыл, білім және парасатпен жетілдірер.
2030. Залым кісі ұзақ уақыт билік ете алмайды; залымның күшін халық көтермейді.
2031. Не дейді, білімдінің сөзін тыңда: «залымдер елді ұзақ уақыт күшпен басқара алмайды».
2032. Зұлымдық от секілді, жақындасаң күйер; заң су сияқты, ақса нығымет өнеді.
2033. Әй, данышпан, ұзақ уақыт ел билегің келсе, заңды дұрыс жүргіз, халықты қорға.
2034. Заңмен мемлекет жанданып, әлем түзеледі; зұлымдықтан мемлекет тозып, әлем бұзылады.
2035. Залымдар зұлымдығымен көптеген ордаларды бұзды; соңында ашкөз залымдар да өліп тоқтады.
2036. Бектер жүрегін таза ұстап, заң орнатса; бұл билік бұзылмас, ұзағынан тік тұрар.
2037. Әй, Елдің құты (мемлекет басшысы), бәрінен ең жаманы – бектердің өтірікші атының шығуы.
2038. Бектің сөзі тура, болмысы кемел болу керек; халық оған сеніп, берекелі өмір сүрсін.
2039. Өтірікші кісілер опасыз болады; опасыз кісі халыққа қиянат қылады.
2040. Жақсылығы мол (опалы) кісі не дейді, тыңда: «адамға қылған жақсылық (опа) – адамгершіліктің басы».

2059. Бұлардың біреуі кетсе, төртеуі де кетеді; бұл төртеуі кетсе, билік таралады.

2060. Жақсы аты тарап, абырой, даңқы артсын десе, бектер бойынан мына бес нәрсені жырақ ұстасын.

2061. Бірі – асығыстық, бірі – сараңдық, үшіншісі – ашушаңдық. Сабыр ету – жанның тірегі.

2062. Төртінші бекке жаман нәрсе – қырсық мінез; бәлкі бесінші пайдасызы – өгірік айту.

2063. Мына бірқанша нәрседен бектер бойын аулақ ұстасын; жаман аты шықпай, сөзіне ісі сай болады.

2064. Мұның ішіндегі ең арсызы – қырсық мінез; бұл қырсық мінез бәлкім қасірет.

2065. Бұған ұқсас сөзді шайыр айтқан; шайыр сөзін тыңдаған сөзге байиды.

2066. «Кісіге қырсық мінез ауыр жүк; мінезі қырсық болса, тұсаулы аттай.

2067. Дұшпан деп санамағасын қырсық мінезі өзіне дұшпан болады; бұның дұшпаннан не айырмасы бар?!

2068. Әй, Еліг, көп елге билік жүргізем десең, мына үш жұмысты істе, сонда қол жеткізерсің.

2069. Оң қолың қылыш ұстап, ұрыс салса; сол қолыңмен олжа алып үлестір.

2070. Тілің сөйлесе, сөзің шекерден тәтті болсын; бек, құл, ұлық және кішік бәрі басын иеді.

2071. Әй, Еліг, халық жақсы көріп, төрден орын беру үшін бекке мына бірқанша нәрсе керек.

2072. Жылы жүз, тәтті сөз, таза жүрек керек; бүкіл әрекеті соған сай болу керек.

2073. Бектің көңілі таза және қолы жомарт болсын; бауырмал болуы да бұған жарасады.

2074. Жақсылықтың бәрін түгел білсін; болымсыз, пайдасыз нәрседен жырақ тұрсын.

2075. Ол – халықтың қалаулысы, кісінің таңдаулысы; таңдаулы, қалаулы кісі кемшіліксіз толық (кемел) болсын.

2076. Сонда әлемнің барша халқы оған құл болады; мұндай бектер әлемге билік жүргізеді және қалауына қол жеткізеді.

2077. Түйілген қабак (жүз), қатты сөз, тәкәппарлық, өктем мінез кісіні жиіркендіреді, тура жолға салмас.

2078. Жауыздық, сабырсыздық, ұшқарылық, тұрақсыздық ол – наданның мінезі, бек одан жырақ тұру керек.

2079. Қараның мінезі бекке жұқпасын; бекке жұқса, қадірсіз болары анық.

2080. Байқасан, құл – қара, бек – ақ; қара мен ақ осылай айырылған.

2081. Бектер белгілі, таңдаулы болғысы келсе, ізгілікке жақын болсын, әй, даңқты!

2082. Бірінің аты ғана бек, мінезі надан болса, ол халық арасында наданнан да арыз болады.

2083. Бектер жылы жүзді, сақал-шашы жинақы, көрікті болсын; орта бойлы және абыройлы, даңқты болсын.

2084. Жүзін көргендер сүйсінсін; мемлекеті және халқы оған қарағанда қуанып тұрсын.

2085. Жауына қатал, мәрттігі болсын; көркі көрген көзді тойдырса.

2086. Бойы өте ұзын болғанын ғылым құптамас; өте қысқа, нәзік болса да болмас.

2087. Егер олай болса, орта бой керек; орта бойлы болса жақсырақ болады.

2088. Тәжірибелі, жасамыс, сыншы кісі не деген, тыңда!

2089. «Бойы қысқа, ашушаң кісілер жаман болады; ашу қайда болса, ұрыс-керіс те сонда.

2090. Орта бойлы, соған сай мықтысы керек; әр істің ортасын ұста, әй, білімді кісі!».

2091. Бектер арақ ішпеуі және тексіздік қылмауы керек; бұл екі мінезден құт-береке қашады.

2092. Әлем бектері арақ дәмін татса, мемлекеті мен халқының дерті ащы болады.

2093. Әлем билеушісі ойынға құмартса, елін бұзады, өзі қайыршы болады.

2094. Бұл билік ісін уақытында атқарып үлгерсе, бақыт құсын бағаласа, еш жамандық болмас.

2095. Білімсізді арақтан арылтқан, білім беруші не дейді, тыңда!

2096. «Әй, алқаш, құлқынның құлы, арақ ішпе; арақ ішсең кедейлікке жол ашылады».

2097. Надан халық алқаш болды, мал-дүниесі желдей ұшты; Егер бектер алқаш болса, мемлекеті қашанға дейін тұрады?!

2098. Шарап пен оны сатушы – дұшпан, ақша (күміс) шығындатады; ішушінің мінезі даукес әрі төбелескіш келеді.

2099. Кісі мас болса есуас, ақымақ болады; Бұл есуастың іс-әрекеті қалай түзу болсын!

2100. Құдайдан қорқатын тақуа не дейді, тыңда; Әй, құлқынның құлы, бұл өзді іске асыр.

2101. «Арақ ішсе, жасалуы тиіс істің қаншамасы жасалмай қалады; мас болса, жасауға болмайтын нәрселердің барлығы жасалады».

2102. Арақ ішсе қаншама күнәлі істер жасалады; мас болса қанша ізгі істер жасалмай қалады.

2103. Бектер арақ ішсе, құмар ойынға алданса, мемлекет ісіне қашан уақыт бөледі, ақылы қалай жетеді?!

Тексіздік түп негізінді бұзады, тексіздік ізгі ізінді жояды.

2104. Тексіздік қайда болса, ол жерден құт-береке тұра қашады; тексіздік шынында билікке бәле келтіреді.

2105. Құт-береке мен бақыт – тазалық, ардың тазалығын қалайды; бақ-дәулет – тазалық, кіршіксіз болғанды қолдайды.

2106. Бегі ішкіш, арсыз, бұзылған болса, бүтін халық та алқаш болады.

2107. Наданның барша қателігін бектер түзейді; бек қателік қылса, оны кім жолға салады?!

2108. Адам кірін сумен жуып тазалайды; егер су бұзылса, немен жуып тазалайды?!

2109. Кісі ауырса, дәрігер дәрі берер; дәрігер ауырса, оған кім ем жасайды?!

2110. Бектер, арынды таза, мінез-құлықты түзу ұста; халық бектің жолынан үлгі алып түзеледі.

2111. Назар аудар, бектер заң, ережені қалай ұстаса, оларды көріп, халық та солай жасайды.

2112. Оған бұл сөз дәлел болады; онда бұл сөзге қара, мағынасы дәл келеді.

2113. «Егер бектер қай жолмен жүрсе, онда ол бектің жолы – қызметкерінін де, халықтың да жолы».

2114. Бегі ізгі болса, ұстанымы әділдік болса, халқы да ізгі жолда жүреді.

2115. Тәкәппар, көңілі көкте, ұлық болмауы керек; тәкәппарлық тура жолдан тайдырады.

2116. Бектер ұлық болады, билігі белгілі; енді оған сай болу үшін көңілін кішік ұстауы керек.

2117. Халықтың таңдаулысы, адамның жақсысы, ақылды әрі білімді бек не дейді, тыңда.

2118. «Әй, балам, бектер өздерін ұлық санап, көңілін жоғары ұстаса, күмәнсіз, қадірсіз көрінеді».

2119. Тәкәппарлықпен кісінің дәрежесі көкке көтерілмес; егер ақкөңіл болса, ісі бұзылмас.

2120. Тәкәппарлық – пайдасыз, көңілді суытады; ақкөңіл болса, кісіні жоғарылатады.

2121. Бектер ақкөңіл, қарапайым болуы керек; егер ондай болмаса, сен одан үміт үз.

2122. Бектер қарапайым және ақкөңіл болу керек; кінәлі кісінің кінәсін кешіре білсін.

2123. Сонда қол астындағы қызметкерлері одан жылу табады және жанашыр болады; жанашыр кісілер шынайы қызмет етеді.

2124. Халықтың басшысы болған бек қайырымды болу керек; бұл қайырымымен бірге адамгершілігі де болу керек.

2125. Қайырымы және адамгершілігімен абырой тапса, бек тілегіне жетеді және олжалы болады.

2126. Кімнің қайырымы болмаса, ол – өлік; ол екі дүниеде нәсіп таппайды.

2127. Бұл қайырымымен бірге саясат болу керек; саясат жүргізіп билік айтқанда ынсап керек.

2128. Бектер мемлекет және заңын саясатпен реттейді; саясатқа қарап, халықтың әрекеті түзеледі.

2129. Мына бәйіт бұл сөзге жауап және дәлел; дәлел қайда болса, ақылға қонымды.

2130. Бектер ордасын саясатпен безендіреді; бектер саясатпен елін түзейді.
2131. Жаман адамдарға қарсы саясат жүргізу керек; халықтың бүлігін саясат тазалайды.
2132. Мемлекеттің тірегі, түп-тамыры, беріктігі, асылы және негізі екі нәрсеге байланысты.
2133. Бірі – халыққа тиесілі заң, бірі – мемлекет қызметкерлеріне үлестірілетін ақша (жалақы).
2134. Заңның саясында халық қуанышты өмір сүреді; жалақысын көріп, мемлекет қызметкерлері жадырап жүреді.
2135. Бұл екі қауым бектен қуаныш тапса; мемлекет билігі реттеледі, бек те бақыт табады.
2136. Қандай да бір бек халыққа заң орнатпаса, халықты қорғамаса, қомағайлықпен жесе,
2137. Халықты отқа итерген болады, мемлекет бұзылады; күмәнсіз ол биліктің іргесі сөгіледі.
2138. Қандай да бір бек әскерін риза қылмаса; одан кейін қылыш та қынынан шықпайды.
2139. Бектер қылышпен мемлекеттерді басып алады; қылышсыз осал бек еліне ие бола алмас.
2140. Қылыш, балта елдің сақшысы болды; халықтың басшысы қылышпен мемлекеттерді алады.
2141. Әлемді билеуші, қылыш және балтамен жауды жеңген ер не дейді, тыңда.
2142. Әй, мемлекет басқарушы, елді қорға; у ішуші осалдығынан у ішеді.
2143. Әй, батыр, қылыш пен балтаны өзіңді қорғаушы ретінде ұста; қылыш қорғаса, бек бақыт табады.
2144. Қылыш қимылдағанда жау қимылдамас; қылыш қынға кірсе, бек тыныштық таппас.
2145. Әй, бек, қылыш қолданушыларды әрдайым риза қылып ұста; сөйтіп, әрдайым қуанышты өмір сүр, қайғы көрме.
2146. Өгдүлміш және айтты: Әй, мемлекет билеуші, атағы ұлық болғанмен, мемлекет істері ауыр.

2147. Халықты басқару үлкен іс әрі ауыр; бас ауыртады және әрдайым қайғыртады.

2148. Назар аударсаң, қуанышы аз, қайғысы көп; жақсы көрушілер аз, сөгушілер көп.

2149. Қайда карасаң да қауіп-қорқыныш тұрады; қуанышын сұрасаң, аз еді.

2150. Жек көретіндер көп, жақсы көретіні аз; ұрыс-керісі көп, рахаты аз.

2151. Барлық жерде көңіл жарым болады; көңіл жарым болу, ерге артық мұн.

2152. Назар аударсаң, барлық жерде қатер бар; қатерлі істі көрсең, өмірдің дәмі кетеді.

2153. Не дейді, ақылдының сөзін тыңда; карасаң, ақылдының сөзі – інжудің өзі.

2154. Елігің басы жұлдыздай болғанмен, мойны қылдай; ақылды кісі оған көп сенбейді.

2155. Билік – бастің үстінде тұрған қылыштың мысалындай; әр күні ол үшін қатерлі мың іс бар.

2156. Барлық бектің жағдайы осындай; кейбірі рахатқа бөленер, кейбірі өз басын жұтады.

2157. Дүние және ақырет бақытын тапқың келсе, мына бірқанша істі тастама, ұстануға тырыс.

2158. Жүрегің мен тілің тура болсын, Баятқа (желден бар Тәңірге) сиын; Иенің жарлығын құрмет тұт, табын.

2159. Раббыдан не келсе де разы бол, разы; разы болудың негізі – құлдық ету.

2160. Бүкіл халыққа шын көңілмен жанашыр бол; әрдайым ізгілік қыл, өзін де жақсылық көр.

2161. Халыққа пайданды қыл, қиянат қылма; ізгі әрекет жаса, жамандардың зиянын тоқтат.

2162. Дүние мен рахат өмір сенікі болды; рахат өмірге жетіп, күлімдеп, жатып өткіз.

2163. Жан үзілсе де, барша ұлы үмітінді үзбе; Баят (ежелден бар Тәңір) ізгілерге ізгілік жолын береді.

2164. Мұны мен айттым, Еліг тыңдады; бекке осындай білім мен ізгі қасиет керек.

2165. Қай ерде осындай ізгі қасиет пен ұстаным болса, оны бек қылып, мемлекетте дәрежесін жоғарылату керек.

2166. Мұндай кемел адам халыққа басшы әрі бек болады; олардан халық әртүрлі жақсылық көреді.

2167. Білімді, зерек кісі не деген, тында; «білімді әрі зерек кісінің білімі мемлекетке пайда».

2168. Бектер білімді, ақылды және әділ болу керек; абыройы өсу үшін жүректі және дана болу керек.

2169. Бектер жомарт, мінезі жұмсақ, ұяты бар, ары таза және бауырмал болу керек, сөйтіп елін қорғасын.

2170. Қанағатшыл, сабырлы, ақкөңіл, қайырымды, кешірімді және мінезі жұмсақ болсын.

2171. Бар жақсылығы басқалардан жоғары болса, халыққа ізгі (әділ) заң беретін болса.

2172. Қай елде осындай бек болса, ол мемлекет халқының уайымы кетіп, қиындықтан құтылады.

2173. Мемлекетте берекелі күн туады, тыныштық болады; Дариға-ай, мұндай кісілер де өледі!

2174. Әй, Еліг, менің білетінім осы; міне, түсінгенімді сізге айттым.

Елігтің Өгдүлмішке сауалы

2175. Еліг: «ұқтым, дұрыс айттың, керегі осы еді, білімде жаңылмадың» деді.

2176. Саған айтатын тағы бір сөзім бар, оны маған нықтап айтып бер.

2177. Әй, таңдаулым, бегі осындай жақсы қасиеттерге бай болса, оның уәзірі қандай болу керек?

2178. Алтын мен күміске қазынаны толтырса; мемлекет ісі реттелсін, мемлекет, кент (қала), ұлыс (облыс) артсын.

2179. Мемлекет жетіліп, заң орнап, әділдікпен басқарылсын; жақсылық көріп, қызметкерлер көңілімен байлансын.

2180. Халық рахат өмір сүрсін, ешкім қол тигізбесін; сосын әлемге бектің аты жақсылығымен жайылса.

29-баб. Бектерге уәзір болуға қандай ер керегін айтады

2181. Өгдүлміш жауап берді: – Әй, Еліг, уәзірлер – бектің созатын қолы болды.
2182. Күмәнсіз, бекке уәзір керек болды; уәзір ізгі болса, бек рахат ұйықтайды.
2183. Бектердің жүгін өзіне жүктеген, ол – уәзір; биліктің іргесін берік сақтайтын да уәзірлер.
2184. Бұл іске елден дара, ең таңдаулы, көңілі, ақылы жетілген, жүрегімен берілген ер керек.
2185. Ақылы көп, білімі теңіздей болсын; барлық істі бітірсін, бекті бақытты етсін.
2186. Текті, өнегелі отбасыдан шыққан, Құдайдан қорқатын, әділ болу керек; және қалған өмірін сол әділдікпен өткізсе.
2187. Уәзірлік – ұлық іс, бұл іске адамның ең таңдаулысы керек; ол болмысы түзу, дұрыс адам болсын.
2188. Ақылды және білімді болу керек; зерек және ары таза болу керек.
2189. Ізгілердің ұрпағы әрі ақылды кісі қайда болса да жоғары дәрежеге көтеріледі және ештеңеден құр қалмайды.
2190. Құдайдан қорқатын (тақуа), дінге берік және ары таза болу керек; оның арының тазалығына мемлекет те, халықта сенімді болу керек.
2191. Адамдардың ең таңдаулысы – Құдайдан қорқатын (тақуа) кісі; ол бар-ша қиналғандардың жанының емі мен дәрісі.
2192. Құдайдан қорқатын кісі әрбір ісінде сақтық қылады; пайдасызға жақындамас, істің ретін біледі.
2193. Елігтен кейін (оның орнына) сөзімен, іс-әрекетімен мемлекетке билік жүргізген ол – уәзір.
2194. Тексіз кісілер арсыз болады; арсыздар уәзірлікке жарамайды.
2195. Текті кісінің жақсылығы мол болады; арсыздың ісі жапа шектіреді.
2196. Заң дайындаушы адамы не дейді, тында; заң дайындаушы адам мемлекеттің заң шығарушыларының басы болды.
2197. «Текті кісілердің іс-әрекеті таза; халыққа пайдасын тигізіп қол ұшын береді.
2198. Арсыздар опасыз болады, жапа шектіреді; шекер мен жілік майды қанша жегізсең де.

2199. Ұяты бар, қанағатшыл әрі кемел болу керек; адамның жаманы – ұятсыз кісі.

2200. Қанағатшыл болуы керек, дүниеге сұқтанбаса; ашкөз бұл дүниенің бәрін жесе де тоймайды.

2201. Кісінің таңдаулысы – ұяты бар кісі; ұяты бар кісі – адамдардың алды.

2202. Ұят кімде болса, оған бар жұмысыңды тапсыр; адам ұятымен арсыздық есігін жабады.

2203. Адамның қоры – ұятсыз кісі; ұятсыздың тілі тура сөз сөйлемес.

2204. Ұяты бар, түзу кісі не деген, тыңда; енді саған жанашырлықпен насихат береді.

2205. Ұятсыз кісіден жырақ тұр, жырақ; ұятсыз кісінің көзі алдайды.

2206. Ұятсыздың жүзіне қарасаң етсіз сүйектей; ұятсыздың өзі бітеуге келмейтін тесіктей.

2207. Ұятпенен адамның жүзі нұрланады; ұяты болғаны үшін көзі жайнайды.

2208. Жүзі мен көркі көрікті һәм сақал-шашы жинақы болу керек; ісінде әділ болып, халыққа соның пайдасы тисін.

2209. Мінезі жұмсақ, әр ісінде әділ болса, қай уақытта да халыққа жақсылығы тиеді.

2210. Қызметкерлердің басшысы ісінде әділ болмаса, бектердің бүкіл жұмысы теріс кетеді.

2211. Уәзірге әділдік әрі ұстамдылық керек; бектер оған істі сеніммен тапсырсын.

2212. Түсі игі кісінің мінезі де көркем болады; мінезі көркем болса, мемлекет үшін пайдалы болады.

2213. Кімнің жүзі, сыртқы келбеті көркем болса, сыртқы келбеті секілді іші де көркем болады.

2214. Жақсы мен жаманды сынап білген, тәжірибелі кісі не деген, тыңда:

2215. Кісінің көркі ішкі болмысынан хабар береді; жүзі мен келбеті болмысы сай келеді.

2216. Сыртқы келбетін көрсең ішкі болмысына куә болғандайсың; сырты іші сияқты, іші сырты секілді.

2217. Сақал-шашы жинақы кісі айбатты болады; уәзір айбатты болса, ісі өнімді болады.

2218. Терең білімді, ақылды, есепке жүйрік болсын, білімімен түрлі жазуды білсін.

2219. Уәзірдің ісі әрқашан есеппен байланысты; есеп білмесе, мемлекет қызметкерінің ісі бос қалады.

2220. Адам ісін есеппен жасайды; жыл, ай, күн, уақыттың бәрін есеппен таңдайды.

2221. Есептің аты есептеп сақтанудан есеп болды; назар аударсаң, ерекше сақтанатын іс – есеп еді.

2222. Зерек болмаса, кісінің ісі оңалмайды; адамдар ісін зеректікпен қылады.

2223. Адам білгенін жазумен жазады; адам жазып жүрсе, не қылғанын біледі.

2224. Бұл жазу зеректіктің белгісі; жазу білген адам өтек зерек болады.

2225. Адам баласы жазу білмесе, жыл, ай, күн есебін қалай білер еді?

2226. Ғалымдар кітап жазып қоймаса, есеп үшін қандай шара, қандай жол табар едік!

2227. Баят (ежелден бар Тәңір) бұ әлемді жаратпас бұрын әуелі лауһы мен қаламды жаратқан.

2228. Құлдың не істегенін періште жазады; Ие ертең ол істерін сұрайды.

2229. Ақкөңіл, сөзі жұмсақ болу керек; ол кісіге өзін жақсы көрсетудің жолы.

2230. Қарапайым болса, кісі өзін жақсы қырынан көрсетеді; өзін жақсы қырынан көрсеткен кісілер досын риза қылады.

2231. Сабырлы, қарапайым кісі не деген, тында; «ердің қарапайым мінезді болуы қандай ізгілік!»

2232. Қарапайым адам халық арасында сүйкімді болды; көңілі тәкәппар кісі сүйкімсіз болады.

2233. Қарапайым кісі ұзақ уақыт құрметтеледі; халықтың тәкәппары құрметке жетпейді.

2234. Уәзірлікке толысқан кемел кісі керек; оқыған, жазу білетін және өте ақылды болу керек.

2235. Сөзі мен көңілі бірдей және ісінде әділ; ұяты бар, мейірімді және халық арасында шыншылдығымен танылған.

2236. Қанағатшыл, санасы ояу, сақ, білімді және істің пайдалы-пайдасызын айыра білген кісі керек.

2237. Қызметіне берілген, шынайы және ұяты бар, аманатқа берік, көңілі таза болсын.
2238. Осы жақсы қасиеттер мен білім кімде болса, Еліг уәзірлікті оған берсе болады.
2239. Осы секілді кісі бекке уәзір болса, бекпен бірге халық нағыз бақытқа қауышады.
2240. Елігтің ісі қалағанындай түгел болады, мемлекет дамиды және халық байиды.
2241. Уәзір мемлекетке пайдасыз, жауыз болса, ол мемлекеттің халқы, кедейі мен байы да бұзылады.
2242. Уәзір ізгі болса, халыққа пайдалы; халыққа пайдалы болғанындай Елігке де жайлы.
2243. Білімі теңіздей, көңілі мен көкірегі біліммен нұрланған кісі не дейді, тыңда.
2244. «Бектің жаны, сөзі ізгі болса, қызметкерлері әділдік жолын ұстайды.
2245. Егер бектер жаман, зұлым болса, оның қызметкерлері де ізгі жолды бұзады».
2246. Бек ізгі болса, оның қызметкерінің әрекеті де ізгі болады, зарар тигізбес.
2247. Назар сал, бектер өздері жаман болмаса, маңына жаман біреуді жақындатпайды.
2248. Жамандық қайда болса, жамандар да бірге; әй, ізгі адам, жүр, ізгі дос ізде.
2249. Жаман менен жақсы жараспас; тура мен қисық та қиыспас.
2250. Қара түн жарық күнге жақындамас; көк су қызыл отқа қонақ болмас.
2251. Сен танымайтын кісінің кім екенін білгің келсе, таныстарын айтсын, сонда аңғарасың.
2252. Барлығы өзі сияқтылармен араласады; сен әділ бол, қисықпен аралспа.
2253. Бұл сөзге мына бәйіт дәлел, оны оқы; сен бұл бәйітті оқы, көңіліңе тоқы.
2254. Жортқан, ұшқан барша нәрсеге қара, жанына өзімен тең дос және жолдас табады.
2255. Жамандар жақсыменен араласпайды, қашады; бұл барлық нәрсеге мысал болған қағида, назар аудар.

2256. Уәзірлер әрдайым бектің кеңесшісі болады; кеңесші кісілер әр ісін саралап жасайды.

2257. Жаманмен араласпа, наданның жақсысының өзі жаман болады, арта-тын жүгі ауыр.

2258. Бұл бектер ізгі кісіні жақын тұтса, мемлекет ісі жақсарып, ізгі аты қалады.

2259. Бектер жаман кісіні жанына жақын ұстаса, мемлекет ісі кері кетіп, жа-ман аты қалады.

2260. Әй, Еліг, осындай уәзір табылса; бекке тыныштық сыйлайды, халық уайымсыз ұйықтады.

2261. Оның жақсылығынан бектің бүкіл тілегі орындалады; қандай жағдай болса да, барша ісі реттеледі.

2262. Мемлекет ісі реттеліп, халық байиды; қазына молайып, беркелі заман болады.

2263. Аты мәңгі ұмытылмайтын болады; қартайса да, құрметті орны бола-ды.

2264. Бұл дүниеде абыройлы болды, о дүниеде де абыройлы болғай; ұзақ уақыт мемлекетін басқарып, беркелі өмір сүргей.

2265. Еліг: «бұл сөзінен ақыл-кеңесті түсіндім, бүгін жақсы сөздер айтылды» деді.

2266. Енді маған айт, бектердің бектің тапсырмасын орындап, әскерді бастай-тын кісілер қандай болу керек?

2267. Әскерді басқарсын, жұмысын жоғары дейгейде жасасын, қателікке ұрынбасын.

2268. Сен маған айтып бер, қайсысы бұл істі атқара алады, шепті бұзып, жа-уды ыдыратады.

30-бап. Әскербасы қандай болу керегін айтады

2269. Өгдүлміш жауап берді де: «Әй, Еліг, әскерің әрдайым дұшпаныңнан үстем болсын» деді.

2270. Жараспаған жауының ұйқысын қашыру үшін бекке күмәнсіз, әскербасы керек.

2271. Бұл іске құрыштай, қатал, бәрін басынан өткізген тәжірибелі, ержүрек бағыр керек.

2272. Әскерді бастау, (шерік) шеп құру және жауды қыру өте ұлық іс еді.

2273. Бұл іске таңдаулы, қырағы, ықтиятты (ұйқылы-ояу емес) ер керек; осалдығынан бәлеге ұшырамауы керек.

2274. Жомарт, батыр, тәкәппар емес, дастарханы кен және мінезі сабырлы болса.

2275. Маңына таңдаулылар жиналу үшін әскер бастайтын адам өте жомарт болу керек.

2276. Бар малын әскерге үлестіріп, қалың ерді майдандас, жолдас және дос қылу керек.

2277. Өзіне бір ат, тон, қару алса жетеді; сөйтіп әлемге атын жайса.

2278. Ұл-қызым, қатыным деп іркілмесе; жер, су, бақша деп ақша (күміс) жинап кетпесе.

2279. Бар қалауын қылышымен тапса; соғысып, алып, таратып және атағын солай өсірсе.

2280. Жегізсе, ішкізсе, киім кидірсе; олжадан оларға ат, ер-тоқым, (күн және құл ретінде) ұл, қыз тарту етсе.

2281. Назар сал, сол кезде маңына мәрт жігіттер жиналады әрі олар тәтті жанын пида ете отырып, таулар мен далаларды алып, өмір сүреді.

2282. Батыл жүректі, аскан ақылды болу керек; кеуделі және көңілі кең болу керек.

2283. Жаугершілікте жүрексіз (қорқақ) кісілер керек емес; жүрексіз (қорқақ) кісі қатынмен тең.

2284. Жүрексіз (қорқақ) кісі әскерді бұзады; әскер бұзылса, адамдар бір-бірін бұзады.

2285. Жаугершілікте жүректілер шыдамды; жау шапқанда бір-біріне тіреу болады.

2286. Даңқтым, уәделі өлімнің келері белгілі; уақыты келмейінше ер өлмес.

2287. Көзсіз батыр ер не деген, тыңда; «өлімді ұмытса, жауды жеңер».

2288. Анадан туған кісі ажалы жетпей өлмейді; жауды көргенде неден қорқасың?

2289. Жауға жалындай ти, еркек сияқты ұрыс; ажал келмейінше кісі өлмес.
2290. Кісі намысы үшін жаумен қарсыласатын өш алмай қоймайтын намысты ер керек.
2291. Адам жауды намысы үшін женеді; жауда ең әуелі намыссыз қашады.
2292. Қорқақ та намысқа тырысып, батырлық қылады; мақтан үшін адам өлімге де бас тігеді.
2293. Жүректілер намысты болады; намысты кісі өлсе де соғысып өледі.
2294. Мінезі жайдары, ақкөңіл болсын; ол осы болмысымен халыққа өзін жақсы көргізеді.
2295. Мінезі жайдары кісі адамның жүрегін жылытады; тілі жаман және ашушаң кісі адамдарды өзінен жырақтады.
2296. Әскер бастайтын ерлер көңілін жоғары ұстаса (тәкәппар болса), күмәнсіз, ол адам жауынан таяқ жейді.
2297. Тәкәппар адам осалдық қылады; осал ер я бұзылады, я ажалсыз өледі.
2298. Даңқты, абыройлы болып, атағы жайылу үшін ержүрек, қаһарман, сұсты және сақал-шашы жинақы болуы керек.
2299. Жамандарды қорқыту үшін сұс керек; момындарды жақсы көргізу үшін ізгілік керек.
2300. Әскербасы саясат ұстану керек; әскер ісі саясатқа байланып тұрады.
2301. Саясат ұстанса, әскер алда болады; әскер алда болса, олар бір-біріне байлаулы (бауырмал) болады.
2302. Қандай әскер басшысыз қалатын болса босат, міне, ол әскер бұзылды. Еліг, ұзақ жаса!
2303. Жамандарға қарсы айбар және саясат керек; және ізгілерге әрдайым құрмет керек.
2304. Ізгі адамдарға түрлі жақсылық жаса; тілегін бер сүйінсін, жүк артпа.
2305. Барша адам бұл ізгілікті қалайды; кісі ізгілік тапқан адамға құл болады.
2306. Мінезі түзу адам не деген, тыңда; бұл бәйітті оқы, өзіңді жұбат (шүкір ет).
2307. Тәуелсіз және азат кісінің барлығы ізгіліктің құлы; сен ізгілік қылып, әділдік жолын аш.
2308. Адамгершілік қылу үшін әрдайым адам бол; адамдықтың негізін адам осылай қалаған.

2309. Жауға қарсы аттанып, жорық жасау үшін әскербасыға мына бірқанша мінез керек:

2310. Жауға шапқанда арыстан жүректі болу керек; айқасқанда қабылан білекті болу керек.

2311. Доңыздай қасарысқыш, бөрідей күшті; аюдай өршеленген, қодастай өш алғыш.

2312. Және қызыл түлкі секілді айлакер болсын; бурадай өш пен кек алсын.

2313. Өзін сауысқаннан сақ ұстасын; жартас құзғынындай көзін ұзаққа тіксің.

2314. Отанға деген сезімі жоғары, арыстандай айбатты; үкі секілді түнін ұйқысыз өткізсін.

2315. Осындай қасиеттерімен адам жауынгер болады; жауынгер әрі пайдалы болады.

2316. Жауынгер – әрқашан бес қаруы сай кісі; қаруының ұшын қайрап, жауды басып жаншушы.

2317. Оның дәм-тұзы және асы мол болсын, аты, тоны және қару-жарағы соған тең болсын.

2318. Ердің атын берген асы, ішкізген сусыны, дәм-тұз әлемге жаяды; өмірдің қажеттілігі де ішіп-жейтін ас.

2319. Іленің даңқтысы не деген, тыңда; «Әй, адамның құттысы, дәм-тұзыңды кең қыл».

2320. Атақ, даңқ, абырой қаласаң, дәм татқыз; өмір сүруді қаласаң, тағы да жегіз.

2321. Жомарттық жасап, сенім білдіріп, адамгершілік қылған кісіге дәм-тұзының хақысы деп әскерлер де хақысын өтейді.

2322. Ұлық болуды қаласаң, ішіп-жейтін ас үлестір; ұзақ өмір сүруді қаласаң да, ас үлестір.

2323. Ісі реттеліп, жорық жасау үшін әскербасыда мына бірқанша мінез болу керек.

2324. Сөйлеген сөзі шын әрі сенімді болу керек; ұлықтар жалған сөйлесе, халық сенбес.

2325. Екінші жомарт болу керек, мал-дүние берсін; алуға әдеттенген кісілер сараңның маңына жиналмас.

2326. Үшінші жүректілік керек, батыр кеуделі; қорқақтар жауды көрсе, ауырып жатады.

2327. Төртіншіден айла, тәсілді білу керек; айла білген ерге арыстанның өзі ыңырсиды.

2328. Жаумен қасарысу және шепті бұзып-жару керек; күшті рухты және өткір болу керек.

2329. Әскербасы осы жақсы қасиеттерге ие болса, жауын жаншып, жаудың даңқын жермен-жексен етеді.

2330. Әскербасы осындай болады, ол әскерді басқарса, дұшпанға билік жүргізіп, ел билейді.

2331. Бұл әскербасы жауға бет түзегенде күндіз-түні ояу болу керек және ұйықтамасын.

2332. Көп жауынгер керек емес, таңдаулы әскер керек; таңдаулы әскер болса, қару-жарағы түгел болу керек.

2333. Көп әскер шеп болса, басшысыз болады; басшысыз әскер қорқақ болады.

2334. Тәжірибелі соғыс батыры «он екі мың адам – көп әскер» деп, оны қуатты қолға теңепті.

2335. Жауды жеңген батыр ер: «мен үшін төрт мың әскер толық бір орда» депті.

2336. Көп әскер жайылғанда, өз ішінде сапырылысады; олай жасауға болмас, пайдасыз болады.

2337. Данқты, ержүрек және қаһарман адам «әскерге таңдаулы және жақсы қаруланған адам керек» депті.

2338. Атақты жауынгер не депті, тыңда; бұл сөзді тыңда да, соған сай өзің әрекет ет.

2339. Көп әскер қалама, таңдаулы ерлерді қала; ерлердің таңдаулысын және қарумен толық жарақтанған.

2340. Көбінен гөрі дайындалған аз әскер жақсы; көп әскермен кездескенде көбі бұзылады.

2341. Әскербасы жауға шапқанда нағыз жауынгерлерді жанына жақын ұстасын.

2342. Алдыңғы барлаушыларды айырып таңдасын; сақтанып, көз-құлағын ұзаққа тіксің.

2343. Барлаушы барып, алдыңғы және негізгі әскер жетсін; жауды басу керек болса, жан-жақтан ұрыс салсын.

2344. Әскерін басқарса, қорғаушылар сап түзесе; ешкім кейін қалмаса немесе алға озбаса.

2345. Қонар жерін білсін, қорғаушылар саптарын жақсы түзе білсін; әскерден күзетшілер шығарылып, олар ояу тұрсын.

2346. Әлемді басқаратын ер әрекетіне мән берсін; жауға шапқанда ешбірі тыс қалмасын.

2347. Жиын құрарда сенімді жер таңдап, өте сақ болсын; ерлерді жинаса, ешкімнің жырақта қалмасын.

2348. Әскербасы осал болмасын, ісіне ықтиятты болсын; осалдық қылса, басқыншылардың зарары тиеді.

2349. Жауға жақындағанда барлаушыдан хабар алу керек; жердің шөбіне, суына қарап таңдап, жиын құру керек.

2350. Әскерін жақсылап күзетсе, жауға тіл алдыртпасын; әскердің аз-көбін жауы білмесін.

2351. Әуелі жаудан тіл тартуға әрекет жасау керек; бұл хабардан жаудың әрекетін білу керек.

2352. Ол соған сай ісін жүргізіп, жаудың мойнын кесіп, басын келтірсін.

2353. Бұл – қырағылық және ықтияттылық; жаугершілікте қайсысы сақ болса, сол қуатты.

2354. Қырағы бектің сөзіне қара, жол білетін Бөке; арыстанға мініп, қылышын қамшы қылғандай.

2355. Жауын жаншуға екі қару ұстаған; бұл екі қарудан жауы өлім құшады.

2356. Ең әуелі жауға әдіс-айла керек; айла қылып, жаудың жүзін қызарт.

2357. Екіншісі – сақтық, қырағылық; қайсысы сақ болса, сол үстем болады.

2358. Қайсысы жаугершілікте сақ және қырағы болса, күмәнсіз, ол жауын жайратады.

2359. Жау әскері көп, сенікі азырақ болса, соғысқа асықпа, олардың әрекетіне қарай шабуылда.

2360. Жарасуда пайда бар болса, бітімге кел; жоқ болса, жарақтанып алысып, күрес.

2361. Қайрат қыл, шаршат, ұйықтаса түнде басып ал; түнде аз не көбінді кім анық білсін?!

2362. Егер сен басуға шара таппасаң, елші жіберіп, бейбіт келісімге кел.

2363. Сөзбен алдандыр, бейбіт бол, өзінді қорға және соғысқа асықпа сөздің қысқасы.

2364. Олай болмаса, жау ұрынып, соғысуды қаласа, көңілі бұрылмаса,

2365. Істі ұзатпа, сен әскерді жина да соғыс; әскерге мал үлестір, батырлық рухын оятып насихат айт, соғысқа шақыр.

2371. Жауынгерді тәжірибелі, жасы үлкен батырдан құра; олар жауға айласын қылып, әскерді апарсын.

2366. Соғысуды ұзаққа созба, жаудың ақылы кіреді; дайындығыңды көп көрсе, көзі үйреніседі (күшінді байқап қояды).

2367. Соғысты көзімен көрген, басынан кешірген, жауын езіп жаншыған батыр не дейді, тында.

2368. «Көрмеген жауыңның даңқы жырақтан үлкен көрінеді; кездескенде көз алдында басылады».

2369. Жауға жалындай ти, мал-дүниенді алмасын; ұзатсаң басыласың, аяғыңды жіті бас.

2370. Әскердің бір бөлігіне тұзақ құрғыз; жаяу садақшылар қарсы алып, сен алдында жүгір.

2372. Соғысып сақал-шашы ағарғандар асқан жауынгер болады; жауынгер болады және өз ісін жақсы біледі.

2373. Жас әрі ержүрек жігіттер өте жалынды болады; егер жүзі бір қайтса, оты сөнеді.

2374. Алдыңғы және артқы шепке сенімділерді қой, басқа бір бөлігін оңға және солға орналастыр.

2375. Әскер жакындап ерлер ұрысқа кірсе, қарсы алдындағымен соғыссын, дауысымен зәресін алсын.

2376. Ең әуелі ұзақтан оқ жаудырсын; жақындағанда ыңғай берсе, сүңгімен (найзамен) ұрыссын.

2377. Араласқанда балта және қылышпен ұрыс; тіс-тырнақпен жағасынан ұста, жабыс.

2378. Бір-біріне тіреу бол, жауға арқанды берме; жауынды езіп жаншы, олай болмаса, соғысып өл.

2379. Тыңда, жаумен бетпе-бет соғысқан батыр ер не дейді: «сабырлы бол, сабырлы болған жауын женеді».

2380. Келін қыздардың қуанышты сәттері неке түндері; ержүрек, қаһарман ерлердің қуанышты сәттері майдан күндері.

2381. Тәкәшпар батыр әскерін желдіртіп, жылдам жүргізеді; лашын құс салғандай, сөйтіп қан төгеді.

2383. Шепті көргенде қаһарман ер арыстандай болады; тым-тырақай қылады, өлтіреді не соғысып өледі.

2384. Жауды көрсе қаһарман ердің жүзі жайнайды (қызарады); қарсыласқанда қызарып, түнереді (боянады).

2385. Ат, ер-тоқым және жарақтары қып-қызыл болады; қызыл боп қызарған жүздер боп-боз болады.

2386. Жау саған қарай ат қойып, атылса; сабырлы бол, арқанды берме, кейін өзі таралады.

2387. Жау қимылдаса, сен де оған сай қимылда; қарап тұрма, әрбір әрекетін бағып, дайындықпен қарсы ал.

2388. Егер жау тұрмай сенен қашса; ізінен жет, тұтқында. Ұстатпаса, тауып ал.

2389. Жауды жеңген батыр ерлер жиналғанда; жау қайт шауып, жеңіп кетеді.

2390. Жау қашса ізіне түс, ұзақ кума; егер кері бұрылса, қаша алмассың.

2391. Үміті үзілсе жау өлімге бет бұрады; өлімге бет бұрғанға кім қарсы тұрады!

2392. Әй, ұл, мұндай жерде өзіңді қорға; өзіңді қорға, болмаса жаныңнан түңіл.

2393. Адам осал болса, жәй жүргенде өледі; адам осал болмаса қалағанын табады.

2394. Маған тәжірибелі кісі былай деді; тәжірибелі кісілердің сөзі – сөздің алды.

2395. Жау қашса ізіне түс, ұзақ кума; қарасан, ұзақ қуушы тойғанша қамшы жеді.

2396. Жау бір таралса, қайта жиналмас; отты су өшірсе, қайта жанбас.

2397. Үмітсіз кісілер өлімді қалайды; өлімді қалаған адам әуелі өлтіреді, со-
сын өзі өлер.

2398. Кім іс бітірсе, оған тез мал-дүние беру керек; адамның жүзін мал-
дүниемен жайнат.

2399. Кім бір тұтқын ұстаса, оны жақсы көріп, ас-суын беру керек; ас-сумен
ол адамның жүрегі жылысын.

2400. Жауыз мактау көрсе өте жақсы болар еді; өте қатты мактасаң, қалай кек
қалады?!

2401. Әскерді мактасаң, қара, қолымен арыстан ұстайды; атты мактасаң ша-
бады, ұшқан құсқа жетеді.

2402. Жараланғандар бар болса, көрсетіп емдет; тұтқын болғандар болса, ба-
рып құтқар.

2403. Егер өлгендер болса, арулап жерле; ұл-қызы бар болса, оған хақысын
бер.

2404. Әскер мұны көргенде сүйініште болады; соғыста жауы күшті болса да,
жанын пида қылады.

2405. Мал-дүниені жылы сөз, күлімдеген жүзіңмен бер; осы үш нәрсе кісіге
ізгі қағида болсын.

2406. Сонда, тәуелсіз, азат кісілер оған құл болады; ол құл сені риза қылу
үшін жанын қияды.

2407. Әй, данышпан! Оған ұқсас мынадай сөз бар; назар аударсаң, шын
айтқанына көзің жетеді.

2408. «Күлімдеген жүз, жылы сөз және үлестірілген мал-дүние; тәуелсіз
және азат кісілер бұл үшеуіне қарай ауады.

2409. Сен құлды алтын және күміспен алма; осы үш нәрсені құрбан қыл, ол
саған барлығы жақындайды.

2410. Әскер бастайтын кісі осындай болу керек; осындай кісі басқарса, әскер
жақсырақ болады.

2411. Сен алтын, күміс, мал-дүниені үлестір; сен қаншалықты сом алтын
үлестірсең, олар да жанын пида қылады.

2412. Қызметкер мына үш нәрсе үшін құл болады; бектер мұны ұстану керек,
бұл барлық нәрсенің негізі.

2413. Бектер осындай әскербасыны тапқан болса, мемлекет ісі ілгерілеп, сенімділік болады.

2414. Әскер бастайтын адам осындай болса, барлық ісі реттеліп, сенімділік болады.

2415. Іскер уәзір қаласаң, ол андай болу керек; әскербасы қаласаң, мынадай болады.

2416. Оларға бектер сенсе болады; бектер соның арқасында тілеген тілеуіне жетеді.

2417. Өгдүлміш тағы да айтты: «Әй, Мемлекет билеуші, бұл екі лауазым – үлкен лауазым, ұлықтардың атауы».

2418. Бірі – уәзір, екінші – әскербасы; бірі қылыш, бірі қалам ұстады.

2419. Бұл мемлекеттің бағы мен тізгіні осы екеуінің қолында; екеуі біріксе, оны кім үзеді?!

2420. Бұлар ерекше таңдаулы кісілер болу керек; егер Елігке қарсы келсе, бастары кетеді.

2421. Пайдалы болса, мемлекетке пайдасы өте көп болады; егер қарсы келсе, мемлекетке, ұлысқа (облысқа), кентке (қалаға) зияны көп.

2422. Бегі ізгі және халықтың таңдаулысы болса, бұл екі қызметкер де халықтың таңдаулысы болу керек.

2423. Мемлекетке пайда осылардан келеді; бұл пайданың арқасында бектер рахат өмір сүреді.

2424. Ел басқарған данышпан не дейді, тыңда; данышпанның сөзін тапсаң, ас секілді жеу керек.

2425. Назар сал, мемлекеттерді жаулап алушы қылышпен алды; мемлекет билеуші оны қаламмен (білім) басқарды.

2426. Елді қылышпен тезірек жаулап алуға болғанмен; бірақ, қалам (білім) болмайынша басқара алмассың.

2427. Қайсібір мемлекет қылыш және күшпен алынар; бірақ одан өш алып, жаншумен көп жылға бармайды.

2428. Қандайда бір кент (қала), ұлыс (облыс) қаламмен басқарылса; ол жердегінің бәрі тілегіне қауышып, нәсібін табады.

2429. Әй, Еліг, менің білгенім осы еді; сұрағыңызға сай мұны айттым.

2430. Еліг: «мұны анықтап түсіндім; тағы бір сөзім бар, оны да айт, даңқтым!» деді.

2431. Енді маған жанашырлықпен айт; Ұлық Хажып қандай адам болу керек?

2432. Ол хажыптарға басшы (ұлық) болсын; жанашырлықпен жан пида болсын.

2433. Оған бегі, елі және өзі сенсін; оларға халық дұға қылысын (тілеулес болсын).

2434. Еліг: «бұл сөзіме жауап бер, мұны айту арқылы менің көзімді жарқырат» деді.

31-бап. Ұлық Хажыптыққа қандай адам керегін айтады

2435. Өгдүлміш жауап берді де сөзді бастап: «Еліг, рахат өмір сүр, мың жаса» деді.

2436. Ұлық Хажып асқан шынайы, әділ, кемел әрі діні толық (иманды) болу керек.

2437. Тегі асыл, мінезі көркем, ізгі болу керек; халыққа пайдалы болып, күні мен айын оңынан туғызсын.

2438. Тегі ізгі болса, адам ізгі болады; ізгі кісі халыққа да ізгілік қалайды.

2439. Ізгі кісіден ізгілік келеді: жеп-ішу (тамақ), киім және мініс көлікпен (елді қамтамасыз етеді).

2440. Болмысы жақсы кісінің артық ауыз сөзі болмайды; артық ауыз сөзі жок кісі өте таза болады.

2441. Қанағатшыл, ұятты және арлы болу керек; ақылды әрі мың түрлі білімді білуі керек.

2442. Қанағатшыл кісі жұмыс барысында пара алмас; Хажып пара алса, күлкі болады.

2443. Пара оңынан шешіліп тұрған шаруаны құртады; пара бітіп тұрған шаруаны кері кетіреді.

2444. Ұяты бар, арлы, мінезі түзу болса; оның сөзі де түзу болады.

2445. Ұяты бар кісі жамандық жасамас; пайдасыз іске жақындамас, кісінің бетіне келмес.

2446. Арлы кісіге бақ-дәулет қонғыш болады; арлы болса құт-берекеге лайық болады.

2447. Ақылды болса, мал-дүние үшін мұнаймас болар; білімді болса, ісінде жаңылмас болар.

2448. Білімді және үлкен кісі өте жақсы айтыпты; өте көп үлес білімділерге тиген.

2449. Бектердің ісін атқару үшін білімділер керек; білімсіз кісі ешнәрсеге жарамайды.

2450. Кімге білімнен үлес тимеген болса; тірі деуге болмас, оны өлі сана.

2451. Адам білімімен өсіп, абырой жинайды; адамдардан үстем болады, барлық ісі өнімді болады.

2452. Білімсіз кісі бос қалып, мүсін секілді; білімді кісінің орны көкте құрметті.

2453. Бұл іске өте ықтиятты және ақылдылар керек; ықтиятымен жұмысына әр береді.

2454. Ақылды болса, пайдасы өте көп; барлық жақсылықта ақылдың үлесі бар.

2455. Ақылсыз кісі – жеміссіз ағаш; аш адам жеміссіз ағашты не қылсын.

2456. Ақылды адам ек дүниенің қамын жейді; ақылдылар аталса, асыл адам атанады.

2457. Ақылды және білімді кісі – нағыз адам; халықтың басшысы, кісінің таңдаулысы.

2458. Жүзі мен киім киісі көркем және сақал-шашы жинақы болу керек; ер дауысты және сөзі анық естілетіндей болсын.

2459. Жүзі мен киім киісі көргенді сүйсіндіретін болсын; тұлғасы Елікке кіріп-шыққанға жарасымды болсын.

2460. Сақал-шашы жинақы адам айбарлы болады; бұл айбарымен ол құрметтеледі.

2461. Құдайдан қорқатын (тақуа), діндар (дін иесі) және арлы болу керек; ары таза болса, мінезі мен ісі де таза болады.

2462. Құдайдан қорқатын, арлы және діндар адам жалқау болмайды, адамдардың барлық жұмысын істейді.

2463. Құдайдан қорқатын (тақуа) кісі халықтың қайғысын жейді; тақуа кісі адамның ізгісі.

2464. Хажып әрдайым елдің көз алдында жүретін болғандықтан көрер көзге көрікті болу керек.

2465. Бұл көрікті жүзін көрген жүздер жайнайды; көңілі ашылады және жаны рахат табады.

2466. Білімділер бұған ұқсас сөз айтыпты; білімдінің сөзін есінде ұста, әй, мінезі таза жан!

2467. «Адам жүзінің көркемдігі өте жақсы нәрсе; жүзінің көркемінен екі көз тояды.

2468. Қоңыр жүздің көркіне қара,оны өзіне бақыт деп біл; әрбір ісің ізгі болғай, басқа сөзді таста».

2469. Пейілі түзу және өте ақылды болу керек; табиғаты сабырлы болса, одан да жақсырақ.

2470. Пейілі түзу кісі берген сөзін ұмытпас; пейілі жаман адам сөзінде тұрмас.

2471. Пейілі түзу болмаса адам досын танымас; ақылы болмаса адам ісін реттей алмас.

2472. Пейілі нашар кісілер бос қалып секілді; барлық істі адам көңілімен жасайды.

2473. Ақылы кемел, сабырлы және көңіл ақ болсын; кедей, тұл және жетімдерге жанашыр көңілі керек.

2474. Зерек және заңды терең білетін болу керек; дүниедегі барлық көркем нәрселер зеректерден келеді.

2475. Көңілі ақ, барлығынан кішік болу керек; тілі жұмсақ шекерден тәтті болу керек.

2476. Көзі жайнап, жайдары болып, күлімдеп тұрса; адамгершілігімен қоса мінезі ізгі болу керек.

2477. Қарапайым сыпайы кісі не деген, тыңда; көңілің мен тіліңді сыпайы ұста, әй, Қыпшақ Ер!

2478. Көңілін қарапайым ұстаса, құт-береке келеді; адамдар күлімдеген жүз, жылы сөзділермен тірлік кешеді.

2479. Күлімдеген жүз, жылы сөзден адам жылу табады; жылу тапқан адам оған құл болады.

2480. Сабырлы және өзін ұстай білсін; көзіне өте абай болып, сөзін тыйсын.

2481. Құлағы сақ, білімі мен ақылы кең болсын; әрекеті түзу және ниеті мен сөзі бірдей болсын.

2482. Барлық жақсылықты жасай білсін, жазу жазсын; барлық ісін біліммен жүргізсін.

2483. Бұл жақсы қасиет пен білім түгел болу керек; соның арқасында ұлық хажыптың жүзі шырайлансын.

2484. Қарасаң, барлық мемлекеттік лауазым ішінде жақсысы және ең нәзігі – хажыптық.

2485. Кім хажып атанса, оған мына бірқанша нәрсе керек; өзі алдында жол көрсетіп, елді ізгі жолға бастасын.

2486. Енді бұған ұқсас шайыр сөзі бар; ол шайырдың сөзі білімсізге көз болады.

2487. Хажыпқа әуелі мына он нәрсе керек; жігі көз, сақ құлақ, кең көңіл керек.

2488. Жүзі, көркі, бойы, тілі, түсінігі, ақылы, білімі; мінезі түгел сай болу керек.

2489. Елігі өзі ұзақ жасасын; бірақ ол Елігінің көретін көзі – ұлық хажып.

2490. Заң, қағида және ережені орнату өте қиын; ұлық хажып оны орындау арқылы қақпа мен жолдарды ашады.

2491. Бұған ұқсас дананың сөзі бар; естіген адам көңіл берсін және алсын.

2492. Бұл хажыптық өте үлкен іс; алайда мұны кей кісі жасай алмас.

2493. Хажыптық қызмет, не бектердің ісін ал; ұлық не кішік немесе өтініш айтушы кісі бол.

2494. Қазынашы, хатшы, тон тігуші, етікші және тапсырма орындаушылармен жұмыс жасайды.

2495. Сондай-ақ, жат-бейтаныс елшілердің келіп-кетуіне, оларға ас және сыйлық берілуіне қарайды.

2496. Олардың қонатын жерін көріп, жейтін тамағын айқындайды; сыйлығы барлар мен сыйлығы жоқтарға бір шарасын қылады.

2497. Жолға шықса адамдарға басшылық етер; заң мен қағиданы аяқасты қылмайды.

2498. Кедей, тұл және жетімнің өмірбаянын, өтінішін тыңдап, өтінгенін берсін.

2499. Зұлымдыққа ұшырап, әділдік сұрағанды уақытында қабылдап, жол көрсетіп, көмектесетін болсын.

2500. Және іштегі мен сырттағы әділетсіздікті тексерсін; оны тыйып, әділдік орнатсын және оны мемлекет басшысына айтып берсін.

2501. Бұл барлық үлгілі істерді, күмәнсіз, ұлық хажып өз қолымен жасайды.

2502. Бұл істердің бәріне көмек содан келеді; егер жасалмай, ел бұзылса да содан келеді.

2503. Әй, Еліг, хажыптар бірнеше жерде ықтиятты болу керек, тіпті соған қаттырақ күш салу керек.

2504. Бірі, Елігтің сөзін берік, қатты ұстану керек; екінші, жеке пікірі мен ақылын тізгіндеу керек.

2505. Үшінші, Елігтің алдына кіргенде өзін дұрыс ұстай білсін, аузынан бос сөз шығармасын.

2506. Пара алмасын, жүктелген барлық ісін орындасын; бектен жырақтаған ізгі оған кісілерді жақындатсын.

2507. Әй, Еліг, кісінде мына екі нәрсе болса, оны жұмысқа алма және қол ұшын берме.

2508. Бірі, тілінен жалған сөз шықса; енді бірі, тура жолдан тайдыратын теріс мінезі болса.

2509. Осы екі мінез кімде болса, әй, Еліг, оны жаныңа жақындатпа.

2510. Қара, бұдан басқа үш мінез бар, ол мемлекет қызметкерінің ісі; оны сақтамаса, өз басын жұтады.

2511. Бірі, естіген сөзін берік әрі қатты ұстансын, екіншісі – әділетсіз іс көрсе, көз жұмбау керек.

2512. Үшіншісі – өзіне ие болсын және әділ болсын; осылайша өмірін сүйінішпен кешірсін.

2513. Данышпан әрі білімді бек не деген, тыңда; бұл сөзді ұстансаң саған өте жақсы болады.

2514. «Басыңды сақтағың келсе, басшының сөйлейтін сөзін алдына түсіп сөйлеме; мемлекетке қарсы келіп, басыңды жұтпа!»

2515. Надан мемлекетке қарсы келсе, басы кетеді; сөзімен қарсы келсе, тісін сындырады.

2516. Көп көрдім, лайықсыз кісілердің мемлекетке қарсы шығып, жазықты болғанын, басы кесілді.

2517. Көп есіттім, бұл тіл сөйлегенде көңіл сырын ашып, адамды жаралаған.

2518. Данышпан және білімді кісілер: «Өз сөзіне ие болмаған адам басын жұтады» деп айтыпты.

2519. Хажыптар өзіне қатты абай болу керек; Еліг алдында көзіне және кеңес беерде сөзіне абай болсын.

2520. Уақыты болмайынша (шақырмайынша Еліг алдына) өзі кірмесін; сұрамай тұрып кеңес бермесін.

2521. Ақылды сөзінде не дейді, тыңда; ақылдының сөзі рухани жолды ашты.

2522. Билеушілерге уақыты келгенде жүзінді көрсет; сұраған уақытта сөйле, сөзіне жауап бер.

2523. Барлық нәрсенің уақыты, мерзімі белгілі; уақыты келгенде екі көз көреді.

2524. Бар жақсы қасиеті мен білімі осындай болу керек; ұлық хажыптың арқасында билік нығайсын.

2525. Әй, Еліг, менің білгендерім осы; міне, сұрағасын соған сай айттым.

2526. Еліг: «сөзінді тыңдадым, түсіндім. Сенен тағы бір сұрақ сұрайын» деді.

2527. Енді маған Хан сарайын басқаратын адам туралы айт; бұл істі атқаруға қандай ер керек?

32-бап. Хан сарайын басқаратын адам қандай болу керегін айтады

2528. Өгдүлміш жауап берді де, Елігке былай деді: «Әй, жан-дүниесі таза жан, тыныштықта аман-есен өмір сүр».

2529. Хан сарайын басқаратын әмір өте жанашыр болу керек; Елігке жан-тәнімен адал қызмет ететін жанашыр болу керек.

2530. Қараңғы түнін Хан сарайында өткізіп; таңын сонда атырсын, жарық күнді сонда батырсын.

2531. Заң мен ережені біліп қызмет қылсын; мінезі жұмсақ, болмысы карапайым болсын.

2532. Дастарханы кең, өте жомарт болсын; алтын, күміс беріп маңына көп адам жинасын.

2533. Кешке жатар уақыт болғанда жатпас бұрын күзетшілерді орнына орналастырсын.

2534. Қайдан екені белгісіз бейтаныс біреу келсе, сұрақ-жауап алу керек; оны ұйқысы сергек, ояу біреуге күзеттіру керек.

2535. Хан сарайының барлық есігін тексеріп, бекітіп шықсын; сонда ғана оның бүгінгі барша жұмысы түгел болғаны.

2536. Кештен таңға дейінгі күзетшілері орнында тұрсын, содан соң ол ерте тұрып, сарай қызметін бастасын.

2537. Егер қабылдау уақыты болса, Елігке кіріп көрінсін; барша жұмыс тобын (ұжымын) жинап, оларды басқарсын.

2538. Өзі Елігке көрініп шықсын, алдында көп тұрмасын; есікке өзінің орнына кісі қойсын.

2539. Мемлекет қызметкерлері топ болып Елігтің алдына кірерде олардың лайықты және лайықсызын бір тексеру керек.

2540. Егер қабылдау уақыты бітсе де, өтініш айтушы кісілер болса, Хан сарайының әмірі оны алып кірсін.

2541. Оның арызын қабылдап, өтінішін орындап; мұқтаж кісілерге көмек берсін.

2542. Оларға Елігтен алтын, күміс және материалдық көмек алып берсін; біріне лауазым, біріне жұмыс алып берсін.

2543. Бірі шын көңілмен жақсы көріп қызмет етеді; қайсыбірі қызмет етпей, босқа жүреді.

2544. Іске жарамдысы қайсы, пайдалысы қайсы? болатыны қайсы, қабілеттісі қайсы?

2545. Оларды Елігке айтып, бір-бірлеп анықтап берсін, лайықтысын жоғарылатсын.

2546. Қызметкерлердің алдына шығып, Елігтің қуанышты жарлықтарын оқып берсін; мемлекет қызметкерлерінің көңілі осылай жылысын.

2547. Хан сарайындағы отыратын және тұратын жерлерге тәртіп орнатсын; тәртіп орнатылсын біреуі бос қалмасын.

2548. Сырттан келген бейтаныс және жат кісілерге қарасын; дос, жолдас кісілерді құрметтесін.

2549. Хан сарайының асханасына кірген тамақ, асты өз көзімен көріп тексерсін; жарамсызын көрсе, өзі тыйым салсын.

2550. Шығарылған шырын тексеріп сақтасын; оған жолда ешкімнің қолы тимесін.

2551. Хан сарайынан тамақ, ас шығарса; оны бектің атынан сыбаға ретінде барлығына үлестірілсін.

2552. Іште және сыртта ешкімді құр қалдырмас үшін қанша ас тарату керегін алдын ала білсін.

2553. Екі нәрсе Еліктің даңқын арттырады; Мемлекеттегі туы мен төрдегі дастарханы.

2554. Басқа екі нәрсе де хан сарайының көркі; ол Еліктің даңқын өсіріп, беккеге жол ашады.

2555. Оның бірі, азат рухты Ұлық хажып; бірі, іскер әрі пайдалы Хан сарайының әмірі.

2556. Осы екі кісінің арқасында Хан сарайының ісі реттеледі; Еліктің аты ұлықталып баршаға жайылады.

2557. Ыдыс жуушы, төсек салушы, аспаз және тушыны (туға жауапты адамды) көз алдында ұстасын.

2558. Құсбегі, аңшы, оқшы және садақшыны әрдайым хан сарайының ұстасын.

2559. Ол жерден шығып, ұжымдастары мен жолдастарын үйіне ертіп барсын; ас жегізіп, өзі де бірге болсын.

2560. Жегізсін, ішкізсін, қарнын тойдырсын; құр қайтармасын, өзінде барын берсін.

2561. Өзіне бір ат, тон және қару-жарағы қалса жеткілікті; аз қалса жетеді, қалғанын үлестіріп берсін.

2562. Қызметке жат, бейтаныс кісілер келсе, тексеріп алып, оның қонатын жері (отауы) мен көмекшісін тағайындасын.

2563. Еліктің алдына бармас бұрын оны тексерсін; ас-тамағына, орнына, аты мен киіміне назар аударсын.

2564. Сарай қызметкерлерінің қал-жағдайын сұрап тұрсын; аш па, тоқ па, киімі тозбады ма.

2565. Қолы тарылып, киналғандар бар ма; киналғандарға қолдан келгенше хақысын берсін.

2566. Біреуі сарайға біршама уақыт келмей қалса, сұрасын және не болғанын білсін.

2567. Егер ауырып қалса, жағдайын сұрау керек; жауапсыздық танытса, тыю керек.

2568. Мұның барлығы бекке деген жанашырлық; оның камын ойлап адал қызмет еткені.

2569. Қызмет қылған және қызметімен бекке құрметті болған кісі не деген, тыңда.

2570. «Қызметкер бекке жанашыр болуы керек; жанашыр деген кісілер адал қызмет етеді».

2571. Шынайы жанашыр және адал қызмет ететін жан жарты күнде биліктің іргесін берік қылады.

2572. Шынайы жанашыр қызметші өз пайдасын ойламайды; ол әрдайым ізгілік қалап, Еліктің пайдасын ойлайды.

2573. Қыр гүлі пайдалы болса, мен оның құлымын; гүл зиянды болса, оны тамырынан кесемін.

2574. Жаны ашымайтын, пайдасыз ұлдан гөрі, жанашыр қызметкердің пайдасы жоғары.

2575. Пайдасыз, қайырсыз болса туысың болса да таста; қайырлы дос тап, жақсылықта бірге бол.

2576. Сөзі жылы, тілі шырын болсын; көңілін қарапайым ұстасын және жүзі жарқын болсын.

2577. Қатулы жүз, ащы сөз кісінің көңілін суытады; оның зияны өмірде ұмыттырмайды, көңілде қалады.

2578. Енді бұған ұқсайтын мына бәйітті оқы; сөздің мәнін терең түсін.

2579. «Адам сөзімен сөгіп, тілімен ашындырса; ол сүйекке сыз, жүрекке от болады».

2580. Ұрған қамшының жарасы жазылар, ізі тез кетер; ал сөккен тілдің ащысы жылдар бойына бітпейді.

2581. Егерде бек сапарға, саятқа, ойынға (ат үстіндегі доп ойыны) немесе елді аралауға аттанса,

2582. Ондай жерде бекті өте сақ күзету керек; қауіп-қатер мен қастандықтың алдын алу керек.

2583. Егер бектерге осындай қатер келсе, ат үстінде, саятта, құс атқанда, сапарда келеді.

2584. Сенімсіз біреу болса, оны алыстату керек; сезікті біреу болса, одан сақтану керек.

2585. Бекке сенімді, шынайы, жақсы көретін, жанашыр кісілер ғана жақын жүрсін, оның басын қорғасын.

2586. Әскербасы қорғаныс жасағын басқарғанда; олардың алға шығып кетпеуін және артта қалып қоймауын жіті қарасын.

2587. Кіші лауазымдылар жоғары лауазымдылардың арасына кірмесін; ұзақта және сыртта болуы тиіс кісілер жақын келмесін.

2588. Сарайда тұратын жері, орны қандай болса, қорғаныс жасағы бұл жерде де солай болу керек, әй, Ұлық!

2589. Хан сарайын басқаратын әмірдің жанашырлығы (адалдығы) осындай болу керек, әй, әлемді билеуші жомарт!

2590. Хан сарайының әміршісі осындай болу керек! Ол бектің нанын жеп, тапсырмасын орындаған адам.

2591. Міне, мен айттым, Еліг тыңдады; егер таңдаулы адамды қаласа, білімдісін таңдасын.

2592. Еліг: «мұны анық түсіндім, тағы бір сұрағым бар, маған үлгі ретінде айт» деді.

2593. Сенің білетінің күмәнсіз, әлемнің басшылары мемлекетінен бір мемлекетке елші жібереді.

2594. Маған маманы ретінде кеңес айт; елден елге елші жіберіледі.

2595. Елшілікке қандай адам керек? Оған бектер сеніп, жер жүзі оны қабылдасын.

33-бап. Елшілікке жіберуге қандай адам керегін айтады

2596. Өгдүлміш жауап берді де: «Еліг бұл мәселеде білімін жақсы жетілдіру керек» деді.

2597. Елшілікке халық арасындағы таңдаулы, білімді, ақылды, таза және жүректі кісі керек.

2598. Баят (ежелден бар Тәңір) құлдарының ең таңдаулысы, адамның ең жақсысы – елшілер.

2599. Көптеген түрлі істі елшілер реттейді; оң нәтижелі істер елшінің арқасында келеді.

2600. Елші болған адам ақылды, сак және сабырлы болсын; сөзді жори білу (сөз астарын ұғу) үшін білімді болу керек.

2601. Және сөздің астары мен тура мағынасын білсін; соның нәтижесінде ісін реттеп, оны жүргізсін.

2602. Әлем билеушісі, халықты басқарған, білімді және жақсы адам не дейді, тыңда.

2603. Ел ішіндегі таңдаулы, ақылды адамды тани біл; білімді адамды елге басшы қыл.

2604. Қай істі де әуелі ақылға салса; сонда бұл іс нәтижелі болады, оны тәжірибемнен көп көрдім.

2605. Ғалым қай істе білімін жетілдірсе; оған қолы жетеді, ұстайды, қолына алады.

2606. Адам әр ісінде ақылын қолданып, біліммен бастаса, көптеген ісін реттейді, жасайды.

2607. Елші қанағатшыл, көңілі тоқ, елге жанашыр, бүкіл болмысы шынайы, әділ және шыншыл болу керек.

2608. Жанашыр адал қызметші Елігтің пайдасын қалайды; Елігтің пайдасын қалаған кісі оны жақсы көреді.

2609. Басшысына пайдалы болғандар – адал жанашырлар; адал жанашыр тапсаң, өзің бауырыңа бас.

2610. Жанашыр адал қызметкерді бауырым деп сана; бауырдан да жақынырақ жүрек қан тамырыңдай.

2611. Ашкөз кісінің жаны (құл болар) азат болмас; ондай ашкөздер елшілікке лайық емес.

2612. Қанағатшыл кісі кедей болса да, бай саналады; сабыр етсе, әрбір істе нәтижелі болады.

2613. Ашкөз адам тіленші, тіпті жауыз тіленші; тіленші кісінің бір аты бейшара.

2614. Қанағатшыл кісі не деген тыңда, қанағатшыл кісі ең бай адам.

2615. Ашкөздік кімді кедей қылса, оны бұл әлемнің байлығы тойдырмайды және бай қыла алмайды.

2616. Кімді құлқыны құл қылса, оны одан өлім ғана құтқара алады.

2617. Ашкөзге үгіт, насихат берген, білім берген кісі тағы да жақсы айтыпты.

2618. Күмәнсіз, шынымен бай болғың келсе; көңіл байлығын қала, әй, даңқты, ержүрек!

2619. Қанша құл болса да, қанағатшыл адам ол – бек; ашкөздің билігінен осы құлдық жақсы.

2620. Қандай да бір бек ашкөз болса, кедей ол, кедей; қайсыбір құл қанағатшыл болса, онда ол көңілі бай бек.

2621. Елші ұяты бар, сабырлы және арлы болу керек; арлы болуымен бірге түрлі білімді білсін.

2622. Ұят болмаса адам арсыз болады; ұятымен адам дұрыс әрекет етеді.

2623. Сабырының арқасында адам «асып адам» атанады; арлы болса мінезі өзін жақсы көрсетеді.

2624. Ерде зеректікпен қатар білім де болсын, бұл біліммен істе жақсы нәтижеге қол жеткізеді.

2625. Бұл бәйітті оқы, не дегенін тыңда; барлық істі біліммен бастап, соған сай әрекет ет.

2626. «Әрбір істі ақылмен аңғар, біліммен біл; күнің берекелі олсын, өмірің берекеленсін».

2627. Адам қалауына зеректігімен қол жеткізеді; әуелі білім үйрен, ақылмен түсін, сосын ісінді жаса.

2628. Зеректігімен түрлі жазуды білсін; жазу білсе адам зерек болады.

2629. Жазса, оқыса, сөз тыңдаса; одан пікір қорыта білген адам өзі ғалым болады.

2630. Түрлі жақсылықтың бәрін білсе; бұл жақсылығымен жүзі жарық болады.

2631. Көп кітап оқыған және не сөйлейтінін білетін болсын; өлең-жырды түсінуі және өзі де өлең шығаруы керек.

2632. Медицина мен астрономияны білсін және түс жори білсе, ол жорыған түс дәл келсе.

2633. Есеп пен геометрия білімін білсін; сан мен оның түбірі және жер өлшеу ілімін (картография) білсін.

2634. Сосын нард пен шахматты жақсы ойнай білсін; қарсыласын жеңе білсін.

2635. Найзагер, садақшы мерген болсын; әлемде озық құсбегі әрі аншы болсын.

2636. Сөйлегенде барлық тілді білсін; барлық жазуды білсін әрі жазсын.

2637. Елші осы секілді барлық жақсылықты білетін болу керек, осылайша қалауына қол жеткізеді.

2638. Елші зерек, білімді және ықтиятты болса, барлық жерде жақсы қарсы алады және Еліг үшін пайдалы болады.

2639. Елші жауыз болса, ешкімге бағынбай бос жүрсе; онда күмәнсіз бектердің қадірін кетіреді.

2640. Елшілікке баратын адам өте жақсы болу керек; әрбір іске шын жүрегімен кіріссін.

2641. Ол жақсы қасиетінің қайсысын өткізсе де, қарсыласын жеңіп, өзін құрметтетсін.

2642. Ол әртүрлі адамның сөзін тыңдасын; оны ұға білсін, оның айыбын жасыра білсін.

2643. Елші осындай жақсы қасиеттерге ие болсын; Бектің даңқы өсіп, аты елде ұлықталады.

2644. Бұл істерді білген Көк-айық не дейді, тыңда; мұны ұқпаған адамның ақылы жоқ.

2645. Кімнің бойында жақсы қасиеті мол болса, оның аты жайылады; егер жақсы қасиеті болмаса, атаусыз қалады.

2646. Кісі бойындағы жақсы қасиеті арқылы адамдардан озады; жақсы қасиеті көп болса, көкке көтеріледі.

2647. Адам жақсы ниетімен қолын созса, биік таулардың басын идіріп, жерге әкеледі.

2648. Сөз астарын ұғатын және табан асты жауап беретін тапқыр болуы керек; Сұралған сұраққа дұрыс жауап беруі де сауап.

2649. Арақ ішпейтін және өзін жақсы ұстай білетін болу керек; өзін ұстай білген адам биліктің тірегі болады.

2650. Білімді адам арақ ішсе білімсіз болады; білімсіз есірсе баска не қалады?

2651. Арақ – білім мен ақылдың жауы; арақтың аты – ақиқатында, төбелес және керіс.

2652. Адам қаншалықты ақылды және білімді болса да; араққа бас қойса, өз ісін құртады.

2653. Адам қаншалықты ұятты, нәзік және жақсы мінезді болса да, арақ ішсе мінезі әдепсіз болады.

2654. Әй, жаны таза жан, өкініштісі, адам ұятын, есін, ақылын және білімін арсыз араққа береді.

2655. Арақ ішпе, арақ ішсең адамның құты қашады; арақ ішкеннің аты ақымақ және жынды болады.

2656. Қарынға шарап кірсе, сырыңды шашады; бұл ашылған сыр (сөз) өзегінді өртеп жандырады.

2657. Бұл бәйітті айтушы не деген, тында; оқысаң ішкі мен сыртқы мазмұнын түсінесің.

2658. Егер есіртуші шарапты ішсең, көңіл сырыңды ашып, ішіндегіні сыртқа шығарасың.

2659. Білімді арақ ішсе білімсіз болады; білімсіз арақ ішсе кішкентай баладай болады.

2660. Тілге шешен және көңілі кең болу керек; сөзге шебер және ақылы асқан болу керек.

2661. Тілге шешен кісі қай жерге де сіңімді болады; сөзге ұста адам сөйлесе шаруа шеше алады.

2662. Зерделі және сөзді ұмытпайтын құймақұлақ болу керек; қандай сөз естісе де, есте сақтап қалсын.

2663. Жүзі сұлу, келбеті көрікті және сұңғақ бойлы; сақал-шашы жинақы және адамдардың ішіндегі бойы жақсырағы.

2664. Өзі мәрт және қайырымы мол болсын; кісінің қадірі бұл екеуімен өлшенеді.

2665. Сөзі жұмсақ, шекердей тәтті болсын; тәтті сөзге ұлық та, кішік те жұмсарады.

2666. Елшінің ісі әрқашан сөзбен шешіледі; сөзі жақсы болса, тілегіне жетеді.

2667. Мемлекет билеушісі осындай кісі тапса, оған елшілік лауазымын берсін.

2668. Ұзақтағы жат-бейтаныс немесе жақындағы өз адамдарына оны елші ретінде жіберсін.

2669. Еліг: «есіттім, ұқтым мұны, тағы бір сөзім бар айтып бер маған» деді.

2670. Сен маған тағы да кеңес айт; менен саған сөзіңнің хақысы өтеледі.

2671. Әй, зерек жан, хатшы қандай болу керек; бек оған сеніп, жазбасын жаздырсын.

34-бап. Хатшы қандай болу керегін айтады

2672. Өгдүлміш жауап берді де: «Еліг бұл мәселеде жақсырақ білу керек» деді.

2674. Бектер өзі қанша білім білсе де, сөзін жазатын хатшы керек.

2675. Хатшыға ішкі сырын айту керек; аз болсын, көп болсын хатшы оның бәрін сақтау керек.

2676. Бұл сырды сақтау үшін ол шыншыл болу керек; дінге берік, иманы кәміл болу керек.

2677. Егер хатшы сөзді құпия сақтамаса, бектің сыры ашылады, сөйтіп өзін де отқа итереді.

2678. Бектер сырын қанша жерден құпия ұстаса да, мына екі кісіге айтуға мәжбүр.

2679. Бірі – хатшы, бірі – уәзір; бұл екі кісі бектің сырын ашпауы керек.

2680. Осы екі кісіге сырды ашу керек; олар сырын ашып қойса, мойнымен көтеру керек.

2681. Сырдың бәрі осы екі кісіде болады; бұлар сырды сақтамаса, өз ісін өзі бұзғаны.

2682. Өтүкен бегі өте жақсы айтыпты; сөздердің ең жақсысын саған тілімен жеткізіпті.

2683. «Әй, бектердің сеніміне кірген адам, сырды (мемлекет құпиясын) берік сақта; сырды сақтамасаң, дереу басың кетеді».

2684. Бұл ауыздың мысалы үңгір секілді; ол жерден сөз шықса, азанғы таң секілді жер бетіне жайылады.

2685. Әлемге жайылса, қайта жиналмайды; оны бүкіл халық есітті, оны жасыра алмайды.

2686. Ауыздан кейде от, кейде су шығады; бірі істі реттейді, бірі бүлдіреді.

2687. Керексіз сөз от секілді күйдіреді; оны аузыңнан шығарма, өзің күйесің.

2688. Тілден шыққан жақсы сөз аққан су секілді; қайда ақса, гүл өніп шығады.

2689. Әй, данышпан, ғұлама атанған адам, көңіл сырын (мемлекет құпиясын) өте қатты сақтау керек.

2690. Мына бәйітті оқы, не деген, тыңда; әй, көңілімді өсіруші, көңіл сырын (мемлекет құпиясын) жасыр.

2691. «Көңілдің сырын (мемлекет құпиясын) берік ұстау керек, сен оны айтпа; егер айтқан болсан, өмірің өкінішпен өтеді».

2692. Қызыл тіл – қара басыңмен жауласқан дұшпан; оны жауласқан дұшпан деп біліп, сөйтіп, рахат өмір сүр.

2693. Хатшы білімді және ақылды болу керек; хатқа жүйрік, ділмар және одан да жақсырақ болу керек.

2694. Хаттың сөзі шебер жазылса, көңіл жібиді; оны көргендер оқығысы келеді және көңілі жұбанады.

2695. Хаттың мәтіні егер ділмарлықпен жазылса, жазылған мәтіннің тілі өте жақсы болғаны.

2696. Іле өлкесінің хатшысы не деген, тыңда; жазба тілдің стилі – өте жақсы стил.

2697. «Барлық жақсы сөздер хатшыдан табылады; жазылған сөз ұмытылмастан қалады.

2698. Жазатындар кітаптарын жазбаған болса, бұл даналық пен білімді қалай білер едік?!

2699. Данышпандар мен ғұламалар жазып қоймаған болса; бізден бұрынғыларды кім айтатын еді.

2700. Адамдар арасында жазу жоқ болса, тілмен айтқанға кім сенетін еді.

2701. Адам елден елге хабар жібереді; хатқа жазылмаса сөз неше мәрте сөйленеді (түрленеді).

2702. Жазу өте қатты керек; бектер мемлекет ісін жазумен басқарады.

2703. Бектер ісіне (мемлекет ісіне) мына үш түрлі кісі пайдалы, әй елдің басшысы!

2704. Бірі – білімді, ақылды және дана кісі; тағы бірі – сыр аманат етілген хатшы.

2705. Үшіншісі – батыр, мәрт және ержүрек адам; жауға және бөріге қарсы осындай батырлар керек.

2706. Түсінігі мол, білімді, ақылды және дана кісілер кеңесу үшін пайдалы, оған сөз жоқ.

2707. Бүкіл мемлекеттің барлық ісін реттеген жазу; зерек адам мемлекетінің келешегін жазумен қалдырады.

2708. Батыр адамдар қылыш алып, оны қолданса; жауына бас игізіп, оны жаралайды.

2709. Осы үш түрлі адам қай жерде жұмылып біріксе, барлық арманына жетіп, тілегенін табады.

2710. Бұлардан кейінгі бір қауым қалың жұрт; бұл үшеуіне ұйып, ізінен баратын боталар.

2711. Егер елдерді жаулап алу керек болса, қылышпен алады; ал мемлекетті басқару керек болса, қаламмен (біліммен) басқарылады.

2712. Мемлекет білім және ақылмен басқарылады; сол үш нәрсемен адам әлемге әділдік орнатады.

2713. Билеуші мемлекет пен заң ісін біліммен бастайды; барлық істі ақылмен істейді.

2714. Қылыш мемлекеттерді жаулап алар, халық жеңіске жетеді; ал қалам мемлекетті реттеп, қазынаны толтырады.

2715. Қылыш хан тамызса, билеушілер елдерді жаулап алар; қаламнан сия тамса, алтын келеді.

2716. Өткен заман мен келер келешекті және әлемді ұстап тұрған мына екі нәрсе.

2717. Әй, билеуші, бұл екі нәрсе үлкен жақсылық; данышпан билеуші мұны жол (дәстүр) ретінде ұстансын.

2718. Енді бұған ұқсайтын бір сөз бар; әй, өзгі адам, сен мұны тыңда.

2719. Адамның білімді болуы өте үлкен артықшылық; адамның қылыш қолдана білуі одан да артық жақсылық.

2720. Таңдаулы және жақсы бір мемлекеттер қылышпен жаулап алынады; каламмен басқарылады, барлығы арманына жетеді.

2721. Хатшы қанағатшыл болуы керек, тіленші болмауы керек; шыншыл, адал жанашыр және жан дүниесі кең болу керек.

2722. Қанағатшыл кісі мал-дүниеге сұқтанбайды; ондай кісі мал-дүниеге алданбайды.

2723. Кісі тіленші болса, құлқынның құлы болады; әй, толған айдай көріктім, сен оны мал-дүниемен жарылқа.

2724. Тіленші адам қанша жерден бек болса да, құлмен тең; тіленші адам әрқашан адамның қоры болып қала береді.

2725. Хатшы қанағатсыз болса, білімін бұзық жолға қолданады; ындыны үшін жазады және жазбаны бұрмалайды.

2726. Ол алтын-күміс көрсе алданады; иесінің басын жұтады не өзі басынан айрылады.

2727. Адал қызметкер есікті жастық секілді жастанады; іздеген уақытта әрдайым хан сарайында тұрады.

2728. Адал қызметкер бегінің пайдасын қалайды; жанын, тәнін және малын бегіне арнайды.

2729. Хатшы арақ ішпейтін және мінезі таза болу керек; адамға жат мінезді бойынан алыстатып, ары таза болсын.

2730. Хатшы арақ ішсе, білімнен алыстайды; білімнен алыстаған жазудан адасады.

2731. Хатшы ертелі-кеш сарайды тұруы керек; қай уақытта керек болса, сол кезде дайын болу керек.

2732. Адамдардың арасынан мына екі кісіні таңда; оларға мына екі істі тапсыр.

2733. Бірі – хат жазуды білген хатшы; бірі – шешен тілді елші.

2734. Жақын-жуықпен немесе жат, бейтаныспен арада өкпе-реніш, дау шықса, демек, осылардан кесірі.

2735. Басыңа жаман іс түссе, осы екі кісіден; ісің оңға басса да, осы екі кісіден.

2736. Бірі жазуда сөзден жаңылса, бірі сөзді тілімен түзеу керек.

2737. Әй, Еліг, хатшы осындай болу керек; сонда ғана оған сеніп, билік беруге болады.

2738. Осындай кісіге сенсе болады; өзің жақсылық қаласан, содан келеді.

2739. Әй, Еліг, менің білгенім осы еді, Елігке айттым, жұмысым бітті.

2740. Еліг: «бұл ақылынды түсіндім, тағы бір сұрағым бар, оны бүгін айт» деді.

2741. Маған айт, қазынашы қандай болу керек, оған бектер сеніп, мал-дүниені тапсырса.

2742. Қазынадағы алтын мен күмісті ұстасын, ол адам жұмысты айтқанымдай нәтижелі жасасын.

35-бап. Қазынашы қандай адам болу керекін айтады

2743. Өгдүлміш жауап берді де: «әй, мемлекет билеуші, алтын мен күміс жақсы дүние әрі жанның емі» деді.

2744. Құпияны жаймай, оны сақтай білу үшін қазынашы өте шыншыл, сенімді, жақсы және тура (әділ) болу керек.

2745. Әлемді кезіп, мал-дүниеге ие болған саудагерлердің басшысы не деген, тыңда.

2746. «Тәтті (сүйікті) нәрсе – жан, жаннан да артығырақ сүйікті нәрсе – алтын мен күміс; ол жаннан да артық жақсырақ көріледі.

2747. Бұзылған көңілді күміс қалпына келтіреді; иілмеген кісіні күміс иілдіреді.

2748. Адам күміс көргенде көңілін бұрмаса, шынымен оны періште десе жарасады.

2749. Алтын көргенде қатыгез адамның өзі жұмсарды; дөрекі адамның да сөзі жұмсарды».

2750. Байлығы артып, құт-берекесі тасуы үшін қанағатшыл, көзқарасы мен әрекеті сенімді дұрыс болу керек.

2751. Көп мал-дүние көрген, көзі тойған болсын; және Алладан жүрегімен қорқатын болсын.

2752. Адал мен арамның аражігін айыра білсін; жарамды мен жарамсызды таңдай білсін.

2753. Қанағатшыл кісілер байлығыңа құнықпайды; шыншыл және тура кісілер өз жанын ғана ойламайды.

2754. Кішкентайынан алтын, күміс көрген кісілер ашкөздікке көп ұрынбайды.

2755. Егер Алладан жүрегімен қорқатын болса; күмәнсіз, бұл ер тура жолды ұстайды.

2756. Әділдік – құнды байлық, барлық ізгілік оның пайдасы; бұл пайдамен адам мәңгілік бақыт табады.

2757. Адам әділ болса, өмірі ізгілікке толы болады; өмірі ізгілікке толы болса, құт-берекесі мәңгі болады.

2758. Шын жанашыр не дейді, тыңда; әй, әлемнің тірегі, бұл сөзге сай әрекет ет.

2759. Көңілің мен сөзің түзу, әрекетің сенімді болсын; сонда дүниенің бүкіл бақыты саған келеді.

2760. Әділ болсаң, өмірің берекеленеді; құт пен қуаныш ішінде сау-саламат өмір сүр.

2761. Қазынашы болған адам жанашыр, ықтиятты, сақ және зерек болу керек; адам зеректігімен мыңдаған істі реттейді.

2762. Ұяты бар, ақылды және түсінігі мол болуы керек; ұятсыз кісіден жырақ тұр, одан түңіл (без).

2763. Ұят – адамды жараспайтын істерден тиюшы; ұят – мінезі бұзық кісіні жөнге салушы.

2764. Қазынашы арақ ішпейтін және нәпсіге ермейтін болсын; нәпсіге ермей, өзін ұстай білген адам құт-береке табады.

2765. Арақ ішкен адам мал-дүниеге жомарт болады; қазынаны кісіге үлестіреді, қайтарымын алмайды.

2766. Бұл істе қазынашының сараңдау болғаны жақсырақ; сараңдықпен мемлекеттің мал-дүниесін сақтайды.

2767. Жанашыр қызметкер адал болады; адал қызметкер бегін бай қылады.

2768. Адамдардың таңдаулысы – жанашыр кісі; жанашырды жіберме, ұста, әй, елдің қалаулысы!

2769. Қазынашы ықтиятты болса, жұмысы тұраламас; қазынаны есеппен ұстаса, өзін отқа итермес.

2770. Ақылы болса адам ештеңені ұмытпайды; санап есептеп, сақтанып істейді, жаңылыспайды.

2771. Ақылсыз кісіні көрсен, ұмытады; ақылсыз қазынашы өз жұмысын құртады.

2772. Түрлі есепті жүргізу үшін зеректік керек; егер зерек болмаса, қазынашы есебін шатастырады.

2773. Барлық жазбаны оқып, оны жаза алатын өз ісінің маманы керек; есебін жазып сақтаса, аман қалады.

2774. Есепті жазушы барлық кіріс пен шығысты жазуы керек; және барлық мәлімет жазылып сақталуы керек.

2775. Жылы, айы және күні жазылып, уақыты белгілі болсын; саны, айырма-сы ашық белгілі болар.

2776. Есептің сақтығы, күмәнсіз жазылып сақталғанда ғана сенімді; жазылып қойса, есеп шығар жолға есік ашады.

2777. Жанашыр кісі не деген, тыңда; қызметкер әр ісінің есебін берік ұстасын.

2778. Жазылып сақталмаған іс ойда берік сақталмайды; ойыңа сенбе, жаз, әй, ұл!

2779. Сөз жазылса қалады, салғырттық танытса жоғалады; қызметкер осал болса, есеп берерде өкініп қалады.

2780. Қазынашы барлық есеп жазбаларды білетін болсын; оны сақтап, ісін жүргізісін.

2781. Қай қызметкер есепте салғырттық танытса, есеп бергенінде өкінеді және басын тасқа соғады.

2782. Төрт амалды ойша есептеуді артығымен жетік білсін; ақылы мен миын есеп шығарумен пісірсін.

2783. Сен, төрт амалды ойша есептеуден өтерсің; кейін геометрия есебін қолға алуың керек.

2784. Назар аударсаң, геометрия – нәзік есеп; мұнымен жер мен көкті есептеуге болады.

2785. Данышпан ғалым не дейді, тыңда; білімдінің сөзі ас секілді желінеді.

2786. Геометрия – өте терең есеп; ол тіпті ғалымдардың да басын айналдырады.

2787. Бұл жеті қат көкті бір үйдей бөліп көрсетеді; жер жүзіндегі тауларды (төбелерді) түйір-түйірдей қылып, айыра біл.

2788. Білімді, ақылды, мінез-құлқы түзу болуы керек; ақылды кісілердің барлық ісі кәсіби болады.

2789. Білімді кісілер шыншыл, әділ болады; әділдік қайда болса, күн жарық болады.

2790. Ақыл болмаса, адам өзін ұстай алмайды; білім болмаса, адам ісін реттей алмайды.

2791. Қазынашының жұмысы сарай ішінде болады; онда өзіне өте сақ болсын ондай кісі.

2792. Оған оттың жалыны, түтіні тимес үшін ойы мен сөзін тура ұстап, мінезі мен әрекетіне абай болсын.

2793. Көзіне қатты абай болсын, тіліне абай болсын; нәпсісі мен қалауын ақылымен тізгіндесін.

2794. Көздің көргенін көңіл қалайды; көңілдің қалауына кім қарсы тұрады?!

2795. Көңіл – бойдан жеті қат жоғары би; би бастаса, артынан халық түгел жүгіреді.

2796. Білімді сөзін өте жақсы айтыпты; әй, жігіт, көзің мен көңіліңе абай бол.

2797. Тән мен жан өзінен жеті қат жоғары көңілге бағынады; адам көңілімен ауыр жүк арқалайды.

2798. Сезімсіз кісі бос қалып пен қуыршық (мүсін) секілді; сезімсіз кісі ғалым атын жояды.

2799. Қазынананың мал-мүлкі босқа шашылмау үшін қазынашы ұқыпты, сақ әрі сараңдау болу керек.

2800. Жомарттық өте жақсы, оны қоюға болмайды; бірақ кісі мүлкінен жомарттық болмайды.

2801. Сауданың барлық түрін білетін кәсіпкер болуы керек; сауда білмесе адам пайда таба алмайды.

2802. Барлық тауар мен заттарды білуі керек; қымбаты мен арзанын тануы керек.

2803. Заттардың құнын білсін, алданбасын; саудада, айырбаста желінбесін.

2804. Алғанда, бергенде қарым-қатынасы сыпайы болсын; үлкенге, кішіге жылы сөз сөйлесін.

2805. Қарызға алған затын тез қайтарсын; сонда оған да сұраған заты тез беріледі.

2806. Саудада сыпайы, әділ болсын; қажетті күні оған берілетін мал-дүние аз болмайды.

2807. Егер бектер мемлекет қызметкерлеріне ақысын берсе; оны жеткізсін, олардың бетіне келмесін.

2808. Басшы ақысын тоқтатса, мемлекет қызметкерінің көңілі қалады; мемлекет қызметкерінің көңілі сынса, бектің атына кір келеді.

2809. Жомарттың жомарты не деген, тыңда; оны есіңе сақта, әй, сараң кісі.

2810. «Сүйкімді бекті сүйкімсіз қылғың келсе; қызметкердің сұраған нәрсесін берме және ақысын тоқтат».

2811. Берілмейтін нәрсені уәде етпесін; сөз берілген болса, оны тыймағын.

2812. Бектер сөзінде тұрмаса, үміт жойылады; үміт кеткен болса, мал-дүние де кетеді.

2813. Қазынашы қырағы және өте сақ болу керек, жолынан жаңылғандар (азғындар) керек емес; қызметкер жолынан жаңылса, жұмысы кері кетеді.

2814. Билеушілерге қызметкердің барлығы қызмет етеді; қиналып келіп, сарай қызметін алды.

2815. Қолдың тарлығынан қызметкер қиналса, оны бегі естігенде жарлық шығарып, ақысын берсін.

2816. Қазынашы істі созып, мал-дүниес бермесе, қиналған қызметкер кейін үміт үзеді.

2817. Кісі өз қажетін керек уақытында тапса, түйірдей болса да, пілмен тең болады.

2818. Ақсақал (самайы ағарған) кісі не деген, тыңда; әй, қаһарман, мұқтаждың мұқтаждығын өте.

2819. Қалаған мал-дүниесін қалаған уақытында тапса, оған жауап ретінде жан пида болады.

2820. Керек уақытында тапса, түйірдей нәрсе пілдей болады; барлық нәрсе осы секілді.

2821. Еліг енді осындай ақылды, білімді, ұяты бар және ары таза кісі тапса,

2822. Оған қазына мен мүлікті берсе болады; сенім артып, хақысын өтесе жарасады.

2823. Еліг: «Ұқтым, менің көзімді аштың. Тағы бір сөзім бар, оны да айтып бер» деді.

2824. Аспаз ыдыс-аяқ пен дастарханды басқарады; ас жасаушы қандай болу керек?

2825. Еліг (бек) оның дайындаған асын күмәнданбастан жесін, бек оған сеніп, басын қорғасын.

2826. Әй, данышпан, күмәнді адамнан тамақ жесе, ішетін, жейтін ас өте қауіпті болады.

2827. Енді маған осыны айтып бер; әй, мәрт қаһарман, мұны білейін, түсінейін.

36-бап. Бас аспаз, хан салар қандай болу керегін айтады

2828. Өгдүлміш: «Еліг, бұл іске сенімді және ары таза адам керек» деп жауап берді.

2829. Кісінің таңдаулысы, әділ және шыншыл кісі керек; ас-су ісін оған бөліп беру керек.

2830. Бұл іске өте шыншыл, сенімді адам ізде; жаны ашитын, адал қызмет ететін және ұяты бар болсын.

2831. Жанашыр, адал, сенімді және шыншыл кісі бегі үшін басын, жаны мен тәнін пида қылады.

2832. Бектерге барлық қатер тамағынан болады; аспаз жұмысын жасаса, оны кім азғырады?!

2833. Бектер барлық жерде өзіне абай болу керек; ішкенде, жегенде көзін ашып, сақтану керек.

2834. Халықты басқарған адамның мың жауы болады; кімнің жауы болса, жаюлы торы бар деген сөз.

2835. Бас аспаз сенімді, шыншыл және пісіп жетілген болмаса, ас жегенде бектердің жағдайы қатерде болады.

2836. Ол үшін тәжірибесі мол және еңбегі сіңген аспаз керек; бегіне адалдық танытып асын дәмді қылып, уақытында берсін.

2837. Бектер өзіне көп қызмет еткен және көп еңбегі сіңген кісіге сенсе болады.

2838. Ақылына болмысы сай, адамдардың жақсысы не деген, тыңда;

2839. Қай нәрсеге көп еңбек сіңсе, ол нәрсе барлығынан қадірлі және сүйкімді болады.

2840. Адам қай нәрсеге өмірін арнаса, ол нәрсе сүйкімді, жанындай қадірлі болады.

2841. Өмір – опасыз жалған, еңбек жаман емес; бірақ еңбекке арналмаған өмір жаман.

2842. Өмір өте береді, адам ашынғанын айтпас; еңбек босқа кетсе, өмір бойы ішің ашиды.

2843. Бас аспаз қанағатшыл, көңілі бай болу керек; ары таза болғаны секілді жүзі, киімі де айдай болу керек.

2844. Құдайдан қорқатын, дін мен шарифатты білетін болсын; осындай кісіде туралық болады.

2845. Бектердің жүрегі мен табиғаты таза болды; ас таза болмаса, қалай тәбетпен жейсің?

2846. Бас аспаз таза болса, таза ас береді; ас-су таза болса, сүйсіне жақсырақ жейді.

2848. Ашкөз кісінің мінезі жаман болады; жаман мінез адамға жараспайтын ауру.

2849. Қанша жерден сенімді, шыншыл және әділ адам тапсаң да; сен үшін шынайы және сенімді өзіңсің, мұны біл!

2850. Шыншыл және әбден пісіп жетілген барлық кісіге сеніммен кара; бірақ өзің де барынша абай бол, бас амандығыңды ойла.

2851. Енді бұған ұқсас бір сөз бар; әй, ізгі жан, мұны ұмытпа.

2852. Барлығына сеніммен кара, бірақ өзің де сақтан; өзіңе шын жанашыр - өзіңнің көзің.

2853. Барлығынан қадірлісі – сенің әзіз жаның; әзіз жаныңды қорға, сөздің қысқасы!

2854. Бас аспаздың жүзі көрікті, киім киісі жинақы, мінезі көркем, сақал-шашы жинақы, бойлы, көңілі мен сөзі түзу болсын.

2855. Осындай көрікті кісі көзге таза көрінеді; ас таза болмаса, тамақтан өтпейді.

2856. Бір Баят (ежелден бар Тәңір) тазалықты сүйеді; тазалықпен адам жақсы атқа ие болады.

2857. Тазалықты барша адам қалайды; ас-су таза болса, адам да кажет етеді.

2858. Таза емес кісіні асқа жақындатпа; таза емес кісінің ісі де таза емес.

2859. Бас аспаздың болмысы шынайы, сенімді және әділ болсын; туралық болмаса, адамның әрекеті түзелмейды.

2860. Егер бас аспаз қисық болса, оның көмекшілері де қисық болады.

2861. Қалын жаман топтанса, ас ұрлайды; егер солай болса, бек дастарханының сәні қашан кіреді?!

2862. Адамға туралық, ізгі әрекет керек; оны тапса, қалаған қуанышына жетеді.

2863. Әрекеті тура адам не деген, тыңда; мінезі тура болса, адам әлемнің бар нығыметін жейді.

2864. Әділ адам қайда болса да, күні құт-берекелі болады; әділдікпен жүрген адамның күні түнге айналмас.

2865. Қиянат қай жерге аяқ басса, пайда беретін барлық нәрсе ол жерден өте жыраққа қашады.

2866. Қиянатшыл кісі қай жерге қол созса, теңіз болса да, оның суын құрғатады.

2867. Бегін өте жақсы көретін жанашыр керек; нәпсісіне ермейтін, ұяты бар адам болу керек.

2868. Ақылды және білімді болу керек; ас уақыты болғанда жылдам қимылдау керек.

2869. Заңға сәйкес әрекет етіп, қызмет қылсын; кіріп-шыққанда алдына қарасын.

2870. Ақылын жұмыс істетіп, өзіне абай болсын; білімін жұмыс істетіп, көзін тыйсын.

2871. Бектің жақсы атты болуып тілеп, оған пайдалы болсын; ол жақсы атымен оның аты да мәңгі қалады.

2872. Ақылды кісілер жақсы атты болғанын қалайды; білімді кісілер сенімге лайық болады.

2873. Ақылды кісіден адамгершілік келеді; білімділер – адамның адамы.

2874. Ақылды кісі не деген, тыңда; адамдардың озығы ақылды кісілер.

2875. Ақылды, опалы кісі адамдардың асылы; ол басқалар үшін өзін пида етеді.

2876. Таза емес, қиянатшыл мінезі жаман біреу егер уәде берсе, сөзінен тайқиды.

2877. Әй, Еліг, міне баяндадым, бас аспаз осындай адам болу керек.

2878. Осындай адам асханаға кіріп, ыдыс-аяғынды басқарса, одан бегі күмәнданбай асын жесін.

2879. Әй, Еліг, менің білетінім осылар; көкейімдегілерді айтып бердім.

2880. Еліг: «Мұны тыңдадым, түсіндім. Тағы бір сөзім бар, оны да айтып бер» деді.

2881. Енді маған ыдыс басшысын айт, сусын жасау ісіне қандай адам керек?

2882. Бек оған илансын және шын жүректен сеніп сусынан алып ішсін.

37-бап. Ыдыс басшысы қандай болу керегін айтады

2883. Өгдүлміш жауап берді де: «Елігтің бұл туралы ойлауы өте жақсы» деді.

2884. Өзіңнің бөлең немесе көп жыл тәжірибеден өткен біреу керек; нәпсісіне ермейтін және тура жолда жүрген болсын.

2885. Сенімді, шынайы, адал, қанағатшыл, көңілі тоқ; мінезі де атқан оқтай тұзу болсын.

2886. Ыдысыңды ұстаушы сондай болсын; ісіңе жарайтын және қабылеті жетілген.

2887. Барлық түрлі дәрілік шөптерді ыдысшы ұстайды; ас қорытатын, күш беретін және іш айдайтын.

2888. Жейтін, жалайтын, ішетін және қалаған көптеген түрлі дәрілер онда болады.

2889. Кепкен және жас жеміс немесе ішетін сусын, шарап; тамақтан өтетіннің бәрі содан келеді.

2890. Барша бекке қатер тамағынан болады; тамақтың дәмі аспаз бен ыдысшының қолында.

2891. Бұл аспаз бен ыдысшы сенімді болмаса, бек (Еліг) ішіп-жеу үшін көп күш сарп етеді.

2892. Данышпан, білімді кісі не деген, тыңда; тамаққа өте абай бол және ақырын же!

2893. «Тамағына абай болсаң, басының пайдасы; асты аз жесе, ауызға дәмді болады».

2894. Көп адам көрдім, тамағына абай болмағаны үшін басы кетті, өз өмірін қиды.

2895. Адамға ауру мен кесел тамағы арқылы өтеді; оның емі мен дәрісі де тамағы арқылы өтеді.

2896. Ақылды, білімді және көпті білетін болу керек; ақылды кісіден адамгершілік келеді.

2897. Ақылды кісі жаманмен араласпас; білімдінің ісі сенімді және шынайы болады.

2898. Әділ болмаса, оның негізі күйген болады; адам дұрыс әрекет етпесе, құл болады.

2899. Әй, қаһарман Бегім, ісінде тура бол; әділдіктен басқа жақсы нәрсе жоқ.

2900. Ыдыс басшысы өте талғампаз адам болу керек; ойын, ақылын және жүрегін туралықта ұстасын.

2901. Барлық жұмысын туралықпен жасасын; пайдасыз және жамандарды өзіне жақындатпасын.

2902. Сусындарды көріп, өз қолымен араластырсын; өзі мөр-таңбасын басып, өзі сақтап қойсын.

2903. Ішетін және жейтіндерге қосатын барлық шөптерді өз қолымен араластырсын және таза ұстасын.

2904. Кепкен және жас жемістер, гүл араласқан бал, гүл шырыны; барлық сусындарды өзі дайындап, өзі сақтап ұстау керек.

2905. Алған ақысы мен дәмін сай жанашырлықпен ыдысын күзетіп, хақысын өтесін.

2906. Осылайша бекке қызмет етіп, еңбегі сінеді; сіңірген еңбегі – қызметшісінің пайдасы.

2907. Қай нәрсеге қызметшінің еңбегі сіңсе; демек, оның жаны сол нәрсеге байланғаны.

2908. Арлы адам бұған ұқсас сөз айтыпты; арлылардың сөзі барлығына білім.

2909. «Қай нәрсеге кісінің еңбегі сіңсе, ол жанындай тәтті, сүйкімді болды.

2910. Кісі оған өмірін арнап, еңбек сіңірсе; оны жақсы көр, өйткені, оған ол іс жүктелсе, бейнеті де жүктелгені.

2911. Осындай ыдыс басшысы табылса, оған ыдыс жұмыстарын беруге болады.

2912. Бұл іске осындай таза адам керек; оның қызметінің жақсылығынан жүрек қуанады.

2913. Оның басқа көмекшілерінің барлығы сақалы шықпаған, көркі сұлу болу керек.

2914. Сақалы әлі шығып үлгермеген жалын жүзді оғлан – жүзі толған айдай; бойы талдай, шашы қара, өзі мүсіндей.

2915. Белі жінішке, жауырыны кең болсын; өңі (тәні) аққұба және жүзінде ұяты (қызылы) бар болсын.

2916. Жасыл, көк, сары, алқызыл және алтын не күміспен күптелген киім киіп, асты көтеріп жүрсе жарасады.

2917. Сусыны қыл, жүн және қоқыстан таза болу үшін ыдысшы таза және сақалсыз (көсе) болу керек.

2918. Ыдыста қыл-қыбыр болса, жарамсыз болады; қыл-қыбыр тамаққа, сусынға түссе, тәбетті кетіреді.

2919. Білім беруші: «ыдыс тасушы сақалсыз (көсе) болу керек» деп айтыпты.

2920. Ыдыс тасушы таза және жүзі көркем болсын; сусын тәбетпен ішіледі, сіңімді болады.

2921. Көрікті, қылығы нәзік кісі не ұсынса да жарасады; қара, жаның оның көзінен үлгі алады.

2922. Бәйіт айтушы не деген, тыңда; әй, білуші, сен мұны тыңда.

2923. Жүзі көркем, келбеті көрікті және қылығы нәзік болсын; ол не ұсынса да, дәмді болады.

2924. Қарны аш адам оның жүзін көрсе тояды; сусағанда көріп шөлің қанады.

2925. Ыдыс басшысы міне, осындай болсын; ыдыс тасушылар да мынадай болсын.

2926. Билеушілер сеніп, оларға илансын; дұрыс, шыншыл деп, жақын тартса болады.

2927. Әй, Еліг, мына бірқанша жұмысқа адал, ашкөз емес, ұяты бар, таңдаулы кісі ізде. Ол адамның бәрін өте мұқият таңда; егер ертең лайықсыз болса өкінбе.

2928. Назар сал, бірі – елші, бірі – хатшы; тағы бірі – ыдысшы, бірі – аспаз.

2929. Бұлардың әрбірін өте мұқият таңда; бүгін не ертен зияны тимесін.
2930. Егер елші мен хатшы жаман болса; әй, зерек адам, оның зияны мемлекетке тиеді.
2931. Егер ыдысшы мен аспаз жаман болса, оның зияны жаныңа келеді, өміріңді қияды.
2932. Әй, Еліг, мына бірқанша кісіні жақсылап таңдауға күш сал және оларға жұмыс тапсыр.
2933. Өгдүлміш және де: «Әй, мемлекет басшысы, бектердің ісі секілді оның аты да зор болды» деді.
2934. Үлкен істердің жараспайтын, қиындығы болады; қиындықтарды жоймаса, билік құриды.
2935. Дана кеңесші не деген, тыңда; кеңесте бегіне ақылын үйіп төгеді.
2936. Әй, бек, рахат іздеме, еңбегінді сіңір, рахат пен еңбек бірге болады.
2937. Бек еңбек сіңіріп, мемлекетті дамытса, халық тез байиды; халық байыса, бектің қалауы болады.
2938. Әй, рахат өмір сүріп жүрген кісі, оған көп қуанба; рахаттың соңында соған сай бейнет болады.
2939. Әй, қаһарман батыр, аспаз, ыдысшы саған қаншама сенімді болса да,
2940. оларға қарағанда, өзіңе адал жанашыр өзің ғанасың; саған ешкім өзіндей болмайды, сөздің қысқасы!
2941. Данышпан Бұйрығы, не дейді, тыңда; сен оны ұмытпа, жаз және оқы.
2942. «Іздедім, әзіз жаным үшін өзімнен басқа сенімді ешкім таппадым».
2943. Күш сал, абай бол, қатты ұстан оны; егер кетсе, сенім күтпе.
2944. Әй, мемлекет билеуші, сұрақтарына жауап бердім; қандай болу керегін, емі мен дауасын айттым.
2945. Осындай кісілермен бірге бектер өседі; дұшпанға бас идіріп, абыройданқы жайылады.
2946. Мұны сізге анықтап баяндадым; бұдан басқа ескеретін тағы бір сөзім бар.
2947. Еліг тыңдайтын болса, оны айтайын; жоқ олай болмаса, оны өзімде сақтайын.
2948. Еліг жауап берді де: «Әй, данышпан, айтқын келгені қандай сөз, айт маған» деді.

2950. Өгдүлмiш жауап бердi де: «Әй, Елiг, мемлекетке түрлi бiлiм билеушiден келедi» дедi.

2951. Мемлекет қызметкерлерiнiң жолын және қызметкердiң билеушiге қалай қызмет ету керегiн Елiгке айттым.

2952. Ендi, бектер де қызметкерлерiне және көп жылдар өзiне қызмет еткендерге қалай жақсылық жасау керегiн бiлуi тиiс.

2953. Қызметкерлердiң мойнында бектердiң қанша хақысы бар; сонда бектердiң мойнында қызметкерлердiң хақысы жоқ па?

2954. Егер қызметкерлер бегiнiң алдында хақысын өтесе; қызметiне қарай, олардың да хақысын бектер беруi тиiс.

2955. Қызметшiлер мал-дүние үшiн қызмет қылса; егер мал-дүниесiн ала алмаса, еңбегiне қиянат болғаны.

2956. Елiг: «маған анықтап айт, қызметкердiң хақысы қандай, жеке-жеке баянда» дедi.

ТРАНСКРИПЦИЯСЫ

28. bab beklıkke seza bolıu neteg er kerekini ayur

- 1921 İlig aydy emdi ayytyu sözüm
bu erdi munu emdi aytur özüm
- 1922 Törütti apa oylanyn bir bayat
uluı bar kıcıg bar isiz edgü at
- 1923 Biliglik biligsiz çyay bar ya bay
ukuşluı ukuşsuz otun bar ked ay
- 1924 Negü teg kerek bekı muny başlasa
çawy barsa aty işin işlese
- 1925 İtilse ili hem bayusa bodun
aty edgü bolsa ol erter üdün
- 1926 Hazine o urunsa kümüş hem ayy
yayy boyny yençse kiterse çoyy
- 1927 Yumytsa er at bolsa küçlüg elig
törü tüz yorytsa yetürse bilig
- 1928 Čawyksa ajunda yadylsa aty
bedüse kütürse küniçe kuty
- 1929 Erejin awynsa yise el uzun
bütün jan üzülse yise ol ajun
ögdülmiş jawaby iligke
- 1930 Yanut berdi ögdülmiş aydy ilig
idi ters ayytty maıa bu bilig
- 1931 Bu beklıık işin barça beklıer bilir
törü öıdy kylk yaı olardyn kelir
- 1932 Atasynda tuysa tuyar beklıkin
körü ögrenür iş bilür beklıkin
- 1933 Bayat kimke berse bu beklıık işi
berür ög köıül köz ol işke tuşy
- 1934 Kımi bekı törütmek tilese bayat
berür aşnu kylk yaı ukuş yüg kanat

- 1935 Bu beklík iši boldy bekler iši
bu bekler iši bildi beklík kiši
- 1936 Bu iśni ilig mende yigrek bilür
atasy bek erdi özi bek turur
ilig jawaby ögdülmiške
- 1937 İlig aydy uktum bu söz barča çyn
kóni sözlediñ söz yypar burdy kın
- 1938 Bu iş kylučy er kylur öz iši
mün erdem biligli kórügli kiši
- 1939 Men iş kylučymin sen iş körgüçi
işik körgüçidin bilür kylučy
- 1940 Bayat berdi erse saña ög kónül
bilig hem ukuş birle bolduñ amul
- 1941 Maña ok tandyñ kiçigde berü
körü ökrenü bildiñ edgü törü
- 1942 Kamuγ iśni bildiñ na uktyñ özün
maña ma bayrsak sen kylkyn sözün
- 1943 Bayrsakka aytur kiši öz sözün
bayrsak yuluylar kišiike özin
- 1944 Bayrsak üçün sen büter men saña
bayrsaklykyn ay bu sözler maña
- 1945 Negü tir ešitgil bayrsak kiši
bayrsaklyk ol kör kišilik başy
- 1946 Bayrsakny ögdi ukuşluy üküš
bayrsak kišiler kišiike küšüş
- 1947 Bayrsakny bulsa bayyrka urun
maña mundaγ aydy bilig hem ukuş
- 1948 Yanut berdi ögdülmiš aydy ilig
esen inč tirilgil ay üsteñ elig
- 1949 Bu beklíkke ašnu tüp asly kerek
Atym kurč katyγ alp yana toñ yürek
- 1950 Atasy bek erse oγul tuydy bek
oγul tuysa bek hem atalary tek

- 1951 Ukuşluy kerek hem biliglik kerek
akylyk kerek hem siliglik kerek
- 1952 Bilig birle bekler bodun başlady
ukuş birle el kün işin işledi
- 1953 Bek aty bilik birle baylyy turur
bilik lamy kitse bek aty kalur
- 1954 Ked ogluk kerek hem biligli ukuş
biliglik kishiniñ yayysy uküş
- 1955 Negü tir eşitgil bilig bilmiş er
başynda keçürmiş uküş yilmiş er
- 1956 Biliglik kerek bek ukuşluy oduy
aңar tekmesе bir müfaža yoduy
- 1957 Kylynč edgü erdem kerek miñ tümen
aty edgü bolsa tutunsa boduy
- 1958 Apa oylany barča asly bedük
bilig birle boldy kör ödrüm ked ök
- 1959 Uruy edgü bolsa er edgü tuyar
er edgü bolup ötrü törke aңar
- 1960 Yduk ol bu beklük arylyk tiler
arylyk bile ilde saklyk tiler
- 1961 Bodunka talusy kerek alp atym
bedük işke ötrü bu bolsa titim
- 1962 Negü tir eşitgil ötügen begi
synap sözlemiş sözni yetrüp ögi
- 1963 Bodunka begi artuk üdrüm kerek
köñül til köni kylky ködrüm kerek
- 1964 Biliglik ukuşluy bodunka talu
aky hem közi tok ne köñli tolu
- 1965 Kamuy edgüke bolsa elgi uzun
uwutluy silig hem kylynčy түzün
- 1966 Seza bek bolur bu bodunka uluy
munyñdyn kelir ötrü edgü uruy

- 1967 Bilig birle başlar kişi iş başı
ukuş birle ukxa oñarur işi
- 1968 Bodunuy bilig birle basty begi
bilig bolmasa işke yakmas ögi
- 1969 Yañylsa ay ilig bu beklär kuty
anyñ beklärige igler itgü oty
- 1970 Bu beklär ikine oty ök bilig
ukuş birle emle ay kylky silig
- 1971 Biliglik ukuşluy kerek bek tetik
anyn kylsa ötrü ikine itig
- 1972 Biliglik ukuşluy бүгү ilçi bek
ikikü ajunda bolur orny yig
- 1973 İkikü ajunuy buluyly kişi
idi kutluy ol bu tükel kut kişi
- 1974 Muñar meñzetü aydy şair bu söz
körü birse mani biligsizke köz
- 1975 Meñilig kayu ol maña ay yora
kişi kutluy kim kişiler ara
- 1976 Yise birse dünya tirilse kutun
taky bir ajunda bu buldy töre
- 1977 Kylynçy oñay bolsa kylky köni
sewinçin keçer kör uş ol bek küni
- 1978 Bayat kimke berse bu edgü kylyk
bu edgü kylyk birle edgü yoryk
- 1979 Anyñ boldy dünya tü nimet bile
tilese özün ye tilese üle
- 1980 Bayat fazly birse kulyña kutun
bolur kylky edgü kylynçy bütün
- 1981 Kylynç edgü erdem kerek min tümen
anyn tutsa il kend kötürse tuman
- 1982 Ne edgü turur bu kylynç edgüsi
kylynç edgü erge yigü kedgüsi

- 1983 Bayat kimgе birse kylynč arkuky
any emketür bu zamane oky
- 1984 Kayu bekde bolsa bu arkuk kylynč
iši barča tetrü sewinči sakynč
- 1985 Sakynuk kerek bek ne kylky aryy
aryylyk tiler tutčy uryy aryy
- 1986 Sakynuk kiši kōñli korklyk bolur
kōñül korksa bekler işig tüz kylur
- 1987 Kaly bolmasa bek sakynuk süzüg
aryysyz bolur barča kylky üzüg
- 1988 Örüglük amulluk bolur bekke körk
bu beklük işiñe bu ol yayu örk
- 1989 Ked öglük kerek bek oñarsa işin
bilip işlese ötrü işler başyn
- 1990 Bu öglük kişiler oñarur işig
yyrak tutyu işte bu ögsüz kişig
- 1991 Kōñül bolmasa er közi asyy yok
ögi bolmasa er ögi osyy yok
- 1992 Negü tir ešitgil ay ilči başy
örüg ked kōñüllük synamyš kiši
- 1993 Kayu erde bolsa ukuš birle ök
any er atayyl neče ökse ök
- 1994 Ukuš ök bilig kimde bolsa tükel
yawuz erse ked te kičig erse ök
- 1995 Ne edgü turur bu kišike öge
ögi bolsa ötrü atayu öge
- 1996 İweklik beliñ ol kamuyka yawuz
kaly bolsa bekke yüzi boldy boz
- 1997 İwek kuryu kylky kylynčy buşy
biligsizke belkü bolur bu işi
- 1998 İwek kylmyš işler neče yig bolur
iwek yise aš suw neče ig bolur

- 1999 Kamuy iş içinde amulluk üdür
meķer tayat erse iwiñük yügür
- 2000 Kózi tok kerek hem uwutluy tüzü
ačuk hem yaruk bolsa kylky sözü
- 2001 Todumsuz bolur ol kózi suk kiši
kózi sukka yetmez bu dünya aşı
- 2002 Bu sukluk ig ol bir oty yok emi
any emleyümes bu dünya kamy
- 2003 Kamuy aç yese içse ahyr todur
kózi aç kiši ölse ačlyk kodur
- 2004 Kózi suk kiši neñke bolmaz bu bay
kamuy dünya bulsa suk ahyr čyğay
- 2005 Uwutluy kerek bek kišide talu
Ukušluk kylynčy irilmes tolu
- 2006 Kimiñde uwut bolsa kylky silig
kamuy teñsiz işke tegürmez elig
- 2007 Bayat kimke berse uwut kóz suwy
aňar birdi dawlet tükel yüz suwy
- 2008 Kamuy teñsiz işdin yyğyly uwut
kamuy edgü işke ulayly uwut
- 2009 Ne edkü neñ ol bu uwut erke körk
kamuy edgü işke uwut boldy örk
- 2010 Tili čyn kerek bolsa köñli köni
bodunka asyğ kylsa tuğsa küni
- 2011 Kaly bolsa bekler hiyanet köñül
bodynka asyğ bolmaz andyn tünül
- 2012 Köñül til oňay bolmasa kör kylyk
ol ildin kačar kut tabulmaz turyk
- 2013 Sözin kyyyučy bekke tutma umunč
tiriglik yawa bolğay kelgey sakynč
- 2014 İdi sak kerek bek yana ked oduy
usal bolsa bekler tokynur yoduğ

- 2015 Ыкі нең турур илге байы бекі
biri saklyk ol bir törü el köki
- 2016 Kayu bek sak erse ilin bekledi
yayy boyny yençti öze örkledi
- 2017 Kayu bek törü bilse ilde köni
ilin itti kodty yarutty küni
- 2018 Bu beklík bayy kör bu iki bolur
bu iki tükel bolsa beklík turur
- 2019 Negü tir eşitgil yayyçy kür er
bu saklyk bile öz yayysyn urar
- 2020 Aya ilçi bekler ilig kolsa sak
bu saklyk bile sen tüzü ilke bak
- 2021 Bu saklyk bile artty bekler ili
osallyk körü buzdy beklík uly
- 2022 Bu saklyk bile sen yayy boyny yenç
bodunka törü kyl tiril keңrü inç
- 2023 Ыкі нең bile ilçi bekler buzar
kirür egri yolka könidin azar
- 2024 Biri küç birisi osallyk kylur
bu iki bile bek ilin artatur
- 2025 Yayy boyny yençmek tiler erse sen
kulak közi kylyp sak kerek tursa sen
- 2026 Bu saklyk bile sançty bekler yayy
osallyk bile buzdy beklík bayy
- 2027 Osal bolsa bekler işin bütrümez
osal bek bütün bilkü beklík yemez
- 2028 Sak er tutçy itnip osalyğ busar
osal bolmayynça yayyğ kim basar
- 2029 Sak erse beki ilke tegmez elig
kaly tekse yetrür ukuš ök bilig
- 2030 Bu küçkey kişi kendü beklík yemez
bu küçkey küçini bodun kötrümez

- 2031 Negü tir ešidgil biliglik sözün
yümedi küčkey ilin keč uzun
- 2032 Köyer ot turur küč yağusa küyer
törü suw turur aksa niymet öner
- 2033 Uzun il yiyey tip yise ay бүгү
törü түз yorytyu bodunuy kögү
- 2034 il artar törü birle itlür ajun
il eksür bu küč birle buzlur ajun
- 2035 Telim ordular buzdy küčkey küčin
turu öldi ahyr bu küčkey açyn
- 2036 Köñül түzse bekler yorytsa törü
bu beklik buzulmaz turur kič örü
- 2037 Kamuyda yarasyz ay ilig kuty
bu bekler öze kopsa yalyan aty
- 2038 Sözi çyn kerek bek ne kylky бүтүн
ynansa aңar halk tirilse kutun
- 2039 Bu yalyan kišiler ofasyz bolur
ofasyz kiši halkka teñsiz kylur
- 2040 Negü tir ešitgil ofalyğ kiši
ofa ol kišike kišilik bašy
- 2041 Tili yalyan erniñ jafa kylky ol
jafa kimde erse uš ol yylky ol
- 2042 Kiši yalyanynda tileme ofa
bu bir söz synanmyš üküš yylky ol
- 2043 Yürekliк kerek bek yime alp atym
yürek birle boldy yayka titim
- 2044 Sü başlar eren kür yürekliк kerek
yüreksiz er at alsa andyn yürek
- 2046 Bu sözke tanuky bu beytiğ oky
bu sözke anuk tut köñül öк taky
- 2045 Yürekliк yüreksizke bolsa bašy
yürekliк bolur ötrü tegme kiši

- 2047 Kūr arslan bolu birse itka bašy
bu it barča arslan bolur öz tušy
- 2048 Kaly bolsu arslanka it baščysy
ol arslan bolur barča it sakyšy
- 2049 Akylık kerek bekke kotky köñül
bu kotky köñül birle kylyk amul
- 2050 Aky bolsa bekler aty čawlanur
aty čawy birle ajun beklenür
- 2051 Aka yylyu tirlür er at sü bolur
er at sü bile er tileki bulur
- 2052 Negü tir eşitgil urup yikgli er
urup al ay alp er yana erke bir
- 2053 Aky bol bayšla içür hem yetür
kaly eksüse ur yana al yetür
- 2054 Azylyk kür erke bu neñ eksümez
tutyly ürün kuška meñ eksümez
- 2056 Ajunčy бүгү bek nelük kenč urur
er at kayda bolsa anuk kenč alur
- 2057 Bu il tutyuka köp er at sü kerek
er at tutyu neñ tawar tü kerek
- 2058 Bu neñ alıyuka bir kerek bay bodun
bodun baylykyña törü tüz kodun
- 2059 Bularda biri kalsa törti kalur
bu törti yime kalsa beklık ulur
- 2060 Adyn ma bu beš neñ yyrak tutyu bek
aty edgü bolsa kü čaw bolıy bek
- 2061 Birisi iweklık birisi saran
üçünči bušylyk serin öz tiren
- 2062 Bu törtünč yawuz bekke arkuk kylynč
bešinči yaraysyz bu yalyan erinč
- 2063 Bu kaç neñde bekler yyrak tutyu öz
aty artamasa yoryk bolsa söz

- 2064 Bularda eñ yña bu arkuk kylynč
bu arkuk kylynčlyğ ne muñluğ erinč
- 2065 Muñar menžetü sözni šayir ayur
bu šayir sözi tutsa sözke bayur
- 2066 Aғыr yük kışike kylynč arkuky
kylynč arkuk erse bulun at oky
- 2067 Yayy kylmağusyn kylynčy kylur
yayy bu yayyda negü adruky
- 2068 Üküš el tutayyn tese ay ilig
üč iş kylyu ötrü yetilse elig
- 2069 Oñ elkin kylyč tutsa ursa salyp
sol elgi bile neñ ülese alyp
- 2070 Tilin sözlese söz šekerde süčik
boyun berdi bek kul uluy ya kicik
- 2071 Ay ilig bu kaç neñ kerek bekke kör
bodunka sewülse orun bolsa tör
- 2072 Küler yüz süčik söz silig öz kerek
kylynčy bularka tükel tüz kerek
- 2073 Köñül tutsa kodky hem elgi aky
bularka yaraşy bayyrsaklyky
- 2074 Kamuğ törlük erdem bu bilse tükel
yyrak erse andyn yaraysyz muhal
- 2075 Kiši üdrümi bu bodunda talu
talu üdrüm ol bu irüksüz tolu
- 2076 Ajun boduny barča añar kul bolur
ajun yir bu bekler tilekin bulur
- 2077 Tügük yüz irik söz küwez kür kylyk
kişik yirgürür köndrü bilmez yoryk
- 2078 Otunluk iweklik yinič kuryuluk
kara kylky ol bu yyrak turuluk
- 2079 Kara kylky bekke kereksiz yayuk
yayuk bolsa bekke uçuzluk anuk

147. Ešit büt bū sözke kamūγ taңda tān,
148. Tūrūp tīlke йükñüp täzärru' kylūr.

149. Ekı neŋ birıkse bır erde kaly,
 150. Bükendı ol erke muruuät ııoly,
 151. Bır ol ııaŋŋar erse kereksız sözü,
 152. Ekınč ııalyan erse ol ernıŋ tılı.
153. Tılı ııalyan erdın ııyarak tır teze,
 154. Kečür sen me ´umruŋ kónılık üzä,
 155. Aŋyz tıl bezekı kónı söz tırır,
 156. Kónı sözle söznı tılıŋnı beze.
157. Kúdezil tılıŋnı kel az kyl sözüŋ,
 158. Kúdezilse bú tıl kúdezlür özüŋ,
 159. Räsul ernı otka ııüzın atıŋçı,
 160. Tıl ol tedı ııyŋ ıııl ottyn ııüzüŋ.
161. Kónı söz ´äsäl bú ııalyan bäsäl,
 162. Bäsäl ııep ačytma aŋyz ııı ´äsäl,
 163. Bú ııalyan söz ı te kónı söz ŋifa ´,
 164. Bú bır söz ozaky ıırılmyŋ mäsal.
165. Kónı bol kónılık kyl atan kónı,
 166. Kónı teıü bılsün kışiler senı,
 167. Kónılık tonyn kez kozüp erılık,
 168. Kezim ton talüsy kónılık tony.
169. Katyŋ kızıle razynı kışı bılmesün,
 170. Sözüŋdın özünke ökünč kelmesün,
 171. Kamıy ııaŋrı ııŋ bolıp äŋkarä,
 172. Bú kören eŋiten säŋa külmesün.
173. İŋim tep inanyp sir aııma sakyn,
 174. Neče me inančlyŋ ııŋ erse ııakyn,
 175. Serip sende razynı sıŋip tırmasa,
 176. Serermü ııŋııde münı kez sakyn.

Än-näu´us-sälisu fi tákállibud-duniııa uä täyähııuru äxuäluhä

177. Bú äzun ribat ol tüŋüp köčülük,
 178. Ribatka tüŋülü tüŋer kečülü,

179. Өң arkyş üzady kopır йол tütüp,
 180. Өңi kopмыş arkyş neçe kіčülük.
181. Bū duniya soңynda йüürmek neçe,
 182. Xasis neңdin ötrü tep özүң küče,
 183. Nelük malka münča көңül bamakың,
 184. Bū mal kelse erte barır baz keče.
185. Көңүлдін çyкaryл tauar süklükyn,
 186. Kezım birlä tap tüt karyn toklükyn,
 187. Çyғайлык йarynлык azük йokлүky,
 188. Çyғайлык tep айма tauar йokлүkyn.
189. Bū duniya neңindin йeü kezülük,
 190. Al artük tileme uäbal йüzülük,
 191. Taryулык tep аймыş äžunny Räsul,
 192. Taryулыкта katlan tary ezülük.
193. Bäkasyz erür bū äžun läzzätі,
 194. Kečer йыл te mäzä muddätі,
 195. Йiit koža bolır йаңy eskірүр,
 196. Käui erse kamlır kaçar kuuätі.
197. Bū күn bar йaryн йok bū duniya neңi,
 198. Meniң temišiң neң azynlar oңy,
 199. Kamұy tolyan erlür tükel eksiйүр,
 200. Kamұy abadannyң хärab ol soңy.
201. Neçe йer bar erdi syғyşmaz erі,
 202. Erі bardy kaldy күrүy tek йerі,
 203. Neçe 'alim erdi neçe fäйлäсуf,
 204. Kany bū күn olar myңyнда birі.
205. Äžun külçirer baz alyn kaş çatar,
 206. Bır elin tütüp šähd birin zähr katar,
 207. 'Äsäл tatrүp ilkin tamak tatytyp,
 208. Kizinrek kädäxka sünүp zähr katar.

209. Sücü tattıy erse açyuka anın,
 210. Bırın kelse raxät kelür ränž onın,
 211. Айна, ғәм katıysız süruğ ümüçy,
 212. Bū äžun kačan ol ümynçka orın.

213. Ылан те бү äžun йлан oklayı,
 214. Ыokamakka йүmşak іçi pur ағу,
 215. Ылан йүmşak erken йауüz fe'l eter,
 216. Йырак түгү йүmşak tep aзылмағу.

217. Bū äžun ma körmekke körkli taşy,
 218. Uälikin іçinde tümen naxuşy,
 219. Bakyр taş bezekın körüp sen müğa,
 220. Köñül bamakyñ bıl хätalar başy.

«Kalän-näbi sallallahu 'äläйhi uä salläm:
 Xubbid-duniña räsu kulli хätiiätin».

221. Nikab kötrür äžun birer йüz асар,
 222. Йазар kol күсар те йәнә тärk касар,
 223. Йайынкы бүlyт те йа түш те хали,
 224. Diräñsiz keçer бäxt йа күш те үсар.

Än-näu'ur-rabi'u fi birris-säxäuati uä mäzimtil-buxli

225. Айна, dust, bilili izin izleil,
 226. Xali sözleseñ söz bilip sözleil,
 227. Axi erni öl erse sen,
 228. Baxilka katyğ йа okun kezleil.

229. Kamüy til аky er sänasyn айүр,
 230. Axilyk kamüy 'äйb kirini йүйүр,
 231. Axi bol säға söz söküñç kelmesün,
 232. Sökünç kelü йolny axilyk teйүр.

233. Eilmez köñülni axi er eer,
 234. Teilmez muradka axi er teer,
 235. Bähillykny kany öer til kayü,
 236. Axilykny häm-xäs tözü хälk öer.

237. Axi er bīlīnnī ħete bīldī kōr,
 238. Anyn satty malyn sina' aldy kōr,
 239. Tīrīldī ūlamsyz ūlamy bolūp,
 240. Āžunda at īzū kozūp bardy kōr.

241. Bāxil terdī zār sim xāramdyn ōkūš,
 242. Uābal kōtrū bardy ōzele sōkūš,
 243. Ūlūš boldy maly kīšīler āra,
 244. Bāxil aldy anda ōkūnčtīn ūlūš.

«Kalān-nābi 'ālāħhis-sālam: Mān tāuazā'ā
 rāfā'āhullahi uā mān tākābbārā xāzālāhullahu».

245. Āħa, mal izīsī axi īzū er,
 246. Bāħat berdī erse sāħa senme ber,
 247. Īīrīlen, sōkūlen terīp bermeen,
 248. Terīp berūr erseħ neħe terse ter.

249. Tābi'ħāttā ħī' adāt 'āħsūzī,
 250. Axīlyk erūr bīl buxul kōrksūzī,
 251. Īlīlerde kūtłūy bīrīlī īlī,
 252. Alyp bermeen ol īlī kūtšūzy.

253. Bāxīlyk otalap oħūlmaz ī ol,
 254. Berīmdīn bāxil īlī kez berkīlī ol,
 255. Terīp kōħlī tozmaz kōzī sūk bāxil,
 256. Kūl ol malka maly āħa erkīlī ol.

257. Bū budun talūsy axi er tūrūr,
 258. Axīlyk šārāf žah žāmal artūrūr,
 259. Seūlmek tīleseħ kīšīler āra,
 260. Axi bol axīlyk senī seudūrūr.

261. Bāxil nakās otūn tauar pasbany,
 262. Īħyħar ħemez-īħmez tūtār berk any.
 263. Tatūrmas esenīnde tūz dustyħa,
 264. Ōlūr kalūr axīr ħeħūr dušmany.

265. Йәнә бiр кереклi сөзүм бар сәңә,
 266. Айайын мен any күлак түт мәңә,
 267. Ol ol kım tākābburnı йerdın salyp,
 268. Täuazu' nı berk түт йарүš kez әңә.
269. Tākābbur kamüҗ tılde йerlür kylyk,
 270. Kylyklarda izü kylyk kozууlyk,
 271. Ol er kım ülüҗsyndy «men-men» tedı,
 272. Any ne xäлайık seuer ne xalik.
273. Kamüҗ kazanlyҗуу әžun malyny,
 274. Йейümedı bardy körünҗ хәлінı,
 275. Tıšısı kalyp bır azyn er bilä,
 276. Ol anda йатыпан берür sanyny.
277. Tākābbur libasyn kezıp tap salyn,
 278. Kerıp хәлкка köзүнҗ tap üslan tılın,
 279. Muminlik nišany täuazu' erür,
 280. Eer mumin erseҗ täuazu' kilyn.
281. Täuazu' kylyҗlyny köтрür Izı,
 282. Tākābbur tütar ernı kozy,
 283. Ülüҗsynma zinhar ülüҗ bır байат,
 284. Ülüҗlük menıҗ siz alynмаҗ tedı.
- «Kalän-näbi 'äläйhis-sälam: Män täuazä' ä
 räfä' ähullahi uä män tākābbärä хäzälähullahu».
285. Tauar birlä erse ülüҗsyndükünҗ,
 286. Ülüҗlük taparü elı sündükünҗ,
 287. Tauar asуу ne ol барүrsyn йалың,
 288. Kalür munda kezın säbäd sandükünҗ.
289. Eer kibr izıšı asylmyn tese,
 290. Айайын мен anyң žäuabyn kese,
 291. Ata bır, ana bır үйалар бү хәлк,
 292. Täfauutlärı йок öte ertese.

«Ān-nāsu min žihātīt-timsāli ākfā'ū ābuhum
Adāmi uāl-ummu ābuhum»

293. Йеме пәндім ал кел ұзатма әмәл,
294. Әмәл асрасында бүсұлы әзәл,
295. Әмәл темісім dust ұзүн санмак ол,
296. Ұзүн санма сакынч өкүш кыл 'әмәл.

297. Айүрсин кезім тон шәраб аш керек,
298. Телім мал өкүш күл карабаш керек,
299. Еер йүүдүг ерсе 'умүрлүк тауар,
300. Бүрүн башка бөркнi кезер баš керек.

301. Хәрислык ма ерек йаууз хәсләт ол,
302. Хәрислык соғу ғәм өкүнч хәсрәт ол,
303. Бү баһлык чығайлык Изi кismäti,
304. Хәрислык тек ерке күрүг зәхмәт ол.

«Kalān-nābi 'ālāhīs-sālam: Āl-xārisu māxrumun».

305. Хәрис тоймаз ағун неғинi тiрiп,
306. Хәрислык карымаз изiсi карып,
307. Хәрислыкны козүр хәрис ер каған,
308. Өлүп йатса топрак iчiге кiрiп.

309. Хәрис йүүгүб армаз ұсанмаз болүр,
310. Хәрислык йнiң әмин кiм билүр,
311. Хәбәр бар берiлсе еер адәми,
312. Екi пүл динар ма ол үч кол колүр.

«Uā zālikā kauluhu 'ālāhīs-sālamu:
Lāukānā libni Ādāmā uādīhāni min
zāhābin li-tāmānnā sālisin».

313. Әйә, хiрс изiсi хәрислык нерек,
314. Айү бер мәңә бү неүке керек.
315. Тар ерсе кең ерсе битiлдi рuzuғ,
316. Хәрислык кылүрмү мұны езүрек.

«Kämä kalallahu Tä'ala: Näxnu käsämnä
bäynähum mä'ışätähum fil-xäyätid-duniya».

317. Kōkī kōrklü erniñ xuyı kōrklü ol,
318. Bū kōrklü kylykka kōñül örkül ol,
319. Bır erdiñ bır erke täfauut telim,
320. Uälikin kōrerke tözü bōrklü ol.

Än-näu'il-uxra fi mäkarimil-äxläki uät-täxrisi 'älät-täxälluki bihä

321. Bütün kylky fe'lin öte erteil,
322. Käräm kımde erse any er teil,
323. İemışsiz ñyğaç te kärämsiz kiři,
324. İemışsiz ñyğaçny kesip öртеil.

325. Musulmanka muřfik bolıp mehirban,
326. Säña sandükünj te musulmanka san,

«Kalän-näbi äläñhis-sälamu: Ät-tä'zimu
li-ämrillähi uäs-řäfäkatu 'älä xäkillähi».

327. Žäfa kyldaçyñka ñanüt kyl uäfa,
328. Arymaz neče ñusa kan birlä kan.

329. İaraylyk ařyñny kiřiķe ñetur,
330. İaray bülsañ oprak ñalyñny bütür,
331. Kūč emek teürme kiřiķe kaly,
332. Eer tese emek kiřiđin kōtür.

333. Äsiz kylyan erkesin izü kyla,
334. Kärämnin başy bū erür kez bilä,
335. Eer kelse erdiñ säña izülük,
336. Öküř kyl ol erniñ sänasyn tile.

337. İazüklük kiřinin ñazükyn kečür,
338. 'Ädauät kōkinı kazyp sen kōčür,
339. İalynlansa tütsüp 'äsäb kin oty,
340. Xälimlyk suyn sač ol otny öčür.

«Kāmā kalallahu Tā'ala: Uāl-kāziminā
lā'zā uāl-'afinā 'ānin-nāsi uallahu йuxibbul-
muxsininā uā kāmā kaulihi sallalahu 'ālāйhis
uā sāllām: Mān kāzāmā γāйzān uā huā йākdiru
'ālā nifāzihi mālāallahu kalbāhu imānān,
sadaka rasulullah».

341. Kārām bīr bina te āyar xilm ūl ol,
342. Йа bustan te ol xilm kārām al ul ol,
343. Йыкыкыгқа тіреп кесүлі ұла,
344. Бү ітілік ерке azad өз күл ol.

345. Kūdezīl āña dust ūlūylar хākīn,
346. Asyysyz mizax hām žādāldīn sakyn,
347. Ūlūylarny бүsrūp sāña бү mizax,
348. Kīčīlernī kustax kylūr bīl йakyn.

349. Bāla kelse sābr et fāraxka kūzūp,
350. Kūйūb tūr fāraxka bāla rānž йozūp,

«Kāmā kalallahu Tā'ala: Uallahu йuxibbul-
sabirinā fāinnā mā'āl-'usri йusrān uā
kākaulihi sallalahu 'ālāйhi uā sāllām:
Intizarul-fārāzi bis-sabri 'ibadātun».

351. Öcer mixnät oty kečer näubāti,
352. Kalūr sābr izīsī sāuabyn йüzūp.

353. Ūlūylūkka tesеj йaγylma özūj,
354. Kaly kezsej atlas ūnytma bözūj,
355. Ūlūγ boldükünča түzünrek bolūp,
356. Ūlūγka-kīčie sylyγ kyl sözūj.

**Ān-nāu'ul-āxāru fi ābiñātin mutāfārrikātin tāštāmilu '
ālā mā'ānin muxtālifātin**

357. Ūkūp sözle söznī йuip sözleme,
358. Sözūj kīzle kezīn başyγ kīzleme,

359. Мың er dustың erse öküш körmeil,
360. Бір er duşman erse any azlama.

«Uä zälíkâ kauluhu 'älâhîs-sâlamu: Älfu sädikin kalilun, uä 'äduun kâsirun».

361. Neče tetik erdın birer sähu kelür,
362. Neče pur hunärlyğda bir 'äib bolür,
363. Bü bir 'äibdin ötrü başyn kesüçï,
364. Äžunda tırilü kişisiz kalür.

365. Tıril izü fe'lin köñüller alyp,
366. İsizliktin öznï syğarü salyp,
367. Eter bolsañ işni sanyp saknyp et,
368. Kerekmü kereksizmü kırtü bilib.

369. Ne iş kelse äña kez bakyn,
370. Ol işniñ öñini-soñyny sakyn,
371. Seuñç erse kezın köñültüt äña,
372. Ökünç erse andyn ozarak sakyn.

373. Eren häñri-şärri küsep keçmez ol,
374. İsiz izü işke ñanüt keçmez ol,
375. Äña izü ümğan izilik kylyp,
376. Tiken izleen er üzüm biçmez ol.

«Izä uätärtä ämrän fäxzir 'ädäüätähu män
ñäzrä 'iş-şäukä lä ñäxsud bihi 'inäbä».

377. İşi izü bolsa er izü bolür,
378. Er iş izüsindin öküš häñr bülür,
379. İsizke ñauüma işiz suxbätï,
380. Seni tärkin işiz kylyklyğ kylür.

«Kämä kalän-näbi 'älâhîs-sâlam:
Män mäşä mä'a zalimin fäkad äžrämä».

381. Mäzaz boldy dustlük xäkikät kany,
382. Miñer dustta biri bülünmaz köni,

383. Öküşrek kīşinīḡ iči yādr erür,
384. Kōnī dustūḡ erse taşy bīl mūny.

385. Bū kūn bū āzunda kīşilīk īsīz,
386. Kany kanča bardy kīşilīk īsīz,
387. Uāfa kōlī süylüp kūrüp ḡūllary,
388. Žāfa toldy taşty teḡizdīn ādīz.

389. Kany 'ahd āmanāt kany īzülü,
390. Kēzīn kūnde xāḡr īş mī kōtrülülü,

«Uā zālīkā kauluhu 'ālāḡhis-sālamu:
Bādāāl-islāmu yāribān uā sāḡā'udu yāribān sāddākā».

391. Başy bardy xāḡrnīḡ soḡy baryūsy,
392. Öḡī keldī šārrnīḡ soḡy kelülü.

393. Āžun toldy 'uduan žāfa-žāur bīlā,
394. Kany bīr uāfalyḡ bar erse tīle,
395. Sen artaksyn anyn āžun artady,
396. Nelūk bū āžunka kylürsyn īle.

397. Ğārib erdī Islam yārib boldy baz,
398. 'Ibadāt ḡīḡa boldy 'abid māžaz,
399. Xārabāt oramy bolüp abadan,
400. Xārab boldy mäsžid büžün bināmaz.

401. 'Āmāl koḡdy 'alim uā zahid uāra',
402. 'Arif rāks čykaryp eter xuş sāma',
403. Bidā'tīn ḡyḡyḡly kīşī kalmady,
404. Anyn kūnde arta tūrür bū bidā'.

405. Kany āmru-mā'ruf kylür īzü er,
406. Kany kendü īzü kīşī tūrḡy ḡer,
407. ḡerer sen zāmanaḡny xālkyn kozüp,
408. Zāmanaḡny ḡerme kīşīsīnī ḡer.

409. Kīm ol ḡüzčī erse kīşī ḡī ol,
410. Kerek erse ḡīlīk ḡory ḡüzčī bol,

411. Kım ol йollıy erse anyı йoly йок,
412. Kım ol йolsız erse aıar kııru йол.

413. Айа artak ішлі саuinçin salyn,
414. Senіı ruzaryı bı köılüçe kylyn,
415. Tіlekçe tіrīl inç fariy kazıısız,
416. Ne йerke йууар baz senī ne tīlīn.

417. Ūııt йetti йendір бүlünmaz йyzy,
418. Xälal йelі kany körunmez bozy,
419. Xälal kendü kayda bı kün kany kım,
420. Xäramny йейürde xäram tep йedī.

421. Büzün mallyy erke ürүp йüzlerin,
422. Tözü kül kylürlar azad özlerin,
423. Kım ol malsyz erse ol ernī körüp,
424. Йüz йurүp keçerler йümүp közlerin.

425. Айа malka sük er йakin bīl bı mal,
426. Bı kün kazıyü sakıyñ йарын йük uäbal,
427. Xäram erse malyı 'äzäb ol soıy,
428. Xisab ol eer bolsa malyı xälal.

«Kalän-näbiıu 'äläıhis-sälam: Xäläluhä
xisıybun uä häramuhä 'äzabun».

429. Nelük malka münča sük ol bı özün,
430. Köıjölde yämııı ol tılııde sözüıı,
431. Barırsyn bı malyıı йауynka kalür,
432. Ūıazыр beürler sarynyü bözüıı.

433. Senıı malyıı ol mal aşyndürdüküıı,
434. Säıa xäsraät ol tek tütүp türdüküıı,

«Kämä kallallahu Tä'ala: Mä 'indäkum
ııanfädu uä mä 'indällahi bakın».

435. Bı kün kendü sücü bı termek säıa,
436. Açıy bolıa йарын kozүp bardüküıı.

437. Bū āžun mǎzāsī katyγlyγ mǎzā,
 438. Izasy öküšrek mǎzāsī aza,
 439. 'Āsāl kañda erse bīlā arsy,
 440. Ary zāhrī tatγū 'āsāldīn oza.
441. Hunārlyγka āžun uāfasyzrak ol,
 442. Hunārsīzka mūndyn žāfa azrak ol,
 443. Hunār bīrlā dāulāt bīrīkmeķlīķī,
 444. Būlūnmaz kamūγ kyzda ol kyzrak ol.
445. Ne ħazdy āžunka bū saxīb hunār,
 446. Neūķe bū any ūlašū kynar,
 447. Xāsīslernī kōtrūp nāfīsnī čalyγ,
 448. Azū kūtsūz āžun karypmū mūnar.
449. Āħa xukmīn āžun tapa ūüčī,
 450. Īerīp mūny bīrer ħānā öüčī,
 451. Ūγan xukmī bīrlā ķelūr ķelen īš,
 452. Anyγ āmrī bīrlā teer teüčī.
453. Āžunka bū söküš mālamāt nelīķ,
 454. Kāzalar ħorytγan ħaratγan mālik,
 455. Kāza bīrlā sančlūr azakka tīken,
 456. Kāza bīrlā ĩlnūr tūzakka elīķ.
457. Kamūγ tedečī neγ kāzadyn erūr,
 458. Ūküšsūzlar any sābābdīn kōrūr,
 459. Kāza bīrlā ūčγan kalyk kūšlary,
 460. Karyka konar hām kāfāska ķīrūr.
461. Kāza ķelse ħūrūk ħūürmez ūrūp,
 462. Kāza kañtarylmaγ katyγ ħa kürūp,
 463. Sāγa rānž āγa ānž bīrīlī Ūγan,
 464. Žāza' kylma ħa rānž izīsī tarūp.

Fil-'uzri bitāmamul-kālami

465. Bītīdīm ķītabny māua'iz māsāl,
 466. Okysa tatyr tīl ħemīš te 'āsāl,

467. Kım erse bũ sözke azynlar sözın,
468. Teñ ese teñedı durustka bädäl.

469. Ädib Äxmäd atym ädäb pänd sözüm,
470. Sözüüm mında kalır barır bũ özüüm,
471. Kelür küz keçer ñaz barır bũ 'umur,
472. Tüketür 'umurnı bũ ñazym küzüm.

473. Anyn üş çykardym bũ türkı kitab,
474. Kerek kyl tap, eñ, dust, kerek kyl etib,
475. Bıtıdım bũ tañsük turäf sözlerın,
476. Kaly barsa özüüm sözüüm kalsü tep.

477. Anyn üş erür bũ kitab bır süzük,
478. Talülap ketürdüm kemıştım çözük,
479. Näuadir süzük az bolır häzl öküş,
480. Çuz atlas bolır kyz užuzy böz ök.

481. Äña mінде kezın kelılı müny,
482. Okysañ du'ada ünytma menı,
483. Säña hädñä kyldym bũ tañsük sözüüm,
484. Mäña hädñä kysü du'a tep senı.

Lä 'ädri kailähu aıdan tä' rıfı ädib äxmäd 'äläñhir-raxmätu

485. Tüya körmez erdı ädibnıñ közi,
486. Tükedı bũ on tört bab ıçrä sözi,
487. İayın bolsa ñüklü özesinde zär,
488. Anyñ tüşy bolıay bũ söznüñ azy.

Uä min kälami yäñräl-äzäli tä' rıfı ñä'ni ämir säñfäddin

489. Ädibler ädibı fazıllar başy,
490. uhärdın söz aımyş öün söz bışı,
491. Üyan räxmät etsün bũ sa'ät äña,
492. İaryn kopsa bolsün ñaranlar işi.

**Min mākālāti āmir kābir saxib ār-rai uāt-tādbir Arslan Xoža Tarxan ‘
ālāyhir-raxmāti uār-rizuan fi tā’rif xoža ādib**

493. Ādibnīḡ ḡerī aty Īūknekē erūr,
494. Sāfalyḡ ‘āžāb ḡer kōḡüller ḡarūr.

495. Atasy aty Māxmud-u Īūknekēi,
496. Ādib Māxmud ūḡly ḡok ol heč šākī.

497. Kītabynḡ aty erūr «‘Ātibātul-
498. Xākayīk» ‘ibarāt ‘ārābdīn usul.

499. Tāmamy erūr kāšyārī tīl bīlā,
500. Aḡytynyš ādib rikkat-e dil bīlā.

501. Eer bīlse Kāšyar tīlīn hār kīšī,
502. Bīlūr ol ādibnīḡ ne kīm aḡmyšy.

503. Kīšī tīlnī bīlse bīlūr mā’nīsīn,
504. Bīlūrmīn tese ‘āyib ōzī bīlmesīn.

505. Kōp elnī kōrūr bīz ādib sōzīnī,
506. Bīlā bīlmeendīn ūlar ōzīnī.

507. ‘Āybkā koḡūptūr xālayīk āra,
508. ḡālāt mā’nilernī aḡytmyš ḡānā.

Tāmmāt hibātul-xākaik bi’āunillāhil-mālikil- xaliki

509. Sābāb erdī bū īš bītīdūk kītab,
510. Kerek bīl izabāt, kerek kyl ‘itab.
511. Bīlīp tūtša hār kīm ādibnīḡ sōzīn,
512. Xālayīk āra ol uzīnler ōzīn.

ФАКСИМИЛЕСІ

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ
 الْحَمْدُ لِلّٰهِ الَّذِيْ اَوْكَشَ مُحَمَّدًا اَبُوْرَ مَنْ سَخَا
 سَنِيْكَ رَحْمَتِكَ دِيْنَ اُوْمَارَمِنْ اُوْنِكَ
 سَامُوْ اَيُوْغَايْ سَزَا بُوْ تِيْلِيْمِ
 اُوْنَارِجَهْ اَيَايِيْنِ يَارِي يِيْرَ مَنْكَ
 سَنِيْكَ بَارِ لِيْغِيْنِكَ غَهْ نَنُوْعُ لُوْقِ يِيْرَ
 جَمَاتُ جَانُوْدٍ اُوْجَعَانٍ يُوْكَوْدُكَانَ نَانِكَ
 سَنِيْكَ يِيْرِ لِيْغِيْنِكَ غَهْ دَلِيْلُ اَرْقَاغِنِ
 بُوْلُوْدُ بَرْتَنِكَ اِيْجُوْ دَلِيْلُ لَرْمِيْنِكَ
 نَفْسُ كِلْتَمِيْنِ لَهْ اَيَةُ تَلَا عَلَيَّ اِنَّهُ وَاحِدٌ

بوق ايرديم يرات تينك يسايوق قليب
 اكيچ بار قيلور سن مقير من مونكا
 اياتك يولينده يليك لي اوتون
 كيداوت دين اوزونك يولا اولوندي اونكا
 براتي اوغاييم تونونك كوندونك
 اوتوب بير يير كا يورود اونك سونكا
 توناقود تونونك يي كونونك كيتايي
 كونونك كيتايي باز يروتود توكا
 كالمه تعلق خراج الحى زالتين ويخرج التين الحى
 اولوك نين نيدريك هم تيريك دين اولوك
 چقارور كورهن موني كيت انكا
بىلك
اشرومخز

تَوَقَّدَتْ اِبْدِي اَوْلُوغُ پَيْرِيَاكُ
 اَوْلُوغُ لَرَانِي شِيرَكُوذُ مَالِكُ آسَانُ اَنْكَا
 فِي نَعْتِ النَّبِيِّ عَلَيْهِ السَّلَامُ

ايشت ايمدي قاچ يت حيب فضل دين
 اوقوش هوش يتي نيب سوز مني اونكا
 اول اول خلقته ييكي كنى قوتلورغى
 قوراش ده يوقيل آتكا قوش نيشكا
 سوله كر اوردونك يوزر بواولك يوزك كوز
 يا انلر قيزل ايينك بواينكا منكا
 آينك مدح بيرله ناسير بوئيلير
 آينك يادي بيرله شكر شه دآنكا

بُوَكُونُ تِكْمُو سِيْنِيْنِ دُرُوْدُ اَوْلَا يَا رِيْنِ
 اَلِيْكَ تُوْتُ تَاچِيْمِرْ غَه اِيْكْرَسَه سُوْنِكَا
 فِي مَدِيْحِ الصَّحَابَةِ الْاَرْبَعَةِ رِضْوَانِ اللّٰهِ عَلَيْهِمْ اَجْمَعِيْنِ
 بِمَه تُوْتُ اِيْشِيْنِكَا اِيْدُوْرَمَنْ سَلَامْ
 اَوْلُوْدِيْنِ اُوْسَانْ مَقْ قَچَانْ اَوْلَا مَنَكَا
 صَادِقْ بِيْرَبِهْ قَارُخْ اُوچُوْخْ ذُو النُّوْرِيْنِ
 عَلِيْ قُوْرْتِي لَنْجِيْ اَوْلَا اَرْ سِيْكَ تُوْنِكَا
 كِيْمِرْ اِيْرَسَا بُو تُوْتُ اِيْشِيْنْ كَا بَدَا عِنْقَادْ
 تُوْنَارْ اِيْرَسَا مِيْنِكَ لَعَنْ اِيُوْرَمَنْ اَنَّا
 اِلٰهِيْ كِيْمُوْر كَانْ اِيْدِيْمِ سَنْ سِيْجُوْر
 نَجْهْ مَا خَطَا لِيْقْ قَوْلْ اِيْرَسَمْ سَنَكَا

كَا بُولَسَه فَضْلِيْكَ فُوْتُوْلَدِيْ اُوْذُوْمَ
 اَكْرَ بُولَسَه عَدْلِيْكَ قَنِيْعَ لِيْقُ مَنَكَ
 فِي مَدْحِ اَمِيْرٍ اَلْاَجَلِ اَدَا اِسْهَسَا لَارِيْكَ عَلَيْهِ الرَّحْمَةُ وَالْغَفْرَانُ
 اَيَانِيْلُ قَوْمَاتُ مَدْحِ اُوْتُوْنُ كِيْلُ قَنِيْ
 مَنَ اَرْقُوْتُ قِيْلَايِيْنُ شَهِيْمُ غَه اِنِيْ
 شَهِيْمُ مَدْحِ بِيْرَلَه بَزَايِيْنُ كِنَابُ
 اُوْقُوْعُنُ كِنِيْ نِيْنُكَ يُّوْسُوْنُ جَانِيْ
 اُوْشَا يِيْلَسْ اَرَا اُوْشُوْنُ اُوْكْرَا تُوْرُ
 اَيْنِيْكَ قَدْرُ جُوْبِيْ بِيْعِ اِحْسَانِيْ
 اُوْذُ اُوْكَ عَقْلُ اُوْقُوْشُ هُوْشُ خِرَدَقَا مَكَانُ
 يِيْلِيْكَ مَسَدِيْ مَهْ فَضِيْلَتُ كَانِيْ

بيمك دين ايرز راک توتار هنت اوله
 مخاي مكارير پيغا درماني
 رعيت قه شفق سليم دين حليم
 وليکن بوشارده شرا ارسلاني
 صلابت ايچينه جمر دالک عارف
 سخاوت حماقت توتار عثمانی
 نتيك ليك ده کندو ايازدين اوزوق
 داد انصاف توتار چين ايني شير و اني
 اينك بخشيندين بولوت اوفانور
 بوسوزيني بونون چين توتار دشمني
 اياشاهير اردم کيرين سانه غن

سَنَارْمُو اَدِيْزُقْمَ اَوْشَاقَ تَاشْرَإِي
 سِيَاْسَتَ رِيَاْسَتَ كِيَاْسَتَ كَرَمَ
 رِيَاَدَهٗ اَوْلَهٗ عَدْلَ اِيْشِيْتِ كُوْزْمُوْبِي
 يِنَاجَحْدَ مَرْوَتَ فُتُوْتِ اَوْغَانَ
 عَطَا قِيْلِي شَاهِيْرَغَهٗ بُوْجَلَهٗ اِنِي
 لُوْكُوْشَ اَزْ دِيْبِ اَيْمِسْ يِنِيْوَلَرْدِيْنِكِيْزْ
 بُوْلُوْتْ هَدِيْهٖ قِيْلِسَهٗ اَوْشَاقَ قَطْمِ رِي
 دِيْنِكِيْزْ دِيْنِ كَرِيْمِ رَاكْ شَاهِيْمِ مِيْنِكْ قَنَا
 قَبُوْلْ قِيْلِسَهٗ اِنْنَكْ يُوْقْ بُوَازْ هَدِيْرِي
 ۴ مُوْجِبِ تَالِيْفِيْ هَذَا الْكِتَابِ وَتَمْتِيْزِيْ
 تَاتْ اِسْپَهٗ سَلَارِيْكَ اُوْچُوْنْ بُوْكِتَابْ

ھېقار دېم اجون دە آني قالسوديب
 كتايير ابي كوركان ايشيت كان كيشي
 شاهيم ني دعابيرله ياد قلسو ديب
 كيشي كليك يي كيني لر ارا
 اينك موداي بيرله كوندكولر تولوب
 اينك ياد بيرله اجون قلسوديب
 بزازيم كينا يي مواعظ مثل
 باتغ يي اوقوغ يي اسينغ آلسوديب
 بلاك ايشيم آني شهم غه سنوك
 هوا دار ليغيم يي توكال بلسوديب
 اتوع الاله يي منفعة العلم وضره الجهل

اينك ديك تانگسوق اديز بولسوديب
 ۹

بَلِيكٌ نَيْنِ أَيُورْمَنِ سُوذُومَرَكَا ^{سوغا} ^{اولا}
 بَلِيكٌ لِكْ كَا يَادُوسْتِ اُوزُونَكْ نِي ^{اولانغدا} ^{اولا}
 بَلِيكٌ بِيْرَلَهْ بِيْلِنُورْ سَعَادَتِّ يُوْايِ
 بَلِيكٌ بِيْلْ سَعَادَتِّ يُوْلِيْنِي ^{بولا}
 بَهَالِيْقْ دِيْنَارْ اُولْ بَلِيكٌ لِكْ كِيْتِي
 بُوْجَاهِلْ بَلِيكٌ سِيْرْ يَهَا سِيْرِيْتِي
 بَلِيكٌ لِكْ بَلِيكٌ سِيْرْ قِيْآنْ تَتْكَ بُولُورْ
 بَلِيكٌ لِكْ نِيْتِي اِيْرْ جَاهِلْ اِيْرْ تِيْتِي
 سُونْكَآكْ كَا بِيْلِيكٌ تَاكْ اِيْرَانْ كَا بَلِيكٌ
 اِيْرَانْ كُوْرْ كِي عَقْلْ اُولْ سُونْكَآكْ بِيْتِكْ بَلِيكٌ
 بَلِيكٌ سِيْرْ بِيْلِيكٌ سِيْرْ سُونْكَآكْ تَاكْ خَالِي

بليک سيز سونساك كا سونولس بليک
 بليک بيلدي بولدي اران بل گولوك
 بليک سيز نيرك له بينك گورگولوك
 بليک لك اير اولدي اتي اولادي
 بليک سيز ايسان ايركان اتي اولوك
 بليک لك پيرينكا بليک سيز ميندير
 نينساك بي نينسادي بليک نينك نينكين
 بقا گود خيل ايمدي اوقاسينا يو
 نه نك بار بليک تاك اسين ليق اونگير
 بليک سيرله عالم يوقاز يوق لادي
 بليک سيزلك ايرني چركاردي قود
 ايسين
 ايشا

АХМЕТ ИАСАУИ

Орта ғасырлық түркі жазба әдебиетінде Қожа Ахмет Иасауи шығармасының алар орны ерекше. Оның қаламынан туған сопылық сарындағы шығармалар тек, қазақтың ғана емес, барша мұсылман түркілердің ортақ рухани мұрасына айналған.

Ақынның қай жылдары туылғандығы туралы нақты дерек жоқ. Бірақ кейбір зерттеулерде ақынның 1083 жылы туып, 1166–1167 жылдары қайтыс болғандығы айтылады. Десек те Иасауидің 120 жыл өмір сүргендігін алға тартып, 1103–1228 аралығында ғұмыр кешкен дейтіндер де бар.

Иасауидің рухани мұрасы туралы Батыс пен Шығыстың түркологтары бірнеше еңбектер жазды. Ф.Көпрүлүнің «Түрік әдебиетіндегі алғашқы мутасаууфтар» деген кітабынан бастау алатын иасауитанушылар қатары бергін келе К.Эраслан, М.Узун, М.Тахрали, С.Улутоғ, Н.Йилмаз, Х.Биже, М.Демиржи, М.Тайши, Х.Алтинташ, Н.Зейбек, Н.Тосун секілді түрік ғалымдармен толықты. Сондай-ақ, Ә.Нәжіп, Н.Маллаев, И.Хакқұл, С.Сайфуллах, Н.Хасан, Г.Хусайнов сынды өзбек, башқұрт әдебиеттанушылармен бірге, М.Жармұхамедов, С.Дәуітұлы, З.Жандарбек, А.Ахметбекова, Д.Кенжетай, А.Әбдірасылқызы, Т.Қыдыр, сияқты қазақ иасауитанушылары да ақын мұрасын зерттеп, тың талдаулар жасағанын ерекше айта кеткен жөн.

Соңғы жылдары жарық көріп жатқан «Диуани хикметтер», негізінен, екі негіз бойынша жариялануда. Олар: қолжазбалар мен тасбаспалар. Литографиялық нұсқалар ХІХ ғасырдың орта шенінен бастап жарияланып, сол кездегі түркі мұсылман жұртының сұранысын қанағаттандырды. Бүгінде әлем кітапханаларының Қолжазбалар мен сирек кітаптар фондтарында сақталып жатқан «Диуани хикметтің» тасбаспа нұсқалары ХІХ ғасырдың ортасы мен ХХ ғасырдың басында Қазан, Ташкент, Ыстанбұл, Бұхара секілді шаһарларда жарық көрген кітаптар болып табылады. Себебі кезінде мындаған тиражбен жарияланған даналық сөздер мұсылман әлеміне тарап кеткен. ХІХ ғасырдағы басқа шаһарлардағы баспаларды айтпағанның өзінде, бір ғана Қазан шаһарында Университет пен Кәримовтер баспасы хикметтерді бірнеше рет жарыққа шығарған. Белгілі ғалым Мирфатых Закиевтің зерттеулеріне сүйенсек, 1878 жылы жарық көрген «Хәким хэзрет Султан әл-Арифин Қожа Ахмет Иасауи» деген атпен жарияланған кітап толықтырылып 1887 жылы осы атпен қайта жарияланған (алғашында 65 хикмет болса, кейінгісінде 71 хикмет). Сондай-ақ, «Диуани хикмет» деген атпен 1896, 1904, 1912 жылдары қайта жарық көрген. Алғашқы басылым 1200 тиражбен басылса, кейінгісі 6000 тиражбен басылған. Сондай-ақ, Кәримовтер баспаханасында 1901 жылы басылған хикметтер жинағы

4000 данамен жарияланса, 1905 жылы 10 000 тиражбен қайта жарық көрген. Яғни, бір ғана Қазанда он шақты рет он мыңдаған тиражбен жарияланғанын көреміз¹. Ал, сол замандарда басқа қалалардағы баспаханалар өнімдерін қоссақ, онда оқырмандар тарапынан қаншалықты сұранысқа ие болғанын аңғаруға болады. Бір ғана ӨР ҒА Шығыстану институтының литографиялық баспалар бөлімінде бірін-бірі қайталамайтын (Ташкент, Бұхара, Ыстанбұл, Қазан) «Диуани хикметке» қатысты 33 тасбаспа кітап бар екендігі айтылады².

Осы уақытқа дейін табылған көне қолжазбалардың басым бөлігі – XVIII-XIX ғасырларға тиесілі. Яғни, сол замандарда жарық көрген литографиялық нұсқалармен замандас. Ең ескі нұсқа саналып жүрген қолжазбалардың өзі XVI ғасырдан арыға бармайды.

Бүгінде ең ескі нұсқа саналып жүрген Ыстанбұл нұсқасы 1693–97 жылдары жазылған деп есептелінеді. Сондай-ақ, Самарқаннан табылған нұсқа да сол XVII ғасырға тиесілі. Кезінде Г.Залеман тарапынан аздап зерделенген бұл нұсқа бүгінде Санкт-Петербургтағы Шығыс қолжазбалар институтында сақтаулы тұр. Сондай-ақ, сол жерде «Шәжәраи тәрәкимәмен» бір бумада жатқан қолжазбаны кейбір түркітанушылар XVI ғасырға жатқызған. Десек те оның қаншалықты ақиқатқа жақын екені әлі күнге нақтыланған жоқ.

Жалпы, Иасауи хикметтеріне қатысты әлемде қанша қолжазба жатқаны белгісіз. Кезінде түркітанушы Х.Ф.Гофман өз зерттеулерінің бірінде «Диуани хикметтің» қолжазбалары Берлин, Кэмбридж, Упсала, Париж, Принстон, Мәскеу, Санкт-Петербург, Ташкент, Ыстанбұл секілді қалалардағы кітапхана қорларында жатқанын жазған болатын. Бұл зерттеудің өткен ғасырдың жетпісінші жылдары (1969 жылы) жүргізілгенін ескерсек, бұл саланы бүгінгі күн тұрғысынан қайта зерделеу керектігі алға шығады. Себебі соңғы жылдары ғана ғылымға бірнеше нұсқа белгілі болып отыр.

Мысалы, тәжік ғалымы Файзулла Бабаев Тәжікстан Ғылым Академиясының Шығыс қолжазбалар фондында Қожа Ахметке тиесілі 4 диуанның жатқанын жазған³.

«Диуани хикметтердің» ең ескі нұсқасы XVII ғасырға тиесілі екені белгілі. Олар – Санкт-Петербургтағы Шығыс қолжазбалар институты мен Ыстанбұлдағы Уафиқ паша кітапханасындағы нұсқалар болатын. Зерттеуші Гөзел

¹ Закиев М. Хожа Ахмад Иасауинің хикметлерінің йарадылмағында Қазанын хызматы // Хожа Ахмад Иасауи уе Гундуғарын сопуч улук едебийаты. Ашгабат: Ылым, 2010. – 238с.

² ӨзР ҒА Шығыстану институтындағы Қожа Ахмет Иасауи хикметтерінің қолжазба каталогы. Түркістан: Тұран, 2006. – 328б.

³ Бобоев Ф. Списки «Дивани Хикмат» // Хожа Ахмад Иасауи уе Гундуғарын сопуч улук едебийаты. Ашгабат: Ылым, 2010. – 237с.

Амангулеваның зерттеулеріне арқа сүйесек, Түркменстанның Қолжазбалар институтында Иасауи шығармашылығына қатысты 31 қолжазбаның жатқанын алға тартқан. Ең қызығы – сонда һижри жыл санағы бойынша 911 жылы яғни 1505 жылы жазылған бір қолжазбаның барлығын алға тартқан⁴. Егер осы дерекке сүйенсек, онда оның бүгінгі ғылымға белгілі ең ескі қолжазбалардың бірі екендігі ешбір талас тудырмайды.

Кемелдік ұстындарын жырлаған Құл Қожа Ахмет Иасаидің асыл мұрасы бүгінгі түркі тілдерінде бірнеше рет жарық көрді, бірнеше ғылыми зерттеу жұмыстарына өзек болды, соның нәтижесінде Иасауи шығармашылығы мен тарикатын зерттеуге арналған иасауитану саласы қалыптасты. Ақын мұрасы әдеби, тілдік һәм философиялық тұрғыдан зерттеліп, зерделенді. «Диуани хикметтің» бірнеше рет ғылыми және көркем аудармасы жасалып, оқырман назарына ұсынылды. Солардың қатарында М.Жармұхамедұлы, С.Дәуітов, М.Шафиғов⁵, Ж.Әбдірашев⁶, Е.Дүйсенбайұлы⁷, Ә.Жәмішев⁸, Қ.Қари, Ғ.Қамбарбекова⁹, Б.Сағындықов¹⁰, Х.Иманжанов¹¹, Ә.Ибатов, З.Жандарбек, А.Нұрманова¹², Ә.Бөкебаев¹³ секілді ақындар мен ғалымдардың есімдері зор құрметпен аталады. Орта ғасырда түркі жазба тілінде дүниеге келген шығарманы ақындар көркем сөзбен жеткізсе, ғалымдар ғылыми аудармасы мен транскрипциясын жасады. Олардың «Диуани хикметтен» жасаған тәржімалары баспасөз беттерінде ауық-ауық жарияланды, жеке жинақ болып та жарық көрді. Осылайша бүгінгі оқырман осы кітаптар арқылы осыдан бірнеше ғасыр бұрын жазылған «Даналық кітабымен» жақыннан танысуға қол жеткізіп келеді. Осының өзі-ақ Иасауи шығармасының өміршендігін көрсетсе керек.

⁴ Амангулыева Г. Подготовка к изданию дивана «Хикмет» Ходжа Ахмета Ясави // Хожа Ахмад Иасауи уе Гундуғарын сонуч улук едебийаты. Ашгабат: Ылым, 2010. – 247с.

⁵ Диуани хикмет (Ақыл кітабы). Баспаға дайындағандар: М.Жармұхамедұлы, С.Дәуітұлы, М.Шафиғи. Алматы: Мұраттас, 1993 (Алматы, 1998; 2002; Паволдар, 2003; Алматы, 2007). – 262 б..

⁶ Даналық кітабы. Құрастырып дайындаған: Ж.Әбдірашев. Шымкент, 1991. – 31 б.

⁷ Хикметтер: (Даналық кітабы). Аударған: Е.Дүйсенбай. Астана: Аударма, 2002. – 112 б.

⁸ Хикметтер. Аударған: Ә.Жәмішев. Алматы: Атамұра-қазақстан, 1995. – 128 б.

⁹ Диуани хикмет (Даналық кітабы). Дайындағандар: Қ.Қари, Ғ.Қамбарбекова. Тегеран, Әл-Хұда, 2000. – 428 б.

¹⁰ Дивани хикмет. Аударған: Б.Сағындықов. Ежелгі дәуір әдебиеті: Хрестоматия. Алматы, 1991. – 113-133 бб.

¹¹ Қырық хикмет. Аударған: Х.Иманжанов. Түркістан: «Өзирет Сұлтан» тарихи-мәдени қорық музейі, 1991. – 42б.

¹² Хикметтер. Аударғандар: Ә.Ибатов, З.Жандарбек, А.Нұрманова. Алматы: Дайк-Пресс, 2000. – 208 б.

¹³ Ахмет Яссауи «Диуани хикмет». Астана: Сарыарқа БУ, 2009. – 212 б.

Антологияға «Диуани хикметтің» 1904 жылы Қазанда басылған нұсқасы аударылып берілді. Себебі бұл тасбаспа басқа нұсқаларға қарағанда толықтығымен әрі бірнеше рет жарық көргендігімен ерекшеленеді.

Иасауидің рухани мұраларының бірі – Миратул – кулуб («Жүректердің айнасы»). Иасауидің бірінші халифасы Мұхаммед Зарнұқи тарапынан хатқа түскен бұл жәдігерде Ислам құндылықтары, атап айтсақ шариғат, тариқат һәм хақиқат мәселелері таратылып жазылған.

«Миратул – кулуб» шығармасының ғылымға белгілі үш нұсқасы бар: Упсала, Ташкент және Алматы.

Швецияның Упсала Университеті кітапханасының көне жазбалар қорында сақтаулы №472 жинақтың (534 парақтық бұл жинақ 1249/1833 жылы көшіріліп, (истинсах етілген) қайта жазылған)¹⁴ 58-б-177-а беттерінде орналасқан «Миратул – кулуб» шығармасы иасауитанушы ғалым Неждет Тосун тарапынан алғаш 1997 жылы ғылымға ұсынылса, 2000, 2015 жылдары ғалым Досай Кенжетай бұл шығарманың Қазақстан Ұлттық кітапханасында сақтаулы нұсқасын жариялап, ғылыми айналымға енгізді¹⁵. Ал, 2004 жылы Ибрахим Хакқул және Нодирхон Хасан тарапынан Упсала нұсқасы Иасауидің жаңадан табылған хикметтерімен бірге өзбек тілінде жарияланды¹⁶. Ал, 2020 жылы Неждет Тосун шығарманы қайта түзетулермен толықтыра отырып қайта жариялады¹⁷. Еңбек шығарманың үш нұсқасын (Упсала, Ташкент, Алматы) салыстыра отырып баспаға дайындалғанымен құнды. Сондықтан да соңғы басылымның жетістіктері ескеріліп, антологияға жәдігердің Упсала нұсқасы аударылып берілді.

¹⁴ Әзірет Сұлтан Қожа Ахмет Иасауи. Көңілдің айнасы (Мират ал-кулуб). Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» баспасы, 2015. – 3 б.

¹⁵ Әзірет Сұлтан Қожа Ахмет Иасауи. Көңілдің айнасы (Мират ал-кулуб). Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» баспасы, 2015. – 112 б.

¹⁶ Хожа Ахмал Яссауий. Девони хикмат. Ташкент, 2004. 139-175 бб.

¹⁷ Miratül-kulub. Sufi Muhammed Danişmend. Hazırlayan Prof.Dr. Necdet Tosun. Ankara, 2020. – 176 s.

АУДАРМАСЫ

ДИУАНИ ХИКМЕТ

1 - хикмет

«Бісмiллә» деп баян етей хикмет айтып,
Тәліптерге дүр мен гауһар шаштым, міне.
Риязатты қатты тартып, қандар жұтып,
Мен «дәфтәрі сәни»¹⁸ сөзін аштым, міне.

Сөзді айттым, әр кім болса дидар талап,
Жанды жанға пәйуәнд¹⁹ қылып рәгні²⁰ аулап,
Ғаріп-жетім, пақырлардың көңілін аулап,
Көңілі бүтін халайықтан қаштым, міне.

Қайда көрсең көңілі жұмсақ демеуші болғын,
Ондай мазлұм²¹ жолда қалса сүйеуші болғын,
Махшар күні дәрғаһына жақын болғын,
Менмендік халайықтан қаштым, міне.

Ғаріп-пақыр, жетімдерді Расул сұр(а)ды,
Сол түні миғраж шығып дидар көрді,
Қайтып түсіп, ғаріп-пақыр(дың) халін сұр(а)ды
Ғаріптердің ізін іздеп түстім, міне.

Үмбет болсаң ғаріптерге жолдас болғын,
Аят, хадис әркім айтса тыңдаушы болғын,
Ризық, несібе не берсе де қанағатшыл болғын,
Қанағатшыл болып, сауық шарабын іштім, міне.

Мединеге Расул барып болды ғаріп,
Ғаріптікте бейнет тартыб болды хәбиб²²,

¹⁸ «Екінші дәптер».

¹⁹ Жалғастырып.

²⁰ Қан тамыры.

²¹ Біреуден жәбір-жапа көрген жан.

²² Сүйікті.

Жапа шегіп Жаратқанға болды қариб²³,
Ғаріп болып, бөгеттерден астым, міне.

Ақылды болсаң ғаріптердің көңілін аула,
Мұстафадай елді кезіб жетім кеуле,
Дүниекоңыз пасықтардан бойын(ды) сақта,
Бойын сақтап, дария болып тастым, міне.

Ғишық²⁴ бабын Мәулім ашқан соң маған тиді,
Топырақ қылып, әзір бол, деп мойнымды иді,
Жауын секілді маламаттын²⁵ оғы тиді,
Найза алып, жүрек бауырым(ды) тестім, міне.

Көңілім қатты, тілім ащы, өзім залым,
Құран оқып, амал қылмай, жалған ғалым,
Ғаріп жаным сарп етейін жоқ-дүр малым,
Хақтап қорқып, отқа түспей пістім, міне.

Алпыс үшке жасым жетті өттім ғаріп,
Хақ әмірін берік тұтпай өзім жаһіл,
Ораза, намаз қаза қылып, болдым қаһіл²⁶,
Жаман іздеп, жақсылардан өттім, міне.

Уа, дариға, махаббаттың жамын²⁷ ішпей,
Бала-шаға, әйелінен түгел кешпей,
Айып, қылмыс, былықтарын мұнда шешпей,
Шайтан жеңіп, жан берерде састым, міне.

Иманыма шенгел ұрып қылды ғәмнақ²⁸,
Пірімұған әзір бол, деб шашты тәрайақ²⁹,

²³ Жақын.

²⁴ Ғашықтық.

²⁵ Ұялту, даптау.

²⁶ Жалқау.

²⁷ Шарап құйылған тостаған.

²⁸ Қайғылы.

²⁹ Уға қарсы дәрі.

Шайтан лағынет менен қашып кетті бипәк³⁰,
«Бихамдилләһ»³¹ иман нұрын аштым, міне.

Пірмұған қызметінде жүгіріп жүрдім,
Қызмет қылып, көзім жұмбай әзір тұрдым,
Медет қылды, әзәзілді қуып тықтым,
Содан кейін қанат қағып ұштым, міне.

Ғаріп, пақыр, жетімдерді қылғын шадман³²,
Алқа қылып, әзіз жаның(ды) еткін құрбан,
Тағам тапсаң жаныңменен қылғын мейман,
Хақтан есітіп бұл сөздерді айттым, міне.

Ғаріп, пақыр, жетімдерді әркім сұрар,
Разы болар ол пендеден Пәруардігер,
Ей, бейхабар, сен бір себеп өзі асырар,
Хақ Мұстафа кеңесін есітіп айттым, міне.

Жеті жаста Арыстан бабқа қылдым сәлем,
Хақ Мұстафа аманатын қылғын ин`ам³³,
Сол уақытта мың зікірін қылдым тамам,
Нәпсім өліп ләмәкәнға шықтым, міне.

Құрма беріп, басым сипап назар қылды,
Бір мезетте ақиретке сапар қылды,
«Әл-уидағ»³⁴ деп, бұ әлемнен жан тәсілім қылды
Мектеп барып, қайнап-тасып астым, міне.

«Инна фәтәхнәні»³⁵ оқып мағына сүрдім,
Нұр шашты естен танып дидар көрдім,
Молдам ұрып, «ускут»³⁶ деді қарап тұрдым,
Жасым төгіп шарасыздан тұрдым, міне.

³⁰ Таза емес, малғұн.

³¹ «Аллаға мақтаулар болсын!».

³² Көңілді.

³³ Сыйлау.

³⁴ «Қош бол.., көріскенше».

³⁵ Аят: «Әрине, Біз аштық...»

³⁶ «Тыныш».

Ей, надан, мағына бол, деп айтты, білдім,
Одан кейін шөлдер кезіп Хақты сұр(а)дым,
Нәсіп қылды эзәзілді ұстап міндім,
Қада қадап, белін басып жаншыдым, міне.

Зікірін тамам қылып өттім д(и)уанаға,
Хақтан өзге еш сөз айтпай бөгде жанға,
Шамын іздеп шәкірт кірдім пәруанаға
Ұшқын болып, күйіп-жанып, ұштым, міне.

Нам-нышан еш қалмады «лә-лә»³⁷ болдым,
Алла жадын айта-айта «иллә»³⁸ болдым,
Халис болып, мухлис болып, «лилләһ»³⁹ болдым,
Фәна филләһ мақамына(н) астым, міне.

Сүннәт екен, кәпір болса берме азар,
Көңілі қатты діл азардан Құдай безер,
Алла хақы ондай құлға Сижжин⁴⁰ таяр,
Даналардан есітіп, бұ сөз(ді) айттым, міне.

Сүннеттерін берік ұстап, үмбет болдым,
Жер астына жалғыз кіріп нұрға толдым,
Хақ сүйгіштер мақамына сырлас болдым,
Өткір батинмен нәпсіні жаншыдым, міне.

Нәпсім мені жолдан ұрып қор етті,
Телміртіп халайыққа зар етті,
Зікір айттырмай шайтанмен жар етті,
«Әзірсің» деп нәпсі басын жаншыдым, міне.

Құл Хожа Ахмет ғапілетпен өмірің өтті,
«Уа, қасірет!», көзден, тізеден қуат кетті,
Өкінішті, уайымның уақыты жетті
Амал қылмай, керуен болып көштім, міне.

³⁷ «Жоқ-жок», мұнда «Лә иләһә иллаллаһ» иман куәлігін айтып отыр.

³⁸ «Басқа», мұнда «Лә иләһә иллаллаһ» иман куәлігін айтып отыр.

³⁹ «Тәңрі».

⁴⁰ Жеті тозақтың бірі.

2-хикмет

Ей, достар, құлақ салың(дар) айтарыма,
Не себептен алпыс үште кірдім жерге?!
Миғраж үсті Хақ Мұстафа рухым көрді
(С)ол себептен алпыс үште кірдім жерге.

Хақ Мұстафа Жебірейілден қылды сауал,
Бұ қандай рух тәнге кірмей тапты кемел,
Көзі жасты, алқа басты, бойы ниләл⁴¹,
(С)ол себептен алпыс үште кірдім жерге.

Жебірейіл айтты: «Үмбет іші сізге бір Хақ,
Көкке шығып, періштелерден алар сабақ,
Наласына нала қылар жетінші қабат,
(С)ол себептен алпыс үште кірдім жерге.

«Перзентім» деп Хақ Мұстафа қылды кәлам⁴²,
Содан кейін барша аруақ қылды сәлем,
Рахмет дария «толып тас» деп берді пәйам⁴³,
(С)ол себептен алпыс үште кірдім жерге.

Рахым ішінде пайда болдым, дауыс келді
«Зікір айт» деді, денелерім қимыл қылды,
«Перзентім» деп Хақ Мұстафа үлес берді,
(С)ол себептен алпыс үште кірдім жерге.

Төрт жүз жылдан кейін шығып үмбет болғай,
Неше жылдар жүріп халыққа жол көрсеткей,
Он төрт мың мүжтәһидтер қызмет қылғай,
(С)ол себептен алпыс үште кірдім жерге.

Тоғыз ай, тоғыз күнде жерге түстім,
Тоғыз сағат тұралмадым көкке ұштым,

⁴¹ Жаңа туған ай.

⁴² Сөйледі.

⁴³ Хабар.

Арсы-гүрсі(нің) соңын барып құштым,
(С)ол себептен алпыс үште кірдім жерге.

Арсы үстінде намаз оқып, тізем бүктім,
Сырым(ды) айтып, Хаққа қарап жасым төктім,
Жалған ғашық, жалған сопы көрдім, сөктім,
(С)ол себептен алпыс үште кірдім жерге.

Жанннан кешпей «һу-һу» деген бәрі жалған,
Бұ жалтақтан сұр(а)маң сауал жолда қалған,
Хақты тапқан, өзі пенһан, сөзі пенһан⁴⁴,
(С)ол себептен алпыс үште кірдім жерге.

Бір жасымда әруақ маған үлес берді,
Екі жаста пайғамбарлар келіп көрді,
Үш жасымда шілтен келіп халім(ді) сұр(а)ды,
(С)ол себептен алпыс үште кірдім жерге.

Төрт жасымда Хақ Мұстафа берді құрма,
Жол көрсеттім, жолға кірді нешә гүмраһ⁴⁵,
Қайда барсам, Қызыр бабам маған һәмраһ⁴⁶,
(С)ол себептен алпыс үште кірдім жерге.

Бес жасымда белім байлап тағат қылдым,
Нәпіл ораза тұтпақты әдет қылдым,
Күндіз-түні зікірін айтып әдет қылдым,
(С)ол себептен алпыс үште кірдім жерге.

Алты жаста тұрмай қаштым халайықтан,
Көкке шығып дәріс үйрендім мәләйиктен⁴⁷,
Арқан кесіп, барша әһлі `әлаиқдин⁴⁸,
(С)ол себептен алпыс үште кірдім жерге.

⁴⁴ Жасырын.

⁴⁵ Адасқан.

⁴⁶ Жолдас.

⁴⁷ Періштелерден.

⁴⁸ Туысқаннан.

Жеті жаста Арыстан бабам іздеп тапты,
 Әр сыр көріп, пәрдеменен бүркеп жапты,
 «Бихәмдилләһ⁴⁹ көрдім» деді ізім(ді) өпті,
 (С)ол себептен алпыс үште кірдім жерге.

Қабыз⁵⁰ келіп Арслан бабам жанын алды,
 Хорлар келіп, жібек тоннан кебін қылды,
 Жетпіс мың періштелер жылап келді,
 (С)ол себептен алпыс үште кірдім жерге.

Жаназасын оқып жерден көтерді,
 Бір мұрсатта жұмақ ішіне жекізді,
 Рухын алып ғиллийнге⁵¹ кіргізді,
 (С)ол себептен алпыс үште кірдім жерге.

«Алла-Алла» жер астында отан қылды,
 Мүнкір-Нәнкір: «Мән раббук?»⁵² деп сұрау сұр(а)ды,
 Арыстан бабам Исламнан баян қылды,
 (С)ол себептен алпыс үште кірдім жерге.

Ақылды болсаң жарандарға қызмет қылғын,
 «Әмір мағруф»⁵³ қылғандарды ізет қылғын,
 «Нәһи мүнкәр»⁵⁴ қылғандарды құрмет қылғын,
 (С)ол себептен алпыс үште кірдім жерге.

Сегізімде сегіз жақтан жол ашылды,
 «Хикмет айт» деп бастарыма нұр шашылды,
 «Бихәмдилләһ»⁵⁵ пірмұған шарап ішірді,
 (С)ол себептен алпыс үште кірдім жерге.

Пірмұған – Хақ Мұстафа, күдіксіз білін(дер),
 Қайда барсаң, мадақ айтыб тағзым қылың(дар),

⁴⁹ Аллаға шүкір.

⁵⁰ Өзірейіл періште.

⁵¹ Жұмақтың төрі.

⁵² «Раббың кім?».

⁵³ Жақсылыққа шақыру.

⁵⁴ Жамандықтан қайтару.

⁵⁵ Аллаға шүкір.

Мадак айтып Мұстафаға үмбет болың(дар),
(С)ол себептен алпыс үште кірдім жерге.

Тоғызымда қадам бастым тура жолға,
Теберік деп алып жүрді қолдан-қолға,
Қуанбадым бұ(л) сөздерге қаштым шөлге,
(С)ол себептен алпыс үште кірдім жерге.

Он жасыңда ұлан болдың Құл Қожа Ахмет,
Қожалыққа қадам қойып, қылмай тағат,
«Қожамын» деп, жолда қалсаң қандай қасірет,
(С)ол себептен алпыс үште кірдім жерге.

3-хикмет

Әр таңда дауыс келді құлағыма,
«Зікір айт» деді, зікірін айтып жүрдім, міне.
Ғишықсыздарды көргенімде жолда қалды,
(С)ол себептен алпыс үште кірдім жерге.

Он бірімде рахмет дария толып тасты,
«Алла» дедім, шайтан менен жырақ қашты,
Най-у һәуас⁵⁶, менмендік тұрмай көшті,
Он екімде бұ(л) сырларды көрдім, міне.

Он үшімде қу нәпсіні қолға алдым,
Нәпсі басына жүз мың пәле орап салдым,
Тәкаппарлақты аяқ астында басып алдым,
Он төртімде топырақ сипат болдым, міне.

Он бесімде хор мен ғилман⁵⁷ қарсы келді,
Басын ұрып, қол қусырып, тағзым қылды,
Фирдаус атты жаннатынан махзар⁵⁸ келді,
Дидар үшін баршасын қойдым, міне.

⁵⁶ Бұ дүниенің алдамшы қызықтары.

⁵⁷ Жаннаттағы қызметші.

⁵⁸ Алланың нұры.

Он алтымда барша әруак үлес берді,
 «Һәй-һәй, сізге мұбарак» деп адам келді,
 «Перзентім» деп мойным құшып көңілім алды,
 Он жетімде Түркістанда тұрдым, міне.

Он сегізде шілтенменен шарап іштім,
 Зікірін айтып, әзір тұрып, көксім тестім,
 Нәсіп қылды, жаннат кезіп хорлар құштым,
 Хақ Мұстафа жамалын көрдім, міне.

Он тоғызда жетпіс мақам әзір болды,
 Зікірін айтып, іші-сыртым таза болды,
 Қайда барсам, Қызыр бабам әзір болды,
 Ғаусул-ғийас шарап ішірді тойдым, міне.

Жасым жетті жиырмаға өттім мақам,
 «Бихамдилләһ»⁵⁹ пір қызметін қылдым тамам,
 Дүниедегі құрт-құстар қылды сәлем,
 (С)ол себептен Хаққа жақын болдым, міне.

Момын емес хикмет есітін жыламайды,
 Жарандардың айтқан сөзін тыңдамайды,
 Аят, хадис, тіпті Құран аңдамайды,
 Бұл риуаят Арсы үстінде көрдім, міне.

Риуаятты көріп, Хаққа сөйлестім мен,
 Жүз мың түрлі періштемен жүздестем мен,
 (С)ол себептен Хақты сөйлеп іздестем мен,
 Жан-ділім(ді) оған пида қылдым, міне.

Құл Қожа Ахмет жасың жетті жиырма бір,
 Не қылғайсың күнәларың таудан ағар,
 Қиямет күн азап қылса, Раббым Қадыр,
 Ей, достар, қалай жауап айтам, міне?!

⁵⁹ Аллаға шүкір.

4-хикмет

Хош ғайыптан құлағыма шабыт келді,
(С)ол себептен Хаққа сиынып келдім, міне.
Барша ұлық жиылып келіп силық берді,
(С)ол себептен Хаққа сиынып келдім, міне.

Мен жиырма екі жаста фәна болдым,
Мәрһәм⁶⁰ болып, шын дерттіге дауа болдұм
Жалған ғашық шық ғашыққа куә болдым,
(С)ол себептен Хаққа сиынып келдім, міне.

Ей, достар, жасым жетті жиырма үш,
Жалған талап, тағаттарым баршасы пұш⁶¹,
Қиямет күн не қылармын жалаңаш луч⁶²,
(С)ол себептен Хаққа сиынып келдім, міне.

Мен жиырма төртке кірдім Хақтан жырақ,
Ахиретке барар болсам қане жарак,
Өлгенімде жиылып ұрың(дар) жүз мың таяк,
(С)ол себептен Хаққа сиынып келдім, міне.

Жаназамның арқасынан тастар атың(дар),
Аяғымнан ұстап, сүйреп көрге келін(дер),
«Хаққа құлдық қылмадың» деп жаншып тебің(дер),
(С)ол себептен Хаққа сиынып келдім, міне.

Жазықтықпен жасым жетті жиырма бес,
Сұбхан ием, зікір үйретіп, көкірегімді тес,
Көкірегімдегі түйіндер(ді) сен өзің шеш,
(С)ол себептен Хаққа сиынып келдім, міне.

Мен жиырма алты жаста сауда қылдым,
Мансұр сипат дидар үшін ғауға⁶³ қылдым,

⁶⁰ Шипалы май.

⁶¹ Бос.

⁶² Қыли көз.

⁶³ Айқай-шу.

Пірсіз жүріп, ауру жағдай пайда қылдым,
(С)ол себептен Хаққа сиынып келдім, міне.

Мен жиырма жеті жаста пірді таптым,
Не көрсем де пердеменен сырды жаптым,
Табалдырығын жастанып-ап ізін өптім,
(С)ол себептен Хаққа сиынып келдім, міне.

Мен жиырма сегіз жаста ғашық болдым,
Түнде жатпай, пейнет тартып шыншыл болдым,
Содан кейін дәрғаһына лайық болдым,
(С)ол себептен Хаққа сиынып келдім, міне.

Бір кем отыз жасқа кірдім халім хәраб⁶⁴,
Ғишық отында болалмадым секілді тураб⁶⁵,
Халі ойран, жүрегім кәуап, көзім пораб⁶⁶,
(С)ол себептен Хаққа сиынып келдім, міне.

Отыз жаста отын қылып күйдірді,
Барша ұлық жиылып дүние қойдырды,
Ұрып-сәгіп, дүние ісін қойдырды,
(С)ол себептен Хаққа сиынып келдім, міне.

Құл Қожа Ахмет дүние қойсаң ісін бітер,
Көкірегіңдегі шыққан «уһ-ың» Арсыға жетер,
Жан берерде Хақ Мұстафа қолың ұстар,
(С)ол себептен Хаққа сиынып келдім, міне.

5-хикмет

Йә, Иләһім, хәмдіңмен⁶⁷ хикмет айтып,
Заты ұлық Қожам сиынып келдім Саған.
Тәубе қылып, күнәмнен қорқып қайттым,
Заты ұлық Қожам сиынып келдім Саған.

⁶⁴ Ойран.

⁶⁵ Топырақ.

⁶⁶ Жасқа толған.

⁶⁷ Мадақ.

Қырық бірімде ықылас қылдым жол табай(ын) деп,
Жарандардан әр сыр көрсем мен жабай(ын) деп,
Пірмұған ізін алып мен өбей(ін) деп,
Заты ұлық Қожам сиынып келдім Саған.

Қырқ екімде тәліп болып жолға кірдім,
Ықылас қылып, жалғыз Хаққа көңіл бердім,
Арсы-Күрсі, Ләухтан өтіп қалам кездім,
Заты ұлық Қожам сиынып келдім Саған.

Қырық үшімде Хақты іздеп нала қылдым,
Көз жасымды ағызып дария қылдым,
Далалар кезіп, өзім(ді) ғашық қылдым,
Заты ұлық Қожам сиынып келдім Саған.

Қырық төртімде махаббаттың базарында,
Жағам тұтып, жылап жүрдім гүлзарында,
Мансұр сипат басым беріп ғишқ дарында,
Заты ұлық Қожам сиынып келдім Саған.

Қырық бесімде Сенен қажет тілеп келдім,
Тәубе қылдым, әр іс қылдым, қате қылдым,
Йә, Иләһім, рахметінді ұлық білдім,
Заты ұлық Қожам сиынып келдім Саған.

Қырық алтымда құмар-сауығым толып тасты,
Рахметіңнен тамшы тамды шайтан қашты,
Хақтан қуат жолдас болып бабын ашты,
Заты ұлық Қожам сиынып келдім Саған.

Қырқ жетімде жеті жақтан қуат жетті,
Сақи болып, жам шараб(ын) Қожам тұтты,
Шайтан келіп, қу нәпсіні өзі жұтты,
Заты ұлық Қожам сиынып келдім Саған.

Қырық сегізде әзіз жаннан безер болдым,
Күнә дерті кесел қылды ауру болдым,
Ол себептен Хақтан қорқып, ояу болдым,
Заты ұлық Қожам сиынып келдім Саған.

Қырық тоғызда ғишкын түсті күйіп жандым,
 Мәжнүн сипат ақыл-естен кашып тандым,
 Түрлі-түрлі жапа тиді мойынсұндым,
 Заты ұлық Қожам сиынып келдім Саған.

Елуімде ермін дедім пейілім зағип⁶⁸,
 Қан төкпедім көздерімнен жүрегім езіп,
 Нәпсім үшін жүрер едім иттей кезіп,
 Заты ұлық Қожам сиынып келдім Маған.

Құл Қожа Ахмет ер болмасаң өлген жақсы,
 Қызыл жүзің кара жерде солған жақсы,
 Топырақ сипат жер астында болған жақсы,
 Заты ұлық Қожам сиынып келдім Саған.

6-хикмет

Таңы анық дүйсенбі күн жерге кірдім,
 Мұстафаға аза тұтып кірдім, міне.
 «Алпыс үште сүннет» деді есітіп білдім,
 Мұстафаға аза тұтып кірдім, міне.

Жер үстінде жарандарым аза тұтты,
 Әлем барша «сұлтаным» деп айғай салды,
 Хақты тапқан шын сопылар қандар жұтты,
 Мұстафаға аза тұтып кірдім, міне.

«Әлуидә»⁶⁹ деп, жер астына қадам қойдым,
 Жарық дүниені арам қылып Хақты сүйдім,
 Зікірін айтып, жалғыз өліп, жалғыз күйдім,
 Мұстафаға аза тұтып кірдім, міне.

«Таһа»⁷⁰ оқып ұзақ түндер қайым⁷¹ болдым,
 Түнде намаз, күндіз күні сайым⁷² болдым,

⁶⁸ Әлсіз.

⁶⁹ Қош бол.

⁷⁰ Қасиетті Құранның 20-шы сүресі.

⁷¹ Тұру, яғни түнімен намазда тұру.

⁷² Ораза.

Бұ(л) халменен жер астында дәйім болдым,
Мұстафаға аза тұтып кірдім, міне.

Алпыс түн, алпыс күндіз бір жол тағам,
Таң атқанша намаз оқып бір жол салам,
Алпыс үште болды өмірім ақыр тамам,
Мұстафаға аза тұтып кірдім, міне.

Хақ Мұстафа рухы келіп болды имам,
Барша періште жер астында болды ғулам⁷³,
Көп жыладым, Хақ Мұстафа берді инғам⁷⁴,
Мұстафаға аза тұтып кірдім, міне.

Миғраж түні «Көзім нұры, перзент», деді,
Қолым ұстап: «Үмбетімсің үмбет», деді,
«Сүннетімді берік ұста, қарағым», деді,
Мұстафаға аза тұтып кірдім, міне.

Қияметте жол адассан, жолға салай(ын),
«Мұхаммед» деп шөлдеп жүрсен, қолың(ды) алай(ын),
«Перзентім» деп қолың(нан) ұстап жаннат кірей(ін),
Мұстафаға аза тұтып кірдім, міне.

Ей, жарандар, бұ(л) сөз есітіп зауқым артты,
«Үмбет» деді, іші-сыртым нұрға батты,
Нұр шашып, дидарын Хақ көрсетті,
Мұстафаға аза тұтып кірдім, міне.

Дидар көріп, рухым ұшып Арсыға қонды,
Мұса сипат бар болмысым күйіп жанды,
Мәжнүн сипат ақыл-естен қашып жанды,
Мұстафаға аза тұтып кірдім, міне.

Жер астында қорлық тарттым көп машақат,
Төсек, жастық тастан қылып шектім пейнет,

⁷³ Қызметші.

⁷⁴ Сыйлық.

Ей, жарандар, бұ(л) дүниеде көп фәрағат⁷⁵,
Мұстафаға аза тұтып кірдім, міне.

Машақат тартпайынша уәслі⁷⁶ қайда
Қызмет қылмай дерт жағдайы болмас пайда.
Жан мен ділді қылмайынша Хаққа шәйда⁷⁷,
Мұстафаға аза тұтып кірдім, міне.

Жер астына кіргенімде естен тандым,
Көзім ашып Мұстафаны әзір көрдім,
Күнәһар үмбетгердің халін сұр(а)дым,
Мұстафаға аза тұтып кірдім, міне.

Ей, перзент, менен сұр(а)саң қане үмбет,
«Үмбет» деді көкірегім тола қайғы-қасырет,
Үмбет үшін көп тартамын Хақтан күлпәт⁷⁸,
Мұстафаға аза тұтып кірдім, міне.

Үмбеттерім күнәларын әр жұма кеш,
Алып келер, йә, Мұхаммед, сен мұны шеш,
Мейлі жылап сәжде етей(ін) Тәңріге кеш,
Мұстафаға аза тұтып кірдім, міне.

Әр жұма кеш үмбеттердің күнәсін(і),
Алып келер, йә, Мұхаммед, көргін мұны,
Үмбеттерің нелер қылар Ахмет сені(ң),
Мұстафаға аза тұтып кірдім, міне.

Мен Мәліктен⁷⁹ ұялармын, ей, үмбетім,
Жаратқаннан қорықпайсың ба, пәс һиммәтім⁸⁰,
Түнде жатпай тағат қылсаң, хош дәуләтім,
Мұстафаға аза тұтып кірдім, міне.

⁷⁵ 1) Бос уақыт, 2)үрей.

⁷⁶ Қауышу.

⁷⁷ Ынтық, ынтығу.

⁷⁸ Қиыншылық.

⁷⁹ Патша, мұнда Алла Тағаланы айтып отыр.

⁸⁰ Жігерім.

Жер астына кірдім достар, бейихтияр⁸¹,
«Әмин» деңдер сахабалар һәм шәдияр,
Үмбеттердің күнәсін кешкін, Пәруардігер,
Мұстафаға аза тұтып кірдім, міне.

Құл Қожа Ахмет, мен «дәфтәрі сәни» еттім,
Екі әлем ләззаттарын мәйге саттым,
Өлмес бұрын жан ащылығы(ның) заһарын таттым,
Мұстафаға аза тұтып кірдім, міне.

7-хикмет

Ол – Қадырым⁸² құдіретпенен назар қылды,
Құрсант болып, жер астына кірдім, міне.
Ғаріп пендең бұ(л) дүниеден сапар қылды,
Сырлас болып, жер астына кірдім, міне.

Зікірші болып, шүкірші болып, Хақты таптым,
Дүние ісін харам қылып, жаншып тептім,
Ынтық болып, рәсуа болып, жаннан өттім,
Бейқам болып, жер астына кірдім, міне.

Бақытсыздығымнан тау-тастар сөкті мені,
Шешен тілде сөгіп айтты сыйың қані,
Ғашық болсаң, әуелі барып Хақты таны,
Мәрһәм⁸³ болып, жер астына кірдім, міне.

Сізді-бізді Хақ жаратты тағат үшін,
Ей, бұл ғажап, ішіп-жемек рахат үшін,
«Қалу бәлә»⁸⁴ деді рухым пейнет үшін,
Адһам болып, жер астына кірдім, міне.

Нәпсім мені көп жүгіртті Хаққа бақпай⁸⁵,
Күдіз-түні бейқам жүрдім жасым ақпай,

⁸¹ Ықтиярсыз.

⁸² Алла Тағаланың тоқсан тоғыз есімдерінің бірі. Құдіретті деген мағынада.

⁸³ Шипалы май, дертке дауа.

⁸⁴ «Ия, солай», деп рухтар Аллаға жауап берген.

⁸⁵ Қарамай.

Алдамшы кызык, менмендікті отқа жақпай,
Қайғылы болып, жер астына кірдім, міне.

Құлды көрсем, құлы болып қызмет қылсам,
Топырақ сипат жол үстінде жолы болсам,
Ғашықтардың күйіп өшкен күлі болсам,
Сырлас болып, жер астына кірдім, міне.

Жаннан кешіп, пейнет тарттым, «пендем» деді,
Қандар жұтып, «Алла» дедім рахым етті,
Тозақ ішінде қалмасын деп қамым жеді,
Құрсант болып, жер астына кірдім, міне.

Жасым жетті алпыс үшке бір күндей жоқ,
Уа, дариға, Хақты таппай көңілім сынық,
Жер үстінде «сұлтанмын» деп болдым ұлық,
Шүкірші болып, жер астына кірдім, міне.

Шайқымын деп, дауласып, жолда қалдым,
Сәлде, орамал бос пұлға сатып келдім,
Нәпсім мені армандатты жолда қалдым
 مېن يكرمى تورقە كېردىم حق دېن بىراق
 آخىرئقە بارور بواسام قانى بىراق
 اولكانىمەك بېغىلىپ اورونك بوزمېنىك تېماق
 اول سېبىدىن حقە سېغىنىپ كېلدىم منا

АУДАРМАСЫ

МИРАТУЛ-ҚУЛУБ

Аса камқор, ерекше мейірімді Алланың атымен!

Барша мадақ әр нәрсені есітуші және білуші Аллаға тән. Жаратушы һәм аса Жомарт болған Алла мадақтаймыз.

Білгін және бұл теберік рисаланы жинақтаған шарифаттың бурханы¹, тарикаттың арбабы² – Маулана Сопы Данышманд екендігінен хабарың болсын! Ғаріптердің сұлтаны³, тақуалардың жол басшысы, жер жүзінің қутбул-ақтабы⁴ Қожа Ахмет Иасауидің (Алла Тағаланың оған ризалығы болсын!) сөздерін бұл әзіз Сопы Мұхаммед Данышманд жеткізеді.

Бұл рисаланың жазылу себебі, күнделікті, таң сәріде және ақшам уақыттарында, үздіксіз жалғасып отыратын зікір жиналыстарының бірінде барша сопылар жиналып Хазірет Сұлтанға (Ахмет Иасауиге): «...шайқылық пен мүридтік жайында және осы ұлы силсиланың жолы мен тізбегінен хабар берсеңіз, өзіңізден кейінгі тарикат өкілдеріне мирас болып қалса екен» – деген ұсынысы, осы рисаланың хатқа түсуіне себеп болды. Осылайша, бұл рисала «Миратул-қулуб», яғни «Жүректің айнасы» деп аталды. Кімде-кім айнаға қараса өз бетін көреді, ал егер айыбы болса оны да көреді. Егер біреу осы кітапты оқыса, оқи отырып өз кемшілігін көріп білсе, соның байыбына жетіп, тәубе және истиғфармен машғұл болса⁵, Алла Тағала оның қате-кемшіліктерін кешіреді деп үміттенуге болады. Егер кез келген салик⁶ бұл рисаланы оқыса немесе оқығандарға құлақ түріп, естігендерін амал-әрекетімен қолдана отырып көңіл көзін аша білсе, он сегіз мың әлемдегі ғажайыптарды мушаһада⁷

¹ Шарифаттың дәлелі.

² Тарикаттың өкілі.

³ Султанул-арифин – Ғаріптердің сұлтаны яғни, «ариф» – араб тілінен «білуші», «танушы» деген мағына береді және «әулиелердің әулиесі» дегенді де білдіреді.

⁴ Қутбул-ақтаб – Қутб араб сөзі, қазақша «шығыр», «диірмен тасының шығыры», «тірегі» дегенді білдіреді, яғни Қутуб ул ақтаб – «ең үлкен қутуб» немесе «қутубтардың қутубы», «халыққа жол сілтейтін, тура жолға салатын әулие» мағынасына келеді.

⁵ Шұғылдану, айналысу.

⁶ Салик – сопылықта жиі қолданылатын сөз, яғни рухани кемелдікке жету үшін сопылық жолына түскен адам.

⁷ Мушаһада – 1) көру, куә болу; 2) көре отырып ақылға салу, терең ойлану дегені. Сопылық әдебиетте Хақ Тағаланың жаратқандарын көріп, куә болу, сол арқылы Алланың хикметін сезіну, олар туралы терең ойлануды білдіреді.

кылып, қияметте Алла Тағаламен кездесуге – инандық және бекіттік⁸ деген соң, Оның дидарын көрудің ешқандай таңғаларлық жағдайы жоқ. Тек Одан (Алла Тағаладан) жәрдем тілейміз!

«Мирагул-кулуб» рисаласы Сөз (Шариғат), Махаббат (Тариқат) және Сауық (Хақиқат) атты үш баптан тұрады. Осы мағынада Хақ тағала: «Құлдарын жақын болсын (Өзін танысын)», – деп дін және Ислам жолын сыйлады. Бұл жолға үш түрлі ат берді. Әуелі – шариғат, екіншісі – тариқат, үшіншісі – хақиқат. Сондықтан да бұл рисала үш бөлімнен құралды. Сондай-ақ Құранда: «Ибраһим ғалейһи салам былай деді: «Шындығында, Раббым маған тура жолды көрсетті»⁹, – деп баян етті». Яғни бұл жолдан мақсат – Ислам жолы. Алайда, Алла Тағаланың жолы мына дәлел бойынша үш жолдан тұрады: бұл жолдар: «Ислам діні – Аллаға барар жол. Басы – шариғат, соңы – хақиқат, осы екеуінің арасында тариқат (бар)».

Тағы да шайқы Нажмеддин Кубра¹⁰ (Алланың оған рақымшылығы болсын!): «Әрбір істе шариғат, тариқат және хақиқат бар. Сопылықта да бұлар (әл-ирада-мүридтік жол) бар. Шариғатта ілім мен іс, тариқатта көңілдердің ашылуы және хәл, ал хақиқатта Хақ Тағаланың дидарын мушахада ету сонымен қатар жаратушымен «жүздесу» бар», – дейді.

Пайғамбар (Алланың оған амандығы мен сәлемі болсын!) айтқан: «Шариғат – айтқан сөздерім, тариқат – істеген амалдарым болса, хақиқат та хәлім». Ахмет Иасауи де (Алланың оған рақымшылығы болсын!): «Шариғат сырт ағзалармен амал ету болса, тариқат – «қалб, яғни жүрекпен амал ету» деген сөз, ал хақиқат – сырмен¹¹ амал ету болып табылады», – дейді.

Әулиелердің сұлтаны – Қожа Ахмет Иасауи былай дейді: «Жол бастаушы тұлғалар мен көсемдер үш топқа бөлінеді. Шариғат көсемдері – ғалымдар мен патшалар; тариқат көсемдері – шайқылар мен сопылар; хақиқат көсемдері – ғаріптер мен Хақ тағалаға шынайы берілген машайықтар.

Егер ғалымдар мен патшалар шариғатта «әмір мағруф¹² һәм нәһи мункәр»¹³ жасаса және өзгелердің де осы жолдан адаспауларына жарлық беретін болса, ешқашан тура жолдан азбайды. Олардың соңынан ерген бұйрықтарды орындаушылар да шариғат бағытынан азбайды. Егер бұл жағдай орындалмаса, (барлығы) шариғат жолынан азады.

⁸ Әмәннә уә сәддақа – «Иман келтірдік және дәлелмен бекіттік» мағынаны білдіреді.

⁹ «Сафғат» сүресі, 99-аят.

¹⁰ Кубрауия тариқатының негізін салған белгілі сопы. 1221 жылы қайтыс болған.

¹¹ Сыр – яғни «ас-сирр» араб сөзі, қазақша «құпия», «жасырын» деген мағынаны білдіреді.

¹² Шариғатта қоғам игілігі үшін рұқсат етілген ізгі амал-әрекеттерге бұйыру

¹³ Шариғатта қоғам игілігі үшін тыйым салынған амал-әрекеттерден қайтару

Шайқылар мен сопылар риязат¹⁴ тартып, өз нәпсімен күресіп, «көңіл әлемін ашып» «жетпіс мақамнан»¹⁵ өтіп, ғайып әлемінде әруақтармен, періштелермен сұхбат ететін болса, ондай шайқылар мен сопылар тариқат жолынан азбайды. Мұндай ұлыларға ергендер де жолдан таймайды. Егер осы шарт орындалмаса, тариқат жолынан азады, сондай-ақ соңынан ергендер де адасады. Алайда, Хаққа шынайы берілген пенделер, машайқылар хақиқатта «масиуа Аллаһтан»¹⁶ бас тартып, сырды-сырға жалғайтын болса, алға қойған мақсатына жетіп, хақиқаттың жолынан адаспайды. Сондай-ақ оларға ергендер де жолдан азбайды. Егер осы жағдай орындалмаса, хақиқат жолынан тайып, мақсаттарына жете алмайды. Алла білуші.

Сопы Мұхаммед Данышменд осыған байланысты былай дейді: «Мысалы, Хижаз аймағының патшасы Қытай патшасына елші жіберсе, ол елші жолды білмесе, іштерінен бірі жол бастаса, елші де жолынан адасады. Егер ол жол бастаушы жолынан адаспаса, оған ергендер де адаспас еді. (Сол сияқты) Дәруіш не сопы да тура жолды білетін жол бастаушыға ұқсайды. Ал оған ергендер де жолға шыққан елшіге ұқсайды».

Сопы Мұхаммед Данышманд былай дейді: «Қандай шайқы болса да жетпіс мақамнан өтпей тұрып шайқылық не көсемдікті талап етуі дұрыс емес. Жетпіс мақамнан өткен шынайы шайқылар оған дұшпан болар және: «Ей, азғын, (жалған шайқы), саған еріп, сені басшылыққа алғандар азғындар мен бұзақылар», – деп айтады. Оған (жалған шайқықа) ерген мүридтері мен серіктерінің барлық күнәлары сол жалған шайқының мойнына жүктеледі».

Шайқы Нажмеддин (Алланың оған рақымшылығы болсын!) былай дейді: «Адамдардың кейбірі «Шариғат жолымен жүремін», ал басқалары «Хақиқат жолындамын» деп жар салады. «Шариғат» жолында жүргендер мүмин және мұсылман атанады. «Тариқат» жолында жүргендер шайқы, сопы және тақуа атанады. Ал «Хақиқат» жолында жүргендер ғаріп, ғашық¹⁷ және мухиб¹⁸ дейді. Дегенмен бұл жолды таңдағандар шынайы «рухани хәл» иелері болуы керек. Егер (ол құлдың) рухани хәлі мен мақсаты бір-бірімен сәйкес болса, ұлы,

¹⁴ Риязат – араб тілінен «тәрбиелеу» яғни сопылықта өзін-өзі тәрбиелеу деген мағынаны білдіреді.

¹⁵ Сопылықтағы тақуалық дәрежесі

¹⁶ «Масиуа Аллаһ» яғни Алладан басқа барлық нәрсе. Сопылық танымда көңіл – Алланың үйі. Демек көңілді Алладан басқа нәрселерден тазалау, яғни мал-дүние, нәпсі қалауларынан бас тарту деген мағынаны береді.

¹⁷ «Ғашық» – араб тілінен «ишк», яғни махаббат демек. Мұнда Аллаға деген махаббат қолданылып отыр.

¹⁸ Мухиб – араб тілінен «сүйген ғашық» деген мағынаны білдіреді

күдіретті Тәңірі оны шынайы дос көреді. Егер рухани хәлі мен мақсаты сәйкес келмесе, яғни шынайы болмаса, Алла сактасын, ондайлар Құдай Тағаланың дұшпандары.

Алла Тағала: «Ол күнде (ақыретте) өтірікшілердің хәліне кара...»¹⁹ – деген. Хазірет Пайғамбарымыз да (Алланың оған амандығы мен сәлемі болсын!): «Жалғаншы – Алланың дұшпаны», – деген. Бұл жолда өтірікшілікпен жүрме, шыншыл бол. Өйткені бұл жол, рухани хәлдің таза болуын талап етеді. Дегенмен, Алла қаласа әр нәрсенің мәнін өз орнымен баяндайтын боламыз.

Бірінші бап: Шариғат жайында

Расуллулла (Алланың оған амандығы мен сәлемі болсын!) былай дейді: Шариғат – менің сөйлеген сөздерім және тариқат – жасаған іс-әрекетім, ал хақиқат – хәл-жағдайым.

Мұнда Пайғамбарымыз (Алланың оған амандығы мен сәлемі болсын!) «Шариғат – менің сөйлеген сөздерім», – деді, ал тариқатқа келгенде «сөйлегендерім» деген жоқ, «істеген істерім», – деді. Мұның жауабы мынадай: Хазірет Расуллулла (Алланың оған амандығы мен сәлемі болсын!) миғраж түні Алла Тағаламен «тікелей» тоқсан мың түрлі сөз сөйлесті. Оның отыз мыңы шариғат туралы, отыз мыңы тариқат жайлы, ал қалған отыз мыңы да хақиқат хақында болды. (Алла Тағаладан) бұйрық болды: «Отыз мың шариғат сөзін бүкіл мүмін, кәпір және пасықтарға жеткіз, тариқат сөздерін тек өз еркімен қалағандарға айтып түсіндір, ал хақиқат сөздерін айтушы болма!».

Әулиелердің сұлтаны – Қожа Ахмет Иасауи былай дейді: «Шариғат – сыртқы дене мүшелерімізбен әрекет жасау деген сөз». Сыртқы дене мүшелердің мақсаты – парыз, уәжіп, сүннет және әдептердің барлығын қамтиды. Бірақ шариғат жолындамын деушілер мүмін, мұсылман атанды. Бұл жолдағыларға руханият керек. Руханият дегеніміз – Хақ Тағаланың құлдарына берген бұйрығы бойынша екі түрлі болады: «Әмір мәғруф» («Ізгілікке шақыру») және «нәһи мункәр» («жаман істерден қайтару»).

«Сендер адам баласы үшін игілікті әмір етіп, қарсылықтан тыятын, сондай-ақ Аллаға сенетін қайырлы бір үмбет болып, шығарылдыңдар»²⁰.

¹⁹ Мурсалат сүресі, 15-аят.

²⁰ Әл-и Имран сүресі, 110-аят.

Енді бұл мүмін, мұсылман атанғандар барлық ізгілікке шақырған амалдарды орындап, жамандық іс-әрекеттерден ұзақ тұратын болса, шариғат жолындамын дегені шын және мүмін, мұсылмандығы дұрыс, Құдай Тағалаға шынайы құл болды деген сөз.

Алла да оларды: «Алла иман келтіргендердің досы. Оларды қараңғылықтан (надандықтан) жарыққа (түзу жолға) салады»²¹.

Егер ізгілікке шақырғандарға құлақ аспай, жамандық істерден ұзақ тұрмайтын болса, «мүмінмін», «мұсылманмын», дегені бекер және өзі өтірікші болғаны. «Әмір мәғруф» дегеніміз – шариғат бұйырған істерді өзі қабылдап, орындап, басқаларға да айтып түсіндіру. «Нәһи мункәр» дегеніміз – тыйым салынған, шариғат қайтарған істер – күпірлік, нифак²², шәк келтіру²³, ширк²⁴ өзімшілдік, рияшылдық, зұлымдық, арамтамақтық (арам жолмен күн көру), жалған сөйлеу, өсек, ғайбат, зинақорлық, арақ ішу, наркотик заттарды қолдану және мұсылмандарға қиянат жасау, зиян жеткізу – бұларға түгел тыйым салынған.

«Кімде-кім бір жамандық іс көрсе, оны қайтарсын, егер қолымен қайтаруға күші жетпесе, тілімен наразылығын білдірсін, оған да күші жетпесе көңілімен оны өзіне дұшпан деп білсін. Міне, осы иманның ең әлсізі».

Егер мұсылман адам шариғатқа теріс бір жамандық іс көрсе, оны қайтармаса, көре тұра қарсы шықпаса, сол жамандықты жасаушының күнәсіне ортақ болады. Өйткені Пайғамбарымыз (Алланың оған амандығы мен сәлемі болсын!): «Күпірлікке ризашылық көрсеткен – кәпір, күнәға көзін жұмған да күнәһар», – деген.

Шайқы Хасан Басри (Оған Алланың рақметі болсын!) былай дейді: «Күпірлік жүректен толық өшкен кезде шариғат аяқталады». «Хуласа» кітабында: «Көңілінде зәредей тәкаппарлығы бар адам жәннатқа кіре алмайды» делінген. Сонымен қатар «Әһлул-мағрифат» былай дейді: «Менмен, көкірек (адам) – өзін басқадан артық санайтын адам». Демек, тәкаппар өзін басқалардан артық санайтын адам. Сөз жоқ, мұндай кісілер жұмаққа кірмейді.

Пайғамбарымыз (Алланың оған амандығы мен сәлемі болсын!) былай дейді: «Сараң мүмін болса да жұмаққа кіре алмас, жомарт кәпір де болса тозаққа кірмес».

Шайқы Жүнәйд Бағдади (Оған Алланың рақметі болсын!): «Бүкіл ғұламалардың (хәлі) «қауіп пен үміт» арасында жүргендей», – дейді.

²¹ Бақара сүресі, 257-аят.

²² Нифак – екіжүзділік, яғни мунафик.

²³ Алланың бар екендігіне немесе оның әмірлеріне күмәнмен қарау.

²⁴ Ширк – Аллаға серік қосу, яғни Оған тең келетін басқа да күштер бар деп сену.

Егер Алла Тағаладан бұйрық келсе, барлық құлдарым тозақтық, тек ішінен біреуі ғана жұмақтық десе, «сол бір жұмақтық мен болайын» деп үміттену керек. Егер барлық құлдарым жұмақтық, тек біреуі ғана тозақтық десе, «сол бір тозақтық мен болып қалмайын» деп қорқуы қажет, яғни қауіп пен үміт арасында болу керек.

Сопы Мұхаммед Данышманд, Сұлтанул-арифиннің мына бір сөзін жеткізеді: «Шариғатты түгел орындамай, тариқатқа кіруге болмас. Бойындағы менмендікті жойып, жоқтыққа кірсе, барлық нәрсені тәркі етіп, тірідей өлсе, содан соң ғана тариқатқа кірсе дұрыс болады. Пайғамбарымыз (Алланың оған амандығы мен сәлемі болсын!): «Муту қабла ән тәмуту»²⁵, яғни «Өлмей тұрып өліңдер» деген. Расында да, сол дұрыс.

²⁵ «Муту қабла ан тамуту» – өлмей тұрып өлу, яғни шынайы өлім келмей тұрып нәпсіні тізгіндеу, жүректе Аллаға деген махаббаттан басқа барлық құмарлықты жою деген сөз.

ТРАНСКРИПЦИЯСЫ

Āl-xamdu lillāh āl-Samī', āl-'Ālim uā Subḫan Allah āl-Xāllak āl-Kārim. İā`ni bīlīl uā aah bolīl kī bū risala-i mutābarri` kani zām` kilyan būrhan āl-šāri`āt uā ārbab āl-tarikat İā`ni Māulānā sufi Danišmand tūrūr-kīm xāzrāt-i Sultan āl-'Ārifin uā kuduatul-mutauarri`in uā kutb ul-aktab-i raīi zamin Xaža Axmad İassauī rahmatullah `āalāıhniñ āxuallarydyn bū `āziz sufi Muḫammad Danišmand aйтurlar. Amma bū risalanıñ kitabāt kylanynıñ sābābī ol erdī-kīm kunlārdā bīr kūn tāmamı suflar subḫ uā šam balkī `ālād-dāuam zīkr xalkasida mustakym erdīlār xāzrāt Sultana `arz kyldylar šaiḫlyk babyda uā taky bū silsila `azimniñ sulūk uā tarikasydyn xābār bersāñiz-kīm sizdīn soñ āhlī tarikalara İadar kaḷayā āndīn soñ bū risalaa «Mir`at āl-kulub» at koıyldy İā`ni kōnullārnā kōzusī uā hār kīm ersā kōzūā baksa İüzini kōrār uā taky aйна җайб bolsa any ham kōrār bas hār kīm ersā bū kitabny okūsa taky özinī `āıbini kōrsā uā bilsā anyñ tadarikī da bolūb tāubā uā istiḡfar bīrlā māšḡul bolsa umid ol-kīm Allah Tā`ala ol җайб uā ol taksirdīn `auf kylaı uā hār salikkīm bū risalany okūsa uā İa okuıdydyn ešitib `āmāl kylsa kōñül kōzüsini aısa uā on sak kiz myñ `ālamdaı `āzāıb uā җарайıblarны mušahada kylsa uā kiıamatda āmānnā uā sādāknā lika-i zul-žalāl bi-čun uā bi-čiuna didaryn kōrsā heç `āzib uā җарıb bolmayā uā bihi nästā`in muḫābbāt sōz šauk deıü bū risala «Mir`at āl-kulub [ni]» üç bab üzrā bina kyldylar ol mā`nā üçün-kīm Māulā `āzzā uā žällā öz xāzrātidā kullaryn İakyn kylsün deb dīn uā Islam İolyny `āta kyldy ol İoḷya uç at koıdy āuuāl šāri`āt ekkīnçī tarikat uā üçünçī xākikāt bū mā`nā üçün üç bab üzā bina kylyndy uā taky kalam ičindā İad kyldy kauluhu Tā`ala uā kala inni zahibun ila rabbi šaiḫahdin Ibrahim `ālāıhis-sālām hitab kyldy-kīm bidurusti paruardiarym kōndürdī menī tuz İoliā İā`ni murad bū İoldyn Islam İoly tūrūr āmma Maula Tā`ala İoly üç tarika bolūb tūrūr bū dālıl bīrlā-kīm āl-dīn āl-islam tarik ila Allah Tā`ala āl-šāri`ātu ibtida uā āl-xākikātu intiha uā āl-tarikatu bāıñnāhumā uā taky šaiḫ Nažm ad-din Kūbra rahmatullah `ālāıh xābār berür-kīm ānni fi kullī `āmālin šāri`āt uā āl-tarikat uā āl-hakikat kāzālikā āl-iradatu fāhu uā fi šāri`āt āl-`ilm uā āl-`mal uā fi āl-tarikati kāšf al-kulub uā āl-xal uā āl-xākikāti ru`İatu lika Zul-žalāl uā taky xāzrāt Māulā aıtyb tūrūr āl-šāri`āt āxual uā āl-tarikat āf`ali uā āl-xakikatu hali uā taky Sultan āl-'ārifin rahmatullahi `ālāıhi aıtyb tūrūr muktada uç kism tūrūr šāri`āt muktadasy `alimlar uā padišahlar tūrūr lar tarikat muktadasy šaiḫlar uā suflar tūrūr lar xakikat muktadasy arıflar uā mukarrab mašāııxlar tūrūr lar āār alimlar uā padišahlar šāri`āt da amri mā`ruf kylyb uā nāhi munkar dīn İyḡylyb uā özālārā farmanlasalar tüz İoldin azmayāılar taky alara iktida uā ittiba kylyanlar hām azmayāılar āār mūnday šāri`āt bīrlā bolmasalar šāri`āt İolydyn azyāılar āār šaiḫlar suflar-kīm riıazat tartib uā mužāhādā çekib kōñül `ālamny aıyb İetmiš makamdyn keçib җайб āruaxlarıya uā farištalara suḫbatlyk bolsalar tarikat İolydyn bū türlük šayx

uä suflar azmayay andak büzrukuarua iktida uä ittiba kylyanlar häm azmayaylar bü šaraitlar birlä bolmasalar tarikat ñolyda azyaylar iktida uä ittiba kylyanlar häm azyaylar amma mukärräb bändälär uä mašayihlar xäkikät masiua Allahdın kečib sirny sira ularsalar muradläritä ñetib xakikat ñolydyn azmayaylar uä alara iktida uä ittiba kylyanlar häm azmayaylar äär bü šarait birlä bolmasa hakikat ñolydyn azyb murad maksudya ñetmäälär uä Allahu ä`läm ñä`ni sufi Muḥammad Danišmand uça nazir aityb türürler-kim mäslän Hižaz uiläñätiñ padišahy Xiṭay uiläñätiñ padišahya elči ñubarsa ol elči ñol bilmasa biri baš bolüb ñol başlasa tüz ñoldyn azyb sarsan bolay uä häm elči sarsan bolay äär kulauuz kuryan ñolyny ñaṅylamasa kulauuz tutanlar häm azmayaylar däruis ña šayḫ bolyan ñol bilučı kulauuza meñzär iktida kylyanlar uä tabi` bolyanlar kulauuz tutyanya meñzär sufi Muḥammad Danišmand aityb türürler-kim kañu mašayih ñetmiş makamdyn kečmäññ šayḫlyk uä muktadalik dä`uä kilsa dä`uäsi batil bolay bälkim ol ñetmiş makamdyn kečän buzruk mašayixlar dušman bolaylar añaylar-kim añ batil dä`uä kylyan uä ittiba` kylyanlar batil uä fasiddurlar ol mutäbä` t kylyan murid uä äsxablarnyñ häm ñazuklary uä ñalyančy batil šayḫnyñ boñnyya bolay Šayḫ Nažm ad-din Kubra raximahullah aityb türürler-kim bä`zilär šari`ät birlä ñururman deb dä`uä kylurlar uä bä`zilär xakikat birlä ämma šari`ät birlä dä`uä kylyanlarny mu`min uä musulman atanurlar uä tarikat birlä ñuranlarny šayḫ uä sufi uä zahid atanurlar uä xakikat birlä ñuranlarny `arif uä ašik uä muhib atanurlar bas bü ñolny dä`uä kylyan kimärsälärä mä`nä keräk äär mä`näsi ras bolüb dä`uäsi ras bolsa Taḡri`äzzä uä žalla dost tutar äär mä`näsi ras bolmasa ña dä`uä ñalyan bolsa nä`uzu billah min zalik anday kimärsä Xudañ Tä`alanyñ dušmany türür kauluhu Tä`ala uäñlun ñaumä`izin lil-mukäzzibin uä xzrät päñyambär sallallahu `äläñhi uä salläm baz ayturlar-kim äl-käzzäbu `ädu Allahi bü ñolda ñalyančylyk birlä ñurmañl uä rastlyk birlä ñurñl dä`uäya mä`nä keräk mä`näsi neä keräk ämma här nimärsanñ mä`näsin öz žañyda bañan kylynur inša Allah Tä`ala

Äl-bab äl-äuuäl: fi äl-šari`ät

Kala Rasul Allah sallallahu `äläñhi uä salläm äl-šari`ät äkuäli uäl-tarikat äf`äli uäl-xakikat ähuäli añdylarkäm šari`ät menñ sözlaan sözum türür tarikat menñ kylyan fi`llarym türür Rasul sallallahu `äläñhi uä salläm šari`ät menñ sözleen sözum tedñ tarikatny menñ sözleen temedñ kylyan fi`llarym tedñ andak-kim aitymyšlar xäzrät Rasul Allah Mi`raž tünidä Maula azza uä žalla birlä biuasita toksan myñ sözläštülär ottüz myñ šari`atda ottüz myñ tarikatda uä ottüz myñ xäkikät erdi ñana färman boldi-kim šari`ätñ sözlärinñ barča mu`min uä kafir uä fasiklaryya añyyl uä lekñ tarikat sözinñ tiläänlärä añyyl uä lekñ xakikat sözinñ äsla añmayyl Sultan äl-`Arifin xäzrät Xoža

Axmad ʼAssauī aʼityb tūrūr-lar-kīm āl-šāriʼāt ʼāmāl bil ārkān aʼy bil zahir bil ārkāndīn murad fāraiz uā uāzibāt uā sunan uā ādāb kamūy bolur āmma šāriʼāt bīrlā iūrūr-mān deb dā uā kylyanlar muʼmin uā musulman atandylar dā uālaryā mā nā kerāk mā nā ol tūrūr-kīm Māulā Tāʼalanyḡ fārmany kullaryā ekkī uāzh bīrlā tūrūr bīri āmr mā ruf uā taky nāh ʼ-ī munkār kuntum xayra ummātin uxrižat linnas tā murunā bil-mā rufi uā tānxāunā ʼanil-munkār emdī bū muʼmin musulman atananlar kamūy āmr mā rufnī baža kelturub nah ʼ-ī munkārdīn ḡyarak bolūp tūrūsalār šāriʼāt dā uālārī rast bolūb muʼmin musulmanlyklarydurust eren Xudaḡ ʼazzā uā žāllāā čyn kūl bolayāylar āār āmr mā rufnī baža kelturmāḡ nāhi mūnkārdīn ḡyarak bolmaḡ mūmin uā musulmanmyn disā dā uasy ḡalyan tūrūr uā özi ḡalyančy-dur Āmrī mā ruf uldur-kīm hār nimārsā-kīm šāriʼāt dā māšru ʼ bolsa āni kabūl kylmak uā özālārā farmanlamak tūrūr uā taky nāhi munkār ol tūrūr-kīm kufr uā nifak uā šāk uā širk uā użub uā riḡā uā zulm kylmak xaram ḡemāk ḡalyan sözlāmāk uā ḡiḡbāt kylmak uā zina kylmak uā čayyr ičmāk uā bān ḡemāk uā mü minlārni na mašru ʼ azar bermāk bū kamuyy nāhi munkār tūrūr mān raʼa minkum munkāran falḡuyayirhu biḡadihi uā in lām ḡastāti ʼ fabilisanihi fain lam ḡastati ʼ fābikalbihi uā zalīka āz ʼāf āl-iḡman uā hār kīmārsā nāhi mūnkār kylsa any mān kylmak kerāk āār ilī bīrlā kūči ḡetmāsā tīlī bīrlā uā āār tīlī bīrlā kūči ḡetmāsā kuḡlī bīrlā dušman tütsün ol imannyḡ zā ifliḡidīn tūrūr āār mūmin ol birahni kōrūb man kylmasa anyḡ kylmyš ḡazukyḡā šārik bolayā nečuk-kīm pāyḡāmbār sallallahu ʼālāḡhi uāsāllām aḡdīlar-kīm riza uā bi āl-kufri kufrun uā bi āl-mā siḡati mā siḡātun Šāḡx Xasan Basri rāxmatullahi ʼālāḡhi aʼityb tūrūr-lar šāriʼāt ol uākt da tāmam bolur-kīm kufurnī tāmam-i kōḡuldīn ketīrsā kitāb-i xulasa da kelturub tūr-lar-kīm Lā ḡādxulu āl-žānnātā axadin kānā fi kālbihi miskala hārdāl min kibr ḡāni učmak kīrmās ol kīmārsā-kīm kōḡlīdā sipānd danača kibr bolsa uā taky āhli mā rifāt andak aʼityb tūrūr-lar-kīm āl-mutākābbir āl-lāzi tufsid xayran min nāfsihi ḡā ni mānmānlīk kylyučy ol kīmārsā-kīm öziḡi özā kīmārsālārdīn ḡaxšy kōrār bās mūnday kīši učmaxka kīrmās uā taky pāyḡāmbār sallallahu ʼālāḡhi uā sāllām aḡdylar Āl-baxilu lā ḡādxulul žānnātā uā in kānā mü minān āl saxiḡḡu lā ḡādxul ul-nāra uā in kānā kāfira ḡā ni baxil beḡišt kīrmāāḡ āārčī mü min būlsa uā žāuanmārd duzaxda kīrmās āārčī kāfir būlsa Šāḡx Žunāḡd Baydadi rāxmatullahi ʼālāḡhi aʼityb tūrūr-lar āl-ʼālimunā kulluhum bāḡnā āl-xāufi uā āl-rāža-i āār Māula āzzā uā žāllādīn fārman bil-sā-kīm žumlā kullarym tamūylyk tūrūr mār bīr kūl učmaxlyk umid tutmak kerāk-kīm učmaxlyk mān būlayāymyn deb uā āār fārmanlasā-kīm barča kullarym učmaxlyk tūrūr mār bīr kul duzaxi tūrūr korkmaklyk kerāk-kīm duzaxy mān būlmaḡayāymyn bās xāuf riža arasyda būlmak kerāk Sufi Muxāmmād Danyšmānd Sultan āl-ʼĀrifindīn nakl kylyb tūrūr-lār-kīm šāriʼāt nī tāmam kylmaūncā tarikatda kadam koḡsa būlmas mānmānlīkdīn kečīb ḡoklukda bolsa tīrīk ölsā andyn soḡ tarikda kadam ūrsa bolur nečuk-kīm pāyḡāmbār sallallahu ʼālāḡhi uā sāllām aḡdylar mutu kāblā āntā mutu sadaka ḡā Rasulallah.

ФАКСИМИЛЕСІ

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ
 الْحَمْدُ لِلّٰهِ الْمُبِیْحِ الْعَلِیْمِ وَبِحَبْلِ اللّٰهِ الْخَلْقِ الْكَبِیْرِ
 یَعْنِیْ بِلِیْكِلْهِ وَآكَاہِ بِلِغَيْدِكَ بَدْرَسَا لَهٗ مَبْرُكٌ فِی
 جَمِیْعٍ قَبْلُفَانِ بَرْدَانِ اَشْرَیْطِیْتِ وَارْجَابِ الطَّرِیْقِ
 یَعْنِیْ مَوْلَانَا صَوْفُو دَر شَمْنَد مَرُورِ كِمِ جِیْفَرْتِ سَلْطَا
 الْعَارِفِیْنِ وَمَقْدُوْدَةِ التَّوْرِ عِیْنِ وَوَقْطَبِ الْاَطْحَابِ
 رَوِیْ زَمِیْنِ یَعْنِیْ خَلُوْبِجِ اِجْمَدِ لِسْتُو ی رَجْمَدِ اللّٰهِ
 عَلَیْ نَبِیْكَ اَقْوَالِ لَارِ زَنْبِیْكَ بَدْرَسَا لَهٗ نِزْصَوْفِیْ وَجَمْعِ
 دَر شَمْنَدِ اَبِیْتُو رَا دَر اَمَا بَدْرَسَا لَهٗ نِیْكَ كِتَابِ
 قَبْلُفَانِ نِیْكَ سَبْیِ اَوَّلِ اَرُو ی كَمِ كَوْنَلَارُو دَر بَرَكُو
 تَمَامِ صَوْفِیْ لَارِ جَمِیْعِ شَاخِ بَلَكْ عَلِیْ اَلِو اَو دَر قَلْبِ
 سِنِدِ وَنَسْتَقِیْمِ اَبْرُو یلَارِ جِیْفَرْتِ سَلْطَا كَا نَرُ مَن
 قَبْلُفَانِ لَارِ شَمْنَدِ لِبِیْغِ وَ مَرِیْدِ لِبِیْغِ بَا بَیْدِ وَ تَقِیْ بَدْر

بیچیزدین سوزک اهل طریق لاری غیاثکار خالغای اینین
 سوزک بوریسپالانی مرآت القلب انک قویولدی
 یعنی کونکفل لاد کوز کوزی و پریمی ایدر کوز کوز کوز
 له زیننی کوزار و ثقی ایند غیب بولدی کوز کوز
 ایندی ایدر بولدی اوقد پستی اوز کوز کوز
 اینک تشار کوزی ده تولد ب توتور اوستی کوز کوز
 ایدر اول کوز الله تعالی اول غیب اول تفتیرین عطف
 قیلغای و بوریسپالانی اوقد بویا اوقد
 حیدین اشتب تمل قیلدی کوز کوز کوز کوز
 و اون سیز نیک عالمه اشرع جاب و غزاییت لاد غنا
 ده قیلدی و قیامت ده آمنا و قمد قنا القاء و اول جمال
 چون و کوز کوز و بیارین کوز کوز کوز کوز
 بولدی غای و بولدی حقیق محبت سوز کوز کوز
 رساله مرآت القلب اویج باب اولده بنا قلده لار
 اول معنی او چون کوز کوز کوز کوز کوز
 رین یقین کوز کوز و بیب دین و اجتهاد یولدی
 عطا قلدی اول کوز کوز کوز کوز کوز
 ایندی طریقت اولدی حقیقت بولدی اویج

СҮЛЕЙМЕН БАҚЫРҒАНИ

Қарахандықтар тұсындағы жазба әдебиеттің белді өкілдерінің бірі — Сүлеймен Бақырғани (1091–1186 жж.). Ол — түркі даласына сопылық ілімді алғаш үгіттеген әрі осы жолда жаңа бағыт салған Құл Қожа Ахмет Иасауидің сенімді шәкірттерінің бірі. Ұстазына рухани жағынан байланған ақын иасауия тариқатын берік ұстап, осы силсиланы жыр-жолдарымен үгіттеп отырған. Бақырғанидың осы салада жазған бірнеше даналық сөздері біздің заманымызға дейін жетіп келді. Оның қаламынан туындаған «Ақыр заман кітабы», «Мигражнама», «Бибі Мариям», «Исмайыл қиссасы», «Жарты алма» секілді шығармалары сопылыққа ден қойған дәруіштердің қолдан тастамайтын негізгі діни кітаптарына айналған. Арада бірнеше ғасырлар өтсе де, ақын мұрасы кейінгі ұрпақ тарапынан бірнеше рет көшіріліп, атадан балаға жеткізіліп отырған. XIX ғасырға дейін осындай құймақұлақтар мен хұснихатшылардың негізінде аман-есен жеткен оның хикметтері Қазан қаласында баспахана ашылған соң, онда жиі-жиі жарық көріп тұрды. Қолда бар деректерге қарағанда, Бақырғанидың «Ақыр заман кітабы» алғаш рет Қазақ университетінен 1846 жылы жарық көрсе, содан кейін түркі тілдерінде ұзын саны он алты рет баспа көріпті¹. Өкінішке орай, кезінде осындай сұраныспен жарық көрген ақын еңбектері біраз уақыт бойына қайта шығуына тиым салынып, кітапхана сөрелерінен алынып тасталды. Бірақ, шынайы ақиқаттың жерде жатпайтынындай, Бақырғани хикметтері араға бір ғасырға жуық уақыт салып барып, қайта жаңғыра бастады.

Бақырғани мұрасын әр жылдары Ф.Көпрулу, Н.Маллаев, К.Ераслан, И.Хаққұлов, С.Рафиддинов, Х.Сүйіншәлиев, Б.Кенжебаев, Н.Келінбетов, Т.Қыдыр, А.Гузел, Н.Мәтбек секілді ғалымдар зерттеп, ақын шығармаларының көркемдік ерекшелігі мен оның түркі халықтары тарихындағы мәдени құндылығы туралы өз пікірлерін білдірген.

Ақын шығармалары кезінде көп тарағандықтан да, ақын мұрасын бүгінде әлемнің көптеген кітапханаларынан кездестіруге болады. Десек те Бақырғани шығармаларын толық қамтитын ең үлкен қолжазбалардың бірі – ҚР Ұлттық кітапханасының қолжазбалар бөлімінде сақталғанын ерекше атап өткен жөн.

Біздің заманымызға дейін кәтіптердің көшірген қолжазбалары арқылы жеткен ақын мұрасын жариялау XIX ғасырдың орта тұсынан бастап мықтап қолға

¹ Елеукенов Ш., Шалғынбаева Ж. Қазақ кітабының тарихы. Алматы: Санат, 1999. –192.

алынды. Алғаш рет 1846 жылы Қазан университетінде қадим әліппесімен басылған Бақырғани шығармалары бертін келе жалпы көлемі он алты рет жарық көрді. Кешегі Кеңес заманында түркі халықтарының әдебиет тарихына қатысты томдар мен жинақтарда ақын хикметтерінен үзінділер жарияланды. XIX-XX ғасырларда басылған литографиялық ескі кітаптар негізінде Ташкент (1991 ж.) пен Қазанда (2000 ж.) қайта басылды.

Сондай-ақ Бақырғанидың бірнеше хикметтері Б.Сағындықов², Р.Ахметов³ және Н.Мәтбек⁴ тарапынан қазақшаға тәржімаланып, жарық көрді (11). Сондай-ақ, «Әдеби жәдігерлер» (2008), «Қазыналы Оңтүстік» (2011) көптомдықтары аясында ақын мұрасының кейбірі жарияланды. Алайда осы уақытқа дейін жарық көрген кітаптарға ақынның барлық шығармалары енгізілместен, тек үзінділері ғана жарияланып келген болатын. Тіпті XIX ғасырда Қазанда басылған литографиялық нұсқалар да ақынның мұрасын толық қамтыған жоқ. Онысы түсінікті де. Себебі орта ғасырда Алтайдан Кіші Азияға дейін жалғасып жатқан түркі мұсылман жұртына кеңінен тараған ақын хикметтері түркі диалектілерінде «өңделіп», бірнеше нұсқада жеткендіктен де, оның бәрін жинақтап, жариялау көп машақат пен қажырлы еңбекті талап етері анық. Оның үстіне Бақырғанидың барлық мұрасы ешқашан да бір кітап немесе бір жинақ ретінде жарыққа шықпаған. Сондай-ақ ақын шығармаларын толық қамтыған қолжазбаларды да кездестіру қиын. Осы күндері түркі мұсылман әлемінде кездесетін ортағасырлық түркі шайырларының немесе сопы ақындардың шығармаларына қатысты баяздардың (антологиялардың) ішінен тек «Құл Сүлеймен», «Хакім ата», «Хакім қожа», «Бақырғани» секілді тағал-луспен (псевдониммен) жазылған хикметтер мен даналық сөздерді іріктеп алып жарыққа шығару – Бақырғани мұрасын жариялаудағы негізгі мәселенің бірі болмақ.

Антологияға Бақырғанидың кейбір хикметтері түпнұсқадан аударылып берілді. Дереккөз ретінде ҚР Ұлттық кітапханасының қорындағы ең көне әрі сенімді қолжазбалардың бірі – Бақырғани хикметтері атты қолжазба алынды. Әрі бұл қолжазба ЮНЕСКО-ның тізіміне енгендігімен ерекшеленеді. Бірнеше ақындардың шығармалары қоса көшірілген қолжазбадан «Құл Сүлеймен», «Хакім ата», «Хакім қожа», «Бақырғани», «Сүлеймен» деген та-

² Сүлеймен Бақырғани. Бақырған кітабы. (Ауд. Б.Сағындықов) // Ежелгі дәуір әдебиеті. Хрестоматия /Құраст. А.Қыраубасва/. - Алматы: Анагiлi, 1991. 146-176-бб.

³ Ахметов Р. Сопылық сарын//Жұлдыз, 1993.№3. 148-153-бб.

⁴ Мәтбек Н. Сүлеймен Бақырғани (Хакімата) // ҚРБҒМ-нің, ҰҒА-ның Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. 2001. №5. 81-88-бб.

халлуспен жазылған хикметтерді ғана аударып беруге тырыстық. Сондай-ақ, Бақырғанидың «Ақыр заман кітабы», «Бибі Мәриям», «Миғражнама» атты дастандары да антологияға берілді. Дастандарын баспаға дайындауда тас-баспа кітаптар пайдаланылды. Сопылық әдебиеттің өзіне тән қасиеттерін толық жеткізу мақсатында ақын шығармасының жолма-жол тәржімасы жасалды. Сондықтан кітапты аударудағы басты мақсат – ақын қолтаңбасын толық сақтау, сопылық терминдердің мағынасын сол қалпында жеткізу болғандықтан да, кейбір жерлерде ұйқас өлшемдері бұзылып, тек мағынасы ғана ғана берілді.

АУДАРМАСЫ

ХИКМЕТТЕР

1 - хикмет

Ғалымдар ғылым бірлән⁵ болды әзіз,
Жәһілдер⁶ жәһіл бірлән қалды әлсіз
Құл не болар құзырында өкінішсіз,
Өкініште болып құлшылық қылмақ керек.

Алла жады⁷ көңілдерге пана болса,
Ашылар батын⁸ қашан Раббыдан⁹ жарлық болса,
Мүрит¹⁰ керек Баязидтей¹¹ таза болса,
Ондай мүрит мұратына жетпек керек.

Мүрит керек, көңілін түгел пірге берсе,
Одан кейін пір назары оған болса,
Бардан қашып, өзінді тапсыр мұнда пірге,
Ондай мүрит мақсатына жетпек керек.

Пір мүриттің қағбасы-дүр егер білсе,
Күдік мәй¹² болар ол сауапты мүрит алса,
Қай мүрит пір сырына күмән келтірсе,
Қиямет күн доңыз секілді тұрмақ керек.

Болам деп жарандардың сұхбатында,
Қатты қорық «әл-Қариғат»¹³ аятында,

⁵ Бірлән برلان білән – خیلا – мен, пен, бен. Жалғаулық.

⁶ Жәһіл – جاهل – надан.

⁷ Алла жады الله يادی – Алланы еске алу, Алланың зікірі. Бақырғани сопылықтағы зікірді «жад», «Алла жады» деген тіркестермен береді.

⁸ Батын باطن – іші, ішкі деген мағына береді. Сопылық дүниетанымдағы рухани ілім, рухты кемелдендіру жолы.

⁹ Раббы رب – жаратушы, тәңірі.

¹⁰ Мүрит مرید – сопылық дүниетанымдағы пірге қол беріп, тарикатқа кірген жан.

¹¹ Баязид بايزيد – Баязид Бистами (874 жылы дүниеден өткен). Тасаууп ілімінің қалыптасуына көп септігі тиген.

¹² мәй می – шарап. Сопылық дүниетанымда Алланың рухани ілімі.

¹³ Әл-Қариғат القرعات – қасиетті Құрандағы «Қариға» сүресінің алғашқы аяты: «Зор оқуға» (101, 1).

«Йәумә йәкунәннәс»¹⁴ сағатында,
Көп жылағын барып онда күлмек керек.

Болам деп сыйынып келдім иләһиме¹⁵,
Шайқы Ибраһим¹⁶ перзенті шайқы Ахметке,
Лайық болам деп келдім зор талапқа,
Бұ дүниені тәркі етіп кетпек керек.

Құл Сүлеймен кешкін енді жаннан рауан,
Кетсін енді батыныңнан ғапілет тұман,
Түні-күн өткізгін сен тілде иман,
Бұдан өтіп, ол мекенге кетпек керек.

2 - хикмет

Жасым жетті, өмірім өтті өкініште,
Жүрек бауырым еріп ақты бұ машақатта.
Күйіп өлдім, не қылайын бұ қасіретте,
Не өткенін, не біткенін білмеймін, достар.

Ғапілет жүгі тіземді бүкті жерге шөктім,
Жан сырымды Хаққа айтып, жасымды төктім
Ел-халықтан қаштым, достар, жанымды бүктім,
Қылмысымның ұятынан өлдім, достар.

Белім байлап, жүрек жұтып, жолға кірдім,
Жанан¹⁷ жаққа баққанымда сырлар көрдім,
Әйел-бала, отбасымды талақ еттім,
Содан кейін жанан маған қарады, достар.

Жүрек оты іште күйді түтіні жоқ,
Ғашықтардың жүрегiнiң бүтiнi жоқ.

¹⁴ Йәумә йәкунәннәс يوم يكون الناس – қасиетті Құрандағы «Қариға» сүресінің үшінші аяты: «Ол күні адам баласы». Аят толығымен: «Ол күні адам баласы таралған паруанадай болады» (101, 3).

¹⁵ Иләһи –әһи – Тәңірім, Жаратушым.

¹⁶ Шайқы Ибраһим شيخ ابراهيم – Қожа Ахмет Иасаунидің әкесі. Қабірі ОҚО Сайрам ауданында.

¹⁷ Жанан جنان – сүйікті жар.

Ғашық отына күйіп өлсем арманым жоқ,
«hu-hu»¹⁸ деп арсы үстіне қондым, достар.

Арсы әзім жағасынан берік тұттым,
Дидар үшін әзіз жаннан достар өттім,
Тағатымды бұ кейіпке «уаллаһ»¹⁹ саттым,
Одан кейін хорлар қарсы алды, достар.

Қарсы алған хорларына баққаным жоқ,
Һәм төгілген дүрлерін таққаным жоқ,
Қанша қуса, дәрғаһынан кеткенім жоқ,
Баршасын да дидар үшін қылдым, достар.

Жарлық келді пенделікке қылдым қабыл,
Әлсіз мұңды бишарасың болма мұңды,
Түні-күн тынбай тағат қыл, қылай қабыл,
Есітіп жарлық, жаным пида қылдым, достар.

Түнде тұрып, көзімді ілмей намаз қылдым,
Түнде намаз, күндіз күні ораза тұттым,
Дәрғаһына қарсы келмей, әзір болдым,
Одан кейін рухтар сәлем берді, достар.

Еңбек етпей, жолын таппас мұңды басым,
Фәналықтың²⁰ мақамында ағар жасым,
Ғаріптіктің²¹ оты тисе кетер есім,
Уа, дариға, ғаріптікте қалдым, достар.

Қызыр²², Ілияс²³ медет қылып қолымды алды,
Сұлтан Ахмет бабам келіп жолға салды,

¹⁸ hu-hu هو-هو – жария зікірге негізделген иасауи тарикатында салынатын зікірдің атауы.

¹⁹ Уаллаһ والله – Алла атымен жасалатын анттың түрі.

²⁰ Фәна فنا – сопылық дүниетанымдағы соңғы мақам. Бүкілдей жоқ болу.

²¹ Ғаріп عارف – сопылық дүниетанымда Хақты танушы. Ғаріп бұ дүниенің алдамшы қызықтарынан бас тартып, тек Хақ болмысымен ғана өмір сүреді.

²² Қызыр حضر – діни түсінік бойынша мәңгі тірі жүретін пайғамбар.

²³ Ілияс الياس – Құранда аты аталатын жиырма бес пайғамбардың бірі.

Бір мезетте іші-сыртым заһир²⁴ нұрға толды,
Рухым ұшып арсы үстіне қонды, достар.

Арсы үстінде шілтен²⁵ бірлә шарап іштім,
Дертін айтып, Хакка қарап жасым төктім,
Жетпіс батын көрінді одан өттім,
Расулалла жамалын көрдім, достар.

Құл Сүлеймен бұл сөздердің баршасы бос,
Қарадым, көрдім сенде жоқ-дүр тіпті ынсап,
Бір «аһ» десем ғарыштан өтті Қапқа²⁶ дейін,
Лаухы Махфуз²⁷ тақтасында көрдім, достар.

3 - хикмет

«Құл һуалла»²⁸ сипаты анық заты,
Шексіздік һәм мәңгілік мың бір аты,
Набаттан тәтті болар Хақтың жады,
Зулжәләл²⁹ ұлы Тәңірдің күдіретін көргін.
Жаратты он екі мың теңіз Оман³⁰,
Мұстафаның нұры бірлән ақты рауан,
Ол нұрға назар салды Ием Сұбхан,
Жүз жиырма төрт мың тамшы тамды көргін.

Дүниені дүр жаратты Ием Сұбхан,
Бір назар қылар болса ақты рауан,

²⁴ Заһир ظاهر – сырты, тысы деген мағына береді. Сопылық дүниетанымда Алла Тағаланың бұйырған шариғат амалдарын, бұл дүниенің ілімін заһир деп тайды.

²⁵ Шілтен چيلتن – парсы тілінде қырық адам деген сөз. Сопылық дүниетанымда бұларды «Ғайып ерен, қырық шілтен» деп атайды. Алғашқы «ғайып ерен» бұл көзге көрінбей әлемді басқарады деп есептелетін ғайып жарандар, әулиелер, ал «қырық шілтен» олардың қырық екеніне ишара. Бұларды кейде «рижалул ғайб», «рижалулла» деп те атайды.

²⁶ Қап قاف – діни аңыздарда әлемді орап тұрған биік тау.

²⁷ Лаухы Махфуз لوح محفوظ – жеті қат көкте барша мақұлықтың тағдыры жазылған кітап.

²⁸ Құл һуалла قل هو الله – қасиетті Құрандағы «Ықылас» сүресінің алғашқы аяты: «Айт: Ол Алла». Аят толығымен: «Айт. Ол Алла, жалғыз» (112, 1).

²⁹ Зулжәләл ذو جلال – Алла Тағаланың тенеулерінің бірі. Данқ, құрмет иесі деген мағынада.

³⁰ Оман عمان – Оман теңізі. Сопылық дүниетанымда тарикаттың терең ілімін білдіреді.

Демінен арсы-күрсі³¹, жеті аспан,
 Һәм және сарай асты жерді көргін.

«Ләуләкә ләмә хәләктә иллә әфләк»³² деді Сұбхан,
 Мұстафаның нұры бірлә ақты рауан,
 Баршадан әзізрегi анық иман,
 Жазылған сап арсыда нұрды көргін.

Жаратты күн мен ай, сансыз жұлдыз,
 Жаратты түн мен күн, қанша күндіз,
 Жаратты көп періште, тау мен теңіз,
 Құзыретінде Жебірейілді³³ анық көргін.

Жаратты жеті тамұқ оты мен сират,
 Кеңшілікпен сегіз жұмақ тіршілік суы,
 Дидары ғашықтарға болар мұрат,
 Һәм және Дәруссәләм³⁴ хорды көргін.

Топырақтан адам қылды білгін мақсат,
 «Инни жәғилун фил арзи халифа»³⁵ деді мағбұд³⁶,
 Қылдырды періштелерді оған сәжде,
 Қылмастан шайтан лағын³⁷ болғанын көргін.

³¹ Арсы-күрсі عرش کرسی – арсытағы тақ деген мағына береді. Діни түсінік бойынша арсы әлемі тоғызыншы көкте саналады. Сопылық дүниетанымда арсы әлемі – болмыс, жаратылыс. Күрсі – тақ деген мағына береді. Арсы – материалдық әлемнің алғашқы сатысы саналады. Оны кейде «жаратушы тағы» деп те атайды.

³² Ләуләкә ләмә хәләкта иллә фәләк لولاكە لما خلقت الافلاك – Құдси хадис: «Мен сені (Мұхаммед пайғамбарды) жаратпағанымда әлемді жаратпас едім».

³³ Жебірейіл جبرائيل – үлкен төрт періштенің бірі. Алла Тағала тарапынан келетін уахиды пайғамбарларға жеткізуші.

³⁴ Дәруссәләм دار السلام – Алланың ізгі құлдарына арналған сегіз жаннаттің бірі.

³⁵ Инни жәғилун фил арзи халифа انى جاعل فى الارض خليفه – қасиетті Құранның «Бақара» сүресінің 30-шы аяты: «Әрине, мен жерде бір орынбасар жаратамын!». Аят толығымен: «(Мұхаммед F.C.) сол уақытта раббын періштелерге: «Әрине, мен жерде бір орынбасар жаратамын!» - деген еді. «Періштелер): «Онда бұзақылық істен, қан төгетін біреу жаратасың ба? Негізінен біз Сені дәріштеп, мақтау мен пәктаудамыз» деді. Алла: «Мен сендердің білмегендеріңді білемін!», - деді (2, 30).

³⁶ Мағбұд معبود – құлшылық етуге лайық жаратушы, яғни Алла Тағала.

³⁷ Лағын لعين – қарғысқа ұшыраған деген мағынада.

«Әләсту бираббикум»³⁸ деп сауал қылды,
«Қалу бәлә»³⁹ деп мүмін жауап берді,
Жөйт⁴⁰, мұғ⁴¹, тарса⁴² қарсы болды,
Мүміндер оған мойынсұнғанын көргін.

«Уәлә тақрәбә һәзиһи шәжәрәтә»⁴³ деді Жәлил⁴⁴,
Азғырды Адамды ол Әзәзіл,
Бидай жеді, хабар берді ол Жебірейіл,
Одан соң, ол екеуінің шыққанын көргін.

Бірі Батыс, бірі Шығыс түсті жырақ,
Адам, Хауа тартты қанша азап,
Бір-бірінің дидарына болып ынтық,
Үш жүз жыл жылап мұрат тапқанын көргін.

Адамды жаратты, сыйлады иман,
Жаратты Хауаны көрікті сұлу (етіп),
Мақамы еді оның сегіз жұмақ,
Һәузі кәусар⁴⁵ шарабынан ішкенін көргін.

³⁸ Әләсту бираббикум – الست یریکم – қасиетті Құранның «Аграф» сүресінің 172-ші аяты: «Мен, сендердің Раббыларың емеспін бе?». Аят толығымен: «(Мұхаммед F.C.) сол уақытта раббың адам балаларының белдерінен нәсілдерін алды да өздеріне куә етіп: «Мен, сендердің Раббыларың емеспін бе?», - (дегенде), олар: «Әрине, куәміз» деген. Қиямет күні: «Бұдан хабарымыз жоқ» демендер» (7, 172).

³⁹ Қалу бәлә – قالوا بلى – Қасиетті Құранның «Аграф» сүресінің 172-ші аяты: «Әрине, куәміз». Аят толығымен: «(Мұхаммед F.C.) сол уақытта раббың адам балаларының белдерінен нәсілдерін алды да өздеріне куә етіп: «Мен, сендердің Раббыларың емеспін бе?», - (дегенде), олар: «Әрине, куәміз» деген. Қиямет күні: «Бұдан хабарымыз жоқ» демендер (7, 172).

⁴⁰ Жөйт جهود – еврей, йаһуди дінін ұстанушы.

⁴¹ Мұғ مغ – зороастр дінінің рухани көсемі.

⁴² Тарса ترسا – христиан дінін ұстанушы.

⁴³ Уәлә тақрәбә һәзиһи шәжәрәтә – ولا تقربا هذه الشجرة – Қасиетті Құранның «Бақара» сүресінің 36-ші аяты: «...мына ағашқа жоламаңдар». Аят толығымен: «Және де: «Әй Адам! Сен де жұбайың да жаннатта тұрыңдар, ерікті түрде қалағандарыңша жеңдер де, мына ағашқа жоламаңдар. Онда жазықтылардан боласындар» деген едік» (2, 35).

⁴⁴ Жәлил – Алла тағаланың тоқсан тоғыз есімінің бірі. Үлкен, ұлы, құрметті деген мағынада.

⁴⁵ Һәузі Кәусар – Кәусәр бұлағы. Жаннатта Мұхаммед пайғамбарға берілген бұлақ.

Адамның ұлық ұлы Шиш нәби⁴⁶,
Сансыз мың туды одан нәби, уәли⁴⁷,
Ол акиретте Хақ Мұстафа әлем мақтанышы,
Әбу Бәкір⁴⁸, Омар⁴⁹, Оспан⁵⁰, Әли⁵¹ көргін.

Орындаумен Құл Сүлеймен қылды баян,
Жаратушылық сипатын етті аян,
Иләһім, бергін енді анық иман,
Кезекті дария ішіндегі дүрді көргін.

4 - хикмет

Тур Сина⁵² тауына шығып Мұса,
Хаққа ғашық болып дидар құлды көргін.
Дидар көрмек жоқ-дүр деп, ей, Мұса,
«Лән тарани»⁵³ жауабын бергенін көргін.

Тауға назар қылды Мәулім⁵⁴ айбат бірлән,
Ол айбаттан сезді жел сағат бірлән,
Жүз мың ерді көрді Мұса тағат бірлән,
Қол көтеріп, Хаққа шүкір қылғанын көргін.

⁴⁶ Шиш нәби شیش نبی – пайғамбар, Адам атаның ұлы.

⁴⁷ Уәли ولی – дос деген мағынада. Алланың досы, әулие.

⁴⁸ Әбу Бәкір ابو بکر – Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың ең жақын досы әрі пайғамбардың сүйікті жары Фатиманың әкесі. Ислам әлеміндегі алғашқы хәлиф.

⁴⁹ Омар عمر – Исламды алғаш қабылдаған әрі пайғамбарға жақын сахабалардың бірі. Ислам әлеміндегі екінші хәлиф. Өзінің туралығымен әрі әділдігімен аты шыққан.

⁵⁰ Оспан عثمان – Мұхаммед пайғамбардың күйеу баласы. Ислам әлеміндегі үшінші хәлиф.

⁵¹ Әли علی – Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың немере інісі әрі пайғамбардың қызы Фатиманың жолдасы. Ислам әлеміндегі төртінші хәлиф. Ислам таратуда өзінің батырлығымен, майдандағы ерлігімен аты шыққан.

⁵² Тур Сина طور سينا – Таудың аты. Мұса пайғамбар осы тауда Алламен тілдескен.

⁵³ Лән тарани لن ترانی – Қасиетті Құранның «Ағраф» сүресінің 143-ші аяты: «Мені, әсте көре алмайсың». Аят толығымен: «...Мұса (Ғ.С.), белгілі уәдемiзде келiп, Раббы оған сөйлегенде, (Мұса (Ғ.С.): «Раббым маған өзiңдi көрсет, Сенi көрейiн» дедi. (Алла): «Менi, әсте көре алмайсың; бiрақ тауда қара, сонда егер ол орнында тұра алса, сен де Менi көресiн» дедi. Сонда Раббы тауға елестеген сәтте, оны быт-шыт қылды. Мұса (Ғ.С.) да талып түстi. Есi кiре сала: «Сен пәксiң, Саған тәубе еттiм, әрi мен сенушiлердiң алғашқысымын» дедi (7, 143).

⁵⁴ Мәулім موليم – жаратушым, ием, тәңірім.

Қырық кашыр көтере алмас Тәурат ілімін,
Ашып оны оқыр еді Мұса Кәлім⁵⁵,
Бар ма деп айтар еді мендей ғалым,
Кенет пасық тілі бірлән айтқанын көргін.

Сендей ғалым бар-дүр деп аят келді,
Ол аятты көріп Мұса аң-таң болды,
Тірлігін қойып, қойнына азық алды,
Аса алып, жолға қадам қойғанын көргін.

Түні-күн жүріп жетті ол суға,
Балықты қойды жол жағасына,
Құдірет бірлән балық тіріліп сол құлға,
Мұсаны Қызырға кездестіргенін көргін.

Қызырды көріп Мұса сәлем берді,
Мұсаның сәлемін Қызыр қабыл алды,
Аспаннан бір құс келіп жерге қонды,
Дариядан су алуға қонғанын көргін.

Қызыр айтты: осы құс неге енді,
Су ішінде хабаршы ілімін саған берді,
Жаратқан Ием ләдун ілімін⁵⁶ маған берді,
Мұны естіп Мұса мұрит болғанын көргін.

Қызырға берді Мұса өз еркін,
Шайқы бірлән қылды олар зияратын,
Су ішінде салды олар ғимаратын,
Қызыр ұрып кемені тескенін көргін.

⁵⁵ Мұса Кәлім موسى كالم – Мұса сөйлесуші. Мұса пайғамбардың атымен қоса айтылатын теңеу. Мұса пайғамбарды кейде «Кәлімулла» яғни «Алламен сөйлесуші» деп те атайды. Мұнда пайғамбардың Тур Сина тауында Алла Тағаламен сөйлескені назарға алынады.

⁵⁶ Ләдун ілімі لدن علمى – сопылық дүниетанымда Алла тарапынан келетін ілімдерді заһири һәм батыни деп екіге бөледі. Заһири ілім – шариғат шарттары мен амалдарын қамтыса, батыни ілім – рухты кемелдендіру жолындағы ләдун ілімі. Шариғатты толық орындап жүрген діндарға Алла ләдун ілімін беріп, өз жолына, яғни мағрифат жолына салады. Бұл жол Хақиқатқа жеткізеді. Бұл ілім алғаш Қызырға берілгендігі айтылады. Сондықтан да ләдун ілімі мен батын ілімі бір. «Лә дун» – арабшадан тәржімалағанда дүниесіздік деген мағына береді.

Қызыр айтар: Мұса тағат ете алмайсың,
Қай жолға бұрылсам мен бас тартпайсың,
Мен сөйлеген сөзден басқа қылмағайсың,
Серт қылып, сөзге байлам қылғанын көргін.

Екеуі барып жетті сол елге,
Ұланды өлтіріп салды суға,
Мұса айтар: жараспайды сендей ерге,
Ер өлтіріп, кемені тескенін көргін.

Кемені тесті ол пәрмен бірлән,
Ұланды өлтірді үкім бірлән,
Бармасын мүмін малы жала бірлән,
Мұсаға сырларын айтқанын көргін.

Білдің бе, Мұса, тамды неге жаптық,
Астында жатқан көп алтын таптық,
Ашылмасын деп үстіне топырақ жаптық,
Мағынасын айтып Қызыр кеткенін көргін.

Өкініш жеді тілінен Мұса Кәлім,
Ғажайып істер көрді, алды тәлім,
Қарсылық қылғанында Мұса Кәлім,
Ләдун ілімін үйретпеген Қызырды көргін.

Құл Сүлеймен әуесіне тілім ұйды,
Өмір зая өтетінін енді білді,
Бұ хикметті достар үшін жәдігер қойды,
Есіткеннен дұға жары болғанын көргін.

5 - хикмет

Хақтан илһәм⁵⁷ мейірімі жетіп келді,
Ой ішінде мағына (ға) тойдым, міне.
Машайығы болған достар жаны құбыла,
Ниет қылып, дұрыс жолға түстім, міне.

⁵⁷ Илһәм – الهم – сопылық дүниетанымдағы белгілі бір мақамдарға қол жеткізген әулиеге Алла тарапынан берілетін шабыт.

Жолбасшылар үшбу⁵⁸ жолды көрсетті,
 Өлімші едік, өмір беріп тірілтті,
 Ғашық құлдар Хақ жолында жан үзді,
 Мен бір ғапіл тән тілегін бердім, міне.

Мүриттерге мұрат болмақ қызметтен ол,
 Ғашықтарға дидар көрмек ғаріптіктен ол,
 Тарихатқа⁵⁹ мендік кірмек опаттан ол,
 Міскіндік киімін кидім, міне.

Әр уақытта құзыретінде сыр қалаушы ол,
 Хақ жолында жанды кешсең тағы аз ол.
 Құлшылық әсілі фәна болу мұң қажет ол,
 Мұнды жүрегім езіліп күйдім, міне.

Көргін достар ғишық⁶⁰ бостанының гүлбағын,
 Ол бостанда құрдым және достық торын.
 Құл Сүлеймен үнсіз еді тілсіз тағы,
 Рұқсат бірлә хикмет айттым, міне.

6 - хикмет

Махаббаттың майданында ғашықпын деп жүргендер,
 Сүйіктісінен өзге жанды сүймес болар.
 Мәңгілік суы секілді ғишық ғашықтарға,
 Бұ ғишық бірлән тірілгендер өлмес болар.

Ғашық болған кешу керек тән-жанынан,
 Ұстау керек өзін-өзі жоғалтудан,

⁵⁸ Үшбу اشبو – осы.

⁵⁹ Тарихат طریقت – сопылық ілімнің шариғаттан кейінгі екінші басқышы. Шариғат амалдарын жетік меңгерген жанның діни ілімнің ішкі сырын терең игеру мақсатымен пірге қол беріп, Хаққа талпыну жолы.

⁶⁰ Ғишық عشق – сопылық дүниетанымда пенденің Аллаға деген шексіз махаббаты. Ғишық мажази және хақиқи деп екіге бөлінеді. Мажази ғишық – пенденің адамзат баласына, айнала-төңірегіне деген махаббаты болса, хақиқи ғишық – тек Алла мен пенденің арасындағы ғашықтық. Сопылық термин ретінде кеңінен қолданылатын «хақиқи ғишық» Алла тағаланың адамзат баласына берген үлкен нығметі саналады.

Күнде келсе жүз мың пәле дос жанынан,
Шынайы ғашық көңілін өзгертпес болар.

Ғишық тұтқыны болған адам диуана⁶¹-дүр,
Көңілі оның ғишық жүзінен мың жара-дүр,
Міскін ғашық түні-күн әуре-дүр,
Ғашық тілім жылар тағы күлмес болар.

Ғишық белгісі жүрегің іші кірсіз керек,
Жүзің сары, ағып тұрған жасың керек.
Реніш-пәле, қайғы-бейнет тартпақ керек,
Ғишық істері мұнымен де бітпес болар.

Құл Сүлеймен күн келгенше ғишығың бойдақ,
Ғишық махаббат оты бірлән жүрегің кәуап,
Асылың сенің ғишық райханы болар топырақ,
Топырақ ішінде шешек ашылып солмас болар.

7 - хикмет

Құран берді Хақ Расулға, дос тұтынды,
Құран ішінде мағына көріп ол өтінді.
Жұмақтан пырақ келді, Расул мінді,
Есітсе алуан мағына Құран ішінде.

Бөгетсіз сөз сөйледі Мұсасына,
Көкке шығарып мәуе берді Исасына⁶²,
Ақырын ертіп сырын айтты жан досына,
Есітсе алуан мағына Құран ішінде.

Тоқсан тоғыз мың сөйлесті өзі бірлән,
Шариғаттың баяндады сөзі бірлән,
Хақ Расулы жылар еді көзі бірлән,
Есітсе алуан мағына Құран ішінде.

⁶¹ Диуана ديوانه – сопылық дүниетанымдағы пірге қол беріп, тариқат жолымен жүрген жан.

⁶² Иса عيسى – Иса пайғамбар. Оған қасиетті төрт кітаптың бірі – Інжіл түскен.

Шариғатты тариқатқа өткізді-лер,
Ғашықтарға ғишық шарабын іштірді-лер,
Хақиқатта нәпсі отын өшірді-лер,
Есітсе алуан мағына Құран ішінде.

Сақи болар Құран ілімін білген құлдар,
«Рабби»⁶³ десе, Жаратқаннан жауап болар,
Есіткен ғашық құлдар нағыз ер болар,
Есітсе алуан мағына Құран ішінде.

Зор қуаныш иман бірлән барғандарға,
Мейірім келер Құран ілімін білгендерге,
Тәкбір⁶⁴, тәһлил⁶⁵ айтқын ғаріп өлгендерге,
Есітсе алуан мағына Құран ішінде.

Жан иман құлға мейірім онда тұрар,
Құлшылық асылы рас білсеңіз мұнда тұрар,
Төзім бірлән анық тұрсаң Мәулім білер,
Есітсе алуан мағына Құран ішінде.

Машайықтар медет берсе, ілімің артар,
Білер екен, білмес секілді өзін тартар,
Құл Сүлеймен хикмет айтса жүрек өртер,
Есітсе алуан мағына Құран ішінде.

8 - хикмет

Кім оқыса бұ Құран,
әлем оған жайнаған,
Жұмақ ішінде сүйеніш,
жолдас оған бұ Құран.

Құран Тәңір сөзі,
түні-күн оқығын тынбай,
Жұмақ ішінде сәлемі,
шапағатшы бұ Құран.

⁶³ Рабби ربي – раббым, жаратушым.

⁶⁴ Тәкбір تکبير – Алланы ұлықтау.

⁶⁵ Тәһлил تهليل – жетпіс мың рет «Лә иләһә иләлла» деп айту.

Құран Тәңір сыйы,
жұмақ табар жолбасшысы,
Сират көпірден өтерде,
пырақ болар бұ Құран.

Жеті түрлі пырақ ат,
бойы жасыл зәбәржәд⁶⁶,
Ерні оның зүмірред⁶⁷,
айкындалған бұ Құран.

Басы қызыл алтыннан,
тәні жасыл жақұттан,
Тұяқтары гауһардан,
шапағатшы бұ Құран.

Жеті түрлі аталар,
туыс-қарындас аналар,
Қоңсы-қауым ұялар,
Хақтан тілер бұ Құран.

Құл Сүлеймен ғәпілмін,
ғәпілдігімді білермін,
Ием айтар Рахыммын⁶⁸,
тағдыр қылғын бұ Құран.

9 - хикмет

Ей, достар, опасы жоқ үшбу дүние,
Ажал жеткен соң тәнің сенің мүрде болар,
Бейнет бірлән сонша қылған ғимараттар,
Кетсең ол һәм сенен кейін ойран болар.

Үш күннен соң жаның келер тән көргелі,
Қалай болдың, деп одан хәл сұрағалы,

⁶⁶ Зәбәржәд زبرجد – асыл тас кризолит.

⁶⁷ Зүмірред زمرد – асыл тас изумруд.

⁶⁸ Рахым رحمان – Алла Тағаланың тоқсан тоғыз есімінің бірі. Қайырымды, мейірімді деген мағынада. Бұ дүниеде барша адамзат баласына, яғни иманды һәм имансыз жандардың бәріне де мейіріммен қараушы.

Қандай күйге түстің менен айрылғалы,
Келгеннен соң тәнді көріп қайран болар.

Жан алыстан тән сырына қарап тұрғай,
Тән аузынан іріңдері ағып тұрғай,

Иманды құл нұрдан шырақ жағып тұрғай,
